<p><b>ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу  <b>Мақсаты :</b> – Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.  Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық.  Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең тастағың келмейді. Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құрандар.  Балалардың әңгімелерін тыңдайды.  Өте жақсы тағы да кім құрап береді.  Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым.  Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін.  <b>«Қар қандай?»</b>  Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды.  Ұшып жүріп сұрақ қояды:  Қар қандай болушы еді?  Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң.  Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан.  Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. Жып-жылы шығар, – деп жауапкатады Тауық.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді  <b>Мақсаты:</b> - Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету.  <b>«Кокостармен ойнаймыз»</b>  Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды тұзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.  Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.  <b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b>  Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербесорындау.  <b>Мақсаты:</b> ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндауарқылы сахналауға баулу.</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру  <b>Мақсаты</b> -Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.  Балалар енді «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен.  Қ– дауыссыз дыбыс.  Ы – дауысты дыбыс.  С– дауыссыз дыбыс.  Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?  Ал дауыссыз дыбысты ше?  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Қай мезгілде ойнаймыз?»</b>  <b>Ойын шарты:</b>  Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.  <b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>  - Дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау.  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Гимнастикалық кабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).  <b>Мақсаты</b> -Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.   Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. ( 2 рет)  Доптың артынан залдың сол немесе</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - - Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).  <b>Мақсаты</b> Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.  <b>Антарктида</b>  Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені.  «Пингвиндер» ойын-жаттығуы  Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді.  <b>2.Қазақ тілі</b></p>
--	---	--	--	---	---

<p>Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары. Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай.</p> <p>Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады. Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге?</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу <b>Мақсаты</b> сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау. <b>Дидактикалық ойын: «Көпше түрін айт»</b> – Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрінайтып допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: қыз-қыздар, ұл- ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер ,қозы-қозылар,жүзімжүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер, жіпжіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер, етік-етіктер, сақина-сақиналар, дыбысдыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар т.б.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Соңғы дыбысты ұста!»</b> Балалар бүгін біз шеңберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен «құмыра»</p>	<p>Ертегі мазмұны бойыншасұрақтар: Ертегі қалай аталады? Ертегіұнады ма? Ертегіде не туралы айтылған? Қай кейіпкер саған ұнады? Орманда мысықпен бірге неөмір сүрді? Мысық қайда кетеді? Әтешті түлкі қалай алдады?Мысық әтешті қалай құтқарды? Түлкінің жасағаны дұрыс па?Есіңде сақта! Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналаудыұсынады. Сықырлы қоржыннан алынған ертегі кейіпкерлерінің суреттері бойынша рөлдерге бөлінеді</p> <p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Геометриялық фигуралар (дөңгелек,сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру <b>Мақсаты</b> : геометриялық фигуралар мен денелертуралы білімін қалыптастыру</p>	<p>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішкедауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді</p> <p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> - Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтімжасау әдістерін білу <b>Мақсаты</b> Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралытүсініктерін кеңейту</p>	<p>оң жағынан жүгіріп барып, алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады. <b>2.Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру <b>Мақсаты</b> ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай. (Әтеш) Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды. (Мысық) Өзі айлакер, өзібір қу, Жүрген жері айғай-шу. (Түлкі) Мысық, әтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?</p>	<p><b>Міндеті:</b> Шағын өлеңдертақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу <b>Мақсаты</b> :Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетінжетілдіру. <b>Тақпақ жатта.</b> <b>Мемлекеттік Елтаңба</b> Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдайДөп-дөңгелек, өрнекті. <b>3.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру <b>Мақсаты</b> .дыбыстық талдау жасау дағдыларынпысықтау. <b>Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»</b> Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылайжалғасын табады. Мысалы: ( ана-арба-алмұрт- тарақ- қармақ- қалта- айран-нан-нағашы-ыдыс-сағыз-зәкір- рауғаш- шана-алтын-неге-етік-көмір т.б.)</p>
---	---	--	--	---

	<p>сөзін айтып бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып айтады. Балалар созып айтқан дыбысқа сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай жалғасын табады).</p> <p>Мысалы: Құмырааа - алмааа - айраннн - наррр - раушаннн - найзағайй - инеее - ешкііі - іззз - зырылдауық - қамшыыы - ыдыссс - сағаттт - тасбақааа - алтыбақаннн - наннн - намыссс - сазаннн - нағашыыы - ысқырықққ - қанттт т.б</p> <p><b>3.Математиканегіздері Міндеті:</b> - Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру <b>Мақсаты:</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру</p> <p><b>Ойын жаттығуы.</b> «Пішінге ұқсасзат». Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы тіктөртбұрыш жинақтары салынған хатқалта</p>	<p>«Сикырлы дорба» ойыны. «Сикырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбербар. Ал үстелде олардың суреттерібар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялықфигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сикыршы сикырлы таяқшаныңбір соққысымен оның барлық тұрғындарын терең зынданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы –оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстінефигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстармәтін бойынша орындалады</p> <p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:</b> - .Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын</p>	<p><b>Практикалық жұмыс.</b> – Балалар, енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту кереккендігін көрсетейік. Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады. – Өсімдік жақсы өсу үшінне керек? – Өсімдік жақсы өсу үшіннауа, жарық керек. Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық.Балалар екі- үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын қопсытып, су құяды. 1. Топырақты таяқшамен қопсытамыз. 2. Жапырақта рының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз. Су құямыз. Жапырақт арына су бүркеміз. – Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысынқалай орындадыңдар?</p>	<p>Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегініңөлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.</p> <p><b>3.Қазақ тілі Міндеті</b> - Шағын өлеңдертақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу <b>Мақсаты:</b> Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. <b>«Мнемо кестесі» бойынша</b> Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада а тұлпар бейнеленген. н. Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.</p>	<p><b>4.Музыка Міндеті:</b> - Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспенберу <b>Мақсаты</b> Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру</p> <p>:Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар»(И. Мамақов) «Қысқелді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хоровадтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румынх.ә. (өңдеген Т.Попатенко)</p>
--	--	--	--	---	--

<p>жатыр. Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып, оны атайды, ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.</p> <p><b>4. Музыка Міндеті:</b> Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу <b>Мақсаты</b> Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литвах.э. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Гамшылар» румын х.э. (өңдеген Т. Попатенко)</p>	<p>адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу <b>Мақсаты</b> Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету. Сурет салу икемділігін арттыру</p> <p>Нан неден жасалады екен? Ұн неден жасалады?</p> <p>Бидай қайда өседі?</p> <p>Бидайды кім өсіреді?</p> <p>Диқаншы дегеніміз кім?</p> <p>Диірменші дегеніміз кім?</p> <p>Наубайшы дегеніміз кім? Сатушы дегеніміз кім?</p> <p>Балалардың жауаптарын толықтырып, суреттер арқылы көрсетеді. Диқандар көктемде жерге бидай тұқымын себеді. Оны жаз бойы суарып, күтіп баптайды. Күз болған соң жайқалып піскен бидайды комбайнмен жинайды. Одан соң диірменші ұн етіп тартып, қапқа қаптайды. Қапталған ұнды</p>	<p>– Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен.</p> <p>– Жарайсындар, балалар! Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіңдер. Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады.</p> <p>– Ал енді олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады? Өйткені олар бөлмеде өсіріледі.</p> <p><b>4. Сурет салу. Мүсіндеу. Жапсыру. Құрастыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - - Балаларды ер адамға арналған бас киімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, бас киімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру - аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру - жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және</p>	<p><b>4. Математика негіздері Міндеті:</b> Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру</p> <p><b>«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны</b> Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды.</p>	
---	--	---	--	--



		<p>наубайханаға жібереді. Наубайшылар ұннан түрлі тағамдар нан, бауырсақ, бәліш пісіреді. Дайын болған тағамдарды дүкенге жібереді. Мұның бәрі адамдардың еңбегі. Нан-адамның тіршілік корегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді.</p> <p>Сондықтан дастарханға зор еңбекпен келген нан тағамдарын қастерлеуіміз керек.</p> <p>Енді балалар, нанның суретін салайық.</p>	<p>т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру -- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін</p> <p><b>-Мақсаты:-</b> балаларға тымақты бейнелеп салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>		
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)</b></p>	<p><b>«Сол жақта – оң жақта»</b> Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау</p>	<p><b>Танымдық-қимылды ойын:</b> «Аңдар жүрісі» <b>Мақсаты:</b> Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.</p>	<p><b>Суреттік боямалар</b> <b>«Кім, қайда өмір сүреді»</b> Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.</p>	<p><b>«Қолғап»</b> Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын</p>	<p><b>«Аққала соққан бала»</b> Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінде аққала соғып ойнайтындығын түсіндіру. Аққаланы</p>

		қабілеттерін арттыру.			дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	мүсіндеуге үйрету. Ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалптастыру. Саусақ моторикасын дамыту.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Мақал-мәтел.</b> Отан елдің анасы, Ел ердің анасы. <b>«Қуыршақпен танысайық»</b> Дидактикалық ойын <b>Мақсаты:</b> балаларды дене бөліктерін көрсетіп атай білуге үйрету <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Ертегі оқу. Суретпен жұмыс	<b>Тақырыбы:</b> «Мұзға бақылау» Мақсаты: Қысқы табиғат құбылысы ерекшеліктеріне бақылау жасау, жылы жерге әкеліп еріту, ойын арқылы бақылау жасау. <b>«Түстес сақинаны тап»</b> <b>дидактикалық ойын:</b> <b>Мақсаты:</b> қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді жалғастыру. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру.	<b>Жаңылтпаш жаттау.</b> Доп теп, дөптеп. <b>«Түстес ыдысқа сал»</b> <b>дидактикалық ойын:</b> <b>Мақсаты:</b> түрлі-түсті тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ қимылын жетілдіру, бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Сикырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау.	<b>Мақал- мәтел.</b> Отан отбасынан басталады. <b>«Мені қайтала»</b> дидактикалық ойын <b>Мақсаты:</b> ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Қылқаламмен жұмыс. Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету	<b>Мақал- мәтел.</b> Күш- білімде, білім- кітапта. <b>Моншақты тіземіз»</b> <b>дидактикалық ойын.</b> <b>Мақсаты:</b> Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру.	
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). <b>Еңбек:</b> Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт <b>Мақсаты:</b> Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. <b>Қим.ойын:</b> «Мені қуып жет».	<b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. <b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда- жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. <b>Мақсаты:</b> Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. <b>Ойын:</b> «Тышқан мен мысық». <b>Мақсаты:</b> Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	<b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар». <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. <b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».	<b>Бақылау:</b> Мұздақты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) <b>Мақсаты:</b> Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік	<b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.	

	<p><b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>			<p>қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту.  <b>Қимылдық ойын:</b> «Қазан».  <b>Мақсаты:</b> Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек».  <b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13 – 17 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен)	<b>Дидактикалық ойын «Кімде не бар?»</b> Мақсаты: Заттардың (шкаф, орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.	<b>Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық"</b> Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	<b>Әңгімелесу : "Менің ойыншығым"</b> Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	<b>Дидактикалық ойын "Атын атап бер"</b> Мақсаты: түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 11				

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b>Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу  <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p>–Қыс мезгілінде неше ай бар?  –Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді.  –Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме?  –Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады.  –Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық.  –Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа  Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді.  <b>Қаңтар</b>  Лебі мұздай ызғарлы,  Алып келді қыс қарды.  Қысқы түндер ұзарды,  Ұзақ күндер қысқарды.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -- Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);  <b>Мақсаты:</b>. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.  II. «Қатып қал!» ойын жаттығуы.  Шашырап жүру, жүгіру.  «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.  Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады.  30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.  Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады.  Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> -Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу  <b>Мақсаты</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.  <b>Мақал-мәтелдер</b>  1. Қысына қарай – көктемі, Диканына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыс қамыңды жаз ойла. Дидактикалық ойын:  «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты:  «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы:  «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс.  «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс.  Тапсырма ауызша орындалады</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>.- Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту  <b>Мақсаты</b> - . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Ержүректілікке жаттықтыру»  «Бұлтқа қол жеткізу»  Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру.  Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - - Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату  <b>Мақсаты</b> Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. Бір аяқпен мейлінше ұзақ сырғи білуді  Жалғастыру</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны:  «Алшақ бас!».  Нұсқау – алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғғанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек.  15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп қайтады.</p>
---	--	---	---	---	---


	<p>Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы</p>	<p>жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.</p>			
--	--	--	--	--	--

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері Міндеті:-</b> Түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойыншаалған білімдерін пысықтау <b>Мақсаты</b> Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту.</p> <p>«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> - -Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру <b>Мақсаты:</b>театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. .Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? – Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? – Қай қыздың әрекеті ұнады? Рөлге бөліп ойнау</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздеріМіндеті</b> .Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардыңретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты</b> Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p><b>«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы</b> – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасындар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ,</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> -Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру - <b>Мақсаты</b> .театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. – Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім? – Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді? – Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді? Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні оқып,</p>	<p><b>2.Қазақ тілі Міндеті:</b>-- Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру <b>Мақсат</b>Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.. <b>Постермен жұмыс.</b> Педагог шағын мәтінді оқиды. Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. МемлекеттікЕлтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. – Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген? – Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. – Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? – Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді, мәтінді қайталайды</p>
--	---	--	--	--	---

			қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады	мазмұнын ашу	
--	--	--	--	--------------	--



	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.  <b>Мақсаты:</b> қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру</p> <p>– Шағын топпен жұмыс  «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табу-  <b>Мақсаты</b> : қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру</p> <p><b>Ортаны модельдеу</b>  Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.  Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.</p> 	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату  <b>Мақсаты</b>  Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау</p> <p><b>«Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойынды ұйымдастырады.</b>  Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - , - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау  <b>Мақсаты</b> Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.  «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.  – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.  – Елтаңбада тұлпар бейнеленген.  – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.  2. Тақпақ жатта.  Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту  <b>Мақсаты</b> Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.</p> <p>..«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны  Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер,  қанша буын атасындар.  – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.  – Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.  – Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.  Ойын соңында фишкаларды санап,</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады</p>	 <p>– Ағаштардың суреттеріне қарандар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсындар?</p>	<p>қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).</p>		<p>жеңімпазды анықтайды.</p>
	<p><b>4.Музыка Міндеті:</b> -- Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету <b>Мақсаты</b>Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:</b> - Бақылау арқылытөрт түліктің пайдасын білу <b>Мақсаты</b> Үй жануарларымен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасытуралы түсініктерін</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b> Міндеті: -- Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету</p>	<p><b>4.Математика негіздері Міндеті:</b> Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде <b>Мақсаты</b> кеңістікте</p>	<p><b>4.Музыка Міндеті:</b> - Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу <b>Мақсаты</b> Музыка тыңдай отырып сол музыканың</p>

	<p><b>Музыка тындау:</b> «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>	<p>жинақтау</p> <p>«Кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен бірнеше топқа бөлінуге шақырады. Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай. Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?</p> <p>Балалардың назарын иттердің үйде және аулада өсірілетініне аударады. Үйде ұстайтын иттің астына төсем төселеді, ал аула иттері үйшікте жатады. Үйшіктің жанында ылғи ыдыс тұрады. Ол – иттің итаяғы. Қосымша мәлімет береді: әдетте, үйшіктің қасында екі итаяқ тұрады: біріне су, екіншісіне тамақ салынады. Қожайын итке тамақты белгілі бір уақытта құйып отырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді: Иттің өзіне тән белгілері қандай? Сиырдың ше?</p>	<p>-- Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу</p> <p>-Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p>-Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p><b>Мақсаты:-</b> Қаршақыздың сүйікті достарын салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>орналасуы туралы білімін қалыптасатыру.</p> <p>«Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны</p> <p>Педагог ұйымдастырады. Педагог кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б.</p> <p>Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.</p> <p>Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны</p> <p>Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң</p>	<p>мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>
--	--	--	--	---	--

		Олардың арасында ұқсастық бар ма? Айырмашылықтары қандай?		жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.	
<b>Балалардың дербес қызметі</b>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктірілген".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың (құбылыстардың, жан-жануарлардың, адамдардың, ұғымдардың) ортақ қасиеттерін байқап, біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар). Педагог өзінің қалауынша, көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді. Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң,</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсен, сондай санды көрсет".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың әрқалай орналасқан заттарды көзбен көріп, санап ала білу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуде ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Не жоқ?"</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12ге де жеткізуге болады. Балалар көзін жұмып тұрғанда, педагог ойыншықтың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екендігін атайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Сынық телефон".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір қатарға отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзбау шарт екенін түсіндіру керек. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі сыбырлап айтады, сөйтіп ойын</p>

<p><b>әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі жұмысы туралы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту. Құралдар.          Балабақшада жұмыс істейтін мамандарға қажетті құралдар (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы). Шарты.          Алдымен балалар өз еркімен балабақша қызметкерлерін тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жұмыстарын</p>	<p>тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар (жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы) туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар.          Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты.          Педагог балалармен жолаушыларды</p>	<p>туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар.          Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар.          Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты.          Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист</p>	<p>жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзін дауысын шығарып бәріне жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден</p>
---	--	--	--	--

<p>жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі уақытта әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады.</p> <p>Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы тандайды.</p> <p>Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.</p> <p>Жүргізуші "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды).</p> <p>Педагог аядамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндік болса, педагог дыбыстық хабарландыруды жазып қояды.</p> <p>Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға орындарын беру туралы өнегені көрсетуге болады.</p> <p>Педагог ойын барысын өзі</p>	<p>чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін танбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды.</p> <p>Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді.</p> <p>Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді.</p> <p>Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің</p>	<p>(бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.</p> <p>Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүргізуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері;</p>
---	---	---	---	--

		<p>реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды.</p> <p>Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды.</p> <p>Автобусқа отырып жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалу шарттарын қадағалау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>міндеттері үлестіріледі.</p> <p>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.</p> <p>Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс.</p> <p>Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.</p> <p>Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.</p> <p>Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек;</p> <p>тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз</p>		<p>терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды.</p> <p>Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді.</p> <p>Педагог</p>
--	--	---	--	--	---

		<p>порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті, шығармашылық іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)</b></p>		<p>стюардесса, пилот, бакылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз кұрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс. Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог</p>
--	--	--	--	---



				<p>бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады. Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген</p>
--	--	--	--	---

					ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.</b> Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді.	<b>"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.</b> Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> <b>Нұрбек Тұрар</b>	Жұмбақтар шешу; жаңылтпаштар айтқызу. <b>(көркем әдебиет)</b>	<b>"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".</b> Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын

		Ойын әрекеттері. Қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> <b>Олжас</b>				тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. <b>(дене шынықтыру)</b>
<b>Серуен</b>	<b>Серуен-Бақылау №1</b> <b>Бақылау:</b> Қыстап қалатын құстарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру. қамқорлықпен қарауға үйрету. <b>Еңбек:</b> Құстарға жем шашу. <b>Мақсаты:</b> Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір желкілде, Тисем саған оңбай мын. <b>Мақсаты:</b> Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру. <b>Қимылды ойын:</b> «Кім жылдам?» <b>Мақсаты:</b> Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезім талдық қабілеттерін дамыту.	<b>Серуен-Бақылау №2</b> <b>Бақылау:</b> Қарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту. <b>Тақпақ:</b> Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. <b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. <b>Ойын:</b> «Қардан түрлі бейнелер жасау». <b>Мақсаты:</b> Ойынға қызығушылығын арттыру.	<b>Серуен-Бақылау №3</b> <b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> <b>Е.Өтетілеуов «Күшік».</b> <b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар». <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.	<b>Серуен-Бақылау №4</b> <b>Бақылау:</b> Аязды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. <b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. <b>Қим. ойын:</b> «Сырғанақ тебу». <b>Мақсаты:</b> Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Аяз). <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.	<b>Серуен-Бақылау №5</b> <b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. <b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек». <b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.	

			<b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».		
<b>Балалардың үйге қайту</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 20–24 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>Үстел үсті театры:</b> «Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. <b>Мақсаты:</b> қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру <b>«Өзін жақсы көретін гүлдерін туралы әңгімелеп бер.»</b> <b>Мақсаты:</b> баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	<b>Ойын– жаттығу:</b> «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	<b>Ойын:</b> «Гүлдерді тауып, оларды атап бер» Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу	<b>«Менің тобымдағы өсімдіктер»</b> картиналар топтамасынан суреттер қарастыру
<b>Таңғы жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 12				
<b>Мектепке дейінгі</b>					

<p>ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті</b>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу <b>Мақсаты</b> Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру</p> <p>–Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? –Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. –Кемелер жүзу үшін не керек? Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді. –Кеме не үшін керек? Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Міне, Кеме, Мінем, Мен</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> -- Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау <b>Мақсаты:</b>Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру <b>«Түрлі түсті ғаламшар»</b> – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> <b>Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру</b></p> <p><b>Мақсаты</b> Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндір <b>Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды.</b> –Өлең не туралы? –Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр? –Алыс шалғайда не көрінеді? –Енді осы өлеңді суретке карап отырып, қайталап жаттап алыңдар. –Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі тілде</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу <b>Мақсаты</b> -Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру <b>«Жорғалаушылар ғаламшары»</b> – бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру <b>Мақсаты</b> Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру</p> <p>«Сиқырлы ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғындары алыптардан қортықтарға айнала алады. «Алыптар мен қортықтар» қимыл-қозғалыс ойыны. Залға шашырап бытырыңқы жүрісті орындайды. Өртүрлі</p>
-------------------------------------	--	---	--	--	--


	<p>де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. Кемемізді жағалаулар шакырады</p>	<p>қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады. Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады.</p>	<p>аудармаларды айтып өтеді. Сөздік жұмыс. Бұл жердегі «Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай» деген өлең жолдары «өте алыста, көз ұшында» деген мағынада Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек.</p>	<p>жаттығу. Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді. Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады</p>	<p>музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды: шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап, қолдарын беліне қойып жүреді.</p>
	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b>Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдір <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау <b>Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»</b> – Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсындар. Сол сөз дауысты</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті</b>- Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу <b>Мақсаты:</b>Ертегіні баяндауда эпитет, теңеу сөзді қолдануға үйрету <b>Мақалдың мағынасын түсініп ал.</b> Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес. Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді. Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс». – Балалар, біз Алдаркөсені</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздеріМіндеті</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау <b>Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»</b> – Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атуын шапалақпен</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> -Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту <b>Мақсаты</b> .ертегіні ым-ишарамен сахналауға дағдыландыру Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиғасы туралы қызықты ертегімен танысамыз. Алдаркөсе қулығымен, айналасымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған. Ол әрдайым ән айтып,</p>	<p><b>2.Қазақ тілі Міндеті:</b>,Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білу <b>Мақсаты</b> Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. Нұр-Сұлтан қандай қала? – Нұр-Сұлтан – астана. Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Нұр-Сұлтанның көрікті орындарын көрсете аламын. Интербелсенді тақтада көрсету. Нұр-Сұлтан – біздің астана. Мынау – Нұр-Сұлтан қаласы.</p>

	<p>дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады. Дидактикалық ойын: «Кері сөзді</p>	<p>көргенде не істейміз? (Қуанамыз) – Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз) Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Музыкалық театр</p>	<p>буынға бөліндер. Мысалы: жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-йе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши-е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғыз, қой, қо-ян,</p>	<p>көңілді жүреді. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Ертегіде шындық пен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады. Қиялдан туындайды. Педагог «Шықбермес Шығайбай» ертегісін</p>	<p>Мынау – көше. Астанада көшелер көп. – Көше таза. Көшелер таза. – Мынау – үй. Үй – үйлер. – Биік үй. Биік үйлер. – Әдемі үйлер. – Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі). Бәйтерек әдемі. Мынау – ескерткіш.</p>
--	---	--	---	---	--



	<p>ата»(доппен) – Балалар мен сендерге допты лақтырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасындар да, допты кері лақтырасындар. Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз, қайырымды-қайырымсыз, биік-аласа, жылады-күлді, отырды-тұрды, ашты-тәтті, жапты-ашты, кір-шық, таза-лас, ыстық-суық, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.</p>	<p>аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды</p>	<p>тұл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қалам, ше-лек, қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, кө-бе-лек т.б.</p>	<p>оқып береді Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі қалай аталады? – Шықбермес Шығайбай қандай адам? – Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлап тапты? – Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді? – Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады? – Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады? – Алдаркөсе не деп жауап берді?</p>	<p>Мынау – үш би ескерткіші. Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді). Нұр-Сұлтан – жаңа қала. Нұр-Сұлтан – әдемі, таза қала</p>
--	---	---	--	--	--

	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру  <b>Мақсаты:</b> кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.</p> <p>«Суретті тап» дидактикалық ойыны  Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>- Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа-  <b>Мақсаты</b> :Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту</p> <p>–  .Топпен жұмыс: Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс</p>  <p><b>Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта – дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта</b></p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> -  Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату  <b>Мақсаты</b>  Табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарым-қатынас жасауға үйрету  <b>«Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.</b>  Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды.  Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Сіздерге бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау,  <b>Мақсаты</b>Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</b>  Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек.  І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш.  Ойын: «Жалғастыр».  Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.  Қа... (қала)  Кө... (көше)  Та... (таза)  Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.)  Нұр-Сұлтан – ... ( Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру  <b>Мақсаты</b>Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру  .– Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасындар.  Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қалам...сап, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазт...қыш, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз.  Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп</p>
--	---	---	---	---	--

	<p>жасайды</p>  <p>Талқылап, сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта – сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан</p>	<p>береді.</p>		<p>отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады.</p>
	<p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> -- - Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Жан анам» (Е. Өміров) Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)«Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Тырналар биі» (Д. Абилов) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз»</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> - Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, топтастыру<b>Мақсаты</b> ) Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері 1 және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту</p> <p>суқоймасы мен оны мекендейтіндердің суреті мұқият қарап шығуды сұрайды. Балалардан суқоймаларында тіршілік ететін балықтар, бақалар мен жәндіктер туралы қызықты фактілер айтып берулерін өтінеді. Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық</p>	<p><b>4.Сурет салу.</b> <b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b> <b>Міндеті:</b> -- балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету -- Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру -Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақта -Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану <b>Мақсаты</b>қысқы</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті</b>Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету <b>Мақсаты</b> кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру. 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады. – Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.) – Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.) – Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр? Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту <b>Мақсаты</b> Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру. <b>Музыка тыңдау:</b> «Жан анам» (Е. Өміров) Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Тырналар биі» (Д.</p>

	(В. Агафонников)	– суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауға» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоңыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүңгиді. Суқоймаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді, қурап қалған өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды	табиғатты салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру <b>Топтық жұмыс</b>	құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.	Абиров) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз
<b>Балалардың дербес әрекеті (қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)</b>	<b>Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу. Шарты. Педагог жаттығуды алдымен белгілі ырғақпен санап отырады, балалар санау реті бойынша демді мұрынмен ішке тартып, ауызбен қайта шығарады. Балалардың	<b>Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?"</b> (Сын есім арқылы сипаттау) Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануарлардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау; дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.	<b>Дамытушы ойын.</b> "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт". Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшандығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері.	<b>Дамытушы жаттығу.</b> "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау". Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту. Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың біріне кезекпен тұрып тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу	<b>Дидактикалық ойын.</b> "Адасқан сандар". Мақсат-міндеттер. Сандар тізбегі жайындағы балалардың білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның "көршілерін" немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау,

<p>тыныс алу реті қалыптасқаннан кейін педагог санауды жылдамдатып, балаларға жиі тыныс алудың жаңа үлгісін ұсынады. Тағы бір амал ретінде ақырын санауға болады. Бұл кезде балалардың тыныс алуының тереңдігін қадағалау керек. Жаттығуды барысында белгілі санамақты, тақпақты, әнді айтқызу арқылы ұйымдастыруға болады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".</b> Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенді құрметтеу, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар,</p>	<p>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар", "қар ыстық емес, суық", "туған күнде көңіл-күй мұңлы емес, көңілді болады", "ағаштың діңгегі өскенде жіңішке емес, жуан болады", т.б.. Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ойыншық дәрі-дәрмектер. "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог балалармен</p>	<p>Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен карап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет</p>	<p>керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорт залы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың спорттық жаттығу залы туралы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушысының атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстарында спорттық жаттығулар, жаттықтырушы қызметінің мәнін суреттер, бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелейді. Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай</p>	<p>елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ</p>
--	---	--	---	---

<p>кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер болатынын, медициналық көмек жасау үшін қандай құралдардың сатылатынын анықтайды.</p> <p>Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады.</p> <p>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты түрде қоюға жаттықтырады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар.</p> <p>Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек.</p> <p>Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек.</p> <p>Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау</p>	<p>таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс.</p> <p>Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады.</p> <p>Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін ойнайды, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады.</p> <p>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық емхана жайында әңгімелесуі керек.</p> <p>Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек.</p> <p>Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды.</p> <p>Кейіпкерлер өздеріне қажет киім</p>
---	--	--	---	--

			<p>сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>		<p>үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екендігін айтуы тиіс. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Мақал-мәтел.</b> Отан елдің анасы, Ел ердің анасы. <b>«Қуыршақпен танысайық»</b> Дидактикалық ойын <b>Мақсаты:</b> балаларды дене</p>	<p>Тақырыбы: «Мұзға бақылау» Мақсаты: Қысқы табиғат құбылысы ерекшеліктеріне бақылау жасау, жылы жерге әкеліп еріту, ойын арқылы бақылау жасау. <b>«Түстес сақинаны тап»</b></p>	<p><b>Жаңылтпаш жаттау.</b> Доп теп, дөптеп. <b>«Түстес ыдысқа сал»</b> <b>дидактикалық ойын:</b> <b>Мақсаты:</b> түрлі-түсті тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ</p>	<p><b>Мақал- мәтел.</b> Отан отбасынан басталады. <b>«Мені қайтала»</b> дидактикалық ойын <b>Мақсаты:</b> ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік</p>	<p><b>Мақал- мәтел.</b> Күш- білімде, білім- кітапта. <b>Моншақты тіземіз»</b> <b>дидактикалық ойын.</b> <b>Мақсаты:</b></p>

	<p>бөліктерін көрсетіп атай білуге үйрету <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Ертегі оқу. Суретпен жұмыс Олжас Айназ</p>	<p><b>дидактикалық ойын:</b> <b>Мақсаты:</b> қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді жалғастыру. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру. <b>Нұрбек Тұрар</b></p>	<p>қимылын жетілдіру, бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Сиқырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау. Айша Айназ</p>	<p>қорын молайту, тілін жаттықтыру. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Қылқаламмен жұмыс. Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету <b>Нұрбек Тұрар</b></p>	<p>Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру. <b>Нұрбек Тұрар</b></p>
<p><b>Серуен</b></p>	<p>Серуен-Бақылау №5 <b>Бақылау:</b> Торғайларды бақылау <b>Мақсаты:</b> — Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; — Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз</b> <b>Торғайларды қорға.</b> Ө. Ақыпбекұлы Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған онбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. ◆ Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын</p>	<p>Серуен-Бақылау №6 <b>Бақылау:</b> Қардың түсуін бақылау <b>Мақсаты:</b> - <i>Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;</i> — <i>Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;</i> — <i>әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.</i> <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев</b> <i>Жауа-жауа, қар жауып көп, Шұқырларға толады. Иығыңа қонады кеп, Мойныңа да қонады. Жауып бітер қарды тосып, Үйіңе де сыймайсың, Табиғаттың ақ көрпесін. Басуға да қимайсың.</i> Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды. ◆ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады? ◆ Аяқ астында қар неге сықырлайды? ◆ Қар неге ұлпа болады?</p>	<p>Серуен-Бақылау №7 <b>Бақылау:</b> Ауладағы ағаштарды бақылау <b>Мақсаты :</b> — ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы</b> <i>Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын.</i> Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. ◆ Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? ◆ Күзде қандай болды? ◆ Қазіргі бейнесі қандай? ◆ Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? <b>Зерттеу жұмысы</b></p>	<p>Серуен-Бақылау №8 <b>Бақылау:</b> Аула тазалаушы еңбегін бақылау <b>Мақсаты:</b> — Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; — Сөздік қорларын байыту; — Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; — Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:. ◆ Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не</p>	<p>Серуен-Бақылау №9 <b>Бақылау:</b> Ауладағы ағаштарды бақылау <b>Мақсаты:</b> — Ағаштар туралы білімдерін бекіту; — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркемсөз «Ағаштар» М.Әлімбаев</b> <i>Қысында да шырайлы, Жасыл шырыша ұнайды. Түні бойы жауды қар, Салбырады сәнді тал. Тау баурайы төменде, Өседі жас емендер. Ауыл сәні терек, Терек егу керек. Сырғалы қайың, ақ қайың, Баптайын, күтіп, сақтайын. Басқа ағашпен аралас, Жайқалады қарағаш Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай, Көкке бойын созады, Көпке қолын созады.</i></p>



<p>құстар)  ◆ Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? (<i>қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.</i>)  ◆ Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (<i>торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан, кептер</i>)  ◆ Торғайлар қыста немен қоректенеді? (<i>дәндермен, қалдықтармен.</i>)  ◆ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (<i>қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.</i>)  ◆ Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. (<i>өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады</i>)  ◆ Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? (<i>себебі адамдар жанында азық көп болады</i>)  <i>Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын тере гойғ Сонда суыққа тоңбайсың.</i>  Еңбек қызметі  Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.  <b>Мақсаты:</b> еңбекке деген ықыластарын арттыру.  Қимылды ойын «Нысанаға тигіз».</p>	<p>◆ Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)  <b>Зерттеу жұмысы</b>  Ұшып келе жатқан қарды парак бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).  <b>Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.</b>  <b>Мақсаты:</b> бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту  <b>Қимылды ойын</b>  «Ыстық-суық».  <b>Мақсаты:</b> тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету  <b>Жаттығу ойындары</b>  <b>Қимылдарын дамыту.</b>  <b>Мақсаты:</b> Қарды алысқа лақтыруға үйрету.  <b>Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.</b></p>	<p>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру  <b>Еңбек</b>  Жолды қардан тазалау.  <b>Мақсаты:</b> аула қараушыға көмектесу.  Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?»  <b>Мақсаты:</b> доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.  Жаттығу ойындары Секіру  <b>Мақсаты:</b> орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру  Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады.</p>	<p>істейді?  ◆ Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?  ◆ Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?  ◆ Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?  Еңбек  Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.  <b>Мақсаты:</b>  — бірлесе жұмыс істеуге үйрету;  — еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.  Қимылды ойын «Екі аяз»  <b>Мақсаты:</b>  жүкіруге жаттықтыру;  — Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау  Жаттығу ойындары  Шаңғымен жүру.  <b>Мақсаты</b>  :шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.</p>	<p>Балаларға сұрақтар:  ◆ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған  ◆ Ағаштар не үшін керек?  ◆ Ол адамға не береді?  ◆ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?  ◆ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?  ◆ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?  ◆ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады?  <b>Зерттеу жұмысы:</b>  Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діндері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.  Еңбек  Ағаш түптеріне қар үю.  <b>Мақсаты:</b> ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..  Қимылды ойын «Аулада қандай ағаштар өседі?».  <b>Мақсаты:</b>  — Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау;  — Сөздік қорларын байыту;  — Табиғатқа қамқорлықпен қарауға</p>
--	---	--	---	---

	<p><b>Мақсаты:</b> қиып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.</p> <p>Жаттығу ойындары</p> <p>Қимылдарын дамыту</p> <p>Қарды алыс нысанаға лақтыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> қозғалыс координациясын дамыту.</p>				<p>тәрбиелеу.</p> <p><b>Жаттығу ойындары</b></p> <p>Қозғалыстарын дамыту:</p> <p>Аңдар биі</p> <p>Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 27 – 03 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>Д/ойын:</b> «Қарап ал да есіне сақта» <b>Мақсаты:</b> балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әр қайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларының, аңдардың және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> үй жануарлары, аңдардың, құстардың суреттері.	<b>Д/ойын «Ғажайып қоржын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. <b>Ойын шарты:</b> Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. <b>қажетті құралдар:</b> Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	<b>Д/ойын: «Экологиялық пирамида».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	<b>Д/ойын:</b> «Зоологиялық домино». <b>Мақсаты:</b> Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. <b>Ойын ережелері:</b> Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	<b>Д/ ойын: Не артық?</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 12				

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b>Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру  <b>Мақсаты :</b>Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру  –Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін. Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру  <b>Мақсаты:</b>Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау  II.«Көктемге саяхат»  1.«Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады.  2.«Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді).  3.«Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады).</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру  <b>Мақсаты</b> Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру  –Енді, балалар, біз ақылдылық, батырлық жайлы мақал жаттайық.   Ақыл азбайды, білім тозбайды.   <b>Дидактикалық ойыны:</b>  <b>«Ойлап,тап!»</b>  Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады.  мысалы: ал– Кір–</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу –  <b>Мақсаты</b> -Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту  .  «Ең ептілер». Баспалдақ сатыларының арасымен жорғалау. (2рет)  Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыларының арасымен жорғалайды, модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы қамшыны келесі ойыншыға береді. Ойын жалғаса береді</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Допты заттарды айналдыра жүргізу  <b>Мақсаты</b> Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту  «Қаңбақтар» (3 рет)  Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру.  Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады.</p>
---	--	---	---	--	---

	<p>Ерден:          –Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан:          –Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді.          Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды.          –Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма?          –Әңгіме кімдер туралы?          –Екі бала не істеп жүр еді?          –Олар неге таласты?          –Екі балаланың қайсысы ақылды екен?          –Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер?          әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші?</p>	<p>4. «Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды).          5. «Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі).          6. «Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді).          7. «Шөпте жатып демалайық!» (Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз).</p>			
--	---	--	--	--	--

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері Міндеті:-</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b>Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру Өлең не туралы? – Авторы кім? – Көктемде неге бәрі көңілді болады? – Қандай жаңбыр жауады? – Көктемде аспанның түсі қандай болады? – Неліктен көктемді жақсы көресің?</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздеріМіндеті</b> Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. <b>Мақсаты</b> Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын ата»</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті: --</b> өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру <b>Мақсаты</b> Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру Педагог жұмбақ жасырады: Күн күледі, Жер түлейді. (Көктем) – Енді, балалар, ақын Төлеген Айбергеновтің «Көктем» өлеңімен танысамыз.</p>	<p><b>2.Қазақ тілі Міндеті:-</b>,–Алған білімдерін тиянақтау <b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. І айналым: Педагогтің мақалын жалғастырады. Отан – оттан да ... (ыстық) Жақсы – ... (өнеге) Отан ... т.б II айналым: педагог жұмбақ жасырады.</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>айтамын сендер сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын, мағынасы ұқсайтын сөз ойлап айтуларың керек. Мысалы: әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі), корқақ ... (қоян), терең ... (құдық), суық ... (қыс), жылы ... (көтем), дәмді ... (нан), жылы ... киім), сүтті ... (сиыр), момақан ... (қозы), пайдалы ... (тамақ), тәтті ... (балмұздақ), қалың...(кітап), жұқа...(мата), жұмсақ...(мақта), керек ... (балға), әнші ... (қыз), мықты ... (жігіт), әдемі ... (көбелек), қызыл ... (шалбар), сары ... (өрік), өткір ... (пышақ), дарынды ... (бала) т.б</p>	<p>Жұмбақты шеш. Тал басында түндіксіз отау. (Құстың ұясы) Есінде сақта! Торғай шырылдайды. Тоқылдақ тоқылдатады. Қарға қаркылдайды. Дидактикалық ойын: «Тамаша» Ойын шарты: тәрбиеші сөздер айтады. Жақсы, тамаша сөз болса, балалар жұдырығын түйіп, басбармағын көтеріп көрсетеді. Ал жаман сөз болса, басбармақты төмен қаратып жауап береді. – Гүлдің иісі қандай? – Лай суды ішуге бола ма? – Құстардың даусы қандай? – Құстарды таспен атуға бола ма? – Жайқалып өскен көк шөп қандай?</p>	<p>(Педагог суреттер көрсетеді). – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасындар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б. – Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.</p>	<p>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Көктем Көктем қандай көңілді, Көктен жаңбыр төгілді. Мөлдір аспан ашылып, Күннің көзі көрінді</p>	<p>Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты – ... (құлпынай) Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Бөбектерім, айтындаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде).</p>
--	---	---	--	---	--

	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау  <b>Мақсаты</b>Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.</p> <p>«Жыл бойы» (доппен)  дидактикалық ойыны  Педагог допты</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b><b>Міндеті:-</b>  Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту  <b>Мақсаты</b>Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту.  Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.  – Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)  – Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)  – Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін білу  <b>Мақсаты</b>  Табиғатпен пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту.  Тәрбиеші балаларға түсіндіріп шығады. Біз бүгін табиғаттың не екенін білдік. Оны аялаудың, қадірлеудің қамқорлыққа алудың қажеттігін түсіндік.  «Табиғат - Ана» деп бекер айтпаған. Сол себепті табиғатты қоршаған ортаны</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - -- Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру,  <b>Мақсаты</b>сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>III айналым:  Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу.  Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды.  Доп теп,  Дөп теп.  Жағажайды жағалай,  Жүгіреді Қамажай.  Пай-пай-пай,  Жайылып жүр тай.  Ай-ай-ай,</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру-  <b>Мақсаты</b> төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру  <b>Дидактикалық жаттығуы:</b> «<b>Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға</b>»Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек.  Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық ( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат</p>
--	--	---	--	---	---



	<p>лақтырып, сұрақ қояды:  Ақпан жыл ішінде нешінші ай?  Жылдың соңғы айы қандай?  Қазаннан кейінгі қандай ай?  Жаз айларын ата және т.б.  «Жыл мезгілі»</p>	<p>жағында нелер тұр?  Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.</p>	<p>қорғап, қамқорлық көрсетіп аяласақ, ол біздің Отанды, елімізді, туған жерімізді қорғағанымыз екен.</p> <p>Ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын»  Балалар шеңберге тұрып, доп арқылы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Судағы жәндіктерге қалай көмектесе аласың?  Ауа таза болу үшін не істеу керек.  Ағаштарға қалай көмектесе аласың?  Гүлдерге қалай көмектесе аласың?</p>	<p>Ұшып кетті торғай.  Үш кіші ішік піштім,  Бес кіші ішік піштім,  Неше кіші ішік піштім?</p>	<p>(жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)...</p>
--	--	---	---	--	--

	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:-</b> Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру  <b>Мақсаты</b>Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Ақ әжем» (К. Қуатбаев)  Ән айту:  «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)  «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Сағат» (Е. Андосов)  Билер:  «Полька» эстон халық биі  Ойындар, хороводтар:  «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Янка» беларусь халық биі</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:-</b>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту  <b>Мақсаты</b> Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру</p> <p>Ойынды оқу қызметінен бос уақытта да ойнатуға болады. Бір бала «қарт әженің » рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобусқа кіргенде балалардың біреуі орын береді. Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жол жүру билетін ал.</li> <li>2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер.</li> <li>3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма.</li> <li>4. Қатты дауыстап сөйлеме.</li> <li>5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар.</li> <li>6. Автобусқа алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық</li> </ol>	<p><b>4.Сурет салу.</b>  <b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау -Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты-</b>қуыршақ камзолын салу,мүсіндеу,құрасты</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу  <b>Мақсаты</b> Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр» Педагог бастайды, балалар жалғастырады. Алдымен көктем, содан кейін ... жаз Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз</p>	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті: *</b>  Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру  <b>Мақсаты</b> Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Ақ әжем» (К. Қуатбаев)  Ән айту:  «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)  «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Сағат» (Е. Андосов)  Билер:  «Полька» эстон халық биі  Ойындар, хороводтар:  «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Янка» беларусь</p>
--	---	---	--	--	--

			ру		халық биі
<b>Балалардың дербес қызметі</b>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу.  Шарты. Педагог жаттығуды алдымен белгілі ырғақпен санап отырады, балалар санау реті бойынша демді мұрынмен ішке тартып, ауызбен қайта шығарады. Балалардың тыныс алу реті қалыптасқаннан кейін педагог санауды жылдамдатып, балаларға жиі тыныс алудың жаңа үлгісін ұсынады. Тағы бір амал ретінде ақырын санауға болады. Бұл кезде балалардың тыныс алуының тереңдігін қадағалау керек. Жаттығуды барысында белгілі санамақты, такпақты, әнді айтқызу арқылы ұйымдастыруға болады.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?"</b> (Сын есім арқылы сипаттау)  Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануарлардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау; дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар", "қар ыстық емес, суық", "туған күнде көңіл-күй мұңлы емес, көңілді болады", "ағаштың діңгегі өскенде жіңішке емес, жуан болады", т.б..  Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.  Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері.  Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік</b></p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.  Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың біріне кезекпен тұрып тепе-теңдікті сақтау.  Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорт залы".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың спорттық жаттығу залы туралы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушысының атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".</b>  Мақсат-міндеттер. Сандар тізбегі жайындағы балалардың білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның "көршілерін" немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың</p>

<p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Отбасы".</b> Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардың нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенді құрметтеу, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен</p>	<p>қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ойыншық дәрі-дәрмектер. "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер болатынын, медициналық көмек жасау үшін қандай құралдардың сатылатынын анықтайды. Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты түрде қоюға жаттықтырады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>ойын.</b> <b>"Аурухана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында</p>	<p>өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстарында спорттық жаттығулар, жаттықтырушы қызметінің мәнін суреттер, бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелейді. Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гир, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады. Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін ойнайды, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын</p>	<p>ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық</p>
--	---	---	--	--

<p>бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>		<p>әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>емхана жайында әңгімелесу керек. Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек. Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік</p>
--	--	---	--	---

					ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екендігін айтуы тиіс. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Мақал-мәтелдер жаттату.</b> 1. Әлсіз денеге ауру ұялайды. 2. Таза ауа – жанға дауа. 3. Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық. 4. Денсаулық – зор байлық. 5. Тазалық – саулық негізі. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	<b>"Дені саудың - жаны сау"</b> тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	<b>Жаңылтпаш айтқызу.</b> Екі шөжем қанаттана алмады, Қанаттана алмағаны - салақ қарағанымнан, - Дұрыс тамақтана алмады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер"</b> Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандарын көрсетеді). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b>	<b>"Дені саудың - жаны сау"</b> тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау:</b> Аязды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс	<b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс	<b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын	<b>Бақылау:</b> Қарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс	<b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы,

	<p>мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу.<b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p><b>Қим.ойын:</b> «Сырғанақ тебу».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> ( Ришат, Нурасыл, Төреғали, Ибрагим) Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз).</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.</p> <p>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.</p> <p>Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.</p>	<p>бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Таза алаң».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> <b>Е.Өтетілеуов «Күшік».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p>Е.Өтетілеуов. «Күшік».</p> <p>Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап</p> <p><b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».</p>	<p>мезгілінің ерекшеліктерін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тонады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Тақпақ:</b></p> <p>Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. (Аяла, Жанерке, Іңкәр, Айнат)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Ойын:</b> «Қардан түрлі бейнелер жасау».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	<p>пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b>«Айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
Балалардың	Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға	Ата –аналарға кеңес

<p><b>үйге қайтуы</b></p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
---------------------------	---	---	---	--	---



## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 06 – 10 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.		<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>Сөйлеп тұрған таңғы радио:</b> <i>«Нұр төккен, гүл көктем»</i> жайлы әңгімелесу Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету. <b>Дидактикалық ойын:</b> <i>«Дала гүлдерін білесің бе?»</i> <b>Көрнекілігі:</b> көктем мезгілі суреті. Слайд суреттер. <b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру. <b>Технология:</b> ақпараттық <b>Интеграция:</b> қатынас, Шығармашылық. <b>Қостілділік:</b> көктем – весна, <b>Барысы:</b> Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі,	<b>Үстел үсті театр ойыны:</b> <b>Еріншектер:</b> Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балң үйрек сен де тұр, Орған терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр, Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір.		<b>« Сәлем жаңа күн» Д/ойын :</b> «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер, су, ауа. <b>Мақсаты:</b> балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаң жауап беруге баулу. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Балықтарға жем шашу	<b>«Табиғат мінезі» Дидактикалық ойын:</b> <b>«Бұл қай кезде болады?»</b> <b>«Көктем көрінісі»</b> <b>Мақсаты:</b> көктем мезгілінің ерекшелігін білу. <b>Шарты:</b> суретке қарап әңгімелеу. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Кезекшілікті ұйымдастыру Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап, қай мезгілде болатыны туралы әңгімелеу.

	<p>шөптесін өсімдіктер ( 4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы суретпен жұмыс жасау  <b>Мақал-мәтел:</b> Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз  <b>Сергіту сәті:</b> Әуен қойылады. Балалар ілесіп, қимылдар жасайды.  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Біледі:</b> Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы;  <b>Меңгереді:</b> өсімдіктер ( 4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы білімдерін қалыптастыру</p>				
<p><b>Таңғы гимнастика</b></p>	<p>Таңғы жаттығу кешені № 13</p>				
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті-</b> Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру  <b>Мақсаты</b>  :Мамандықтармен таныстыру</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.  <b>Мақсаты</b> Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл</p>		<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру  Ұлттық қимылды</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру  Ұлттық қимылды</p>


	<p>–Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Педагог балаларға М.Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді</p> <p>Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды. Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды. Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды. Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды. Шопан болатын бала, Диқан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды. Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандақтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады</p>	<p>шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту <b>«Жігіттер» (3 рет)</b> Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону.</p>		<p>ойындарды ойнату <b>(кірік.08.03)</b> <b>Мақсаты</b>Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту <b>«Дегелек» ойыны.</b> Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p>	<p>ойындарды ойнату <b>(кірік.08.03)</b> <b>Мақсаты</b>Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту <b>«Дегелек» ойыны.</b> Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p>
--	---	---	--	---	---

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - - Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту  <b>Мақсаты</b> төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру          Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»          Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты:</b>өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.           Суретте не бейнеленген?          Әжесі мен немерелері немен айналысып жатыр?          Сен әжеңе қалай көмектесер едің?          2. Әжеңе не сыйлайсың?</p>		<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.          Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз.          Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.          Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді          Әже</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> --Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру  <b>Мақсаты</b> Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту          Электронды қазақ үйінен «Алматы – гүл қала» әнін тыңдату.          – Бұл ән не туралы? (Алматы қала туралы).          Қуыршақ Сәуле: Біз сендерге Алматының көрікті орындарын көрсете аламыз, диск көрсетеді.          Интербелсенді тақтада</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық (сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.</p>	<p>Суретін сал. 3. Есінде сақта! Асыл әжем, қуанышым, берекем, Өнегенің өрісі де сен екен. Педагог мағынасын түсіндіреді. Өнеге – үлгі деген мағынаны</p>		<p>Еркелетіп ертемен Оятады ол мені. Таңғы таза ауамен, Тазалаймыз бөлмені. Ертегісі өзінің Таусылмайды не түрлі. Әжімдері көзінің Мейірімі секілді. Кимешегін, жаулығын Тенеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен! (Әбубәкір Қайран)</p>	<p>Алматымен таныстыру. – Мынау – Алматы қаласы. Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарады. Мынау – саябақ. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. (Бірнеше саябақ суреттері көрсетіледі). Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе. Медеу, Көктөбе туралы қысқаша айтып өту. – Алматы қандай қала екен? – Алматы – әдемі, әсем қала. Әдемі, әсем.</p>
	<p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту <b>Мақсаты</b>уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.  «Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. - Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау</p>		<p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту <b>Мақсаты</b>ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету Педагог: Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды? Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап»</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті-</b> Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру - Сөздердің жалпы</p>

	<p>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?          Жылдың соңғы айы қандай?          Қазаннан кейінгі қандай ай?          Жаз айларын ата және т.б.          «Жыл мезгілі»          Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»          Педагог бастайды, балалар жалғастырады.          Алдымен көктем, содан кейін ... жаз          Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең          Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.          Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады.          Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.</p>	<p><b>(кірік.08.03)</b>  <b>Мақсаты</b> Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту .Демонстрациялық материалмен жұмыс Апта күндерін естеріне түсіреді. Аптаның бірінші, бесінші, жетінші күндерін атауды сұрайды.          «Жанды апта» дидактикалық ойыны 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:          «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.          -Барлық демалыс күндерін атаңыз.          -Аптаның екінші күнін атаңыз.</p>		<p>ертегісін сыйлық ретінде алып келді.          Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді.          – Ертегі ұнады ма?          – Ертегіде кімдер бар?          – Мынау – қолғап.          – Мынау не? (Қолғап).          – Бірінші кім келді? (Тышқан)          – Тышқан қандай?          – Тышқан кішкентай.          – Екінші? (Бақа)          – Бақа не деді?          – Бақа не істейді?          – Тышқан не деді?          – Соңғы кім келді? (Аю)          – Барлығы неше болды? (6)          – Аю қандай?          – Аю үлкен.          – Аю қалай жүреді?</p>	<p>атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту  <b>(кірік,08.03)</b>  <b>Мақсаты</b> ,сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»          – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.          Мысалы:          Әкем балғамен шегені ... (шегеледі).          Әжем шұлық ... (тоқыды).          Көбелек гүлге ... (қонды).          Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды).          Құрылысшы кірпіш ... (қалады).          Дәрігер науқасты ... (емдеді).          Атам газет ... (оқыды).          Балалар далада ... (ойнады).          Әпкем ыдысты ... (жуды).</p>
--	--	--	--	---	---

					<p>Ағай күй ... (тартты). Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету. Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет. Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр.</p>
--	--	--	--	--	--

	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b>- Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету  <b>Мақсаты</b>Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету  <b>Музыка тыңдау:</b>  «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)  Ән айту:  «Анашым» (Е. Хасанғалиев)  «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)  Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай)  «Полька» (эстон халық биі)  Ойындар, хороводтар:  «Балақан да алақан» (Ө.</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу  <b>Мақсаты</b>  Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрет  Тәрбиеші саңырауқұлақ жайлы мәлімет береді.  Балалар сендер білесіңдерме? Орманға шыққанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп отырғызып, балаларға табиғатқа серуенге барғандағы қауіпті деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды, екінші орталықтағы балаларға қауіпсіз деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды ұсынады.  Тәрбиеші ормандағы қауіпсіздік ережесі жайлы айтады.</p>		<p><b>4.Математика негіздеріМіндеті:</b>  Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту  <b>Мақсаты</b>уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:  Ақпан жыл ішінде нешінші ай?  Жылдың соңғы айы қандай?  Қазаннан кейінгі қандай ай?  Жаз айларын ата және т.б.  «Жыл мезгілі» Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр» Педагог бастайды, балалар жалғастырады.  Алдымен көктем, содан кейін ... жаз</p>	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті</b> Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту  <b>Мақсаты</b>Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)  Ән айту:  «Анашым» (Е. Хасанғалиев)  «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)  Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай)  «Полька» (эстон халық биі)  Ойындар, хороводтар:  «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)</p>
---	--	--	--	---	---



	<p>Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>			<p>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.</p>	<p>Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>
<p><b>Балалармен дербес қызмет</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, кезекпен қимылдарды көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып,</p>		<p><b>Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?"</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемочарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беруі мүмкін. Шарты. Педагог атаған жанды</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>

	<p>таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені".</b> Мақсат-міндеттер. "Киімдер" дүкені, киім сатушысының жұмысының ерекшелігі туралы балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p>	<p>жұмбақты шешуге тырысады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар</p>		<p>немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек.</p> <p>Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?"</p> <p>Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b></p>	<p><b>Ұлттық ойын. Сиқырлы таяқ</b> Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ? Блиц-сұрақ. Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па? Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек? Дәптермен жұмыс Педагог 2-тапсырманы орындауды сұрайды. Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады. Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады: тең, жеңіл және ауыр. Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға – үш-үштен жеміс салады.</p>	<p>– Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді</p>	<p>— Жарайсындар балалар. Жауап берген балаларды алтын жұлдызбен бағалау. — Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін. — Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады.</p>	<p>заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру. – Мынау – торсық. – Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды). – Торсық теріден жасалады. – Торсық неден жасалады? – Торсық теріден жасалады. – Мынау – тостаған. – Мынау не? – Мынау – тостаған. – Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай). – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостағанмен не ішеді? – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостаған ағаштан жасалған.</p>	
--	---	---	---	---	--

			<p>— Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту.  Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі.  Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған.  Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары.  Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық.  Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады.  Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары.  Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже.  Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ.  Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары.  Жұкаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат.  Сандық – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары.  Төсеніштер:  Алаша, киіз, сырмақ.  Түскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы.  Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын</p>	<p>– Тостаған неден жасалған?  – Тостаған ағаштан жасалған.  – Мынау – ожау.  – Мынау не?  – Мынау – ожау.  – Мынау – ұлттық ыдыстар.  – Мыналар – нелер?  – Мынау – ұлттық ыдыстар.  Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды.  – Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай?  «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табак, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...».)  Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы: <b>Менде тостаған. Сенде не?</b></p>	
--	--	--	---	--	--

			<p>дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. — Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті, қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың балаларына тапсырмалар жіберіпті. — Топпен жұмыс жасау. 1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар. 2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар. 3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар. 4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар.</p>	
--	--	--	---	--



	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт  <b>Мақсаты</b> Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру</p> <p>: Музыка тыңдау:  «Ақ сиса» (Жаяу Мұса)  Ән айту:  «Наурыз тойы» (Т. Мұратов)  «Көктем» (Д. Гусинцев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Аюлар бии» (Е.</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту  <b>Мақсаты</b> Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, ардақтауға құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу. .</p> <p><b>Ата мен әжесінен сүйінші сұрап</b> қыз бала жүгіріп келеді, сүйіншісін беріп, көршілерге қуанышты хабарды хабарлауға жұмсайды. Ата мен әже немерелі болдык деп</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру  -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік  - қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию  -Шығармашылық қиялды дамыту,</p>	<p><b>4.Математика негіздеріМіндеті</b>  Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға бағалатындығы туралы түсінікті бекіту  <b>Мақсаты</b> заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Педагог 3- тапсырманы орындауды сұрайды.  – Суреттерді қарандар.  Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар.  Санын жазыңдар.  Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады.</p>	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.  <b>Мақсаты</b> Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтары н арттыру  Музыка тыңдау:  «Ақ сиса» (Жаяу Мұса)  Ән айту:  «Наурыз тойы» (Т. Мұратов)  «Көктем» (Д.</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>Тиличиева) Билер: «Қамажай» х.э. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э. (өңдеген Б. Дәлденбай)</p>	<p>қуанып, есім таңдап отырғанда, нәрестесін көтеріп келіні кіреді. Атасы немересін қолына алып, азан шақырып атын қояды. Тәрбиеші: Балаға ат қою рәсімі. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі балаға ат қою. Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүр. Ал енді, тәрбиешілер сіздердің де есімдеріңізді ырымдап қойған болар, сол туралы айтып өтсеңіздер. (әр тәрбиеші өз есімдері жайлы айтып өтеді) Қазақтың балаға байланысты жасалынатын ырым-дәстүрлерін атап өту (тәрбиешілер балаға байланысты дәстүрлерін атап, соның ішінен бесікке салу дәстүрін көрсетеді) Бесікке салу рәсімінен көрініс. Баланы бесікке салу – салтанатты рәсім. Баланы бесікке салмас бұрын, баланың бесігіне, жын – шайтан жоламас үшін аластайды. Баланы бесікке салмас бұрын «тыштырма рәсімі» жасалынады. Бесіктің тесігінен тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын созып, бесіктің астына алақандарын жаяды. Өткізілген тәттілер</p>	<p>көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу</p> <p><b>Мақсаты</b>-ұлудың суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>4- тапсырма жеке орындалады. Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады: – Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз. – Тоқта. – Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста. – Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты). – Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит.</p>	<p>Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличиева) Билер: «Қамажай» х.э. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э.</p>
--	---	--	--	---	---

		<p>олардың алақандарына түседі.Бесіктің астына әрбір тәтті түскен кезде ,бесікке салған адам басқаларға «тышты ма?» деп сұрайды. Сол кезде жиналған жұрт «тышты, тышты»деп айтады. Осылайша «тыштырма» рәсімі «тышты ма?» деген сөзден шыққан. Баланы бесікке бөлегеннен кейін «бесік жыры» айтылады. Бесік жыры –дегеніміз балаға әндетіп айтылатын әуен. Бесік жыры бала мазасыз болып, жылап жатқанда немесе ұйықтай алмағанда айтылады. Бесіктің құрал – жабдықтарын атап өту. «Ел боламын десең ,әуелі бесігіңді түзе» деп қазақ атамыз тектен текке айтпаса керек.</p>			
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Домино" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жаман - жақсы".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік,</p>	<p><b>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Асықты тігіп ойнау</b> Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа.</p>

	<p>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.</p> <p>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.</p> <p>Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына панама киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...»</p>	<p>жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.</p> <p>Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.</p> <p>Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция</p>	<p>"бояуларды" сомдайды.</p> <p>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.</p> <p>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:</p> <p>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?</p> <p>"Бояушы":</p> <p>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім.</p> <p>Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін.</p> <p>"Бояуды сатушы":</p> <p>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?</p> <p>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:</p> <p>- Бояудың бағысы қанша?</p> <p>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.</p>	<p>ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді.</p> <p>Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды.</p> <p>Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.</p> <p>Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады.</p> <p>Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды немесе құбылысты көрсетеді.</p> <p>2- нұсқа.</p> <p>Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен қимылдарды көрсетеді.</p> <p>3- нұсқа.</p> <p>Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай</p>
--	--	---	---	--	--

	<p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Еркін ойын:</b>  <b>"Мұздату".</b>  Мақсаты: ерікті реттеу дағдыларын, ережелерге бағына білу қабілеттерін дамытуға арналған ойын.  Ойын барысы. Балалар әуеннің ырғағына секіріп, ойнап жүреді. Кенеттен әуен тоқтайды. Ойыншылар кідіріске ұшыраған күйінде қатып қалуы керек. Егер қатысушылардың біреуі қозғалып қойса, ол ойыннан шығарылады. Олар тек бір қатысушы қалғанға дейін ойнайды.</p>	<p>сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.  Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кеме жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.</p> <p>Шарты.  Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде</p>	<p>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>		<p>орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар:  "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүргізуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау</p>
--	---	--	---	--	--

		<p>саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс. Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына</p>			<p>өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді. Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы</p>
--	--	---	--	--	---

		<p>барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>			<p>полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді.</p> <p>Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі.</p> <p>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.</p> <p>Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс.</p> <p>Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.</p> <p>Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.</p>
--	--	---	--	--	---

					<p>Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады. Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек;</p>
--	--	--	--	--	--



					жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>
<b>Баламен жеке жұмыс</b>	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс,	<b>"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Барысы. - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдері белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> <b>Тұрар</b>	<b>Өлең жаттау.</b> Бала тілін дамыту. Көкке ұшамын - Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем Ер ғарышкер ағаның. (Тұманбай Молдағалиев) <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> <b>Олжас</b>	<b>"Мен ғарышкер боламын" өлеңін жаттау.</b> Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. Ж.Смақов <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> <b>Нұрیمان</b>	<b>Сергіту сәті.</b> "Ғарышқа самғап ұшайық." - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау). Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып

	еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b> <b>Нұрбек Тұрар</b>				ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу") - Зуууу! Зуууу! Балалар педагогке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды. Нұрیمان
<b>Серуен</b>	<b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №3</b> <b>Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. <i>Бақылау барысы</i> <b>Тәрбиеші әңгімесі:</b> Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары.	<b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №4</b> <b>Бақылау: Тастарды бақылау</b> <i>Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.</i> <i>Бақылау барысы</i> Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды	<b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №5</b> <b>Бақылау: Бұлттарды бақылау</b> <i>Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.</i> <i>Бақылау барысы.</i> <i>Көркем сөз. «Бұлт»</i> <i>Ө. Ақыпбекұлы</i> <i>Бұлттың қайда тұрағы?</i> <i>Біле алмадым мұны әлі.</i> <i>Білерім көк аспанның, Бұлт-көшпелі бұлағы.</i> Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұлт дегеніміз не? ♦Бұлттардың түсі қандай болады? ♦Бұлттар неден тұрады? ( <i>сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.</i> ) ♦ бұлттардың қандай	<b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №6</b> <b>Бақылау: Желді бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау. <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда	<b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №7</b> <b>Бақылау: Сутоғанды бақылау</b> <i>Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i> <i>Бақылау барысы</i> Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды

	<p>Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар</p> <p>◆ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?</p> <p>◆ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?</p> <p>◆ Мойыл жидектерінен не жасайды?</p> <p>◆ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?</p> <p>◆ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.</i></p>	<p>көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.</p> <p>*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.</i></p>	<p>түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)</p> <p>◆ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)</p> <p>◆ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)</p> <p>◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)</p> <p>◆ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)</p> <p>◆ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.</p> <p>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.</p> <p><i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген</i></p>	<p>болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <p>◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)</p> <p>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</p> <p>◆ Желдің ізін көруге болады ма?</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.</p> <p><b>Еңбек</b> Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау</p> <p><i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i></p>	<p>жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы.</b></p> <p>Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.</i></p>
--	---	---	---	---	---

			<i>ынталарын қалыптастыру..</i>		
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 10 –14 сәуір 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы» Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер, гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 15				
<b>Мектепке дейінгі</b>					

<p><b>ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану  <b>Мақсаты:</b> Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды.  –Ертегіде нелер жайлы айтылған?  –Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?  –Екеуі жолдан не көрді?  –Қасқыр Түлкіге не деді?  –Сонда Түлкі не дейді?  –Ертегі қақпанға қайсысы түседі?  –Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?  –Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма?  Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады.  Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап».  Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру  <b>Мақсаты:</b> Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларын қолдана білуін қалыптастыру</p> <p>«Желпуіш саламыз»  <b>Шаңғының ұшы</b> 180 айнала қозғалып, бұрылады.  «Тоннель».  Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою.  Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек.  Балалардың қажетті арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - <b>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу</b>  <b>Мақсаты:</b> Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.  –Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме?  –Ғарышкер немен ұшады?  –Ғарышкер қандай болу қажет?  Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын!  Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын.  Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын.  Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын.  (Ж.Смақов)</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру  <b>Мақсаты:</b> - 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын тандай білуге үйрету.</p> <p>Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды.  Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу  <b>Мақсаты:</b> 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын тандай білуге үйрету.  40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту.  Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады.  Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады.  Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады. (3 рет).</p>
--	--	--	--	--	---


			<p>–Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? –Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма? –Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді. –Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p><b>2.Сауат ашу негіздеріМіндеті:</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс» Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады. Дәптермен жұмыс: 1 Суретте не бейнеленген? Бала нені армандап тұр? Ойыңды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің? 2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздеріМіндеті</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру ...</p> <p>Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс» – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. – Кім ғарышкер болғысы келеді? – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын.</p>	<p><b>2.Қазақ тілі Міндеті:</b> -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту <b>Мақсаты</b> мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды</p>
--	---	--	---	---	--



	<p>Мысалы: қққасқыр(к), еетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжжаз(ж), мммоншақ(м), ккққоңыз(к), ккққолшатыр(к), бббілезік(б), жжжжұлдызша(ж), ооотын(о), ккққарға(к), сссазан(с), шшшшахмат(ш), тттау(т), ккккерік(к), ээәтеш(ә), еесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), ккққобыз(к), сссандық(с), тттекемет(т), еееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б. – Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?</p>			<p>Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын</p>	
--	---	--	--	--	--

	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - 10 көлеміндегі сандарды салыстыру  <b>Мақсаты:</b> 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Карточкамен жұмыс Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте) 1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен  <b>Мақсаты</b> 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>  Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу <b>Мақсаты</b> Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру.  Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту  <b>Мақсаты</b> азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Сиқырлы дорба», ішінде</b> азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар.  Сиқырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды.  – Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтындар:  Дорба әдемі, дорба жақсы.</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.  Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа,</p>
--	--	--	---	---	--

	<p>цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз</p>	<p>дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.</p>  <p><b>Сонымен</b>  <math>10 - 1 = 9</math>  <math>9 - 1 = 8</math>  <math>8 - 1 = 7</math>  <math>7 - 1 = 6</math></p>	<p>Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?  - Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.  - Балалар аспаннан нелерді көруге болады?</p> <p>Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер?  (балалардың жауабы ).  Тәрбиеші:  - Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, паштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен.  Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді.  Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер  - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер?</p>	<p>1, 2, 3, 4, 5  5, 4, 3, 2, 1  Міне, дорба ашылды!  Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады.  Мынау – ет.  – Мынау не?  – Мынау – ет.  – Мынау – жұмыртқа. Жұмыртқа.  – Мынау не?  – Мынау – жұмыртқа.  – Жұмыртқа – тағам.  – Жұмыртқа – ... (тағам)  – Мынау – ірімшік. Ірімшік.  – Мынау не?  – Мынау – ірімшік.  – Ірімшік дәмді.  – Ірімшік дәмді ме?  – Ірімшік дәмді.  – Ірімшік – тағам.  – Ірімшік не?  – Ірімшік – тағам.  – Мынау – қант.  – Мынау не?  – Мынау – қант.</p> <p>!</p>	<p>ала, алқа, Алжан, алмас, алау,  Альбина, ал т.б .  -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.  Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.  -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.  Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау,  Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.</p>
--	---	--	--	--	---

			<p>- Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанд абылатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Өртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.</p>		
	<p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті: - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету</b> <b>Мақсаты :</b> Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету.</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b> Міндеті: Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мақсаты Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру. Жарайсындар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз.</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b> <b>Міндеті: - - көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру</b> -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b> Міндеті Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>–</p> <p>5 – 1</p> <p>–</p>	<p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті -- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру</b> <b>Мақсаты</b>Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету..</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т.</p>

	<p>«Жеңіл би» (Т. Ломова)  Билер:  «Қоян биі» (В. Питерцев)  Ойындар, хороводтар:  «Төлдер» (Д. Ботбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>Тақтаға қараңдаршы, мына суретте кім бейнеленген?  Балалар:  - Нұрсұлтан Назарбаев!  Тәрбиеші:  - Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.  Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме?  Балалар:  Ол біздің президентіміз!</p>	<p>немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию  - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі,</p>	<p>7 – 1  –  4 – 1  Ойын жаттығуы:  «Жазбаны шеш».  Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.</p>	<p>Мұратов)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Жеңіл би» (Т. Ломова)  Билер:  «Қоян биі» (В. Питерцев)  Ойындар, хороводтар:  «Төлдер» (Д. Ботбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Латыш полькасы» (М.</p>
--	--	--	---	---	--

		<p>- Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті. Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады. Сол азамат Нұрсұлтаның емес пе, Орындаған бабалардың арманын Күн өткен сайын құлпырып, Жайнадың гүлдей Астана, Елорда – менің Астанам, Елорда-менің бас қалам</p>	<p>ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу <b>Мақсаты-</b> көктем мезгілінің суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>		Раухвергер)
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын ««Экологиялық пирамида»».</b> Мақсат-міндеттер: балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу. Ойынның ережелері. «Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады. Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында «экологиялық пирамида деген жазу бар. Ойынның барысы.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, басында жүргізуші рөлін педагог өзі алуы</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды,</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі).</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемочарточкалар. Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Мен кімін? Ол не?"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс немесе мамандық иесі туралы сипаттаманы естіп, оның кім немесе не екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар, құбылыстар, заңдылықтар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгірлікке тәрбиелеу. Шарты. Алғашында педагог, содан соң қалаған балалар кезекпен шығып, қалған балаларға өздерінің жұмбақтарын</p>

<b>Балалардың үйге қайтуы</b>			<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>



## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 15 – 19 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту

<p><b>Балалардың өзіндік қызметі</b></p>	<p><b>Сөздік тренинг ойыны:</b>  <b>«Болады-болмайды»</b>  тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға..... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға..... (болады),</p>	<p><b>Үстел үсті ойындары:</b>  <b>«Мейірімділік гүлін»</b>  құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды.  Фотосуреттер қарау.  <b>Еңбек тапсырмасы:</b>Гүлдерге су құю,шандарын сүрту</p>	<p><b>Ойын:</b>  <b>«Мейірімділік жібі»</b>  <b>Шарты:</b> Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер.  <b>Еңбек тапсырмасы:</b>Балық тарға жем беру</p>	<p><b>Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу</b>  <i>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз</i>  <i>Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.</i>  Еңбек тапсырмасы:</p>	<p><b>Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу</b>  <i>Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек.</i>  Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю</p>
--	---	--	--	--	---

<b>Таңғы жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 18				
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу  <b>Мақсаты</b> . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру  –Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту  <b>Мақсаты</b> Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді  «Баскетбол»  Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.  Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады.</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Монологты байланыстырып құра білу  <b>Мақсаты</b> . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру  Мақал-мәтел:  Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.  Дидактикалық ойын:  «Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады).  Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:.</b>Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру  <b>Мақсаты</b> . Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру  «Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)  Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру  <b>Мақсаты</b> . Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.  Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білу қажет.  1.Қолына доп алып 3</p>

	<p>тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетінді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді. Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды.</p> <p>–Аңызда нелер туралы айтылған?</p> <p>–Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді?</p> <p>–Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді?</p> <p>–Екеуі қалай келіседі?</p> <p>–Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді?</p> <p>–Түн батып ай шыққанда ше?</p>	<p>Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді</p>	<p>тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек.</p> <p>«Қ» – қала, аққала, сандық.</p> <p>«М» – моншақ, отырмын, өшірдім</p>	<p>лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.</p>	<p>метр қашықтықта жүгіру.</p> <p>2. Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру.</p> <p>3. Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау.</p> <p>4. Допты бір қолмен, екі қолмен домалату.</p> <p>5. Допты артқа лақтыру. Нұсқауларды орындап, бастапқы қалыпқа тұруды дұрыс орындауға тырысады. Жаттығуды орындаған соң, қолдарын белге қойып, артпен жүріп өз орнына келеді. Барлық жаттығулар орындалып біткенше кимылдарын басқарып, денесін тік ұстауға тырысады</p>
--	---	---	---	--	--

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту  <b>Мақсаты</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.</p> <p>– Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті.</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды  Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).  Атасы немерелерімен қайда барды?  Балаларға ат қойып,</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту  <b>Мақсаты</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>.  «Сөз ойла»  дидактикалық жаттығуы  (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)  -ал буынынан</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді?  – Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?  – Жаз мезгілі несімен ұнайды?  – Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».  – Балалар, сендер</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-кұлқын жеткізуге баулу  -Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.08.05)  <b>Мақсаты</b>ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру  Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген.</p>
--	--	---	--	--	--

Мысалы:... ерезе (т),  
...ілем (і), ...алық(б),  
...үрек(ж), ...ақыт (б),  
уыршақ...(қ), ...омбыра  
(д), ...екемет (т), ...ышак  
(п),... аймақ (қ),  
...анан(б), ...ектеп(м),  
...рік(ө), ...ияз(п) т.б

олардың атасымен  
саябаққа барғаны  
туралы әңгіме құра.  
2. Суретке қара.  
Балалар қандай ойын  
ойнап жүр?  
Сен қандай ойын  
ойнағанды жақсы  
көресің?  
3. Жұмбақты шеш.  
Қойны толы жеміске,  
Көк майсалы егісте  
Көбелек қуып  
ойнайтын  
Қай мезгіл деп  
ойлайсың? (Жаз)

басталатын сөздер  
ойлап айтуымызды  
сұрапты.  
Мысалы: алма, алтын,  
алжапқыш, алға, аласа,  
ала, алқа, Алжан, алмас,  
алау,  
Альбина, ал т.б .  
-оқ буынынан  
басталатын сөздер  
ойлап айтуымызды  
сұрапты.  
Мысалы: оқу, оқы,  
оқымысты, оқулық, оқ,  
оқыс, оқшаулау, оқтар  
т.б.  
-жа буынынан  
басталатын сөздер  
ойлап айтуымызды  
сұрапты.  
Мысалы: жас, жалын,  
жалғыз, жат, Жайық ,  
жарқыра, жалқау,  
жаура, жалау,  
Жамбыл, жалпылдақ,  
жалбыз, жаһұт, жау,  
жарайды, жалмауыз

болашақта елімізді,  
жерімізді қорғайтын  
азаматсындар. Бұл –  
сендердің мерекелерің.  
– Бүгін біз ақын Қасым  
Аманжоловтың «Бала –  
біздің болашақ» атты  
өлеңімен  
танысамыз.

Өлең ұнады ма?  
– Авторы кім?  
– Өлеңде не туралы  
айтылған?  
– Болашақта сен қандай  
болғың келеді?  
– Өлеңде қандай ұйқас  
сөздер бар?

«Қазақстан барысы»  
ертегісін интербелсенді  
тақтада көрсетеді.  
Ертегі ұнады ма?  
– Ертегідегі таныс  
жабайы жануарларды  
ата? (Аю, қоян, қасқыр).  
– Ертегідегі үй  
жануарларын ата? (Ит,  
кой).  
Педагог қима материал  
бойынша жаңа  
сөздермен таныстырады.  
– Мынау – барыс.  
Мынау не?  
– Мынау – барыс.  
– Барыс жаттығулар  
жасады.  
– Барыс не істейді?  
– Барыс жаттығулар  
жасады.  
– Мынау – борсық.  
Мынау не?  
– Мынау – борсық.  
– Борсық жаттығулар  
жасады.  
– Борсық не істеді?  
– Борсық жаттығулар  
жасады.  
– Қар барысы мен  
борсық жарысқа  
қатысты

	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу  <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптастыру</p> <p>«Сықырлы дорба» ойыны.  «Сықырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды:  – Балалар, геометриялық</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Фигуралардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту  <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптастыру .</p> <p>Балалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды.  «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны  – Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.  Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек ету  <b>Мақсаты</b> балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету</p> <p>Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.  Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.  Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі —</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - -5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу  -Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. (кірікт.09.05)  Мақсаты жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Көктемде құстар келеді.  – Көктемде не келеді?  – Көктемде құстар келеді.  – Мынау – қараторғай.  Мынау не?  – Мынау – қараторғай.  (Жеке, хормен айтып жаттығады).  – Көктемде қараторғай келеді.  – Көктемде қандай құс келеді?  – Көктемде қараторғай келеді.  – Мынау – қарлығаш.</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту  <b>Мақсаты</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>Бұл сөзіне дыбыстық талдау.  Бұл – 1 буын, 4 дыбыс.  б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.  л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу.</p> <p>Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап карап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады.</p> <p>Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады.</p> <p>Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады.</p> <p>– Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз.</p> <p>Цилиндрді</p>		<p>зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.</p> <p>Үлкендерге көмек көрсетуге (тәрбиешіге, оның көмекшісіне, ата-аналарына), оларға ықыласпен қарауға тәрбиелеп, сондай-ақ, олардың еңбектерінің нәтижесіне ұқыпты қарауға ынталандыру.</p> <p>Топ бөлмесі мен балабақша ауласында тазалық сақтауға және үлкендердің тапсырмаларын орындауға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету.</p>	<p>– Мынау не? – Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.</p> <p>– Көктемде қарлығаш ұшып келеді. – Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. – Көктемде келетін құстарды қалай атайды? – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.</p> <p>Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай.</p> <p>Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.</p> <p>Балалар</p>	
--	--	--	---	--	--



	көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз				
	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру  <b>Мақсаты</b> Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Қыз Жібек» операсынан үзінді (ұнтаспа, Е.</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.  <b>Мақсаты</b> бөлме өсімдіктерін күту ережелерімен таныстыру  Бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз. Өсімдік өмір сәні,</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - адамның жалпы дене құрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету,  -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру  <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру.    тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады.</p>	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу  <b>Мақсаты</b> Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу    <b>Музыка тыңдау:</b>  «Ел қорғауға</p>

	<p>Брусиловский)  Эн айту: «Біз бақытты баламыз»  (К. Қуатбаев)  «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар  «Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын») «Полька» (М. Красев)  Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин)  Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп көрік бере қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Олардың көптеген түрлері болады. -Мынау қазтамақ. Ол бөлме өсімдігі. -Мынау фикус. Жапырағы жасыл, көлемі үлкен. Ол бөлме ауасын жақсы тазартады. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады. (тәрбиеші көрсетеді) -Балалар біз тамақ ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол сияқты өсімдіктер адам сияқты тамақ ішпесе, ауырып қалады. Оларды су құйып, күтіп, баптап тұру қажет екен. Тәрбиеші көрсете отырып, күту ережелерімен таныстырады: -Гүлдердің жапырақтарының</p>	<p>көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу  -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу  -- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты-</b> балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру  <b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді. Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады. Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды</p>	<p>әзірміз» (К. Қуатбаев)  Эн айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров)  «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (үнтаспада)  «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова)  Билер: «Полька» эстон халық биі  Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)  Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>
--	--	---	---	---	--

<p><b>Балалармен дербес қызметі</b></p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру;          супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту;          жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.          Құралдар.          Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машиналарының мжасанды үлгілері.          Шарты.          Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелеседі, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетеді, супермаркетте адамның кез келген тауарды сатып алуына болатынын түсіндіреді.</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.          Құралдар.          Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.          Шарты.          Педагог балалармен бірлесіп, алдымен аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметі және оның маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.          Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады.          Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру;          жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу.          Құралдар.          Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер.          Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін, мысалы, "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>"Сақина" аз қимылды ойын.</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру;          дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.          Құралдар.          Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.          Ойынның нұсқалары көп.          Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.          Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың";</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?"</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты.          Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балалар құбылыстың қайдан пайда болатынын, оның жыл мезгіліндегі ерекшелігін түсіндіруде ойларын толық қандышып берулері тиіс. Жыл мезгіліне тән кез келген табиғат құбылысы жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып саналады.  <b>(қарым-қатынас</b></p>
---	--	--	---	---	--

	<p>Супермаркеттің іші кең болатынын және ондағы тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында да айтылуы тиісті. Супермаркетте сатушы емес кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру керектігін айтатыны туралы балалар білуі керек.</p> <p>Ойынға қатысатын балалар санамақ арқылы таңдалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон) ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады. Ойынның соңында</p>	<p>ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді. Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар төлем жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Баланың алақанына жасырынатын шамадағы сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір балаға кезегімен сақинаны салған сияқты қимылдар жасайды. Алақанына жасырын салынған сақинасы бар бала, жүргізуші шақырған кезде орнынан ытқып шығып, шеңбердің тысына шығып кетуі керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алу керек.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>"Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p>	<p><b>іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
--	---	---	---	---	--

	<p>қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; супермаркет - қоғамды орын, ол жерде әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ойында "рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындардағы тәртіпке бағыну. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</b></p>			
<p><b>Баламен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Дойбы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)</b> Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қағаздан бүктеу" жұмысы.</b> Тақырыбы: "Бақа". Мақсат-міндеттер. Аңдар, құстар және гүлдерді қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Көзінді жұмып, қолыңмен анықта".</b> Мақсат-міндеттер. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Барысы. Балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын не қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған "көзінді жұм да, қарындаштың ұзын не қысқалығын анықта" деген тапсырма береді. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Әдемі үйшік" пазлын құрастыру.</b> Бір үйшікте мекен ететін жануарлар достығы туралы әңгіме жүргізу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №10</b> <b>Бақылау:Кемпіркосакты бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпіркосак туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.</p> <p><b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпіркосак) Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпіркосак) Жанбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпіркосакты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жанбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпіркосак соғұрлым анық көрінеді. Кемпіркосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпіркосак қай уақытта пайда болады</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №11</b> <b>Бақылау:</b> <b>Найзағайды бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; Бақылағыштықтарын дамыту.</p> <p><b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от камшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады.</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №12</b> <b>Бақылау:Жәндіктерді бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p><b>Бақылау барысы</b> <b>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</b> Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) <b>Тәрбиеші сұрақтары.</b> ♦ Жұмбақ жауаптарының</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №13</b> <b>Бақылау:</b> <b>Топырақты бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> торф топырағының қыртысымен таныстыру .</p> <p><b>Бақылау барысы</b> Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. <b>Зерттеу жұмысы</b> Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. <b>Еңбек</b> Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты:</i> торфтың пайдалы қасиеттері</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №14</b> <b>Бақылау:Желді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау.</p> <p><b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы</p>
----------------------	---	---	--	--	---

	<p>? I</p> <p>◆ Ол қай уақытта жоғалады?</p> <p>◆ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?</p> <p><b>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.</b> Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p>	<p>Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады. күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.</p> <p><b>Зерттеу қызметі</b></p> <p>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;</p> <p>2 топ-қоқыстарды шығару</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;</p> <p>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p>	<p>шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</p> <p>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>)</p> <p>Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар)</p> <p>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</p> <p>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)</p> <p>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).</p> <p>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Қанқызын тауып, оның атын атау.</p> <p>Құмырсқалар «соқпағын» табу,</p>	<p><i>туралы білімдерін тиянақтау.</i></p>	<p>және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <p>◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>)</p> <p>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</p> <p>◆ Желдің ізін көруге болады ма?</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.</p> <p>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. <b>Еңбек</b> Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау</p> <p><i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</p>
--	--	---	---	--	---

			бақылау. <b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.		
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.



**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 22 – 26 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың өзіндік қызметі	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. <b>Дидактикалық ойын.</b> "Атын атап бер" <b>Мақсаты:</b> көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. <b>«Суреттерді құрастыр»</b> Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. <b>«Суреттерді құрастыр»</b> Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. <b>Дидактикалық ойын.</b> "Атын атап бер" <b>Мақсаты:</b> көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. <b>«Суреттерді құрастыр»</b> Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.
Таңғы гимнастика	Таңғы жаттығу кешені № 18				

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру  <b>Мақсаты</b> Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес.  –Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады. Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз. Педагог мәнерлеп оқиды. Түлкі мен Қоян Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін Қасқыр</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>- Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу  <b>Мақсаты</b> Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру</p> <p>Ойын жаттығулары:  «Допты жұпта</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу  <b>Мақсаты</b> . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.  –«Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады?  –Неше дауысты дыбыс бар?  –Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?  –Ал дауыссыз дыбысты, көк түспен белгілейміз. Т –</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Ұлттық кимылды ойындарды ойнату  <b>Мақсаты</b> . Баланың кимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ кимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Шапшаң доп» (Баскетбол)  Өлең жолдарына сәйкес кимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Ұлттық кимылды ойындарды ойнату  <b>Мақсаты</b> . Баланың кимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ кимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Шапшаң доп» (Баскетбол)  Өлең жолдарына сәйкес кимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге</p>
---	--	--	--	--	--


	<p>Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді. Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.</p> <p>Педагог:  –Ертегі сендерге ұнады ма?  –Ертегі де нелер туралы айтылған?  –Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты?  –Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?  –Бір күні не болыпты?  –Түлкі қалай құтылып кетіпті?  –Әлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді?  –Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті?  –Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның <b>құйрығы қысқа болып қалыпты.</b></p>	<p>ұстап қал»,  «Ғажайып фигура» – ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. Өз жұбын көзді жұмып тауып алады. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруы керек. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады.</p>	<p>дауыссыз дыбыс.  Ү – жіңішке дауысты дыбыс. Л – дауыссыз дыбыс.  К – дауыссыз дыбыс.  І – жіңішке дауысты дыбыс.</p> <p>–Міне, балалар, біз «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасадық.  Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр».  Ойын шарты: педагог аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады.  Мысалы, Түл – ..., қо – ..., қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол – ... ..</p>	<p>соғып, қағып алады.  Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау</p>	<p>соғып, қағып алады.  Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау</p>
--	--	--	--	---	---

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру  <b>Мақсаты</b> . алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.          Дидактикалық ойын «Жоғалған дыбыс»          – Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті</b> . Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу  <b>Мақсаты</b> театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту            Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»          Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру  <b>Мақсаты</b> алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.          – Балалар, мен бір дыбысын анығырақ</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру  <b>Мақсаты</b> театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту            Педагог балаларға ертегі туралы өлең оқиды.          Кел, көрейік ертегі,</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесу  <b>Мақсаты</b>түстерді қазақша айтуға үйрету.          Қима материалмен жұмыс.          – Мынау – жапырақтар.          Мынау жапырақтың түсі қандай?          – Жапырақтың түсі сары.          – Мынау жапырақтың түсі қандай?</p>

	<p>дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.</p> <p>Мысалы: - ...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к), ...әбіз(с), ...ызанақ(қ), ...ырыққабат(қ), ...сқабақ(а), ...армақ(к), ...йыншық(о), ...квариум(а), ...ақта(т), ...уыршак(қ), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б.</p>	<p>қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.</p> <p>– Бұл қандай жануар? – Қандай ертегіде кездеседі?</p> <p>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер.</p> <p>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді)</p> <p>– Әр ұяшықта сандар бар.</p> <p>– Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.</p> <p>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.</p> <p>Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді</p>	<p>созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.</p> <p>Мысалы: ааалжапқыш-алжапқыыыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дээәріхана-дәріханааа, қооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааак, жааапырақ-жапалааак, дооомбыра-домбырааа, қоообыз-қобыыыз, жаааалбыз-жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, теесекше-текшесее, бааалапан- балапааан, боооотақан-ботақааан, көөөзілдірік - көзілдірііік, жаааапырақ-жапырааак , көөөрпе-көрпесее т.б.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр» – Балалар, көздеріңді жұмып, мына</p>	<p>Естіген жанды елітеді. Талай ғажап оқиға Қызық сырын шертеді.</p> <p>– Балалар, біз қандай ертегілерді білеміз? – Ертегіде кейіпкерлердің мінез-күлқын салыстырады, сипаттайды. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.</p> <p>Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіретін қызықты әлем. Ертегі сендерді жамандықтан аулақ болуға, жақсылық жасауға, адамгершілікке жетелейді. Ертегі кейіпкерлерінің өзіне тән мінез-күлқы болады (ашулы, қатал, мейірімді, адал, қайырымды). Ертегілер еліндегі кейіпкерлерді есімізге түсірейік.</p> <p>– Сен қандай кейіпкерлерді ашулы деп елестетесің? (Қасқыр, арыстан) – Мейірімді, адал кейіпкерлерді ата. (Қоян, әтеш, шаруа)</p>	<p>– Жапырақтың түсі жасыл. – Алманың түсі қандай? – Алманың түсі қызыл. – Мынау қарындаштың түсі қандай? – Көк түсті. – Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайды Мынау – қара түс, қара. – Қандай түс? – Қара түс. – Мынау – күлгін түс, күлгін. – Қандай түс? – Күлгін түс. – Мынау – көгілдір түс, кө-гіл-дір. – Қандай түс? – Көгілдір түс. – Мынау – қызғылт түс, қызғылт. – Қандай түс? Қызғылт түс Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.</p>
--	---	---	--	---	---

			<p>жағдайды елестетіндер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-бірінді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз). Мысалы: (Дастаааан! Серікбоооол! Айғаныыыым! Айшаааа! Ернаааар! Балжаааан! Ардаааақ! Санжаааар! Берііік! Мерееей! т.б.)</p> <p>– Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар</p>		
--	--	--	--	--	--

<p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті</b> Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту <b>Мақсаты</b> Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету</p> <p>Шағын топтармен жұмыс. «Суретті тап» дидактикалық ойыны Карточкалармен жұмыс ұсынады: Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру <b>Мақсаты</b> Пішіндердің атауларын: денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш,.</p> <p>Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ. «Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> --Құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. <b>Мақсаты</b> Құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсінік беру. Үш тілді меңгеруге, бүтін және бөліктерді салыстырып, есептер құрастыруға, мүсіндей білуге үйрету.</p> <p>Құстар біздің досымыз. Біз оларға қамқор болуымыз керек. Құстар бізге не береді?</p> <p>Олай болса, сол жұмырқа арқылы біз бүгін кішкентай ғана әтештің бейнесін жасап үйренеміз. Табиғи материалдар мен қажетсіз нәрселерді қолданамыз. Балаларға тәрбиеші әтештің жасалу жолдарын үйретіп, жасатады. Дидактикалық ойын: «Балапандар» Мақсаты: Ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Ойынның шарты: Қай</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау <b>Мақсаты</b> жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру Балалар мектепке келді. – Балалар қайда келді? – Балалар мектепке келді. – Мынау – мектеп. Мектеп. Мынау не? – Мынау – мектеп. – Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді? – Мектепте оқиды, білім алады. – Мынау – оқушы. Мынау кім? – Мынау – оқушы. – Мынау – оқушылар. Мынау кімдер? – Мынау – оқушылар. – Мынау – мұғалім. Мынау кім? – Мұғалім. Мынау – сынып. Сынып. – Мынау не? – Мынау – сынып. Мектепте сынып бар. – Мектепте не бар? – Мектепте сынып бар. Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b>Жазу парағында бағдарлай жоларалық кеңістікті ажырата білу білу, жазу жолы мен <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру. Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасындар Мысалы: кққасқыр(к), еетік(е), ттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), мммоншақ(м), кққоңыз(к), кққолшатыр(к), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), кққарға(к), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), кққобыз(к), сссандық(с), тттекемет(т), еееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б. – Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?</p>
---	--	---	---	---

	<p>(фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды</p>  <p><b>Талқылап, сұрақтарға жауап береді</b></p>		<p>құстың балапандары екенін табуып, сол қорапшаға салу керек</p>	<p>жаттығады. Мектепте сыныптар бар. Мектепте нелер бар? Мектепте сыныптар бар. Сыныпта орындықтар бар. Сыныпта нелер бар? (Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады</p>	<p>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лак, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, ко-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?</p>
--	---	--	---	--	--



	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру  <b>Мақсаты</b> Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев).  Ән айту: «Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет)  «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров)  «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Ағаш ат» (Б.</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру  <b>Мақсаты</b> Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.  2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру.  3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу  Жұмбақтарды шешу:  Жұмбақтар  1. Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. (Полиция қызметкері)  2. Көше бойлап аяндайды, Адам тасып, аялайды. (Автобус)  3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген, Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)  4. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар</p>	<p><b>4.Сурет салу.</b>  <b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдеріжетілдіру,түзу,ирек,жіңішке,жалпақ әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту  - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, біріккен жерлерін тегістеу  - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту  <b>Мақсаты</b> Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету</p> <p>1-тапсырманы орындауды ұсынады.  Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.  – Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)  – Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)  – Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?</p>	<p><b>4.Музыка</b>  Міндеті Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту  <b>Мақсаты</b> Музыкаарқылы батырлыққа, ерлікке тәрбиелеу</p> <p>Музыка тыңдау:  «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский)  Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)  «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар«Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты</p>
--	--	--	---	--	--

<p>Қыдырбекова) Билер: «Теңізшілер биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Алтын қақпа» (Т. Сарыбаева)</p>	<p>бірақ та. (Бағдаршам) 5. Арқаным бар тым ұзын, Ала - алмайсың бір үзім. Табыңдаршы, балалар, Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол) 6. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Токта, жүр!» дейді. (Бағдаршам) Тәрбиеші: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп алу баршамызға керек. - Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. - Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесің дер ме екен, көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріндерші. - Жиек жол деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол) - Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді). (Тақтада) Қызыл – тоқта! Сары - сақтан!</p>	<p>- Құрылыс материалдарынан, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу <b>Мақсаты-</b> алашаның суретін салу, мүсіндеу, жапсыр у, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:-</b> Ұлттық қимылды ойындарды ойнату <b>Мақсаты .</b> Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары (№3) Допты аяқ басымен қысып жүреді. Залдың бір жағына екі қатарға тұрады. Допты аяқ басымен қысып, залдың екінші жағына</p>	<p>Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды..</p>	<p>баламын»CD), «Полька» (М. Красев) Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>
---	--	---	--	--

		<p>Жасыл - жол ашық!  1 -: Қызыл көзін ашқанда,  Сынық сүйем баспа алға!  2 -: сары көзін ашқанда,  Қарап қалма аспанға!  3 -: Жасыл көзін ашқанда,  Өте бергін, жасқанба!  (Балалар бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады).</p>	<p>дейін секіріп барады.  Допты түсірмеуге тырысады.  Жерден шұғыл итеріліп секіргенде қолмен серпіп көмектеседі.  Бірқалыпты тыныс алуға тырысады</p>		
<p><b>Балалардың дербес қызметі</b></p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.  Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лево ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).  Шарты.  Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін</p>	<p><b>Ритмикалық жаттығу</b>  Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (адымдайды)  Адыммен біркелкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді)  Біз жауынгер баламыз. (қолдарын басының тұсына қояды)  Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (адымдайды)  Тізіліп біркелкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын басының тұсына қояды)  Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын басының тұсына қойып, адымдайды)  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.  Құралдар.  Зообақ</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.  Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты.  Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік арқылы анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу.  Құралдар.  Туған күнді атауға қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды үлгілері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық</p>

	<p>ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</b></p>		<p>қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог ойыннан бұрын балалармен бірлесіп, зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен</p>	<p>орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сикыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі</p>	<p>музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп әрбір отбасында туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау дәстүрі қайдан келгенін талқылайды. Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін жоспарлайды. Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды. Туған күн иесін балалар санамақ</p>
--	---	--	---	--	--

			<p>құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>арқылы тағайындауы мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күн иесі болып үлгеру тиіс. Алғашында педагог ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады: қонақтардың адал ниетті дос болуы, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалғаны.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
Баламен жеке жұмыс	"Қағаздан бүктеу" жұмысы.	Бала тілін дамыту. "Жазда" (Рамазан	"Қағаздан бүктеу" жұмысы.	Бала тілін дамыту. "Жаз" (Ілияс	"Жаз" мезгілі бейнеленген

	Тақырыбы: "Піл". Мақсат-міндеттер. Жануарлардың пішіндерін қағаздан бүктеп жасауды үйрету. <b>(жапсыру)</b>	<b>Тышқанбаев)</b> Шулы өзенге барайық, Орын таңдап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық.  Жүр, балалар, тұрмалық, Гүл терелік, қыр барып. Өкінбейік, даланың Қызығынан құр қалып. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Тақырыбы: "Кеме". Мақсат-міндеттер. Қағаздан әртүрлі көліктерді бүктеп жасауды үйрету. <b>(жапсыру)</b>	<b>Жансүгіров)</b> Жерің анау, Жасыл жолақ кілемдей. Желің мынау, Жігіт айтқан өлендей. Көлің анау, Той ғып жатқан ауылдай. Күнің мынау, Елжіреген енендей. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және оларға толық жауап беру дағдысын бекіту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Серуен</b>	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №15 Бақылау:</b> <b>Көбелектерді бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> - көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы; -барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» Ш.</b> Мұхаметжанов Дала қандай керемет, Қойның гүлге толады. Қызыл-жасыл көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Қанша қусаң көбелек, Қанаты бір талмайды. Соныменен не керек, Ақыры ұстай алмайсың. Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті. Ертеде Римде адамдар	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №16 Бақылау:</b> Гүлзарды бақылау <b>Мақсаты:</b> Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №16 Бақылау:</b> Гүлзарды бақылау <b>Мақсаты:</b> Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №17 Бақылау:</b> Көбелектерді бақылау. <b>Мақсаты:</b> - көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы; -барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» Ш.</b> Мұхаметжанов Дала қандай керемет, Қойның гүлге толады. Қызыл-жасыл көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Қанша қусаң көбелек, Қанаты бір талмайды. Соныменен не керек, Ақыры ұстай алмайсың. Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті. Ертеде Римде адамдар	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №18 Бақылау:</b> <b>Гүлзарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?

	<p>көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады. осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)</p>	<p>аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? <b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>күтесіндер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? <b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады. осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады) <b>Еңбек</b></p>	<p>Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіндер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? <b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
--	---	--	---	--	--

	<p><b>Еңбек</b> Гүлзардағы қоқыстарды жинау <i>Мақсаты:</i> еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.</p>			<p>Гүлзардағы қоқыстарды жинау <i>Мақсаты:</i> еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.</p>	
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалды жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>





Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: V-апта

29 – 31 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Мен кімін?». Фотосуретте бейнеленген уреттерді атау	Әңгімелесу. Өздерің қандай екенін әңгімелеп беру	Сурет салу. Өздерінің суретін салу		
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 18 (қайталау)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ	<b>1. Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті</b> - Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу <b>Мақсаты</b> «Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме	<b>1. Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. <b>Мақсаты</b> Балалардың	<b>1. Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - Сюжеттік суреттермен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау		

	<p>құрастырту.</p> <p>–Балалар, біз жолда қарап отырмай, терезеден көргенімізді айта отырайық.</p> <p>–Қарандаршы, табиғат қандай сұлу болып, құлпырып кеткен.</p> <p>–Қазір қандай мезгіл?</p> <p>–Ендеше, «жаз» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.</p> <p>–Өте жақсы, балалар.</p> <p>–Балалар, біздің пойыз ауылдың шетіндегі стансыға келіп тоқтады. Балаларға көмек ретінде жаз мезгіліндегі ауыл бейнесінің суреті ілінеді.</p> <p>–Кәне, не көріп тұрмыз?</p> <p>Педагог балалардан «ауыл» сөзіне дыбыстық талдау жасауларын сұрайды.</p> <p>Пойыздың үні естіліп, балалар келесі стансыға келіп тоқтайды. Стансы «Көл жағасында» деп аталады.</p> <p>–Осы тақырыпқа байланысты әңгіме құрауларыңды сұраймын. Сөздік жұмыс:</p> <p>–Балалар, «көл» сөзіне талдау жасайық.</p> <p>Пойыздың дыбысы мен жүрісі естіліп, балалар саяхатын жалғастырады</p>	<p>спорттық жаттығулар түріндегі түрлі қимылдар туралы түсінігін кеңейту.</p> <p>Тиімді тыныс алу, волейбол добын қажет бағытта бір қолмен домалату, допты қақпақылдату,</p> <p>«Саусақтарды жаттықтыру» – допты кез келген бағытта бір қолмен домалату.</p> <p>Педагогтің нұсқауымен алдымен допты сол қолмен, сосын оң қолмен, кейін екі қолмен бірақ дөңгелетеді.</p> <p>Доптың бағытын өзгертпеуге, допты алысқа жібермеуге, доптың артынан үлгеруге тырысады.</p> <p>«Допты керілген жіптен асырып лақтыру.</p> <p>Шапшаңдыққа жаттықтыру»</p> <p>Волейбол добын керілген жіптен асырып лақтырып, астынан өтіп, шапшаң аттап, екінші жағынан қайта қағып алады.</p> <p>«Секіргіштікті жаттықтыру»</p> <p>20 см биіктікке жүгіріп келіп, секіріп шығу.</p> <p>Секіріп бір аяғына</p>	<p><b>Мақсаты</b> Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату..</p> <p>Педагог балаларға Ж.Смақовтың «Қоңырау» өлеңін мәнерлеп оқып береді.</p> <p>«Дың-дың» – қоңырауымын, «Дың-дың» – соғыламын. «Дың-дың» – қағыламын, Мектептен табыламын. «Н» мен «Н» дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аудартады.</p> <p>–«Н» дыбысын айтқанда дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді.</p> <p>–«Н» дыбысы да «Н» дыбысы сияқты мұрын жолды. «Н» дыбысынан оның айырмасы – тілдің арт жағы таңдайға тиеді.</p> <p>Мысалы: тоң.</p> <p>–Балалар, бір қатарға «Н», екіншісіне «Н» дыбысы бар сөздерді ойлап тауып қояйық.</p> <p>Балаларға</p>		
--	--	--	---	--	--

		қонады.	дыбыстарды қайталату: Ян-ян-ян – жүгіріп жүр қоян. Ың-ың-ың – эп-әдемі қайың. Педагог үлгі суретті тақтаға іліп, сурет арқылы М.Әлімбаевтың «Асфальттағы суреттер» өлеңін мәнерлеп оқып береді.		
	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -Саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу <b>Мақсаты</b> балалардың білімін пысықтау . Буынмен жұмыс «Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді шапалақ ұру арқылы буынға бөлесіңдер. Мысалы: Та-на, ал-ма, бал, тал, сыз-ғыш, кі-тап, қам-шы, ер, көл, қу-ыр-шақ, құс, та-уық, қо-ңыз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті</b> . Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу <b>Мақсаты</b> театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту  Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?» Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> - Дыбыс, буын, сөз ұғымдарынбекіту ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру <b>Мақсаты</b> балалардың білімін пысықтау . Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс. «Дұрыс па, бұрыс па?» дидактикалық ойыны Педагог алша, түн сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға іледі.</p>		

	<p>ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-қу, кө-гер-шін, тас-ба-қа, ұ-шақ, а-пель-син, ман-да-рин, дом-бы-ра, ба-ра-бан, бел-дік, пар-та, са-на, ө-рік, кө-рік, сый-лық, кө-мір, ке-ру-ет, ди-ван, жа-лау, қай-мақ, ба-уыр-сақ, тал-қан, жыл-қы, мон-шақ, кымыз т.б.</p> <p>«Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны</p> <p>– Мен сендерге сөздерді оқимын, егер сөздерді дауысты дыбыстар жуан болса, сары дөңгелекті, жіңішке болса, қызыл дөңгелекті көтеріңдер.</p> <p>Мысалы: банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта, шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.</p> <p>Сөздің</p>	<p>алады, оны сипаттайды.</p> <p>– Бұл қандай жануар?</p> <p>– Қандай ертегіде кездеседі?</p> <p>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер.</p> <p>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді)</p> <p>– Әр ұяшықта сандар бар.</p> <p>– Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.</p> <p>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.</p> <p>Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді</p>	<p>– Орындарыңда тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог тақтаға бір балаланы шақырады дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді.</p> <p>Балалар тақтадағы жұмыстың дұрыс-бұрысын тексереді</p>		
--	---	--	---	--	--

	<p><b>3.Математика негіздері Міндеті -</b> Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау</p> <p><b>Мақсаты</b> Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау</p> <p>«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: Ақпан жыл ішінде нешінші ай? Жылдың соңғы айы қандай? Қазаннан кейінгі қандай ай? Жаз айларын ата және т.б. «Жыл мезгілі» Ойын жаттығуы: «Мен</p>	<p><b>3.Математика негіздері Міндеті: Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. ақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру</b></p> <p><b>Мақсаты</b> Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекі</p> <p>. «Жанды апта» дидактикалық ойыны 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Міндеті: -</b>Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі</p> <p><b>Мақсаты</b> балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпті жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын дамыту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап сақтауға тәрбиелеу.</p> <p>«Мен үйдемін» ойын жағдаяты: - Таңертең ертесімен анасы дәріханаға кетіп</p>		
--	--	---	--	--	--

	<p>бастаймын, сен жалғастыр» Педагог бастайды, балалар жалғастырады. Алдымен көктем, содан кейін ... жаз Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз</p>	<p>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді. -Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз. 10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс. - Суреттерді қараңдар. -Бірінші суретте не бейнеленген? - Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші). Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды</p>	<p>бара жатып, кішкентай қызына: «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, ештемеге тиіспе»- деп ескертеді. Үйде жалғыз қалған қыз шәй ішкісі келеді. Ол ас бөлмесіне барып, газ плитаға келіп, сіреңкені қолына алып, оны жағуға тырысады. - Балалар, Айсәуле дұрыс жасады ма? Егер от жағуға болады ма? - Жок, сіріңке жағуға болмайды өрт шығады, газды да ашуға болмайды ол тез тұтанып жарылады. - Ал, оның шай ішкісі келіп тұр ғой, шайдан басқа не ішуге болады? - Сүт, айран ішуге болады, дәрумендері көп. Айсәуле сіреңкені орнына қойып, шәйдің ыдыстан сүт құйып ішеді. Осы кезде біреу келіп есік қағады, кішкентай қыз есікті ашуға тез-тез бара жатыр, ол бірден есікті ашпақ. Есікті бірден ашқан дұрыс па ? Балалар өз ойларын сөйлем құрап толық жауап береді. - Бір кезде Айсәуле анасының келуін күтпей өзі көйлегін үтіктемегі болдып,</p>		
--	--	---	--	--	--

			<p>үтікті тоққа қосайын деп жатқанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтамады?</p> <p>- Үтікті тоққа қосуға болмайды, киім немесе қолын күйдіріп алуы , өрт шығуы мүмкін. Кенеттен жарық өшіп, бөлме қараңғы болды, ал Айсәуле болса балауыз шамды алып оны жақты. Балауыз шам еріп, қисайып құлап жанып өрт шыға бастады.</p> <p>- Балалар, өрт өте қауіпті, оны қалай өшіруге болады өрт неден қорқады</p> <p>Балалар: судан, қардан, құмнан және қалың матамен</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>- Кәне, сендер дұрыс айттыңдар ма, тәжірибе жасап тексеріп көрейік.</p> <p>Тәжірибе: жанып жатқан отты балалар құммен өшіреді.</p>		
<b>4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					



	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету  <b>Мақсаты</b> Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету</p> <p>Музыка тыңдау:  «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов)  Ән айту:  «Қош, балбұлақ балабақшамыз»  (Б. Жұмабекова)</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен танысу Міндеті:</b> - Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі  <b>Мақсаты</b> балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпті жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын дамыту; өз жеке</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b>  "Гүл"  Мақсат-міндеттер: балаларды дайын дөңгелек пішінді қағаздар арқылы гүл бейнесін құрастырып, жапсыруға үйрету.  Барысы:  Жұмбақ  Суретке қарап,гүлдің бөлшегі нешеу,қандай пішін айтып шығу.  -балалар біз гүл жабыстырамыз  Қайшымен жұмыс жасаудың қауіпсіздік</p>		
--	---	--	--	--	--

<p>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  «Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Гүлдер вальсі» (П. Чайковский, ұнтаспада)  Билер: Биді балалардың қалауынша қайталау  Ойындар, хороводтар:  «Кім мектепке тез жиналады»  Музыкалық аспапта ойнау:  «Гамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)</p>	<p>басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап сақтауға тәрбиелеу.  «Мен үйдемін» ойын жағдаяты:  - Таңертең ертесімен анасы дәріханаға кетіп бара жатып, кішкентай қызына:  «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, ештемеге тиіспе»- деп ескертеді.  Үйде жалғыз қалған қыз шәй ішкісі келеді. Ол ас бөлмесіне барып, газ плитаға келіп, сіреңкені қолына алып, оны жағуға тырысады.  - Балалар, Айсәуле дұрыс жасады ма? Егер от жағуға болады ма?  - Жоқ, сіріңке жағуға болмайды өрт шығады, газды да ашуға болмайды ол тез тұтанып жарылады.  - Ал, оның шай ішкісі келіп тұр ғой, шайдан басқа не ішуге болады?  - Сүт, айран ішуге болады, дәрумендері көп.  Айсәуле сіреңкені орнына қойып, шәйдің ыдыстан сүт құйып ішеді. Осы кезде біреу келіп есік қағады, кішкентай қыз есікті ашуға тез-тез бара жатыр, ол бірден есікті ашпақ. Есікті бірден ашқан дұрыс па ?  Балалар өз ойларын сөйлем құрап толық жауап береді.  - Бір кезде Айсәуле анасының келуін күтпей өзі</p>	<p>ережелерін айтып шығу  Қиып,желімдеу  Дид. ойын: «Орнын тап»  Шарты гүл алмасып кеткен күлшелерін орынына қою.  Қортынды</p>		
--	--	---	--	--

		<p>көйлегін үтіктемекші болдып, үтікті тоққа қосайын деп жатқанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтамады?</p> <p>- Үтікті тоққа қосуға болмайды, киім немесе қолын күйдіріп алуы , өрт шығуы мүмкін.</p> <p>Кенеттен жарық өшіп, бөлме қараңғы болды, ал Айсәуле болса балауыз шамды алып оны жақты. Балауыз шам еріп, қисайып құлап жанып өрт шыға бастады.</p> <p>- Балалар, өрт өте қауіпті, оны қалай өшіруге болады өрт неден қорқады</p> <p>Балалар: судан, қардан, құмнан және қалың матамен</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>- Кәне, сендер дұрыс айттыңдар ма, тәжірибе жасап тексеріп көрейік.</p> <p>Тәжірибе: жанып жатқан отты балалар құммен өшіреді.</p>			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Олжасқа</b> Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету.	<b>Нұрбек Тұрар</b> құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық,) құрастыруға үйрету	<b>Нұрбек Тұрар</b> Ертегідегі дыбыстар мен сөздерді айтуға үйрету		
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-</b>	Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма».	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап		

<p>тарды қарау және басқалар)</p>	<p>жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру</p>	<p>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. Гүл-араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</p>	<p>қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. • Гүл-араға, бал-балаға. • Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.</p>		
<p>Серуен</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №15 Бақылау: Көбелектерді бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> - көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы; -барлық тірі табиғатқа камкорлықпен қарауға тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек»</b> Ш. Мұхаметжанов Дала қандай керемет, Қойның гүлге толады. Қызыл-жасыл көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Қанша қусаң көбелек, Қанаты бір талмайды. Соныменен не керек, Ақыры ұстай алмайсың. Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті. Ертеде Римде адамдар көбелектерді өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген Көбелектің екі жұп қанаты</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №16 Бақылау: Гүлзарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №16 Бақылау: Гүлзарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?</p>		

	<p>бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарады. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқаларын жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалардан құрттар-личинкалыр пайда болады. осы осы құрттардан нағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарымен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады)</p> <p><b>Еңбек</b> Гүлзардағы қоқыстарды жинау <i>Мақсаты:</i> еңбек ете білу іскерліктерін қалыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтарын ояту.</p>	<p>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? <b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p>Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? <b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>		
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз:</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық</p>

	<p>бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--	---	---	---	---	--

**КЕЛІСІЛДІ**

директордың оқу  
ісі жөніндегі орынбасары

*Торғаева* А.Қ. Торғаева

«29» 08 2022ж.



**БЕКІТЕМІН**

А.Гагарин атындағы  
мектеп-лицейінің директоры

*Тусупова* Г.А. Тусупова

«08» 08 2022ж.

**ҚАРАЛДЫ**

бастауыш сынып  
кафедра отырысында  
Хаттама № 1

«26» 08 2022ж

кафедра жетекшісі

*Муқанов* Г.Р. Мукужанова

2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспары  
мектепалды даярлық «Ә» сыныбы

Сынып жетекшісі: Бейсекеева С.А

Ақадыр 2022-2023 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Түсінік хат**

**2022-2023 оқу жылында мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:**

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады

**Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:**

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);



- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер берілді.

- 1.«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі
- 2.Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған ісәрекеттері аптасына екі сағаттан білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі
- 3.Сауат ашу негіздері аптасына үш сағат өткізіледі.
- 4.Математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат өткізіледі
- 5.Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі сағат өткізіледі.
- 6.Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына бір сағат жүргізіледі,
- 7.«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепалды даярлық сыныптарында аптасына екі рет білім беру ұйымының сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі

Балалардың жасы **5 жастан бастап**  
**Жоспардың құрылу кезеңі** Қыркүйек айы 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы
Қыркүйек	Дене шынықтыру	-Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін	«Спортзал»
		- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету	«Спортзалда ойнаймыз»
		- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін үйрету	«Денсаулықтың құпиялары»
		-Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биіктігі – 30 см).	«Күлкі сыйла»
Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: «Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру.	Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ. 1. Бірім, екім, Алма текім. Сапар айым, Сар шымшық. Балтаңды ал да, Жүгіріп шық. 2. Біз санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балан үйрек жалғасы.	Суретті жұмбақтар ойыны : Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей,	Саусақ ойыны : «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу.	Үстел үсті театр ойыны : «Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру. Балалармен құстар туралы әңгімелесу.



			ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.		
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 4				
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы</b> Отбасының күзгіеңбегі  <b>Мақсаты:</b>Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту  Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды:  «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстеріқандай?</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы</b>«Ақылдылар»  <b>Мақсаты:</b> Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін(машықтарын)  қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарынабағындыру  <b>«Кім зейінді?»</b> ойын-</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b>Отбасының күзгіеңбегі  <b>Мақсаты,</b>Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту  Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі?  (Балалардың жауаптары тыңдалады).  Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өтеқиын.  Педагог бір баланы</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы «Біз – болашақ әскерміз!»</b>  <b>Мақсаты</b> -Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту.  Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруді жалғастыру  <b>«Бірінші бол!» ( 3 рет).</b>  Жүргізушіні алмастырып жүгіру.  Педагогтің белгісімен аты аталған ойыншы ең</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы</b> Бізбен бірге және бізден артық орында»  <b>Мақсаты</b> Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау.  Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты аяқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру  <b>Ойын: «Орындарыңды ауыстырындар». (6 рет).</b>  Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда</p>

	<p>Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға атқойындаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгімекұрайды</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы</b> Дыбыстар әлемі <b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту Педагог оқу қызметін «<b>Не қалай дыбыстайды?» ойыны</b></p>	<p>жаттығы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқатұрады. Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады</p> <p><b>2.Көркем әдебиет Тақырыбы.</b>«Арыстан мен тышқан!» <b>Мақсаты</b> таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру <b>Жұмбақ ойын:</b> «<b>Айна</b>».Педагог бір кейіпкердің</p>	<p>тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар табады</p> <p>Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді. Міне, қимылмен келтіргенмен толық еңбек қозғалыстарын аша алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады). Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды. Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі Өте маңызды</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы.</b></p>	<p>алдыға тұра қалып, жүргізуші болып, жүгірісті басқа бағытта жалғастырады. Басқа баланың аты аталғанда сол бала жүргізуші болады. Осылайша олар ауысып отырады. Қолдарын кеудесіне дейін жоғары қарай алдыға қозғалтып, ішке тартып, шынтағымен артқа шығару керектігіне назар аударту. Нұсқау: қысқа қадамдар жасап, аяқ басымен аттап жүгіру.</p> <p><b>2.Көркем әдебиет Тақырыбы:</b>«Арыстан мен тышқан!» <b>Мақсаты</b> таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру. 1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не</p>	<p>залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады.</p> <p><b>2.Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы</b> Жидектер <b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жидектердің атым ентотлықтыру <b>Ойын жаттығы:</b> «<b>Бір сөзбен айт</b>» Таңқурай, қарақат, құлпына йбір сөзбен қалай аталады?</p>
--	---	---	---	--	--

			<p>Дыбыстар әлемі <b>Мақсаты</b> дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту Лашын көкте самғайды, Лашын</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>арқылы бастайды. Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.</p> <p>1. Әтеш қалай дыбыстайды? – ..</p> <p>2. Қарға қалай дыбыстайды? – .</p> <p>3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? – .</p> <p>4. Аққу қалай дыбыстайды? – 5.</p> <p>Торғайқалай дыбыстайды? –</p> <p><b>3.Математика негіздері Тақырыбы:</b> Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш</p> <p><b>Мақсаты</b>геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру</p> <p>Бұл не? (Шаршы.) – Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында. Саусағыңмен солдан оңға қарай жүргізесің, бұрышқа жетіп бұрыласың, саусақпен жоғарыдан төменге түсесің, бұрыласың, саусағың оңнан солға қарай жүреді, бұрышқа жетіп төменнен жоғарыға саусағыңды жүргізесің. (Әр баланың үстелінде белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар.) –Біз</p>	<p>қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагогті балалар ауыстырып ойнауына болады. Педагог ертегіні драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады.</p> <p>Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Педагог балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қолшапалақтайды</p> <p><b>3.Математика негіздері Тақырыбы</b> Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш <b>Мақсаты:</b> геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру .</p> <p>«Сипаттап табу»</p>	<p>көкті шарлайды. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (үнді дауыссыз дыбыс) Педагог құстарға байланыстытыым сөздермен таныстырады. 1. Құстың ұясын бұзба, 2. Ағашты сындырма. Құстардың жұмыртқасын сындырма. 4. Құсқа тас лақтырма</p> <p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы</b> Менің елімнің салт-дәстүрі</p> <p><b>Мақсаты</b> ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы.</p> <p>«Бесікке бөлеу» ойыны Педагог алдын ала дайындаған қуыршақты, бесікті</p>	<p>айтты?</p> <p>Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өзойынды айт. Досыңмендиалог құр.</p> <p>2. Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап. Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді</p> <p><b>3.Қазақ тілі Тақырыбы:</b>Ойнайықтаойлайық <b>Мақсаты</b> өткентақырыптарбойыншасөздердіқайталау,білімдерінбекіту</p> <p><b>Ойынойнауғашақырады.«Қызыкекен» ойыны</b></p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі,топтаркезекпен жауап береді.Әрбіржауап бір ұпай.</p> <p><b>Тапсырма.</b>Күзтақырыбыбойыншасұрақтар: Күзмезгілінінерекше</p>	<p>Жидектер. Алма,өрік,құрмабірсөзбенқалайаталады? Жемістер. Қияр,қызанақ,сәбіз,пиязбір сөзбенқалайаталады? Көгеністер.</p> <p><b>3.Сауат ашу негіздері Тақырыбы.</b> Буын</p> <p><b>Мақсаты</b> сөзде қанша дауысты дыбыс болса, соншабуын болатынын түсіндіру.</p> <p>«Сөз жарыс» <b>дидактикалықойыны</b> – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе,сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балағатүрлі түсті қаламнан беріліп отырады).</p> <p>Қаламдарды санауарқылы жеңімпаз анықталады.</p> <p><b>4.Музыка Тақырыбы</b> Сабантойды тойлаймыз»</p> <p><b>Мақсаты</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)</p> <p><b>Ән айту:</b> «Сабантой» (Е. Хасанғалиев)</p>
--	---	---	---	--	--

	<p>саусағымызбен нені қоршап жүргіздік? (Шаршы.) – Тіктөртбұрышты көрсетеді, атайды, бұл геометриялық фигура – тіктөртбұрыш. – Онын жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында... – Тіктөртбұрышпен шаршының не айырмашылығы бар? Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіреді. – Қараңдар, бір қабырғалары бірдей, ал басқа екі қабырғалары әртүрлі. Тіктөртбұрыштың қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырық</p> <p><b>4.Музыка Тақырыбы</b> «Күзгі жаңбыр»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Жаңбыр шақыру (Д.Ботбаев) Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев) «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтыққимылдар:</b> «Көңілді балалар» литвахалық әуені (өнд. Т. Ломова)</p> <p><b>Билер:</b></p>	<p>дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды</p> <p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b>Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?</p> <p><b>Мақсаты</b> Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>«Қайсысының жапырағы екенін тап» атты дидактикалық ойын</b> ойнауға шақырады (әліппе-дәптердегі тапсырма). Мақсаттары: Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үйрету. Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау. Педагог жапырақтың қандай ағаштан немесе бұтадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады. Ойын аяқталған кезде педагог мынадай уәде береді: (Педагог уәделерді айтып тұрады,</p>	<p>алып шығады. Бір қызды қасына шақырады. Кішкентай қыз бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік Айтайын әлди өлеңін, Қуанышым, өлеңім. Ұйықта, ұйықта, бөбегім. Әлі өзін жетексіз, Батыл басып кетерсің. Оқу оқып, білім ап, Мақсатыңа жетерсің жырын айтады</p> <p><b>4.Сурет салу.</b></p> <p><b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b></p> <p>Тақырыбы:Бидай масақтары</p> <p><b>Мақсаты:</b>- - балаларғадәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру --балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету</p> <p>-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию --ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше</p>	<p>ліктеріната? Күзайларыната? Күзтуралытақпақоқы ?</p> <p>Сурет бойыншасөйлемқұра.</p> <p><b>Көкөністер.</b> Қандайкөгөністердібілесің? Артығынтап?(Қызанақ,сәбіз,алма,пияз)<i>қим асуреттерденкөрсету.</i></p> <p>Суретбойыншасөйлемқұра.</p> <p><b>4.Математика негіздері</b></p> <p><b>Тақырыбы</b>Дөңгелек және сопақша</p> <p><b>Мақсаты</b> сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны. Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді мәшинемін деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар</p>	<p>«Жау, жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтыққимылдар:</b> «Марш» (Е. Андосов)</p> <p><b>Билер:</b> «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>«Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша) <b>Ойындар, хороводтар:</b> «Күн мен жаңбыр» ойыны</p>	<p>балалар қайталайды). Ағаштардың бұтақтарын жұлмауға уәде береміз! Ағаштарды суғаруға уәде береміз! Ағаш жапырақтарын жұлмауға уәде береміз! Ағаштың қабығын сыдырмауға уәде береміз! Ағаштардың түбін қопсытуға уәде береміз! Ағаш діндерінәктеуге! Айғайлап құстарды үркітпеуге уәде береміз!</p>	<p>ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p><b>2. Топтық жұмыс</b></p>	<p>бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады.</p>	
--	--	---	---	---	--

<p><b>Балалардың дербес қызметі</b></p>	<p><b>Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр».</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.  <b>Мүсіндеу</b>  Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Танымдық-қимылды ойын:</b>  «Аңдар жүрісі»  <b>Мақсаты:</b> Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.  <b>Қоршаған ортамен танысу</b>  Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.  <b>Сурет салу</b>  Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Кітаппен жұмыс «Аспазшы»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады.  <b>Сөйлеуді дамыту</b>  Қарым- қатынас іс –әрекеті</p>	<p><b>Дербес ойын «Мозайка»</b>  <b>Мақсаты:</b>Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.  <b>Құрастыру</b>  Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b>  Ханщайым қаламды дұрыс колдануға үйрету.<b>Сурет салу</b> Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b>  Қайсар сандарды ажырата білуге үйрету.  <b>Сөйлеуді дамыту</b>  Қарым- қатынас іс –әрекеті</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b>  <b>Құрастыру</b>  Жанарысқа құрастыруды үйрету  Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b>  <b>Қоршаған ортамен танысу</b>  Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b>  Бекнұр суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.  <b>Сурет салу</b>  Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.  <b>Еңбек:</b>« Таза алаң » .  <b>Мақсаты:</b> Аула</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.  <b>Еңбек :</b> Жапырақтардан гүл шоғын жасау  <b>Мақсаты:</b> Қол</p>	<p><b>Бақылау:</b> Алтын күзді бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Жәндіктерді бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.  « Қыстың қамын жаз ойла</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күнді бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.  <b>Қимылды ойын:</b> « Таяқшадан аттап өт » , « Қуаласпақ »</p>

	<p>сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b>Е.ӨтетілеуовКүшік</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. « Күшік » .</p> <p>Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:</p> <p>Үреді абалап</p> <p><b>Ойын:</b> « Қасқыр мен қаздар » .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Тымпи-тымпи »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: « Тымтырыс, тымпи-тымпи » , - дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ,</p>	<p>икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b>«Күзгі жапырақ»тақпақ</p> <p>Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.</p> <p><b>Ойын:</b> « Аю жүрген орманда » .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қимыл қозғалысын дамыту</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Монданақ » .</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » , -деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p>	<p>Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » .</p> <p><b>Мақсаты:</b>Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.</p> <p><b>Еңбек :</b> « Таза алаң »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b>«Отбасы мүшелері»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Көрші » .</p> <p><b>Мақсаты:</b>Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір</p>	<p>» .</p> <p><b>Еңбек :</b> Біздің алаң.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b>Тыйым сөздерді жаттату.</p> <p><b>Мақсаты:</b> « Суға түкірме » , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b>«Итеріспек»</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тығылыспақ.</li> <li>2. Тартқышқа тартылу.</li> <li>3.Допты қуалау.</li> </ol>	<p><b>Мақсаты:</b> Жылдамдыққа , ептілікке баулу.</p> <p><b>Еңбек :</b> Гүл шоғы.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам »</p> <p>Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал « тілін » Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b>«Үрпек төбет»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап,</p>
--	--	---	---	--	---



	<p>қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады. Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай « өнерімен » ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіруге күш салады. Өзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады. Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді. Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <p>1. Әткеншек тебу.</p> <p>2. Допты қуалау .</p> <p><b>Тренинг:</b> « Біз біргеміз » .</p>	<p>1. Орта доп</p> <p>2. Әткеншек тебу</p> <p>3. Қуаласпақ</p> <p><b>Тренинг:</b> « Бір шаңырақ астында » .</p>	<p>бала тұрады. Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүргізген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады. Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады. Ортасында тұрған қасқыр қуып береді. Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді. Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.</p> <p><b>Дербес ойындар.</b></p> <p><b>Тренинг:</b> « Біз татумыз »</p>		<p>яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан ортаға отырады . Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <p>1. Төбешіктен-төбешікке секір.</p> <p>2. Күн мен түн</p> <p><b>Тренинг:</b> « Күн шуағы ».</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Серуенде жинап алып келген жапырақтарын лупамен , жарық түсіру арқылы зерттеру.</p> <p><b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша жапырақтарды бастыру әдісі арқылы суретін салу.</p> <p>Ермексаздан ағаштар мен жапырақтар жасап, әр</p>	<p>Көкөністер мен жемістердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.</p> <p><b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық</p>	<p>Өз өзіне көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстары.</p> <p><b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Қандай тазалық жұмысын жасағанын бейнелеу. <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру.</p> <p>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтардан алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Терезеге карап, күзгі табиғатты бейнелеу.</p> <p><b>(Бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан экибано құрастыру</p> <p><b>(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)</b></p>

	<p>баланың ағашын жинап ортаға қойып, күзгі бақты жасау. Түрлі түсті қағаздарды қиып жапырақтар жасап, ағаштардың арасына салу.</p> <p><b>(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>жұмыстар <b>(Шығармашылық іс-әрекет),</b></p>		<p>тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.</p> <p><b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Ертегілерді үтел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	
<p><b>Балаларды үйге қайту</b></p>	<p>Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".</p>	<p>Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгіме.</p>	<p>"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.</p>

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицей**

**Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: :24 - 28 қазан 2022-2023 оқу жылы**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады		Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру		<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.		Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 5				

--	--

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет

**1.Сөйлеуді дамыту**  
**Тақырыбы** Күзгі жапырақтар  
**Мақсаты:** Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру  
**Күзгі жапырақтар** Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап  
**2.Сауат ашу негіздері**  
**Тақырыбы.** Буынға бөлейік  
**Мақсаты** сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыр  
**«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы** Мақсаты: басталған буынға буынқосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді

**1.Сөйлеуді дамыту**  
**Тақырыбы:**Күзгі жапырақтар  
**Мақсаты,** Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру  
Өлеңде қай мезгіл бейнеленген? Не жайлы айтылған? Ақын жапырақтарды негетеңеген? Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілінің дарқан, кең екенін білдік. Күз мезгілі қандай? Күз мезгілінде айнала сары болады. Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары Керемет көрініс  
**2.Сауат ашу негіздері**  
**Тақырыбы.** Ойнай отырып оқимыз  
**Мақсаты** буындардан сөз құрауға үйрету.  
**«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны** Шарты: педагог бір буынды

**1.Дене шынықтыру**  
**Тақырыбы «Біздің стадион»**  
**Мақсаты:** Өртүрлі жүрутүрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты аяқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту  
**Аяқты уқалау** (Б.қ. – малдас құрып отыру).  
Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау. Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды сипалайды, шымшиды.  
**2.Көркем әдебиет**  
**Тақырыбы.** «Алтын астық»  
**Мақсаты** өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру.  
**Жұмбақты шеш.**

**1.Дене шынықтыру**  
**Тақырыбы «Менің отбасым»**  
**Мақсаты** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту  
**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» ( 5 рет).** Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады.  
**2.Қазақ тілі**  
**Тақырыбы** Ойнайықта ойлау  
**Мақсаты** өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту  
Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал.  
Күздің белгілерін ата  
**3.Сауат ашу негіздері**  
**Тақырыбы.** Ойнай отырып, Оқимыз  
**Мақсаты** буындардан

<p>тезаяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тырна, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қа-лам, кі-тап. Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады</p> <p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы</b> Шар, текше, цилиндр <b>Мақсаты</b> геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру <b>«Пішінді табыңдар» дидактикалық ойыны.</b> Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сықырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың</p>		<p>айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те - (геш), те -(рек), те - (мір), те -(сік), те - (тік). ор -(та), ор - (ман), ор -(ақ). өр - (мек), өр -(кеш), өр - (ле), өр -(мек-ші)</p> <p><b>«Буынды қос» дидактикалық ойыны</b> – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы: ( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.</p> <p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Тақырыбы</b> Жылқұстары <b>Мақсаты</b> Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту <b>«Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынын</b></p>	<p>Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар. (Бидай) Не артық? Белгіле. Балаларға астық жинауға қатысы жоқ затты – себетті белгілетеді.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы</b> Ойнайық та ойлайық <b>Мақсаты</b> өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата.</p> <p><b>4.Математика</b> <b>Негіздері</b> <b>Тақырыбы</b> Шар, текше, цилиндр <b>Мақсаты:</b> геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру <b>Ойын жаттығуы:</b> <b>«Пішіндер неге ұқсайды?»</b> Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады. - Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус) - Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стақанға) -Текше неге</p>	<p>сөз құрауға үйрету. <b>«Жоғалған буын» дидактикалық ойыны</b> <b>Шарты:</b> педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құраса болады. те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші)</p> <p><b>«Буынды қос» дидактикалық ойыны</b> – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы: ( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.</p> <p><b>4.Музыка</b> <b>Тақырыбы</b> «Сабантойды» <b>Мақсаты</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту <b>Музыка тыңдау:</b> «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) <b>Ән айту:</b></p>
--	--	---	---	---

<p>қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Балапіншілерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Қызығушылық танытады, педагогі мұқияттыңдайды, ойын ережелерін орындайды</p> <p><b>4.Музыка</b> <b>Тақырыбы</b> «Сабантойды тойлаймыз» <b>Мақсаты</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова) <b>Ән айту:</b> «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев) <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Марш» (Е.</p>		<p>ұйымдастырады. Мақсаттары: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.). Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі? Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі</p> <p><b>4.Сурет салу.</b> <b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b> Құрастыру Тақырыбы: Сазбалшықтан жасалған табақ Мақсаты:- тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою- өреппен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету --табақты мүсіндеу --геометриялық пішіндерден табақ кию</p>	<p>ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына). Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын: «Фигураны атап көрсет» үш сөреге ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды. Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай аталатынын дауыстап айтуы қажет</p>	<p>«Сабантой» (Е. Хасанғалиев) «Жау, жау, жаңбыр» (К.Дүйсекеев) <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Марш» (Е. Андосов) <b>Билер:</b> «Көңілді тойлаймыз» қолшатырлар биі (педагогтің тандауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан) тойлаймыз»</p>
--	--	---	--	---

<p>Андосов) <b>Билер:</b> «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен) Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, үнтаспадан)</p>		<p>--Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.</p> <p>Топтық жұмыстар</p>		
---	--	---	--	--

<p><b>Балалардың дербес қызметі</b></p>	<p><b>Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр».</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.  <b>Мүсіндеу</b>  Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>		<p><b>Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді»</b>  Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.  <b>Сурет салу</b>  Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Кітаппен жұмыс «Аспазшы»</b>  Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады.  <b>Сөйлеуді дамыту</b>  Қарым- қатынас іс –әрекеті</p>	<p><b>Дербес ойын «Мозайка»</b>  Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.  <b>Құрастыру</b>  Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b>  Қамбарға қаламды дұрыс қолдануға үйрету.</p>		<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b>  Данияр құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b>  Ханшайым қаламды дұрыс ұстауға үйрету.</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b>  Бекнұр суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.</p>



<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Тұманды бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.  <b>Еңбек :</b> Ағаштардың түптерін қопсыту.  <b>Мақсаты:</b> Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу.  <b>Жеке жұмыс:Мақал-мәтел.</b>  Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат .  <b>Мақсаты:</b> Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету.  <b>Ойын:«Біз кішкене отбасы»</b>  <b>Мақсаты:</b> Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.  <b>Қимылдық ойын:«Шымшық доп»</b>  <b>Ойын барысы :</b> Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою</p>	<p><b>Бақылау:</b> Шықты бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.  <b>Еңбек :</b> Ағаш бұтақтарын жинау.  <b>Мақсаты:</b> Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.  <b>Жеке жұмыс:«Менің Отаным»өлеңін жаттату.</b>  Отан – менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым.  <b>Мақсаты:</b> Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру.  <b>Ойын:</b> « Қояндар секіреді » .  <b>Мақсаты:</b> Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшандыққа баулу.  <b>Қимылдық ойын:</b> « Қаздар мен бақташы » .  <b>Ойын барысы:</b> Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып</p>	<p><b>Бақылау:</b> Өткінші жаңбырды бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.  <b>Еңбек :</b> Ағаш түптерін қопсыту.  <b>Мақсаты:</b> Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.  <b>Жеке жұмыс:</b> « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » .  <b>Мақсаты:</b> Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.  <b>Қимылдық ойын :</b> « Допты қуып жет » .  Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшандыққа , ептілікке тәрбиелеу.  <b>Қимылдық ойын:«Кім тезірек?»</b>  <b>Мақсаты:</b> Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.  <b>Ойын барысы:</b> Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру.  <b>Еңбек :</b> Біздің ойын алаңы  <b>Мақсаты:</b> Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.  <b>Жеке жұмыс :</b> Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып.  <b>Мақсаты:</b> Такпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..  <b>Қимылдық ойын:</b> « Айгөлек-ау, айгөлек » .  <b>Мақсаты:</b> Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшандыққа, ептілікке баулу.  <b>Қимылдық ойын:«Фигура жасап шық»</b>  <b>Ойын барысы :</b> Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы</p>	<p><b>Бақылау:</b> Кемпіркосақты бақылау .  <b>Мақсаты:</b> Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпіркосақ шығатыны туралы түсінік беру.  Түстерін ажыратып айту.  <b>Еңбек :</b> Біздің аула  <b>Мақсаты:</b> Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.  <b>Жеке жұмыс :</b> Жұмбақ:  Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшекейлеп Кесте тіктім.  (Кемпіркосақ)  <b>Мақсаты :</b> Түстерді ажырата білу. Балалардың ой – өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.  <b>Қимылдық ойын:«Тышқан мен мысық».</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке , шапшандыққа үйрету.  <b>Қимылдық ойын:</b> . « Қимақ » .  <b>Ойын барысы:</b> Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, « осы</p>
----------------------	--	---	---	--	---

	<p>қажет). Ойнаушылар тақтайшадан айналып тұрады. Басқарушы таңдап алынады. Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шегін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді. Ойнаушылар оны ұстап алады. Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:</b>  <b>1. Жарысу.</b>  <b>2. Төбешікке секіру.</b></p>	<p>шығады. Олар далада жайылып жүреді.</p> <p><b>Бақташы:</b> Қаздар, қаздар!?</p> <p><b>Қаздар:</b> га, га, га</p> <p><b>Бақташы:</b> тамақ жейсіңдер ме?</p> <p><b>Қаздар:</b> иә, иә, иә.</p> <p><b>Бақташы:</b> Ендеше ұшыңдар.</p> <p><b>Қаздар:</b> жоқ, аш қасқыр бар</p> <p>Жібермейді ол жолда</p> <p><b>Бақташы:</b> тез ұшыңдар қалайда!</p> <p>Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді.</p> <p>Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет ояңғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді.</p> <p>Еркін ойындар.</p> <p><b>Тренинг:</b> « Қаздар болып ұшайық » .</p>	<p>қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.</p> <p>Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.</p> <p><b>Тренинг:</b> « Қолшатыр » .</p>	<p>секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады. Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып, ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да, ойын қайталанады.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:</b>  Қуаласпақ.  Тығылыспақ.  <b>Тренинг:</b> « Киіз үй ».</p>	<p>ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал » , - дейді. Ойыншы қиып алған ойыншығын алады. Егер бірінші рет қия алмаса, екінші рет әрекеттенуге болмайды.</p> <p><b>Дербес ойындар:</b>  <b>1. Әткеншек тебу.</b>  <b>2. Ирек жолмен жүру.</b></p>
<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицей**

**Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 07 - 11 қараша 2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.	«Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді	«Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.	«Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады	Бақша да ма, бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың өзіндік қызметі	«Шарикті үрлеу». (үстел үсті ойыны)	«Гүлді құрастыру»Топтық ойын	Жапырақ гүлін жасау	Фантикті жинау	Қағазды бүктеу, жазу
Таңғы гимнастика	<b>Таңғы жаттығу кешені № 5</b>				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-					
	1.Сөйлеуді дамыту	1.Дене шынықтыру	1.Сөйлеуді дамыту	1.Дене шынықтыру	1.Дене шынықтыру

<p><b>әрекет</b></p>	<p><b>Міндеті:-</b> Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту  <b>Мақсаты</b> Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру  Шаштараз  Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу  <b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алуға дамыту  <b>Мақсаты:</b>буындардан сөз құрауға үйрету  <b>«Буынға бөл»</b>  <b>дидактикалық қжаттығы</b>  Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады.  Буынға бөлуге болатын сөздер: күйші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а- қын, ма-ман. <b>«Буынды қос»</b>  <b>дидактикалық ойыны</b>  – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға</p>	<p><b>Міндеті:-</b> кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;  <b>Мақсаты:</b>Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту  Сызылған сызық бойына екі қатарға сап түзеп тұрады. Допты дұрыс ұстау қалпы: үш саусақпен доптың арт жағынан, бас бармақ және шынашақпен доптың екі жағынан ұстайды. Допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің бұйрығы бойынша допты жүгіріп барып алып келіп, саптың алдында тұрған баланың артына келіп тұрады. ( 4 рет)  <b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:-</b>диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру  <b>Мақсаты</b> ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу  Балалар, суреттен нені көріп тұрсындар?  – Мысық қалай</p>	<p><b>Міндеті:</b>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану,  <b>Мақсаты</b> , Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу  –Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз?  –Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтындаршы?  –Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер?  –Өздерің таза жүресіңдер ме?  <b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау  <b>Мақсаты</b> Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру  <b>«Кім білгіш?»</b>  <b>дидактикалық ойыны</b>  <b>Мысалы:</b> б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.  Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты</p>	<p><b>Міндеті:</b> Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу  <b>Мақсаты</b> Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету  Тізбекпен кедергілер алабынан өту. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді. (Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгібойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек  <b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Сахналық</p>	<p><b>Міндеті:</b> допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр)  <b>Мақсаты</b> Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап және әдемі жүруді бекіту  <b>Тепе-теңдік</b>  «Түсіріп алма» ойын- жаттығуы: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру. Тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады: дене бітімдерін түзу ұстап, бастарын төмен түсірмей, қолдарын екі жаққа созып, жіп үстімен жүреді  <b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту  <b>Мақсаты</b> апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну  <b>Тақпақ «Апта күндері»</b>  Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі,</p>
----------------------	---	--	---	---	---

	<p>доптылақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:( ас+паз, кі+тап,ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады</p> <p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралыбілімді бекіту  <b>Мақсаты :</b> уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру</p> <p>у  – Қабырғадан қарап тұр, Уақытты санап тұр. (Сағат)Ағайынды екеуі  Шеңбер бойы жүгірген.Аласа бойлы ағасы Бір айналып өтеді, Ұзынтұра інісі  Сағат сайын өтеді. (Сағаттілдері.)  – Сағат адамға нені білугекөмектеседі? (Уақытты.) Бүгін біз оқиғалардың ұзақтығы мен кезектілігін,яғни ненің бұрын, ненің кейін болғанын</p>	<p>дыбыстайды?  – Ол нені жақсы көреді? Бүгін «Мақтақыз бен мысық» атты қазақхалық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу Ертегі не туралы?  – Мақтақыз не тауып алды?  – Мақтақыз мысықты қалай жазалады?  – Мысық қатық іздеп жүргенде нелерге кездеседі?  – Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?</p> <p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту  <b>Мақсаты:</b> уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру</p> <p>Сағаттың модельдерімен жұмыс  Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі.  Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен</p>	<p>немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.  - Дауысты дыбыстарға қызыл текше;  дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылыажыратады.</p> <p><b>3.Қоршаған ортамен танысу</b>  <b>Міндеті:</b> Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау</p> <p><b>Мақсаты</b> Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға Дағдыландыру</p> <p><b>«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.</b>  Педагог бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып, ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек)  Педагог тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі.</p>	<p>қойылымдарға қатысуғабаулу</p> <p><b>Мақсаты</b> сюжет бойынша ертегіні сахналау  Ертегі жүйесін сақтапсахналау  Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады.  Сикырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге қарап, иіледі. Көрермендер қолшапалақтайды.</p> <p><b>Жұмбақты шеш.</b>  Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған.(Мысық)</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> -Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату,  -Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату,(<b>кірікт. 25.10</b>)  <b>Мақсаты</b> санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен</p>	<p>Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі .</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</b>  Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі  Ө-э-э- сээр-сенбі  Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма</p> <p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралыалған білімдерін естеріне түсіру  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру .</p> <p><b>«Айтылған дыбысқа сөзойла» дидактикалық ойыны.</b>  Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады,ойын соңында жеңімпаз анықталады.</p> <p>1-тапсырма.  Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.  – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан,дуадақ т.б.</p> <p>2-тапсырма.  Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>анықтап білеміз Педагог балалардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналарбалаларды балабақшаға қашан әкеледі және қашан алып кетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай кезде ішеді? <b>4.Музыка</b> <b>Міндеті:</b>-Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын,олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету <b>Мақсаты:</b>динамикалық ерекшеліктерін ажырата білу <b>Музыка тыңдау:</b> «Аққу» (Н. Тілендиев, ұнтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңбергетұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысынажырату»</p>	<p>қойындар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? – (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.) <b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну <b>Мақсаты</b> заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. <b>«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.</b> Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады. 1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды. 2-топ темірден жасалған заттарды атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады «Көп ойла, сөз ойла» ойыны.</p>	<p>Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады. Үш бала шығып, ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ. Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке, шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды. <b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну <b>Мақсаты</b> заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.  <b>«Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны.</b> Педагог ойын</p>	<p>сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету <b>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».</b> Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 <b>Ойын:</b> <b>«Баспалдақпен жоғары көтеру».</b> Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту). <b>Санамақ жаттау.</b> Бақшада жақсы аға Ойыншық береді. Бір балық, Екі шелек, Үш үйрек, Төрт түлкі, Бес бүркіт. 3-4 бала санамақты қайталайды. <b>4.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), анықтау <b>Мақсаты</b> уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру <b>«Күн мен түн»</b></p>	<p>– Мақта, мысық, моншак, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б. Педагог бір баланы тақтаға «тал» сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды <b>4.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> Музыкалық шығармаға көзқарасынбілдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. <b>Мақсаты</b> Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты,мазмұны туралы айту <b>Музыка тыңдау:</b> «Аққу» (Н. Тілендиев, ұнтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)</p>
--	--	---	--	---	---

		<p>Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.</p> <p>1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.</p> <p>2-топ темірден жасалған заттарды атайды.</p> <p>Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады</p>	<p>ережелерін түсіндіреді.</p> <p>– Мен сендерге әртүрлі суреттерді көрсетемін. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайсыңдар, ал егер ол басқа зат болса, шапалақтамай, тыныш отырасыңдар.</p> <p>Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетеді: шар, кіржуғыш мәшине, автомобиль, жалауша, миксер, гүл, электр пеші</p> <p><b>4.Сурет салу.</b></p> <p><b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b></p> <p>Міндеті: - балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру;</p> <p>- Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу</p> <p>- аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру</p> <p>- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға,</p>	<p><b>дәстүрлі ойыны.</b></p> <p>Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды\ «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізу</p> <p>Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?</p> <p>3 оқиға бейнеленген суреттер</p> <p>Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады.</p> <p>Балалар сөздерді хормен қайталайды: кеше – ол өтіп кеткен. Бүгін – қазір болып жатыр. Ертең – ол болды.</p>	<p>Билер:</p> <p>«Асатаяқ биі» (қыздар)</p> <p>(«Билеп үйренейік» жинағынан)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Аспаптардың дауысын ажырату»</p>
--	--	---	--	---	---

			<p>бір- бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру <b>Мақсаты:-</b> құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге, мүсіндекге, жап сыруға, құрастыруға үйрету <b>Топтық жұмыстар</b></p>		
--	--	--	---	--	--



<p><b>Балалардың дербес қызметі</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктірі".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың (құбылыстар, жан-жануарлар, адамдар, ұғымдар) ортақ қасиеттерін байқап, оларды біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар). Педагог өзінің қалауынша көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді. Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістік арқылы сипаттау)</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттама дұрыс немесе дұрыс еместігін анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары бұндай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "күс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді", т.б. Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды адам, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болса да біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Не жоқ?"</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таны ойыншықтарды немесе заттарды, жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге де жеткізуге болады. Балалар көзін жұмып, педагог ойыншықтардың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екендігін атайды. Ойын бірнеше рет қайталанады.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларда геометриялық пішіндерді ажырату, санау, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері. Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу</p>
---	---	--	--	--	--

	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Жол жүру ережесі".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың жол жүру ережелері, көшедегі қозғалыстар, жол қозғалысына қатысушы тараптар: жүргізуші, полицей, жүргінші жөніндегі ұғымдарын нығайту; олардың жол жүру ережесін сақтаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтауға; тәртіптілікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.          Құралдар. Бағдаршам, жол жүрудің негізгі белгілері, жүргіншілер жолы және үйлердің кескіндері; рульдер, ысқырық; куыршаққа арбалар.          Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстары ретінде жол қозғалысы жайында суреттерді қарап, түрлі жағдаяттармен бейнебаяндарды тамашалайды.          Балалар жолдағы қозғалысқа қатысатын жүргізушілер, полицей, жүргіншілер сияқты адамдардың міндеттерін анықтайды.          Балалар көше қозғалысына қатысатын мамандарды өздері</p>	<p>тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.<b>еңбек іс-әрекеті</b></p> <p>құрал барады, ойынға дайын тұрады.          Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс.          Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.          Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.          Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады.          Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау;</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастар құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.          Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатарда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері.          Шарты. Педагог ойынды өткізуге дейін жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы балалармен әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық</p>	<p>өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.          Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кеме жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар;</p>	<p>шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.          Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук.          Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.          Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.          Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>таңдайды немесе санамақты қолданады (жүргізушілер, полицей, жүргіншілер). Жол қозғалысына қатысушылар өз рөлдеріне сай қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Алғашында педагог жол қозғалысын өзі сипаттап отырады, балалар сол әңгімелеуге сай қимылдап жатады.</p> <p>- Көліктер үшін бағдаршамның қызыл шамы жанды!</p> <p>- Көлік жүргізушілері, не істейсіңдер?</p> <p>- Жүргізушілерге қызыл жанса, жүргіншілер үшін қандай шам жанады?</p> <p>- Жүргіншілер, жасыл шам жанды!</p> <p>- Жүргіншілер, сендер не істейсіңдер?</p> <p>- Жүргіншілер, жолдан қалай өтесіңдер?</p> <p>- Полицей аға, бұнда бір машина қызылға өтіп кетті! Не істеу керек? Осындай желімен ойын жалғасады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: жолда ешқандай апат болмауы үшін, көліктер сынбай, жүргіншілер аман-сау</p>	<p>ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды). Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндік болса, өз дауысымен айтылған қажетті хабарламаларды жазып алып, қолдануға болады. Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін</p>	<p>билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындары</p>	<p>арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	--	---	--	---	---

	<p>болуы үшін, жол ережелерін қатаң түрде сақтау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>		<p>белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды.</p> <p>Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобуска отырып жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалу шарттарын қадағалау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>		
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар. Қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған кез келген жеуге болатын (жеуге болмайтын) заттар.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата».</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі. Бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Балалармен "Көлік" тақырыбында әңгімелесу.</b></p> <p>Сюжетті-суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Машина" (Оразақын Асқар) - Машина істе-серігің, Жолға шықсаң-көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім?</p> <p>Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Светофор" (Зайда Елғондинова) Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы: "Тоқта, жолдас!"- дегені.</p> <p>Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: "Ал, дайындал!"- дегені.</p> <p>Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: "Ал, өте бер!"- дегені.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>

<p><b>Серуен</b></p>	<p>Бақылау: Шықты бақылау.  Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.  Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау.  Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.  Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату.  Отан – менің ата-анам, Отан-досым , бауырым.  Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым.  Мақсаты: Отанын сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру.  Ойын: « Қояндар секіреді » .  Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшандыққа баулу.  Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » .  Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып</p>	<p>Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.  Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.  Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту.  Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.  Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » .  Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.  Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » .  Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшандыққа , ептілікке тәрбиелеу.  Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »</p>	<p>Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.  Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру.  Еңбек : Біздің ойын алаңы  Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.  Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып.  Мақсаты: Такпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..  Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » .  Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшандыққа, ептілікке баулу.  Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »  Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші</p>	<p>Бақылау: Ауа-райын бақылау.  Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.  Еңбек : Гүл тұқымдарын жинау.  Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру.  Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала.  Дидактикалық ойын: « Жемістер мен көкөністер » .  Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру.  Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық »  Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.  Қимылдық ойын: . « Доппен ұрып алу » .  Ойын барысы: Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап</p>	<p>Бақылау: Көгершінді бақылау.  Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.  Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру.  Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.  Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа!  Мақсаты: Балаларға такпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.  Ойын: « Шымшық доп » .  Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.  Қимылдық ойын: « Ұстаушы, лентаны ал » .  Мақсаты: Балаларды шапшандыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету.  Ойын барысы: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады. Ұстаушыдан басқасы түсті матаның</p>
----------------------	---	--	---	---	---

	<p>шығады. Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га, га, га Бақташы: тамақ жейсіндер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшындар. Қаздар: жоқ, аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшындар қалайда! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет ояғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » .</p>	<p>Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Тренинг: « Қолшатыр » .</p>	<p>аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады. Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып, ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да, ойын қайталанады. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: Қуаласпақ. Тығылыспақ. Тренинг: « Киіз үй » .</p>	<p>алады да, допты береді. « Бір, екі, үш » дегенде балалар жан- жаққа қашады. Жүргізуші доппен ұрады. Кімге тисе сол ойыннан шығады: Ойын осылай жалғасады. Еркін ойын: « Қуыршақты киіндіреміз » . « Отбасы » Тренинг: « Біз көңілді балалар » .</p>	<p>немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойнынан айқара айналдыра байлайды. Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады. Тәрбиешінің « Жүгір » деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді. Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады. Лентасынан айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады. Тәрбиешінің: « Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір! » деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған ленталардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді. Ойын жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып, қайталанады. Тренинг: « Құс болып ұшайық »</p>
<p><b>Балаларды үйге қайту</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.</p>

	күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	---	--	--	---

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицей

**Сынып:** Мектепалды даярлық сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 14 - 18 қараша 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау Тазалық шараларын жүргізу. Еңбек тапсырмасы: Гүлдердің шаңын сүрту «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу. Д/о: Бұл құрал қай мамандық иесінікі?	Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Д/о: «Заттарды ажырат». Еңбек тапсырмасы: Кітап сөрелерін сүрту, жинастыру	Д/о «Суреттерді орналастыр» «Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру, балықтарға жем беру	Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру, қарындаштарды ұштау	Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну. Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау, сүрту, сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.</b> «Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау	<b>Құрылыс ойындары:</b> «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	<b>Фотосуреттер қарастыру:</b> « <b>Бидай мен қанбақ</b> » Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойынша сурет арқылы орналастыру. « <b>Бидай мен қанбақ</b> » суреті	« <b>Біз дәнбіз</b> » диқан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді) Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын	<b>Үстел үсті ойыны – пазл:</b> « <b>Бидай</b> » Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан



	қабілетін дамыту.		бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	жоғары көтереді)Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды)	торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 6				
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару  <b>Мақсаты</b> Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру;  Қ.Мырза Әлидің «<b>Ең тәтті дүние</b>» әңгімесін мәнерлеп оқу  «<b>Таңдап ал да, атын айт</b>».  <b>Ойын шарты:</b> Аңдар мен жануарлардың</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:-</b> гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу  <b>Мақсаты:</b>Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету  Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті: -</b> бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру  <b>Мақсаты</b> Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту  «Ең тәтті дүние» әңгімесін Рөлге ойнау.  <b>Жаңылтпаш жаттау</b>  Педагог жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:-</b> Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру  <b>Мақсаты -</b> Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру  Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік,</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:-</b> Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру  <b>Мақсаты -</b> Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін</p>

	<p>қиынды суреттері ішінен біреуін тандап алып, атын айтады жәнеоның жүрісін салып береді <b>2.Сауат ашу негіздері Міндеті:-</b> Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту <b>Мақсаты:</b>дыбыстық талдаужасайды <b>Дыбыстармен жұмыс.</b> «Дұрыс көрсет» <b>дидактикалық жаттығуы</b> Балалар мен сендерге сөздерайтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лак, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, ки, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай т.б <b>3.Математика негіздері Міндеті:-</b> апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді</p>	<p>үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектердендұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назараудару қажет. (4 рет) <b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонацияменайту <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттатуарқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» <b>Әдептілік әлемі</b> Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегіңді жина өзін. Асықпай іш тамақты, Жина аяқ-табақты. Пышақты ұста оң қолмен, Шанышқыны сол қолмен, Нанды үгітпе, қадірле, Қабығымен бәрін же. <b>3.Математика негіздері Міндеті:</b> апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту <b>Мақсаты</b> : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру Педагог аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі. Ағайынды апта күндері бейнеленген</p>	<p>жаттықтырады. Қай тай лақтай? Қай лак бармақтай? <b>2.Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру <b>Мақсаты</b> сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын «<b>Кім алғыр</b>» <b>дидактикалық ойыны</b> – Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер. Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, һ, ф, х, ц, ч, ш, у <b>3.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну <b>Мақсаты</b> көлік түрлерімен</p>	<p>адымдарды алмастырыпсекіру) үйлесімділігін жетілдіру. <b>Ойын жаттығуы:</b> «Допты қағып ал!» Допты жоғары лақтырып, қолды артқажіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады <b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> -Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонацияменайту <b>Мақсаты</b> Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін екінші қайтара оқып, мнемокестебойынша жаттатады <b>Дидактикалық ойын:</b> «<b>Не істеу керек?</b>» <b>Ойын шарты:</b> Сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу. – Үлкен кісіні ... керек. – Үлкендердің ... алу керек. – Кішілерге ... керек. – Ойыншықтарды ... керек <b>3.Қазақ тілі Міндеті:</b> Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту</p>	<p>жетілдіру. <b>Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»</b> Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады <b>2.Қазақ тілі Міндеті:</b> Ауызекі сөйлеудіқарым-қатынас құралы ретінде дамыту <b>Мақсаты</b> жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту <b>Сөйлемдерді тыңда.</b> Балалар әр апта күнінде неістеді? Суреттен көрсет. Балалар дүйсенбіде допойнады. Сейсенбі күні серуенге шықты. Сәрсенбіде сурет салды. Бейсенбіде би билеп, ән салды. Жұмада жидек терді. Сенбіде кино көрді. Жексенбіде үйлерінде демалды. Балалар осылай бір аптаны өткізді. Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі <b>3.Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін</p>
--	--	--	--	--	--

	<p>бекіту <b>Мақсаты:</b>  Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру  Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол»  Педагог ойын шартын түсіндіреді: мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасыңдар. Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсыңдар  <b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b>-Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру  <b>Мақсаты:</b>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату  <b>Музыка тыңдау:</b>  «Асқақта, Астана» (А.Әлиев)  Ән айту: «Астана» (А.Досмағанбет)  «Елтаңбасы елімнің» (Д.Омаров)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)  «Құстар» (Т. Ломова)Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар)(«Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар:</p>	<p>суреттерді қарайды. Оларды санайды (7). Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн.  Педагог ағайынды апта күндері әрқашанрет-ретімен келетінін аятады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды. Олардың атауларын қайталайды.  Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»  Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды  <b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>--Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту  <b>Мақсаты</b> мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру – Қандай мамандық иелері бейнеленген? Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген.</p>	<p>таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру  <b>Демонстрациялық материалмен жұмыс.</b>  – Мынау қандай машина?  Өртсөндіргіш машинесі.  – Ол не істейді?  – Өрт сөндіреді.  – Мынау қандай машина?  – Жедел жәрдем машинесі.  – Ол қандай қызмет көрсетеді?  – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді.  Мына машиналар қалай аталады?  Қандай қызмет көрсетуге арналған?  – Апаттық машина, полиция машинесі.  – Бұл көліктер арнайы көліктер деп аталады. Олар адамдарға шұғыл көмек көрсетеді. Бұл машиналар арнайы жабдықталған . Жедел жәрдем машинесінде қандай</p>	<p><b>Мақсаты</b> жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту  <b>Сөйлемдерді тыңда.</b>  Балалар әр апта күнінде не істеді?  Суреттен көрсет.  Балалар дүйсенбіде доп ойнады.  Сейсенбі күні серуенге шықты.  Сәрсенбіде сурет салды.  Бейсенбіде би билеп, ән салды.  Жұмада жидек терді.  Сенбіде кино көрді.  Жексенбіде үйлерінде демалды.  Балалар осылай бір аптаны өткізді.  Педагог сөйлемдерді оқиды, мазмұнын түсіндіреді.  Апта күндерін бірнеше рет қайталатып айтқызады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі  <b>4.Математика негіздері Міндеті:</b>- апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту  <b>Мақсаты</b> сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>пысықтау  <b>Мақсаты</b> . дыбыстарды ажыратады «<b>Тиістісін көтер</b>» <b>дидактикалық ойыны</b> Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенінажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелектікөтереді.  Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, у; жіңішке дауысты дыбыстар –ә, ө, е, э, і, и, ү, у.  <b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру  <b>Мақсаты</b>  Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату  Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев)  Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет)  «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)  «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі»</p>
--	--	--	---	---	--

	<p>«Мен күйшімін»</p>	<p>Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек.</p> <p>Қалай ойлайсыңдар,кім қайда жұмыс істейді?</p> <p>– Суретші шеберханада сурет салады.</p> <p>Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді.</p> <p>Мұғалім мектепте, балаларға білім береді.</p> <p>Ал сендердің ата- аналарың қайда жұмыс істейді?</p> <p>Балалар ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады.</p> <p>– Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме?</p> <p>– Ол – актер.</p> <p>– Енді барлықтарың актер боласыңдар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді.</p> <p>Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың мамандық таңдайсыңдар. Сендер</p>	<p>құрал-жабдық болады?</p> <p>– Дәрі- дәрмек, оттегі (ауа) толтырылған баллоны т.б.</p> <p>– Суреттен тағы қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар?</p> <p>– Жүк көлігі т.б.</p> <p>– Олардың ең басты қызметі қандай? Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады.</p> <p>– Мына көліктерді атаңдар.</p> <p>– Автобус, пойыз, ұшақ, кеме.</p> <p>Бұлардың ортақ атауынтабыңдар. Жолаушыларкөлігі. Жолаушылар көлігі не үшін қажет? Жолаушыларкөлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді.</p> <p>– Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз?</p> <p>– Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз.</p> <p>– Ал қоғамдық көлікке не жатады?</p> <p>– Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады.</p> <p>– Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері</p>	<p>Жұмбақ</p> <p>Жаңбыр жауып басылды, Аспан шәйдай ашылды.</p> <p>Қызыл, сары, жасылды, Көк те бір зат асылды.</p> <p>(Кемпірқосақ)</p> <p>Кемпірқосақтың неше түсі бар? Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар</p> <p>Апта күндерін кемпірқосақтың түсімен бояу</p> <p><b>«Келесі апта күнін ата»</b></p> <p><b>(доппен)</b></p> <p><b>дидактикалы қойыны</b></p> <p>Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек</p>	<p>(қыздар)</p> <p>(«Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Мен күйшімін»</p>
--	-----------------------	--	---	--	---

		<p>өздерінің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек?</p> <p>– Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялыңдағы әлемде олтаңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады.</p>	<p>болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер?</p> <p><b>4. Сурет салу. Мүсіндеу. Жапсыру. Құрастыру</b></p> <p>Міндеті: - балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;</p> <p>– Сазбалшық, ермексаз және пластикалық</p>		
--	--	---	--	--	--

<p>шығару білігін қалыптастыру</p> <p>Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады.</p> <p>Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгінтүсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр?</p> <p>- Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды.</p> <p>-Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме?</p> <p>-Үшінші аквариумда неше балық бар? Балаларсұрақтарға жауап береді.</p> <p>Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару</p> <p><b>Мақсаты</b></p> <p>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату</p>	<p>бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстінесаламын.</p> <p>Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын.</p> <p>Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады.</p> <p>Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады.</p> <p>Санайды.</p> <p>Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады.</p> <p>Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең?</p> <p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:</b> Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну</p> <p><b>Мақсаты</b> Ауа,су,күн және олардың маңызы туралы балалардың білімдерін тереңдету.Ауа туралы ұғымды түсіндіру, су-тіршілік көзі екендігін, оның пайдасы туралы білімдерін кеңейту.Күннің жылуы мен жарық беретіндігін түсіндіру.</p> <p><b>Ойын: «Сықырлы көпіршіктер»</b></p> <p>-Балалар Ертегі көрініс көрсету</p> <p>«Күн, жер, су, от және ауа» (ертегі) Бір күні Күн, жер,</p>	<p>дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өлесің, ал көзің тамаша көреді</p> <p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату</p> <p><b>Мақсаты</b></p> <p>Тірі, өлі табиғат туралы, денелер туралы ұғым беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Табиғатты суреттеу.</b></p> <p>Бұлардың бәрі бізді қоршаған табиғатқа жатады. Осы ағаштар табиғаттың қай түріне жатады? Тірі табиғат. Оны неліктен тірі табиғат деп атаймыз? Одан әрі саяхатымызды жалғастырамыз. Не естідіңдер? Тағы не көрдіңдер? Орман жануарлары. Олар да</p>	<p>асхана аспаптарын, тұрмыстық заттар, жиһаздар дайындауда қандай материалдарды қолданған баллаарға көрсету,</p> <p>Осы заттарды бояту.</p> <p>4 . <b>Математика негіздері Міндеті:</b> - Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p><b>Мақсаты</b> : шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Практикалық жұмыс</b></p> <p>Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа – шартты өлшем. Педагог балаларға: алдарындағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.</p> <p>–Таспалардың қайсысы ұзынырақ?</p> <p>–Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?</p> <p>–Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?</p>	<p>анықталады</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Мәтінге сәйкес әнді сахналау</p> <p><b>Мақсаты</b></p> <p>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Қыс» (Б. Ерзакович)</p> <p>Ән айту: «Зырлайды шаңамамыз» (М. Маңғытаев)</p> <p>«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)</p> <p>Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстыңх.ә. (өңдеген М. Раухвергер)</p> <p>Музыкалық аспаптаойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>
--	--	---	--	---

<p><b>Музыка тындау:</b> <b>«Қыс»</b></p>	<p>су, ауа қайсысы ең маңызды деп таласыпты. Күн: «Ең бірінші оянып мен өз шуақтарыммен жер планетадағы адамдарды, құс, аңдарды оятамын!» дейді. Жер: «Ия, ия, күн, сен жаңа өзің айттың жер планетасында тұратындар деп. Мен болмасам аңдар, жәндіктер, адамдар қайда өмір сүруші еді? Ағаштар, гүлдер қайда өсуші еді? Өзен, теңіз, мұхиттар қайда тасушы еді? Ең маңызды мені!» Ал мен болмасам, - таласқа су кірісті – балықтар, пингвиндер, су құстары болмаушы еді? Менсіз адамдар өмір сүре алмаушы — Жер – ана, ел – бала Дәйексөз: Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, Мұны айтуға адамзаттың тілі жоқ. Балалар табиғатқа өз ризашылығын білдіреді. — Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет! — Ағаш, көлеңкең үшін рахмет! — Жер, саған жомарттығың үшін рахмет! — Бұлт жаңбыр сепкенің үшін рахмет! — Таза ауа, саған рахмет! — Табиғат, сұлулығың үшін рахмет! Құстар, тамылжыта салған әндерің үшін рахмет!</p>	<p>тірі табиғатқа жатады. Тірі табиғатқа жатады-адам. Осы тірі табиғаттың қажеттіліктерін атайық: ауа, тамақ, су, жарық, жылу. Одан әрі саяхатымызды жалғастырайық. Таудан сарқырап аққан өзенді көрдік. Енді табиғатта өлі денелер бар. Оларды тамашалайық. Күн, су, тау, тас, ауа, Бұлардың бәрі табиғи денелер. Бұдан басқа жасанды денелер болады, олар адам қолымен жасалады. Жасанды денелерге не жатады? Машина, үй, парта, кітап, т. б. Кез - келген денелер заттан тұрады. Мысалы: доп - дене, резеңке - зат, парта - дене, ағаш - зат, т. б. Қане, мына суреттен жасанды денелерді табайық. Ал осы табиғатта болып жатқанның барлығы табиғат құбылыстары. Табиғат құбылыстары: жаңбырдың жаууы, қардың жаууы, найзағай, кемпірқосақтың шығуы, жапырақтың түсуі, т. б. <b>4. Сурет салу.</b> <b>Мүсіндеу. Жапсыру.</b> <b>Құрастыру</b></p>	<p>–Көк таспа неше шартты өлшемгетен? Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе? Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді. Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең. Тапсырмаларды орындап, өздерінің қимылдарын түсіндіреді</p>	
---	---	--	--	--

		<p><b>Міндеті:-</b> Балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру -- Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің беру -- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p><b>Мақсаты:-</b> қысқы ағашты бейнелей білуге үйрету</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>		
--	--	---	--	--



<p><b>Балалардың дербес қызметі</b></p>	<p><b>"Құстар қалай үн қатады?"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту.  Педагог балаларға құстардың суреттерін</p>	<p><b>"Құстар" (андар, балықтар)</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді</p>	<p><b>"Ұшты-ұшты"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту.  Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.</p>	<p><b>"Зообаққа орналастыр"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.  Ойынға керекті құралдар: зообақ</p>	<p><b>"Бұл қандай құс?"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету.  Міндеттері: балаларды ақылды</p>
---	---	--	--	---	--

	<p>қолға алып, қандай дыбыс шығаратынын айтуға шақырады. Акку сұңқылдайды, қиқулайды. Әуілдек әуілдейді. Әтеш шақырады. Байғыз шұрылдайды. Безгелдек безектейді. Бозторғай шырылдайды. Бөдене бытпылдықтайды. Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін уілдейді. Көкек көкектеді. Күркетауық күркілдейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Қарлығаш шықылықтайды. Құр құрылдайды. Қырғауыл құрқылдайды. Сауысқан шықылықтайды. Сұңқар саңқылдайды. Тауық қыт-қыттайды. Тауыс шақырады. Тоқылдақ тоқылдайды. Торғай шикылдайды, шырылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Үкі уілдейді. Шағала шаңқылдайды. Шымшық шикылдайды. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p>және логикалық ойлауды дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады. <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p> <p><b>"Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың қасына келеді. Мысық ұйқысынан оянады, құстарды қуады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді) Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді) <b>Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық"</b> Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м. диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады.</p>	<p>торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол туралы білетін жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтарын айтады. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p><b>"Құстардың ұшып келуі" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның барысы. Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. "Боран" деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші "Боран тынышталды" деген кезде ағаштардан жерге түседі, ұша бастайды. <b>(танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p><b>"Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Ойынның барысы. Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>
--	--	---	--	--	---

**Сюжетті-рөлдік ойын.**

**"Театр".**

Мақсат-міндеттері.  
Балалармен бірге театр қандай орын екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында біліктерін тиянақтау; жағымды қатынастарын қалыптастыру; мәдени орындағы тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; достыққа тәрбиелеу.  
Құралдар.  
Сахна орны.  
"Театр" жазуы; сахналық қойылымдарға қажет сахна макеттері (үйшік, ағаш, қаша және тағы басқа), мүмкіндігін қарай шымылдықтар), кейіпкерлердің костюмдері, кейіпкерлердің қолдануына қажетті құрал-жабдықтар.

Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, торғайларды көріп, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен мысыққа ұсталған торғайлар, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 торғайды ұстаған соң, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. . ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс: мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды /қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді/.

<p>Шарты. Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар болатыны туралы суреттерді қарастырып, көрермендер мен артистер арасында қандай айырмашылықтардың болғанын анықтайды. Қойылымның көрермендердің алдында әдемі өтуіне режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарықты беруші, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандардың орны туралы талқылайды. Балалар әрбір маманның сахна қойылымын дайындауда қандай әрекеттерді жасайтыны туралы шағын жаттығуларды алдын ала жасауларына болады. Содан кейін қалаған балалар белгілі рөлдерді атқаруға өз қалауларын білдіреді, орындарын алып жатады. Педагог алғашында режиссер міндетін өзіне алады, танымал ертегінің сюжетін таңдайды.</p>				
--	--	--	--	--

	<p>Педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: сахна қойылымы көрермендерге қызықты болу үшін, тек артистер ғана емес, көптеген мамандар жұмыс істейді; еңбекті қадірлеу керек; театр - мәдени орындардың бірі, бұнда сыпайылық ережелерін ұстанады.</p> <p><b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Баламен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".</b></p> <p>Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз</p>	<p><b>"Артығын тап"</b></p> <p>дидактикалық ойын.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға бір-біріне ұқсас,</p>	<p><b>"Бұл қашан болады?"</b></p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл мезгілдеріндегі әртүрлі өзгерістерді табуға, суреттер</p>	<p><b>"Лабиринт"</b></p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Ойынның мақсат-міндеттері. Балаларды тез</p>

	қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылса, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. <b>(дене шынықтыру)</b>	Барысы. Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды. Карточкада не бейнеленгенін айтып, артығын қарандашпен сызады: мысалы, мұнда қар артық, өйткені, қар қыста болады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)</b>	бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз. <b>(танымдық іс-әрекет)</b>	бойынша жұмыс жасай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>	қимылдауға үйрету. Ойынның барысы. Балаларға дайын лабиринт (гүл мен шелек) беріледі, балалар тез-тез орындап шығады. <b>(дене шынықтыру)</b>
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). <b>Еңбек:</b> Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту. Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт) <b>Мақсаты:</b> Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.	<b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. <b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. <b>Мақсаты:</b> Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді	<b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар». <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.	<b>Бақылау:</b> Мұздақты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ жаттату “Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) <b>Мақсаты:</b> Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. <b>Қимылдық ойын:</b>	<b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.

	<p><b>Қим.ойын:</b> «Мені қуып жет».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шапшандыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>	<p>қатесіз дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Ойын:</b> «Тышқан мен мысық».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».</p>	<p>«Қазан».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы **5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: 23–27 қаңтар 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата –аналарға керекті құрал –жабдықтарды әкелуін өтіну.
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>Қимылды ойын</b> «Ұшты-ұшты» <b>Мақсаты:</b> Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Сюжеттік ойын</b> «Мен дәрігер боламын» <b>Мақсаты:</b> Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. <b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Үстел-үсті ойын</b> «Әдемі үйшік» <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады <b>Құрастыру</b>	<b>Сюжеттік ойын</b> «Шаштараз» <b>Мақсаты:</b> Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. <b>Көркем әдебиет</b>	<b>Дидактикалық ойын</b> «Сандар тізбегі» <b>Мақсаты:</b> Сандарды тура және кері санай білуге үйрету <b>Математика негіздері</b>
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 10				



<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> --Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді қолдану  <b>Мақсаты:</b> -. Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету.  <b>«Торғайлар мен мысық» ойыны.</b>          Педагог – «мысық», ал қалғандары «торғайлар» болады. Белмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді          Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. Әңгімені мәнерлеп оқиды.          «Су торғайы»          Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағаға көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру, қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу  <b>Мақсаты:</b> - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді жетілдіру          Шөл әлемі          «Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.          Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейд          Батпақ әлемі          Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».          Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып,</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b>          - Өпитеттерді, салыстыруларды қолдану  <b>Мақсаты</b> -«Ж» – «Ш» дыбыстарын таныстыру.          Педагог балаларға әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды.          1. Әңгімеде жылдың қай мезгілі?          2. Әңгімеде не туралы?          3. Су торғайын кім сипаттап береді?          4. Су торғайы жемін қайдан табады?          5. Су торғайын не үшін ғажап құсқа теңей          Педагог әңгіме мазмұнын 5– 6 балаға қайталап айтқызады.          –Балалалар, құстар үй құстары және жабайы құстар болып екіге бөлінеді.          –Әңгімедегі су торғай қандай құсқа жатады деп ойлайсындар?          Қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді.          –Жыртқыш құстарға</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею  <b>Мақсаты</b> -Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру          Шөл әлемі          «Қи қоңыз» ойын-жаттығуы. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.          Фитболдарды зал бойымен домалатып жүреді. Доптарды қатты итермейді.          Батпақ әлемі          Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».          Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды.          Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.          «Теңіз шуы» ұнтаспасын тыңдайды.  <b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> - Әдеби</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).  <b>Мақсаты</b> Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету          .          «Кокостармен ойнаймыз»          Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.          Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады.          Допты сол қолмен лақтырады.  <b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> - Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы айту  <b>Мақсаты</b> Отан туралы түсініктерін кеңейту  <b>Сөздік ойын:</b> «Сұрақ-жауап»          – Сенің Отаның қалай аталады?</p>
---	---	---	---	--	--

<p>мұзсыз. Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс! –Бұл құсты су торғайы дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін су түбінен табады <b>2.Сауат ашу негіздері Міндеті</b> - Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру <b>Мақсаты</b> Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. <b>Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»</b> Педагог балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д,</p>	<p>оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады. «Теңіз шуы» ұнтаспасын тыңдайды. <b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> - Себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату <b>Мақсаты:</b> әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. 1.Оқиғаның жүйесін сурет бойынша баянда. Анасы мен қызы нені істеп отыр? Анасы мен қызы терезеден нені көрді? Торғайдың аузындағы не нәрсе? Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің? 2.Мақтадан не жасалады? Сызып қос. 3.Жұмбақты шеш. Тау-тау ақ қар, Ерімейді ыстықта. (Мақта) <b>3.Математика негіздері Міндеті:</b> - Биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру <b>Мақсаты</b> шартты өлшемнің</p>	<p>қандай құстар жатады? Педагог балаларға суретін көрсетеді «Ш» дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар: 1)Ша-ша-ша – шана. Шу-шу-шу – шуда. Шы-шы-шы – шыны. Ше-ше-ше – шелек. Ши-ши-ши – шие. Шө-шө-шө – шөп <b>2.Сауат ашу негіздеріМіндеті</b> - Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды пысықтау Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен). Педагог бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: рррадио(р), уууылдырық(у), ааалма(а), ккққасқыр(қ),</p>	<p>шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну <b>Мақсаты</b> әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. <b>Педагог жұмбақ жасырады.</b> Қардай аппақ, мамықтай жұмсақ. Ол не? (Мақта) –Мақта жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды. Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді –Әңгіме қалай аталады? –Авторы кім? –Кішкентай қыз не істеп отырды? –Анасы қызына қандай ақыл айтты? –Қыз мақтаның қиқымын қайда лақтырды? –Оны не алып кетті? –Анасы оған не деді? –Әңгімені қалай аяқтауғаболады? <b>3.Қазақ тілі Міндеті:</b> - Туған өлкеніңкөрнекі жерлері, әсем табиғаты,</p>	<p>– Менің Отаным – Қазақстан. – Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады). – Отанымыздың бас қаласын ата? – Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан. Қазақстан қандай мемлекет? <b>3.Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> - - Сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстардыанықтау <b>Мақсаты</b> . сөздің дыбыстық сызбасы туралы алған білімдерін бекіту –Бүгін біз дыбыстық сызбасы салынған карточкаға сәйкес келетін сөздерді табамыз. Біз сөзге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың түрін анықтауды үйрендік. Дыбыстық талдау жасау үшін, сөздегі дыбыстарды оқып, олардың дауысты, дауыссыз екенін анықтап аламыз, буынға бөлеміз, неше дыбыс, неше әріптен тұратын анықтаймыз. Содан кейін әр дыбысты тиісті дөңгелектермен белгілейміз. Алдарындағы</p>
---	---	---	--	---



<p>бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру <b>Ойын жаттығуы:</b>  <b>«Кім биік, аласа немесе тең»</b>  – Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер? Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады. Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.</p> <p>– Қазақстан – тәуелсіз мемлекет</p> <p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Мақсаты</b> Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай) <b>Ән айту</b> «Қыс</p>	<p>салыстырудың басқа тәсілдері бар ма? Бір-бірінің үстіне салу техникасын қолданамыз. Педагог өлшеу кезінде мойынорағыштың бір ұшы сәйкес келетініне көз жеткізеді. Педагог балалардың өткен ұйымдастырылған оқу қызметінде заттың ұзындығын шартты өлшеуіш арқылы өлшеп үйренгенін еске түсіреді. Шартты өлшеуіш ретінде қағаз жолағын ұсынады. Балалар шартты өлшеуішті пайдаланып нәтижелерін айтады, қызыл мойынорағыш ақтан ұзынырақ, жасыл мойынорағыштан қысқарырақ.</p> <p>«Тең заттар» ұғымымен таныстыру. Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.</p> <p>-Қай жолақ ұзынырақ? Қалай тексеруге болады? Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады. Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып,</p>	<p>көпшілігі адамның көмегін сіз өздері пайда болған.</p> <p>-Оларға жер мен су, ағаштар мен жануарлар, күн мен аспан жатады, оларды бір сөзбен табиғат деп атаймыз. Табиғаттың бір бөлігіне азықта, су да, киім де қажет емес, олар тау-тас, ауа, ғаламшар, яғни жансыз табиғат.</p> <p>-Ал енді бір бөлігі -Балаларға әр жыл мезгіліне байланысты суреттер көрсетіледі. Жанды және жансыз табиғат арасында қандай байланыс бар? 1. Өсімдіктер немен тыныс алады. (ауа) 2. Өсімдіктің тыныс алатын және суды буландыратын мүшесін ата. (жапырақ) 3. Күн бізге не береді. (жарық) Олай болса, Ағаштар, Бұталар, Шөптесіндерді бір сөзбен не деп айтуға болады.</p> <p>– Өсімдіктер</p> <p><b>4.Сурет салу.</b></p>	<p>атаңдар.</p> <p>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды</p> <p><b>Практикалық жұмыс.</b></p> <p>Балалар үлестірме материалмен жұмыс істейді, сопақша мен шеңбердің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, бұрыштары мен қабырғасы жоқ, сопақша ұзартылған, бірақ шеңбер жоқ.</p> <p>–Балалар, қызыл сопақшаны аламыз, жиектеріне саусағымызбен жүргіземіз. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? Қызыл сопақшаға жасыл шеңбер салыңыз. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.)</p> <p>–Сіз не байқадыңыз? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Сопақшаға ұқсас заттарды тауып, оларды атайды.</p> <p>–Сопақшаға қандай заттар ұқсас? (Сопақшаға ұқсас заттарды бейнелейтін суреттерді <b>көрсетеді.</b>) Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды</p>	<p>аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету .</p> <p>-</p> <p><b>Мақсаты</b> Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу. <b>Музыка тыңдау:</b>  «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай) <b>Ән айту:</b>  «Қыс келді» (Б. Жұмабекова)  «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев)  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>  «Марш» (Е. Андосов) <b>Билер:</b>  «Қоян биі» (В. Питерцев)  <b>Ойындар, хороводтар:</b>  «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)</p>
---	---	--	--	---

	<p>келді» (Б. Жұмабекова) «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев) <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Марш» (Е. Андосов) <b>Билер:</b> «Қоян биі» (В. Питерцев) <b>Ойындар, хороводтар:</b> «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер)</p>	<p>сәйкес екенін көрсетеді <b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп- салдарлық байланыстарды ажырату <b>Мақсаты</b> Қысқы ағаштарды бұтағына ,діңіне қарап ажырата білуге үйрету. <b>Қыста ағаштар қандай күйде болады?</b> -Жапырағы бар ма? Қыста ағаштың күйі жапырағы жоқ,бұтақтарын қырау басып тұрады.Қар қалың жауса ағаш бұтақтары иіліп сәлем беріп тұрған тәрізді болады.Ағаш басына кейбір құстар ұя салады.Жазда тоқылдақ ағаштың діңіндегі зиян келтіретін құрт-құмырсқаны тазартады.Адамдар ақтап қояды. <b>Өлең: Ертенгісін байқадым</b> <b>М.Әлімбаев «Қыс келбеті»</b> Жердің беті ақ қырау Аққу мамық ұлпа қар, Дәл маржан деп айтамын, Жамылады қырқалар. Төгілуге шақ тұр-ау, Шымшып аяз бетінді, Өзеніне,көліне Ширатады етінді Әдемі ою ойыпты,</p>	<p><b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b> Міндеті: - - Жыл мезгілінесалуда бере білу білігін бекіту - - Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. -- Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерінсақтау. - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, мүмкіндік беру байланысты өзгерісті сурет Мақсаты:- қар кесегісуретін салумүсіндеу,жапсыру,құрастырту Топтық жұмыс</p>	<p>табады, оларды атайды. –Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты аламыз. Жиектерін саусағымызбен жүргіземіз. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрышы бар? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырғасы бар? Тіктөртбұрышпен шаршыны салыстырады, сұрақтарға жауап береді. –Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршыға.) – Сарытіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны саламыз. –Бұл фигуралар несімен ерекшеленеді? –Бұл фигуралар несіменұқсас? Балалар ұқсастықтармен айырмашылықтарды табады,шаршыда барлық қабырғалары тең, тіктөртбұрышта қарама-қарсықабырғалары тең. Тіктөртбұрыш пен шаршының4 бұрышы, 4 қабырғасы бар</p>	
--	---	---	--	---	--

		<p>Ағаштардың бәріне Алқа тағып қойыпты. Сергіту сәті: Табиғатты сүйеміз Қанат жаям жалма –жан Иіліп келіп қол созам Аяғымның ұшын</p>			
--	--	--	--	--	--



<p><b>Балалардың дербес қызметі</b></p>	<p><b>«Сол жақта – оң жақта»</b>          Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру.</p>	<p><b>Танымдық-қимылды ойын:</b>          «Аңдар жүрісі»  <b>Мақсаты:</b> Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.</p>	<p>Суреттік боямалар          «Кім, қайда өмір сүреді»          Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.</p>	<p><b>«Қолғап»</b>          Мақсаты:Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>«Аққала соққан бала»</b>          Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінде аққала соғып ойнайтындығын түсіндіру. Аққаланы мүсіндеуге үйрету. Ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалптастыру. Саусақ моторикасын дамыту.</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Мақал-мәтел.</b>          Отан елдің анасы,          Ел ердің анасы.  <b>«Қуыршақпен танысайық»</b> Дидактикалық ойын  <b>Мақсаты:</b>          балаларды дене бөліктерін</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Мұзға бақылау»  <b>Мақсаты:</b>Қысқы табиғат құбылысы ерекшеліктеріне бақылау жасау, жылы жерге әкеліп еріту, ойын арқылы бақылау жасау. <b>«Түстес</b></p>	<p><b>Жаңылтпаш жаттау.</b>          Доп теп, дөптеп.  <b>«Түстес ыдысқа сал»</b>  <b>дидактикалық ойын:</b>  <b>Мақсаты:</b> түрлі-түсті тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ</p>	<p><b>Мақал- мәтел.</b>          Отан отбасынан басталады.  <b>«Мені қайтала»</b> дидактикалық ойын  <b>Мақсаты:</b>          ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру.</p>	<p><b>Мақал- мәтел.</b>          Күш- білімде, білім- кітапта.  <b>Моншақты тіземіз»</b>  <b>дидактикалық ойын.</b>  <b>Мақсаты:</b>          Алақанына сиятын</p>



	көрсетіп атай білуге үйрету <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Ертегі оқу. Суретпен жұмыс	<b>сақинаны тап»</b> <b>дидактикалық ойын:</b> <b>Мақсаты:</b> қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді жалғастыру. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру.	қимылын жетілдіру, бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Сикырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау.	<b>Жеке баламен жұмыс.</b> Қылқаламмен жұмыс. Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету	көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру.
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). <b>Еңбек:</b> Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт) <b>Мақсаты:</b> Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. <b>Қим.ойын:</b> «Мені қуып жет». <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	<b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. <b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. <b>Мақсаты:</b> Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. <b>Ойын:</b> «Тышқан мен мысық». <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	<b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар». <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. <b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».	<b>Бақылау:</b> Мұздақты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) <b>Мақсаты:</b> Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. <b>Қимылдық ойын:</b> «Қазан». <b>Мақсаты:</b> Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	<b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықта-рын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. <b>Қимылдық ойын:</b> «Айгөлек». <b>Мақсаты:</b> Денені

					шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы **5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **30–31 қаңтар 1-3 ақпан 2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата – аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата – аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>«Менің балабақшам»</b> Суреттер әлеміне саяхат	<b>«Пішіндерді орналастыр және суретін сал» ойыны</b> Мақсаты: Пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. Дөңгелек пішінді мүсіндеу.	<b>«Өз үйін тап» ойыны</b> Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру.	<b>«Өз орнын тап» ойыны</b> Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: <b>«Үйшік құрастыр»</b> Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.
<b>Таңғы жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 11				
<b>Мектепке дейінгі</b>					

<p><b>ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу  <b>Мақсаты :</b> – Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.  Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық.  Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештең тастағың келмейді. Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құрандар.  Балалардың әңгімелерін тыңдайды.  Өте жақсы тағы да кім құрап береді.  Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым.  Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін.  <b>«Қар қандай?»</b>  Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды.  Ұшып жүріп сұрақ қояды:  Қар қандай болушы еді?  Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң.  Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан.  Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. Жып-жылы шығар, – деп жауапкатады Тауық.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді  <b>Мақсаты:</b> - Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету.  <b>«Кокостармен ойнаймыз»</b>  Отырған күйде допты екі қолмен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.  Доптың артынан залдың сол немесе оң жағынан жүгіріп барып алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады.  <b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b>  Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербесорындау.  <b>Мақсаты:</b> ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндауарқылы сахналауға баулу.</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру  <b>Мақсаты</b> -Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.  Балалар енді «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату әріп қималарымен.  Қ– дауыссыз дыбыс.  Ы – дауысты дыбыс.  С– дауыссыз дыбыс.  Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз?  Ал дауыссыз дыбысты ше?  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Қай мезгілде ойнаймыз?»</b>  <b>Ойын шарты:</b>  Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.  <b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> -  Дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау.  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдау жасау дағдыларын пысықтау.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Гимнастикалық кабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).  <b>Мақсаты</b> -Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.   Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. ( 2 рет)  Доптың артынан залдың сол немесе</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - - Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).  <b>Мақсаты</b> Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.  <b>Антарктида</b>  Антарктидада жыл бойы қыс болады. Пингвин – оның мекені.  «Пингвиндер» ойын-жаттығуы  Екі тіземен допты қысып алып жүру. Екі топқа бөлінеді. Екі топ екі тізбек болып тұрады. Бастаушы балалар екі тізе ортасына допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келіп, тізбектің соңына тұрады. Ойын осылай жалғаса береді.  <b>2.Қазақ тілі</b></p>
--	---	--	--	---	---

<p>Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары. Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай.</p> <p>Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады. Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге?</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу <b>Мақсаты</b> сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау. <b>Дидактикалық ойын: «Көпше түрін айт»</b> – Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрінайтып допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: қыз-қыздар, ұл- ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер ,қозы-қозылар,жүзімжүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер, жіпжіптер, ине-инелер, көбелек-көбелектер, етік-етіктер, сақина-сақиналар, дыбысдыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар т.б.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Соңғы дыбысты ұста!»</b> Балалар бүгін біз шеңберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен «құмыра»</p>	<p>Ертегі мазмұны бойыншасұрақтар: Ертегі қалай аталады? Ертегіұнады ма? Ертегіде не туралы айтылған? Қай кейіпкер саған ұнады? Орманда мысықпен бірге неөмір сүрді? Мысық қайда кетеді? Әтешті түлкі қалай алдады?Мысық әтешті қалай құтқарды? Түлкінің жасағаны дұрыс па?Есінде сақта! Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналаудыұсынады. Сықырлы қоржыннан алынған ертегі кейіпкерлерінің суреттері бойынша рөлдерге бөлінеді</p> <p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру <b>Мақсаты</b> : геометриялық фигуралар мен денелертуралы білімін қалыптастыру</p>	<p>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішкедауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді</p> <p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> - Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтімжасау әдістерін білу <b>Мақсаты</b> Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралытүсініктерін кеңейту</p>	<p>оң жағынан жүгіріп барып, алып келіп, сапқа тұрады. Допты сол қолмен лақтырады. <b>2.Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру <b>Мақсаты</b> ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу. Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай. (Әтеш) Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды. (Мысық) Өзі айлакер, өзібір қу, Жүрген жері айғай-шу. (Түлкі) Мысық, әтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?</p>	<p><b>Міндеті:</b> Шағын өлеңдертақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу <b>Мақсаты</b> :Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетінжетілдіру. <b>Тақпақ жатта.</b> <b>Мемлекеттік Елтаңба</b> Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдайДөп-дөңгелек, өрнекті. <b>3.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру <b>Мақсаты</b> .дыбыстық талдау жасау дағдыларынпысықтау. <b>Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»</b> Педагог бір сөз айтып допты балаларға лақтырады, допты қағып алған бала сол сөздің соңғы дыбысынан басталатын сөз айтып, допты бір балаға лақтырады. Ойын осылайжалғасын табады. Мысалы: ( ана-арба-алмұрт- тарақ- қармақ- қалта- айран-нан-нағашы-ыдыс-сағыз-зәкір- рауғаш- шана-алтын-неге-етік-көмір т.б.)</p>
---	--	--	--	---

	<p>сөзін айтып бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып айтады. Балалар созып айтқан дыбысқа сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай жалғасын табады).</p> <p>Мысалы: Құмырааа - алмааа - айраннн - наррр - раушаннн - найзағайй - инеее - ешкііі - іззз - зырылдауық - қамшыыы - ыдыссс - сағаттт - тасбақааа - алтыбақаннн - наннн - намыссс - сазаннн - нағашыыы - ысқырықққ - қанттт т.б</p> <p><b>3.Математиканегіздері Міндеті:</b> - Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру <b>Мақсаты:</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру</p> <p><b>Ойын жаттығуы.</b> «Пішінге ұқсасзат». Жұптық жұмыс. Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы тіктөртбұрыш жинақтары салынған хатқалта</p>	<p>«Сикырлы дорба» ойыны. «Сикырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбербар. Ал үстелде олардың суреттерібар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялықфигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сикыршы сикырлы таяқшаныңбір соққысымен оның барлық тұрғындарын терең зынданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы –оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстінефигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстармәтін бойынша орындалады</p> <p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:</b> - .Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын</p>	<p><b>Практикалық жұмыс.</b> – Балалар, енді Қоянға өсімдіктерді қалай күту керекендігін көрсетейік. Балалар алжапқыштарын киеді, қолдарына таяқшаларын, су сепкішті алады. – Өсімдік жақсы өсу үшінне керек? – Өсімдік жақсы өсу үшіннауа, жарық керек. Олай болса, өсімдіктерді жарық жерге қойып, өсімдіктерге күтім жасайық.Балалар екі- үштен бірігіп, топтағы өсімдіктердің топырағын қопсытып, су құяды. 1. Топырақты таяқшамен қопсытамыз. 2. Жапырақта рының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз. Су құямыз. Жапырақт арына су бүркеміз. – Өсімдіктердің жапырағы, тамырына зақым келтірмес үшін, күту жұмысынқалай орындадыңдар?</p>	<p>Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегініңөлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.</p> <p><b>3.Қазақ тілі Міндеті - Шағын өлеңдертақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу</b> <b>Мақсаты:</b> Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. <b>«Мнемо кестесі» бойынша</b> Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада а тұлпар бейнеленген. н. Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.</p>	<p><b>4.Музыка Міндеті:</b> - Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспенберу <b>Мақсаты</b> Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру</p> <p>:Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар»(И. Мамақов) «Қысқелді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хоровадтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румынх.ә. (өңдеген Т.Попатенко)</p>
--	--	--	---	---	--

<p>жатыр. Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып, оны атайды, ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.</p> <p><b>4. Музыка Міндеті:</b> Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу <b>Мақсаты</b> Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литвах.э. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Гамшылар» румын х.э. (өңдеген Т. Попатенко)</p>	<p>адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу <b>Мақсаты</b> Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету. Сурет салу икемділігін арттыру</p> <p>Нан неден жасалады екен? Ұн неден жасалады?</p> <p>Бидай қайда өседі?</p> <p>Бидайды кім өсіреді?</p> <p>Диканшы дегеніміз кім?</p> <p>Диірменші дегеніміз кім?</p> <p>Наубайшы дегеніміз кім? Сатушы дегеніміз кім?</p> <p>Балалардың жауаптарын толықтырып, суреттер арқылы көрсетеді. Дикандар көктемде жерге бидай тұқымын себеді. Оны жаз бойы суарып, күтіп баптайды. Күз болған соң жайқалып піскен бидайды комбайнмен жинайды. Одан соң диірменші ұн етіп тартып, қапқа қаптайды. Қапталған ұнды</p>	<p>– Мұқият, ұқыпты, баппен, мейіріммен.</p> <p>– Жарайсындар, балалар! Сендер Қоянға өсімдіктерді күтуді үйреттіңдер. Енді ол да өсімдіктер өсіретін болады.</p> <p>– Ал енді олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады? Өйткені олар бөлмеде өсіріледі.</p> <p><b>4. Сурет салу. Мүсіндеу. Жапсыру. Құрастыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - - Балаларды ер адамға арналған бас киімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, бас киімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру - аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру - жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және</p>	<p><b>4. Математика негіздері Міндеті:</b> Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру</p> <p><b>«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны</b> Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды.</p>	
---	--	---	--	--

		<p>наубайханаға жібереді. Наубайшылар ұннан түрлі тағамдар нан, бауырсақ, бәліш пісіреді. Дайын болған тағамдарды дүкенге жібереді. Мұның бәрі адамдардың еңбегі. Нан-адамның тіршілік корегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді.</p> <p>Сондықтан дастарханға зор еңбекпен келген нан тағамдарын қастерлеуіміз керек.</p> <p>Енді балалар, нанның суретін салайық.</p>	<p>т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру -- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін</p> <p><b>-Мақсаты:-</b> балаларға тымақты бейнелеп салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>		
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)</b></p>	<p><b>«Сол жақта – оң жақта»</b> Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау</p>	<p><b>Танымдық-қимылды ойын:</b> «Аңдар жүрісі» <b>Мақсаты:</b> Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.</p>	<p><b>Суреттік боямалар</b> <b>«Кім, қайда өмір сүреді»</b> Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.</p>	<p><b>«Қолғап»</b> Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын</p>	<p><b>«Аққала соққан бала»</b> Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінде аққала соғып ойнайтындығын түсіндіру. Аққаланы</p>



		қабілеттерін арттыру.			дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	мүсіндеуге үйрету. Ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын қалптастыру. Саусақ моторикасын дамыту.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Мақал-мәтел.</b> Отан елдің анасы, Ел ердің анасы. <b>«Қуыршақпен танысайық»</b> Дидактикалық ойын <b>Мақсаты:</b> балаларды дене бөліктерін көрсетіп атай білуге үйрету <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Ертегі оқу. Суретпен жұмыс	<b>Тақырыбы:</b> «Мұзға бақылау» Мақсаты: Қысқы табиғат құбылысы ерекшеліктеріне бақылау жасау, жылы жерге әкеліп еріту, ойын арқылы бақылау жасау. <b>«Түстес сақинаны тап»</b> <b>дидактикалық ойын:</b> <b>Мақсаты:</b> қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді жалғастыру. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру.	<b>Жаңылтпаш жаттау.</b> Доп теп, дөптеп. <b>«Түстес ыдысқа сал»</b> <b>дидактикалық ойын:</b> <b>Мақсаты:</b> түрлі-түсті тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ қимылын жетілдіру, бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Сикырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау.	<b>Мақал- мәтел.</b> Отан отбасынан басталады. <b>«Мені қайтала»</b> дидактикалық ойын <b>Мақсаты:</b> ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Қылқаламмен жұмыс. Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету	<b>Мақал- мәтел.</b> Күш- білімде, білім- кітапта. <b>Моншақты тіземіз»</b> <b>дидактикалық ойын.</b> <b>Мақсаты:</b> Алақанына сиятын сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту. <b>Жеке баламен жұмыс.</b> Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру.	
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). <b>Еңбек:</b> Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт <b>Мақсаты:</b> Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. <b>Қим.ойын:</b> «Мені қуып жет».	<b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. <b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда- жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. <b>Мақсаты:</b> Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. <b>Ойын:</b> «Тышқан мен мысық». <b>Мақсаты:</b> Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.	<b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. <b>Еңбек:</b> «Таза алаң». <b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар». <b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. <b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».	<b>Бақылау:</b> Мұздақты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбақ жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) <b>Мақсаты:</b> Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік	<b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы». <b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) <b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.	

	<p><b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>			<p>қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту.  <b>Қимылдық ойын:</b> «Қазан».  <b>Мақсаты:</b> Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек».  <b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13 – 17 ақпан 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен)	<b>Дидактикалық ойын «Кімде не бар?»</b> Мақсаты: Заттардың (шкаф, орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.	<b>Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық"</b> Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	<b>Әңгімелесу : "Менің ойыншығым"</b> Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	<b>Дидактикалық ойын "Атын атап бер"</b> Мақсаты: түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 11				

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b>Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу  <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p>–Қыс мезгілінде неше ай бар?  –Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді.  –Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме?  –Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады.  –Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық.  –Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа  Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді.  <b>Қаңтар</b>  Лебі мұздай ызғарлы,  Алып келді қыс қарды.  Қысқы түндер ұзарды,  Ұзақ күндер қысқарды.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -- Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);  <b>Мақсаты:</b>. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.  II. «Қатып қал!» ойын жаттығуы.  Шашырап жүру, жүгіру.  «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.  Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады.  30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.  Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады.  Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> -Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу  <b>Мақсаты</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.  <b>Мақал-мәтелдер</b>  1. Қысына қарай – көктемі, Диканына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыс қамыңды жаз ойла. Дидактикалық ойын:  «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты:  «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы:  «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс.  «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс.  Тапсырма ауызша орындалады</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>.- Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту  <b>Мақсаты -</b>  . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Ержүректілікке жаттықтыру»  «Бұлтқа қол жеткізу»  Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру.  Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - - Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату  <b>Мақсаты</b> Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. Бір аяқпен мейлінше ұзақ сырғи білуді  Жалғастыру</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны:  «Алшақ бас!».  Нұсқау – алшақ адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздап бүгілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығанда ғана мүмкін болатынына басты назар аудару керек.  15 метр қашықтықты ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау. Ойыншылар шаңғы жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп қайтады.</p>
---	--	---	---	--	--


	Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы	жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.			
--	--	--	--	--	--

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері Міндеті:-</b> Түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойыншаалған білімдерін пысықтау <b>Мақсаты</b> Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту.</p> <p>«Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен. Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дэ(рия).</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> - -Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру <b>Мақсаты:</b>театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. .Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі ұнады ма? – Ертегі не туралы? – Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды? – Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін? – Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? – Қай қыздың әрекеті ұнады? Рөлге бөліп ойнау</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздеріМіндеті</b> .Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардыңретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты</b> Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p><b>«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы</b> – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасындар. Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ,</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> -Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру - <b>Мақсаты</b> .театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. – Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім? – Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді? – Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді? Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні оқып,</p>	<p><b>2.Қазақ тілі Міндеті:</b>-- Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру <b>Мақсат</b>Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.. <b>Постермен жұмыс.</b> Педагог шағын мәтінді оқиды. Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. МемлекеттікЕлтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. – Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген? – Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. – Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? – Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді, мәтінді қайталайды</p>
--	---	--	--	--	---

			қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...рі, жұл...дыз. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады	мазмұнын ашу	
--	--	--	--	--------------	--

	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.  <b>Мақсаты:</b> қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру</p> <p>– Шағын топпен жұмыс  «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табу-  <b>Мақсаты</b> : қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру</p> <p><b>Ортаны модельдеу</b>  Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.  Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.</p> 	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату  <b>Мақсаты</b>  Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау</p> <p><b>«Жануарды қоректендір» атты дидактикалық ойынды ұйымдастырады.</b>  Балалар екі командаға бөлінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - , - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау  <b>Мақсаты</b> Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.  «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра.  – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.  – Елтаңбада тұлпар бейнеленген.  – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.  2. Тақпақ жатта.  Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Дыбыстық талдау жасай алу дағдыларын бекіту  <b>Мақсаты</b> Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.</p> <p>..«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны  Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер,  қанша буын атасындар.  – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, неке, нақ, неліктен.  – Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.  – Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең.  Ойын соңында фишкаларды санап,</p>
--	---	--	--	--	---



	<p>Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады</p>	 <p>– Ағаштардың суреттеріне қарандар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсындар?</p>	<p>қоректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауы бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).</p>		<p>жеңімпазды анықтайды.</p>
	<p><b>4.Музыка Міндеті:</b> -- Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету <b>Мақсаты</b>Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:</b> - Бақылау арқылытөрт түліктің пайдасын білу <b>Мақсаты</b> Үй жануарларымен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасытуралы түсініктерін</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b> Міндеті: -- Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету</p>	<p><b>4.Математика негіздері Міндеті:</b> Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде <b>Мақсаты</b> кеңістікте</p>	<p><b>4.Музыка Міндеті:</b> - Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу <b>Мақсаты</b> Музыка тыңдай отырып сол музыканың</p>

	<p><b>Музыка тындау:</b> «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличиева) Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>	<p>жинақтау</p> <p>«Кездейсоқ бірігу» техникасының көмегімен бірнеше топқа бөлінуге шақырады. Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай. Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?</p> <p>Балалардың назарын иттердің үйде және аулада өсірілетініне аударады. Үйде ұстайтын иттің астына төсем төселеді, ал аула иттері үйшікте жатады. Үйшіктің жанында ылғи ыдыс тұрады. Ол – иттің итаяғы. Қосымша мәлімет береді: әдетте, үйшіктің қасында екі итаяқ тұрады: біріне су, екіншісіне тамақ салынады. Қожайын итке тамақты белгілі бір уақытта құйып отырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді: Иттің өзіне тән белгілері қандай? Сиырдың ше?</p>	<p>-- Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу</p> <p>-Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p>-Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p> <p><b>Мақсаты:-</b> Қаршақыздың сүйікті достарын салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>орналасуы туралы білімін қалыптасатыру.</p> <p>«Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны</p> <p>Педагог ұйымдастырады. Педагог кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б.</p> <p>Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.</p> <p>Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны</p> <p>Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң</p>	<p>мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличиева) Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>
--	--	--	--	---	--

		Олардың арасында ұқсастық бар ма? Айырмашылықтары қандай?		жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.	
<b>Балалардың дербес қызметі</b>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктірілген".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың (құбылыстардың, жан-жануарлардың, адамдардың, ұғымдардың) ортақ қасиеттерін байқап, біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар). Педагог өзінің қалауынша, көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді. Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң,</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсен, сондай санды көрсет".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың әрқалай орналасқан заттарды көзбен көріп, санап ала білу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуде ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Не жоқ?"</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Шарты. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12ге де жеткізуге болады. Балалар көзін жұмып тұрғанда, педагог ойыншықтың бірін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екендігін атайды. Ойын бірнеше рет қайталанады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Сынық телефон".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір қатарға отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзбау шарт екенін түсіндіру керек. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі сыбырлап айтады, сөйтіп ойын</p>

<p><b>әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардың балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі жұмысы туралы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту. Құралдар.  Балабақшада жұмыс істейтін мамандарға қажетті құралдар (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы). Шарты.  Алдымен балалар өз еркімен балабақша қызметкерлерін тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жұмыстарын</p>	<p>тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар (жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы) туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар.  Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты.  Педагог балалармен жолаушыларды</p>	<p>туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар.  Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар.  Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты.  Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист</p>	<p>жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзін дауысын шығарып бәріне жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден</p>
---	--	--	--	--

<p>жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі уақытта әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады.</p> <p>Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы тандайды.</p> <p>Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.</p> <p>Жүргізуші "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды).</p> <p>Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндік болса, педагог дыбыстық хабарландыруды жазып қояды.</p> <p>Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға орындарын беру туралы өнегені көрсетуге болады.</p> <p>Педагог ойын барысын өзі</p>	<p>чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін танбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды.</p> <p>Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді суретпен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді.</p> <p>Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді.</p> <p>Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің</p>	<p>(бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.</p> <p>Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатынын жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүргізуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері;</p>
---	--	--	---	---

		<p>реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды.</p> <p>Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды.</p> <p>Автобусқа отырып жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалу шарттарын қадағалау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>міндеттері үлестіріледі.</p> <p>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.</p> <p>Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс.</p> <p>Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.</p> <p>Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.</p> <p>Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек;</p> <p>тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз</p>		<p>терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды.</p> <p>Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді.</p> <p>Педагог</p>
--	--	---	--	--	---

		<p>порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті, шығармашылық іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)</b></p>		<p>стюардесса, пилот, бакылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз кұрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс. Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог</p>
--	--	--	--	---

				<p>бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады. Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген</p>
--	--	--	--	---



					ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.</b> Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді.	<b>"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.</b> Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	Жұмбақтар шешу; жаңылтпаштар айтқызу. <b>(көркем әдебиет)</b>	<b>"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".</b> Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын

		Ойын әрекеттері. Қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. (сөйлеуді дамыту)				тыпырлатады. Кім қателесе, сол жүргізуші атанады. (дене шынықтыру)
	<p>айтамын сендер сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын, мағынасы ұқсайтын сөз ойлап айтуларың керек. Мысалы: әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі), корқақ ... (қоян), терең ... (құдық), суық ... (қыс), жылы ... (көтем), дәмді ... (нан), жылы ... киім), сүтті ... (сиыр), момақан ... (қозы), пайдалы ... (тамақ), тәтті ... (балмұздақ), қалың...(кітап), жұқа...(мата), жұмсақ...(мақта), керек ... (балға), әнші ... (қыз), мықты ... (жігіт), әдемі ... (көбелек), қызыл ... (шалбар), сары ... (өрік), өткір ... (пышақ), дарынды ... (бала) т.б</p>	<p>Жұмбақты шеш. Тал басында түндіксіз отау. (Құстың ұясы) Есінде сақта! Торғай шырылдайды. Тоқылдақ тоқылдатады. Қарға қарқылдайды. Дидактикалық ойын: «Тамаша» Ойын шарты: тәрбиеші сөздер айтады. Жақсы, тамаша сөз болса, балалар жұдырығын түйіп, басбармағын көтеріп көрсетеді. Ал жаман сөз болса, басбармақты төмен қаратып жауап береді. – Гүлдің иісі қандай? – Лай суды ішуге бола ма? – Құстардың даусы қандай? – Құстарды таспен атуға бола ма? – Жайқалып өскен көк шөп қандай?</p>	<p>(Педагог суреттер көрсетеді). – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап бірінші дыбысын анықтап айтасындар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б. – Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды.</p>	<p>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіреді. Көктем Көктем қандай көңілді, Көктем жаңбыр төгілді. Мөлдір аспан ашылып, Күннің көзі көрінді</p>	<p>Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты – ... (құлпынай) Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Бөбектерім, айтындаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде).</p>
--	---	---	--	---	--

	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау  <b>Мақсаты</b>Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.</p> <p>«Жыл бойы»  (доппен)  дидактикалық ойыны  Педагог допты</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b><b>Міндеті:-</b>  Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту  <b>Мақсаты</b>Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту.  Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.  – Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)  – Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)  – Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін білу  <b>Мақсаты</b>  Табиғатпен пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту.  Тәрбиеші балаларға түсіндіріп шығады. Біз бүгін табиғаттың не екенін білдік. Оны аялаудың, қадірлеудің қамқорлыққа алудың қажеттігін түсіндік.  «Табиғат - Ана» деп бекер айтпаған. Сол себепті табиғатты қоршаған ортаны</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - -- Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру,  <b>Мақсаты</b>сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>III айналым:  Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу.  Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды.  Доп теп,  Дөп теп.  Жағажайды жағалай,  Жүгіреді Қамажай.  Пай-пай-пай,  Жайылып жүр тай.  Ай-ай-ай,</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру-  <b>Мақсаты</b> төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру  <b>Дидактикалық жаттығуы:</b> «<b>Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға</b>»Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек.  Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық ( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>лақтырып, сұрақ қояды:  Ақпан жыл ішінде нешінші ай?  Жылдың соңғы айы қандай?  Қазаннан кейінгі қандай ай?  Жаз айларын ата және т.б.  «Жыл мезгілі»</p>	<p>жағында нелер тұр?  Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.</p>	<p>қорғап, қамқорлық көрсетіп аяласақ, ол біздің Отанды, елімізді, туған жерімізді қорғағанымыз екен.</p> <p>Ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын»  Балалар шеңберге тұрып, доп арқылы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Судағы жәндіктерге қалай көмектесе аласың?  Ауа таза болу үшін не істеу керек.  Ағаштарға қалай көмектесе аласың?  Гүлдерге қалай көмектесе аласың?</p>	<p>Ұшып кетті торғай.  Үш кіші ішік піштім,  Бес кіші ішік піштім,  Неше кіші ішік піштім?</p>	<p>(жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)...</p>
--	--	---	---	--	--



	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:-</b> Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру  <b>Мақсаты</b>Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Ақ әжем» (К. Қуатбаев)  Ән айту:  «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)  «Екеуміз әйбат баламыз»  (И. Нүсіпбаев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Сағат» (Е. Андосов)  Билер:  «Полька» эстон халық биі  Ойындар, хороводтар:  «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Янка» беларусь халық биі</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:-</b>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту  <b>Мақсаты</b> Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру</p> <p>Ойынды оқу қызметінен бос уақытта да ойнатуға болады. Бір бала «қарт әженің » рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобусқа кіргенде балалардың біреуі орын береді. Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жол жүру билетін ал.</li> <li>2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер.</li> <li>3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма.</li> <li>4. Қатты дауыстап сөйлеме.</li> <li>5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар.</li> <li>6. Автобусқа алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен шық</li> </ol>	<p><b>4.Сурет салу.</b>  <b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау  -Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты-</b>қуыршақ камзолын салу,мүсіндеу,құрасты</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу  <b>Мақсаты</b> Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.  Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»  Педагог бастайды, балалар жалғастырады. Алдымен көктем, содан кейін ... жаз  Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең  Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.  Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады.  Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз</p>	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті: *</b>  Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру  <b>Мақсаты</b> Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Ақ әжем» (К. Қуатбаев)  Ән айту:  «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)  «Екеуміз әйбат баламыз»  (И. Нүсіпбаев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Сағат» (Е. Андосов)  Билер:  «Полька» эстон халық биі  Ойындар, хороводтар:  «Қоянды ұстаңдар» (К. Қуатбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Янка» беларусь</p>
--	--	---	---	--	---

			ру		халық биі
<b>Балалардың дербес қызметі</b>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуға жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу.  Шарты. Педагог жаттығуды алдымен белгілі ырғақпен санап отырады, балалар санау реті бойынша демді мұрынмен ішке тартып, ауызбен қайта шығарады. Балалардың тыныс алу реті қалыптасқаннан кейін педагог санауды жылдамдатып, балаларға жиі тыныс алудың жаңа үлгісін ұсынады. Тағы бір амал ретінде ақырын санауға болады. Бұл кезде балалардың тыныс алуының тереңдігін қадағалау керек. Жаттығуды барысында белгілі санамақты, такпақты, әнді айтқызу арқылы ұйымдастыруға болады.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?"</b> (Сын есім арқылы сипаттау)  Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануарлардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау; дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар", "қар ыстық емес, суық", "туған күнде көңіл-күй мұңлы емес, көңілді болады", "ағаштың діңгегі өскенде жіңішке емес, жуан болады", т.б..  Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.  Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері.  Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік</b></p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.  Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың біріне кезекпен тұрып тепе-теңдікті сақтау.  Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорт залы".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың спорттық жаттығу залы туралы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушысының атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".</b>  Мақсат-міндеттер. Сандар тізбегі жайындағы балалардың білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның "көршілерін" немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың</p>

<p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Отбасы".</b> Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардың нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенді құрметтеу, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен</p>	<p>қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ойыншық дәрі-дәрмектер. "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер болатынын, медициналық көмек жасау үшін қандай құралдардың сатылатынын анықтайды. Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты түрде қоюға жаттықтырады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>ойын.</b> <b>"Аурухана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында</p>	<p>өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстарында спорттық жаттығулар, жаттықтырушы қызметінің мәнін суреттер, бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелейді. Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатынын, тұтынушының қандай таңдау жасайтынын туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гир, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады. Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін ойнайды, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын</p>	<p>ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық</p>
--	---	---	--	--

<p>бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>		<p>әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>емхана жайында әңгімелесу керек. Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек. Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік</p>
--	--	---	--	---

					ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екендігін айтуы тиіс. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Мақал-мәтелдер жаттату.</b> 1. Әлсіз денеге ауру ұялайды. 2. Таза ауа – жанға дауа. 3. Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық. 4. Денсаулық – зор байлық. 5. Тазалық – саулық негізі. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	<b>"Дені саудың - жаны сау"</b> тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	<b>Жаңылтпаш айтқызу.</b> Екі шөжем қанаттана алмады, Қанаттана алмағаны - салақ қарағанымнан, - Дұрыс тамақтана алмады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер"</b> Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандарын көрсетеді). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b>	<b>"Дені саудың - жаны сау"</b> тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау:</b> Аязды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс	<b>Бақылау:</b> Мұзды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс	<b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау. <b>Мақсаты:</b> Ауа-райын	<b>Бақылау:</b> Қарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Қыс	<b>Бақылау:</b> Күнді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы,

	<p>мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу.<b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p><b>Қим.ойын:</b> «Сырғанақ тебу».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> ( Ришат, Нурасыл, Төреғали, Ибрагим) Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз).</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Тайғанақ жерге құм себу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.</p> <p>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.</p> <p>Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.</p>	<p>бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Таза алаң».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> <b>Е.Өтетілеуов «Күшік».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p>Е.Өтетілеуов. «Күшік».</p> <p>Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап</p> <p><b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».</p>	<p>мезгілінің ерекшеліктерін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тонады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Тақпақ:</b></p> <p>Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. (Аяла, Жанерке, Іңкәр, Айнат)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Ойын:</b> «Қардан түрлі бейнелер жасау».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	<p>пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.</p> <p><b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b>«Айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
Балалардың	Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға кеңес	Ата –аналарға	Ата –аналарға кеңес

<p><b>үйге қайтуы</b></p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
---------------------------	---	---	---	--	---

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 06 – 10 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.		<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>Сөйлеп тұрған таңғы радио:</b> <i>«Нұр төккен, гүл көктем»</i> жайлы әңгімелесу Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету. <b>Дидактикалық ойын:</b> <i>«Дала гүлдерін білесің бе?»</i> <b>Көрнекілігі:</b> көктем мезгілі суреті. Слайд суреттер. <b>Әдіс-тәсілі:</b> көрсету, түсіндіру. <b>Технология:</b> ақпараттық <b>Интеграция:</b> қатынас, Шығармашылық. <b>Қостілділік:</b> көктем – весна, <b>Барысы:</b> Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі,	<b>Үстел үсті театр ойыны:</b> <b>Еріншектер:</b> Тық-тық, тық-тық, Тұр орыннан бас бармақ, Балң үйрек сен де тұр, Орған терек, сен де тұр, Шылдыр шүмек сен де тұр, Титтей бөбек қане тұр, Саусақтарым, ал жүгір.		<b>« Сәлем жаңа күн» Д/ойын :</b> «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер, су, ауа. <b>Мақсаты:</b> балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаң жауап беруге баулу. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Балықтарға жем шашу	<b>«Табиғат мінезі» Дидактикалық ойын:</b> <b>«Бұл қай кезде болады?» «Көктем көрінісі»</b> <b>Мақсаты:</b> көктем мезгілінің ерекшелігін білу. <b>Шарты:</b> суретке қарап әңгімелеу. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Кезекшілікті ұйымдастыру Табиғат ерекшеліктері туралы суретке қарап, қай мезгілде болатыны туралы әңгімелеу.



	<p>шөптесін өсімдіктер ( 4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы суретпен жұмыс жасау  <b>Мақал-мәтел:</b> Бір ағаш кессең, жүз ағаш отырғыз  <b>Сергіту сәті:</b> Әуен қойылады. Балалар ілесіп, қимылдар жасайды.  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Біледі:</b> Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы;  <b>Меңгереді:</b> өсімдіктер ( 4-5 түрін), жидектер, саңырауқұлақтар туралы білімдерін қалыптастыру</p>				
<p><b>Таңғы гимнастика</b></p>	<p>Таңғы жаттығу кешені № 13</p>				
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті-</b> Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру  <b>Мақсаты</b>  :Мамандықтармен таныстыру</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.  <b>Мақсаты</b> Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл</p>		<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру  Ұлттық қимылды</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру  Ұлттық қимылды</p>


	<p>–Өз ата-аналарың қандай жұмыс жасайды? Қандай мамандық иесі? Білесіңдер ме? Педагог балаларға М.Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді</p> <p>Теңізші болатын бала, Бұлақпен ойнайды. Емші болатын бала, Сынаппен ойнайды. Батыр болатын бала, Қынаппен ойнайды. Жарықты жағатын бала, Шырақпен ойнайды. Шопан болатын бала, Диқан болатын бала, Топырақпен ойнайды. Ғалым болатын бала, Кітаппен ойнайды. Балаларға өлеңді екінші рет оқығанда, өлең жолдарында кездесетін мамандақтарды саусақтарымен санап отыруды тапсырады</p>	<p>шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту <b>«Жігіттер» (3 рет)</b> Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону.</p>		<p>ойындарды ойнату <b>(кірік.08.03)</b> <b>Мақсаты</b>Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту <b>«Дегелек» ойыны.</b> Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p>	<p>ойындарды ойнату <b>(кірік.08.03)</b> <b>Мақсаты</b>Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту <b>«Дегелек» ойыны.</b> Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p>
--	---	---	--	---	---

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - - Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту  <b>Мақсаты</b> төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру          Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»          Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты:</b>өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.           Суретте не бейнеленген?          Әжесі мен немерелері немен айналысып жатыр?          Сен әжеңе қалай көмектесер едің?          2. Әжеңе не сыйлайсың?</p>		<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы тілдік бейнелілігін сезінуге баулу.          Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз.          Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.          Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді          Әже</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> --Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру  <b>Мақсаты</b> Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту          Электронды қазақ үйінен «Алматы – гүл қала» әнін тыңдату.          – Бұл ән не туралы? (Алматы қала туралы).          Қуыршақ Сәуле: Біз сендерге Алматының көрікті орындарын көрсете аламыз, диск көрсетеді.          Интербелсенді тақтада</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек. Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық (сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап (қызық), доп (жеңіл), ат (жүйрік), үстел (биік), кірпі (кішкентай), саңырауқұлақ (көп), алма (үлкен), нан (жұмсақ), сабын (сопақ), арба (жалпақ), таңқурай (майда), құлпынай (дәмді), банан (сары), кесе (әдемі), қалам (жасыл), етік (жылы), қозы (сүйкімді)... т.б.</p>	<p>Суретін сал. 3. Есінде сақта! Асыл әжем, қуанышым, берекем, Өнегенің өрісі де сен екен. Педагог мағынасын түсіндіреді. Өнеге – үлгі деген мағынаны</p>		<p>Еркелетіп ертемен Оятады ол мені. Таңғы таза ауамен, Тазалаймыз бөлмені. Ертегісі өзінің Таусылмайды не түрлі. Әжімдері көзінің Мейірімі секілді. Кимешегін, жаулығын Тенеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен! (Әбубәкір Қайран)</p>	<p>Алматымен таныстыру. – Мынау – Алматы қаласы. Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарады. Мынау – саябақ. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. (Бірнеше саябақ суреттері көрсетіледі). Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе. Медеу, Көктөбе туралы қысқаша айтып өту. – Алматы қандай қала екен? – Алматы – әдемі, әсем қала. Әдемі, әсем.</p>
	<p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту <b>Мақсаты</b>уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.  «Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. - Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау</p>		<p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту <b>Мақсаты</b>ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету Педагог: Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды? Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап»</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті-</b> Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру - Сөздердің жалпы</p>

	<p>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?          Жылдың соңғы айы қандай?          Қазаннан кейінгі қандай ай?          Жаз айларын ата және т.б.          «Жыл мезгілі»          Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»          Педагог бастайды, балалар жалғастырады.          Алдымен көктем, содан кейін ... жаз          Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең          Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.          Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады.          Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.</p>	<p><b>(кірік.08.03)</b>  <b>Мақсаты</b> Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту .Демонстрациялық материалмен жұмыс Апта күндерін естеріне түсіреді. Аптаның бірінші, бесінші, жетінші күндерін атауды сұрайды.          «Жанды апта» дидактикалық ойыны 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:          «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.          -Барлық демалыс күндерін атаңыз.          -Аптаның екінші күнін атаңыз.</p>		<p>ертегісін сыйлық ретінде алып келді.          Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді.          – Ертегі ұнады ма?          – Ертегіде кімдер бар?          – Мынау – қолғап.          – Мынау не? (Қолғап).          – Бірінші кім келді? (Тышқан)          – Тышқан қандай?          – Тышқан кішкентай.          – Екінші? (Бақа)          – Бақа не деді?          – Бақа не істейді?          – Тышқан не деді?          – Соңғы кім келді? (Аю)          – Барлығы неше болды? (6)          – Аю қандай?          – Аю үлкен.          – Аю қалай жүреді?</p>	<p>атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту  <b>(кірік,08.03)</b>  <b>Мақсаты</b> ,сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. Дидактикалық жаттығу:          «Сөйлемге қажетті сөзді қос»          – Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.          Мысалы:          Әкем балғамен шегені ... (шегеледі).          Әжем шұлық ... (тоқыды).          Көбелек гүлге ... (қонды).          Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды).          Құрылысшы кірпіш ... (қалады).          Дәрігер науқасты ... (емдеді).          Атам газет ... (оқыды).          Балалар далада ... (ойнады).          Әпкем ыдысты ... (жуды).</p>
--	--	--	--	---	--

					<p>Ағай күй ... (тартты). Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» Мақсаты: Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету. Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет. Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр.</p>
--	--	--	--	--	--

	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b>- Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету  <b>Мақсаты</b>Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету  <b>Музыка тыңдау:</b>  «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)  Ән айту:  «Анашым» (Е. Хасанғалиев)  «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)  Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай)  «Полька» (эстон халық биі)  Ойындар, хороводтар:  «Балақан да алақан» (Ө.</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу  <b>Мақсаты</b>  Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрет  Тәрбиеші саңырауқұлақ жайлы мәлімет береді.  Балалар сендер білесіңдерме? Орманға шыққанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп отырғызып, балаларға табиғатқа серуенге барғандағы қауіпті деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды, екінші орталықтағы балаларға қауіпсіз деп санайтын өсімдіктер мен жәндіктердің суретін жапсыруды ұсынады.  Тәрбиеші ормандағы қауіпсіздік ережесі жайлы айтады.</p>		<p><b>4.Математика негіздеріМіндеті:</b>  Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту  <b>Мақсаты</b>уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:  Ақпан жыл ішінде нешінші ай?  Жылдың соңғы айы қандай?  Қазаннан кейінгі қандай ай?  Жаз айларын ата және т.б.  «Жыл мезгілі» Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр» Педагог бастайды, балалар жалғастырады.  Алдымен көктем, содан кейін ... жаз</p>	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті</b> Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту  <b>Мақсаты</b>Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева)  Ән айту:  «Анашым» (Е. Хасанғалиев)  «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)  Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай)  «Полька» (эстон халық биі)  Ойындар, хороводтар:  «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)</p>
---	--	--	--	---	---

	<p>Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>			<p>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.</p>	<p>Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>
<p><b>Балалармен дербес қызмет</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, кезекпен қимылдарды көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып,</p>		<p><b>Логикалық ойын. "Келешекте неге айналады?"</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беруі мүмкін. Шарты. Педагог атаған жанды</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>



	<p>таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені".</b> Мақсат-міндеттер. "Киімдер" дүкені, киім сатушысының жұмысының ерекшелігі туралы балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p>	<p>жұмбақты шешуге тырысады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар</p>		<p>немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек.</p> <p>Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?"</p> <p>Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b></p>	<p><b>Ұлттық ойын. Сиқырлы таяқ</b> Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір</p>
--	--	---	--	--	---

<p>Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген), ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары, қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және іш киім болып бөлінегіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктелініп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылу керектігі туралы да айтылуы тиіс. Сатушылар өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып,</p>	<p>макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады,</p>			<p><b>"Жедел жәрдем".</b> Максат-міндеттер. Балалардың "жедел жәрдем" ұғымы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, телефонда отыратын оператор сияқты мамандықтар жайында ұғымдарды пысықтау; медицинаның элеуметтік маңыздылығын көрсету; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектер мен ойыншық медициналық құралдары бар сөмкесі; "жедел жәрдем" жазуы бар макет; ақ халаттар, руль, телефон, жазуға кітапша, қаламсап. Шарты. Педагог балалармен жедел жәрдемде қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Адамдардың жедел жәрдемді шақыру үшін қандай әрекеттерді жасау керектігін, жедел жәрдемнің</p>	<p>көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздік ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; қарым-қатынасты сыпайылық негізінде құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонының үлгісін білдіретін орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты. Педагог балалармен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды өткізуге дейінгі уақыттарда әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы</p>
---	---	--	--	---	---

	<p>бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады. Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс. Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>		<p>телефон нөмірлерін анықтайды. Балалар өзара дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, үй иесі және тұтынушы болып бөлініп, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойын желісін жалғастырып, кейіпкерлерге көмекші сұрақтар қойып, барысын қадағалайды. Балалар біртіндеп ойын желісін меңгеріп алып, өздері басқарады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: жедел жәрдемнің көмегі адамның денсаулығы жақсы кезде ғана қажет болмайды; жедел жәрдемде білікті мамандар еңбек етеді, олардың еңбегін құрметтеу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші, "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу қимылдарын көрсетеді (рульді бұрайды). Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндіктер туындап жатса, өз дауысымен айтылған қажетті хабарламаларды жазып алып, қолдануға болады. Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұл жерде өз орындарын үлкендерге беру үлгісін көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобуска отырып, жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалуын қадағалау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	---	---	--	--	--

<p><b>Баламен жеке жұмыс</b></p>	<p>Бала тілін дамыту. Жаңылтпаштар айтқызу.</p>	<p><b>Жұмбақтарды шешу. (ел аузынан)</b> Кішкене ғана бойы бар Тоғыз қабат тоны бар. (Жуа)</p> <p>Аяғы жоқ жүреді, Аузы жоқ сөйлейді. (Хат)</p> <p>Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)</p> <p>Асты тас, үсті тас, Ортасында жанды бас. (Тасбақа)</p> <p>Жабықта жарты нан. (Ай) <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>			
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Наурыз</b> <b>Серуен-Бақылау №1</b> <b>Бақылау:Маусымдық өзгерістерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. <i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші:</i> <i>Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын,</i></p>	<p><b>Наурыз</b> <b>Серуен-Бақылау №2</b> <b>Бақылау:Қайың ағашын бақылау</b> <b>Мақсаты:</b><i>қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.</i> <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Жас шыбық»</i> <i>А. Меңдібай</i> <i>Көшетін әкеп қайыңның,</i> <i>Отырғыздым аулаға.</i> <i>Жіп-жіңішке жас шыбық,</i> <i>Өспейді деп ойлама.</i> <i>Жас шыбық өсіп толады,</i> <i>Әсем қайың болады,</i> <i>Сұғарып, күтіп, баптасам.</i> <i>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа</i></p>		<p><b>Наурыз</b> <b>Серуен-Бақылау №4</b> <b>Бақылау:Итті бақылау</b> <b>Мақсаты:</b><i>жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;</i> — жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай</i> <i>Кіп-кішкентай күшігім,</i></p>	<p><b>Наурыз</b> <b>Серуен-Бақылау №5</b> <b>Бақылау:Бұлттарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b><i>әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру</i> <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы</i> <i>Бұлттың қайда тұрағы,</i> <i>Біле алмадым мұны әлі.</i> <i>Білерім көк аспанның</i> <i>Бұлт көшпелі бұлағы.</i> <i>Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.</i> ◆ Аспанға қарандар, не көріп тұрсыңдар? ◆ Бүгінгі бұлттар қандай?</p>

	<p>сендер жасырынған сөздерді табыңдар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары: *Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемнің алдында қай мезгіл болды? *Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? *Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) Еңбек Гүл егетін жерді тазалау.</p>	<p>қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бұр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған. Тәрбиеші сұрақтары: *Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? *Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? *Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? *Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? *Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? *Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Зерттеу жұмысы Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға</p>	<p>Сүйкімдісін өзінің. Еркелейді ойнақтап, Жылтырын-ай көзінің. Оратылып аяққа, Бір сәт тыным таппайды. Кел, достарым, жасқанба, Күшігім менің қаппайды Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма? ♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар? ♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай? ♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? ♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе</p>	<p>♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бұлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.</p>
--	---	---	--	---

	<p><i>Мақсаты:</i> Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.</p>	<p>көмектесу <i>Мақсаты:</i> өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.</p>		<p>мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. <b>Еңбек:</b> Жер қазу жұмыстарына қатысу. <b>Мақсаты:</b> - ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.</p>	
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>		<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13 – 17 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс</b> Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.	<b>Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	<b>«Әдемі үйшік»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	<b>Нан туралы тақпақ</b> Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар!	<b>Үстел –үсті ойыны:</b> «Менің балабақшам» <b>Мақсаты:</b> Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 13				

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, -Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту  <b>Мақсаты</b> :Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету.</p> <p>–Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар. Ол – көркем, сүйкімді әрі ұлы сөз.  –Әрқайсымыздың да анамыз бар, дұрыс емес пе?  –Ендеше өз аналарыңды суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құраңдар. Педагог балаларға көмек ретінде қосымша сұрақтар қояды:  –Анаңның аты кім?  –Кім болып жұмыс</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу  <b>Мақсаты</b> Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту</p> <p>«Дегелек» ойыны. Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру  <b>Мақсаты</b> Ана туралы өз ойларын айтқызу.  «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал». Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталатады Педагог «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады. А – жуан дауысты. Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты. Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық». Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>.бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр)  <b>Мақсаты</b> -Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену</p> <p>Биіктікке секіру. Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде жүгіріс пен аяқпен итерілуді үйлестіре білу керекЕкі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады. Қолмен сермеп көмектеседі. Жүгіріп екпін алған соң кідірмей кедергіге келгенде екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр)  <b>Мақсаты</b>Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену</p> <p><b>«Тақиятастау»</b>  Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. «Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады. Бастапқы қалыпта аяқтарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады. Көлденең нысанаға</p>
---	---	--	---	---	---



	<p>істейді? –Анаңды сипаттап бере аласың ба? Ол қандай адам? –Анаң сені жақсы көреді ме? Оны қайдан білесің? Педагог қол көтерген балалардың бәрінің ойларын тыңдайды</p>		<p>Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.</p>		<p>асықты бір қолмен лақтырады. Бастапқы қалыпқа нұсқау бойынша тұрады. Иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп күшін мөлшерлеп лақтырады. Нысанаға тура тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындалады</p>
--	---	--	---	--	---

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b> Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру  <b>Дидактикалық жаттығуы:</b>  «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»  – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтамын.  <b>Мысалы:</b> жылы... (шұлық), тәтті ...(банан), қатты...( көмір), жасыл.... (шөп), қар .., (пима), дәмді .... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ.... (қоян), қу ... (түлкі), сүйкімді .... (мысық), пысық ...( қыз), ұзын ... (бала), ақылды.....(қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншақ), сары....(шаш), дәмді...( шай), тәтті... (торт), жасыл. ( қияр), ұзын ....(бантик) т.б.</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты:</b>ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру</p> <p>Өлеңде не туралы айтылған?  – Өлең ұнады ма?  – Авторы кім?  – Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады?  – Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады?  – Қай уақытта малдар төлдейді?  – «Сары уыз» деген не?  Өлеңді суреттер бойынша қайтала.  Педагог мнемокестедегі суреттер арқылы өлеңді оқып береді, балалар қайталайды.  Наурыз айында күн мен түннің теңеліп, ұзақтығы бірдей болатыны туралы айтып түсіндіреді</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b>Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру,</p> <p>Таға сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.  Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.  Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.  Сөзді қолды шапалақтап, буынға бөледі.  Педагог тақтаға тырма сөзінің сызбасын іледі.  Тырма сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.  Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  Ы – жуан дауысты</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты:</b>ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру</p> <p>Өлеңде не туралы айтылған?  – Өлең ұнады ма?  – Авторы кім?  – Қай мезгілде ағаштар бүршік жарады?  – Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады?  – Қай уақытта малдар төлдейді?  – «Сары уыз» деген не?  Өлеңді суреттер бойынша қайтала.  Педагог мнемокестедегі суреттер арқылы өлеңді оқып береді, балалар қайталайды.  Наурыз айында күн мен түннің теңеліп, ұзақтығы бірдей болатыны туралы айтып түсіндіреді</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b>-- -  Шығарманы рөлдерге бөліп сомдау</p> <p><b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету.  Таныс ертегілер иллюстрациясыларымен жұмыс: «Бауырсақ», «Шалқан».  Балалар, мына суретте нелер бейнеленген?  Таныс ертегілерді айтыңдаршы.  Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балалар сол кейіпкерлерді атап көрсетеді.  Суреттермен жұмыс.  Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді  <b>Мынау не?</b>  – Мынау – қарлығаш.  Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады. Ертегісін тыңдату.  Суреттер бойынша жұмыс.  – Мынау – Қарға.  – Мынау не?  – Мынау – Қарға.  – Мынау – Көкек.  – Мынау не?  – Мынау – Көкек.  – Мынау – Дәуіт.  – Мынау не?</p>
--	--	--	---	--	---

дыбыс, қызыл түспен  
белгілейміз.

.Р – үнді дауыссыз  
дыбыс, көк түспен  
белгілейміз.

М – үнді дауыссыз  
дыбыс, көк түспен  
белгілейміз.

А – жуан дауысты  
дыбыс, қызыл түспен  
белгілейміз

– Мынау – Дәуіт.

– Мынау – Жылан.

– Мынау не?

– Мынау – Жылан

– Қарлығаш көмек  
сұрады.

– Қарлығаш не істеді?

– Қарлығаш көмек  
сұрады.

– Көмек, кө-мек.

– Қарлығаш Көкек және  
Қарғадан көмек сұрады.

– Қарлығаш нелерден  
көмек сұрады?

– Қарлығаш Көкек және  
Қарғадан көмек сұрады.

– Көкек: Бүркіт қонаққа  
шақырып еді, соған

барғалы жатырмын,

уақытым жоқ – деді. –

Көкек не деді? – «Бүркіт  
қонаққа шақырып еді,

соған барғалы

жатырмын, уақытым

жоқ», – деді. Қарға:

«Үйленгелі жатқанымда,  
мазамды алма», – деді.

Қарға не деді? –

«Үйленгелі жатқанымда,  
мазамды алма», – деді. –

Осы істері дұрыс па? –

Қарлығашқа дәуіт көмек  
берді. – Қарлығашқа не

көмек берді? –

Қарлығашқа дәуіт көмек  
берді. – Қарлығаш пен

	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Циферблат бойынша уақытты анықтау  <b>Мақсаты:</b>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту демонстрациялық материалмен жұмыс.  - Суреттерді қараңдар.  -Бірінші суретте не бейнеленген?  - Екінші суретте не бейнеленген?  (Үшінші, төртінші).  Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту  <b>Мақсаты</b>Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту  «Жанды апта» дидактикалық ойыны  1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу  <b>Мақсаты</b>  Байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту  Компьютердің жалпы қызметі туралы не айта аласыңдар?  – Компьютер ақпараттық-байланыс құралға жатады.  Компьютермен сурет салуға,</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - ,Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру  <b>Мақсаты</b> киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру  Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады.  (Жануарлар және көйлек суреттері).  – Көйлек неге артық?  – Көйлек – киім.  – Сендерде қандай киім бар?  Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру.  – Көйлек, шалбар, жейде – нелер?  – Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер.</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту  <b>Мақсаты</b>Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру,   Таға сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.  Г – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.  Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.  Сөзді қолды шапалақтап,</p>
--	--	--	---	--	--

	<p>жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды</p>	<p>шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді. -Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз</p>	<p>кино, мультфильмдер көруге, ойындар ойнап, хат жазуға т.б. көптеген іс-әрекеттерді орындауға болады. – Компьютер не үшін қажет? – Компьютердің қызметі жайлы не білесіңдер? Оның құрылымы қандай? Компьютер суретін көрсету. Құрылысы жайлы әңгімелеу. Балалар компьютер туралы білетіндерін айтады. – Компьютер – монитор (экран), клавиатура, процессор, принтер, дыбыс күшейткіш колонкаларынан және «тышқаннан» (қозғалтқыш) тұрады. Педагог ноутбук алып шығады. – Мынау не? Бұны компьютер деп атауға бола ма? – Ноутбук –</p>	<p>Мынау – ұзын жең жейде Мынау қандай жейде? Мынау – ұзын жең жейде. Мынау – қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек? Мынау – қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады. Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұұұзын жең. Қа-қа-қысқа – қысқа жең <b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі – Наурыз мерекесін тойлаймыз. – Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде? – Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады. Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Наурыз»</p>	<p>буынға бөледі. Педагог тақтаға тырма сөзінің сызбасын іледі. Тырма сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. .Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз</p>
--	---	---	---	---	--

			<p>компьютердің кішірейтіліп, өзіңмен бірге алып жүруге ыңғайланған формасы. Педагог ноутбукке алдын ала жазылып, дайындалып қойылған слайдтарды балаларға көрсетіп, әңгімелейді. – Балалар, біз компьютермен сөйлесе аламыз ба? Ал мына компьютер сендермен сөйлескісі келіп тұр.</p>	<p>өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді <b>Наурыз</b> Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз. Сәскеде - жаз, Түнде қыс Секілді екен Наурыз. Төлдеп жатыр малымыз, Қазан толы сары уыз. Сүті көп те, Көмірі аз Болады ғой Наурыз. Жайдарымыз бәріміз, Дастарқанда дәміміз. Көжесі көп, Қыры көк Қандай жақсы наурыз!</p>	
--	--	--	--	--	--

	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:-</b> Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру  <b>Мақсаты</b>Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Келіншек» қ.х.к. (өнд. Б. Дәлденбай)  Ән айту:  «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)  «Анашым» (Е. Хасанғалиев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>Мемлекеттік мерекелердің Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну  <b>Мақсаты</b> наурыз мейрамы туралы түсінік беру, ұлттық ойындар арқылы балалармен математикалық тапсырмаларды орындап, өткен тақырыпты бекіту және көктем гүлдерінің түрлерімен таныстыру, шығармашылық жұмыстарға баулу.  Балалар, сендер білесіңдер ме наурыз айында қандай мейрам болатынын?  - Наурыз мейрамын біздің халқымыз қалай тойлатады? Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?</p>	<p><b>4.Сурет салу.</b>  <b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b>  <b>Міндеті:-</b>түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу  -достық туралы тату-тәтті қарым-қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру, қызғаншақтықтың жақсылыққа бастамайтыны туралы түсініктерін кеңейту  -Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>  Циферблат бойынша уақытты анықтау  <b>Мақсаты</b> Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту  3-тапсырма  Педагог уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.  4-тапсырманы орындау  Суреттегі айырмашылықтарын</p>	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті -</b>  Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау</p> <p><b>Мақсаты</b>  Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Келіншек» қ.х.к. (өнд. Б. Дәлденбай)</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>«Айна» орыс х.э. (өнд М. Раухвергер) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>	<p>- Балалар, Наурыз мейрамына барып, қатысқыларын келе ме? - Олай болса барлықтарымыз орнымыздан тұрып, Наурыз мейрамға ән айтып барайық. Балалар, біздің топта да білім алға бассың. Бүгін біз мейрамда түрлі ұлттық ойындар ойнап, жарысайық. Қыдыр Атамызға өз білімдерімізді көрсетейік. Балалар, ойын ойнап, жарысамыз ба?</p> <p>Қыдыр Ата</p> <p>- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, жауабын тауып көріндерші. Жұмбақ Құлпырса, қадірлейді, аялайды. Құраса сыпырғышқа жарамайды. – Бұл не? -Жарайсыңдар балалар, сендер менің жұмбағымның жауабын шештіндер, мен сендерге осы көктем гүлдерін сыйлаймын.</p>	<p>толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту <b>Мақсаты</b>–қонжықты суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру</p>	<p>табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды</p>	<p>Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) «Анашым» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өнд М. Раухвергер) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>
<p><b>Балалармен дербес қызметі</b></p>	<p><b>Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен</p>	<p><b>"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Алтыатар ойыны</b> Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған ( сақасы шықпаған)баланың</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да, түсін ата".</b> Балаларды допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі заттың атауын (құбылысты,</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Бес тас</b> «Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт</p>



	<p>құбылыстардың қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка.</p> <p>Шарты. Педагог ұсынған мнемокаточкаларға карап, көрсетілгенді сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып, атау керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жаңбыр - жаңбырлы.</li> <li>- Шатыр - қолшатыр.</li> <li>- Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс.</li> <li>- Ай - Айжан, Айбол, Айнұр.</li> <li>- Аяқ - аяқкиім, аяқтау.</li> <li>- Шаш - шашбау.</li> <li>- Көз - көзілдірік, Аякөз.</li> <li>- Қап - қолғап; қаптау.</li> <li>- Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан.</li> </ul> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Аурухана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі</p>	<p>арттыру.</p> <p>Ойынның шарты: Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояндар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алындар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырындар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.</p> <p>Керекті құралдар: асықтар <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Бояу қағаздарындағы суреттерді бояу.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>сақасы тігіледі.</p> <p>Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Азық-түлік" дүкені.</b> Балалардың "Азық-түлік" дүкені, азықтарды сатушының қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p>	<p>жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту.</p> <p>Құралдар: доп. Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Театрландырылған қойылым.</b> <b>"Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісі.</b> Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар. "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, үй шаруасында қажетті заттар мен жиһаздар.</p> <p>Шарты. Педагог балаларға "Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісінің</p>	<p>ойындарының бірі.</p> <p>Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.</p> <p>Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. <b>(математика негіздері)</b></p>
--	---	--	--	--	---

	<p>медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p><b>Құралдар.</b> Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді.</p> <p><b>Шарты.</b> Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне</p>		<p><b>Құралдар.</b> Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, макарондар түрлері, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары.</p> <p><b>Шарты.</b> Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкеннің суреттерін, бейнежазбаны көрсетіп, "азық-түлік тауарлары" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайында түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азық-түліктің сақталу мерзімі, оларды таза өнім күйінде тұту жайындағы білімді беру өте маңызды. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ)</p>	<p>мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді тандайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор рөлін педагог алады, содан соңғы жағдайларда балалардың арасынан автордың рөлін ойнайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлер рөлдеріндегі балаларды жеке қатарға шығарып, қай бала, қай кейіпкердің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет білдіреді, қошемет пен мақтауға бөленеді. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	
--	---	--	---	--	--

	<p>ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>		<p>бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.</p> <p>Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай сақтаса, олардың сапасы бұзылмайды, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстануы тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті,</b></p>		
--	---	--	--	--	--

			<b>шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Қоржынды сәңдейміз» <b>Мақсаты:</b> Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Отбасының күзгі еңбегі» <b>Мақсаты:</b> Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу. Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Ханшайымның құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Тамириске қаламды дұрыс ұстауға үйрету.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> «Автобус» <b>Мақсаты:</b> Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.
<b>Серуен</b>	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №6 <b>Серуен бақылу:</b> Қарды бақылау <b>Мақсаты:</b> — Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету — Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»</i> <i>Ш. Ахметов</i> <i>Ақ қар еріп,</i> <i>Су көбейіп,</i> <i>Сай-салаға ағады.</i> <i>Бүршік шашып,</i> <i>Жапырақ ашап,</i> <i>Гүл, бәйшешек басады.</i> <i>Бөбектерім,</i> <i>айтыңдаршы,</i>	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №7 <b>Серуен бақылу:</b> Шырша ағашын бақылау <b>Мақсаты:</b> — Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;; — Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев</i> <i>Қанша заман өткенімен,</i> <i>Ескірмейтін асыл шырша.</i> <i>Алатаудың көктемімен,</i> <i>Доссың зой сен, жасыл шырша.</i> <i>Өзгермейсің қыс келсе де,</i> <i>Бояыңды оңдырмайсың.</i> <i>Аяз шымшып, тістесе де,</i> <i>Жапырағыңды</i>	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №8 <b>Серуен бақылу:</b> Су тамшыларын бақылау <b>Мақсаты:</b> — температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз. «Сұңгілер»</i> <i>А. Меңдібай</i> Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №9 <b>Серуен бақылу:</b> Күнді бақылау <b>Мақсаты:</b> күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. <i>(күн)</i> <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i> <i>Бір айналып оралып,</i> <i>Көкжиекке бұғады.</i> <i>(күн)</i> Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №9 <b>Серуен бақылу:</b> Күнді бақылау <b>Мақсаты:</b> күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. <i>(күн)</i> <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i> <i>Бір айналып оралып,</i>

<p><i>Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? *Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? *Неге бұл жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. Зерттеу жұмыстары Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау.</i></p>	<p><i>тоңдырмайсың. Балаларға сұрақтар: *Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде? *Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді? *Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер? Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады. Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру, ерекшеліктерін атау. Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау. Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге</i></p>	<p><i>тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар ◆ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) ◆ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) ◆ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады) ◆ Шуақты күні ше? (өседі) ◆ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады) Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға</i></p>	<p><i>бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i></p>	<p><i>Көкжиекке бұғады. (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға</i></p>
---	---	---	---	--

	<i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істеуді үйрету.	<i>деген құлшыныстарын арттыру.</i>	тәрбиешіге көмектесу. <i>Мақсаты:</i> <i>кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.</i>		көмектесу.. <i>Мақсаты:</i> <i>үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 27 – 31 наурыз 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс</b> Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.	<b>Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	<b>«Әдемі үйшік»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	<b>Нан туралы тақпақ</b> Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар!	<b>Үстел –үсті ойыны:</b> «Менің балабақшам» <b>Мақсаты:</b> Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 14				

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту  <b>Мақсаты</b> :Көркем шығармаларды сахналауға үйрету  Педагог күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды.  –Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар?  –Күшіктің анасын қалай атаймыз?  –«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?  –Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.  –Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?  –Енді осы күшік пен мысыққа ат қойындаршы.  –«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?  –Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.  «Күшік пен Мысық»  Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.  –Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр.  –Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік.  –Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті</b>: - Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр),  <b>Мақсаты</b>  Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру.  Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу    «Ептілікке жаттығамыз!»  Ұзын орындықпен жүру (ені – 25 см, биіктігі – 30 см), жүріп келіп орта тұсында айналадағылардан өтіп кету.  Тепе-теңдік сақтап ұзын орындықпен жүріп, жаттығулар орындау. Орта тұсында құрсаудан-</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b>:  Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту  <b>Мақсаты</b> Көркем шығармаларды сахналауға үйрету  Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды.  –Балалар, ертегі сендерге ұнады ма?  –Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші.  –Күшік келе жатып неге жолығады?  –Қасқыр не дейді?  –Күшік не дейді?  –Екеуі келе жатып нелерді көреді?  –Қасқыр нені жейді?  –Тойған Қасқыр Күшікке не дейді?  –Іші пысқан Күшік неге жолығады?  –Мысыққа не дейді?  –Мысық не дейді?  –Күшік жолда нелерді көреді?  –Түйеге күшіктің шамасы келе ме?  –Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен.  –Енді осы ертегіні</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті</b>: Ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру  <b>Мақсаты</b> Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру.  Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу    «Мергендер»,  «Таяқтастау» (нысанаға дәл тигіз).  3 метр қашықтықтан тік нысанаға дорбаларды ату. Бастапқы қалыпқа келу. Кішкентай дорбаларды қолды жоғары алға сермеп лақтырады.  Нысананың дәл ортасына тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындайды</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті</b>: - Биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.  <b>Мақсаты</b> Түрлі жағдайларда балалардың білім-біліктерін саналы пайдалана алуына ықпал ету    Ең епті аңшы кім екен?»  Аяқтарын саннан 90°-қа жоғары көтеріп таяқшалардан тепе-теңдікті сақтап жүріп өтеді. Таяқшаларды оңынан-солынан айналып жүгіріп өтеді. Таяқшаларды баспай, бірақ жақын жүгіруге тырысады</p>
---	---	--	--	---	---



	<p>–Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр. Қасқыр: –Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды. –Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. –Мысық, мен сені жеймін, – дейді. –Мені тойдыр, күшік. –Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді. –Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? –Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік: –Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: –Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді.</p>	<p>құрсауға өтіп, модульден айналып, жүгіріп қайтып келеді. Құрсаудан өткенде басы мен аяғын тигізбей жұмыр жиналуға тырысады.</p>	<p>рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу).</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту  <b>Мақсаты</b> сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту.</p> <p>«Кәне, тауып көр» дидактикалық ойыны – Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыстарды айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.  Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ор-, қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз,</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> -Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту  <b>Мақсаты:</b>ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру.</p> <p>Суретте не бейнеленген?  Досыңмен сурет бойынша рөлдік диалог құр.  2. Наурыз күні айтылатын тілекті жаттап ал.  Ақ мол болсын!  Қайда барсаң, жол болсын!  Ақ мол болсын! – сүт, айран мол, тоқшылық болсын деген мағынада.  Қайда барсаң, жол болсын! – жолаушыға ақ жол тілеу.  3. Наурызкөжеге қосылмайтын нәрсені қоршап сыз.</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру  <b>Мақсаты</b> сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту.</p> <p>«Сөйлем құрай аламын» дидактикалық ойыны  Көрнекілігі:  «Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда»,«Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер.  Педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы:  Әсем келе жатыр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> - Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту  <b>Мақсаты</b> ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру.  Наурызкөже – Наурыз мерекесінде пісірілетін ұлттық тағам түрі. Әр үйде дастарқан жайылады. Наурызкөже пісіріледі. Наурыз мерекесі көңілді өтеді.  Бүгін автор Серік Нұғыманның «Наурызкөже» әңгімесімен танысамыз.  Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.  Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – оқиғаны қысқа баяндайды.  Педагог әңгімені</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b>-- Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу  <b>Мақсаты</b> дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету..  <b>Дидактикалық ойын:</b>  «Не көріп тұрсың?»  – Қуыршақтың дене мүшелерін атаймыз.  Мынау – басы. Мынау – қолы. Мынау – аяғы.  Бұлар – дене мүшелері.  Жаңа сөздермен таныстыру.  – Көз көру үшін керек.  – Көз не үшін керек?  – Көз көру үшін керек.  – Құлақ не үшін керек?  – Құлақ есту үшін керек.  – Мұрын дем алу үшін керек.  – Мұрын не үшін керек?  – Мұрын дем алу үшін керек.  – Қол ұстау үшін керек.  – Қол не үшін керек?  – Қол ұстау үшін керек.  – Қол жазу үшін керек.</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, білезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-, іс-, -діз.</p>		<p>айтады, мысалы: Әсем балабақшаға келе жатыр. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Әсем балабақшаға анасымен келе жатыр. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, жеңімпаз болады</p>	<p>мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді          Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар:          – Әңгіме ұнады ма?          – Әңгіме не туралы?          – Әңгіме қалай аталады?          – Нартай әжеден нені сұрады?          – Әжесі Нартайға не деді?          – Әжесі наурызкөжеге қандай тағамдар қосты?          – Әжесі наурызкөжеге қандай дәндерді қосты?</p>	<p>– Қол не үшін керек?          – Қол жазу үшін керек.          – Қол сурет салу үшін керек.          – Қол не үшін керек?          – Қол сурет салу үшін керек.          – Аяқ жүру үшін керек.          – Аяқ не үшін керек?          – Аяқ жүру үшін керек.          Аяқ жүгіру үшін керек.          – Аяқ не үшін керек?          – Аяқ жүгіру үшін керек.          – Көз, құлақ, мұрын, қол          – бұлар сезім мүшелері.</p>
	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b>          Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру  <b>Мақсаты</b> заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру.</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту  <b>Мақсаты</b> өз Отанының,</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру  <b>Мақсаты</b> заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>Үйренгендерін қайталату, пысықтау  <b>Мақсаты</b>Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы</p>

<p>жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; <b>Мақсаты:</b> заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру.</p> <p>Кішкентай текшесі бар табақшаға тағы бір кіші текше салу керек. Балалар, табақшаларды теңестіру үшін біздер не істедік? Кішкентай текше қостық. Суретті қарауды сұрайды. Таразылар неге төмен түскен?</p>  <p>Балалар суреттерді қарайды, сұрақтарға жауап береді. Бір табақшада заттар көбірек, сондықтан табақша төмен түскен. Соңғы сурет жөнінде не айтуға</p>	<p>Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Кейбір заттар ауыр, кейбір заттар жеңіл болады. Педагог ізденіс мақсатын ұсынады. Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма? Салмақты қалай дәл анықтауға болады? Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады. Салыстыруға арналған заттар: 2 ағаш текше – (біреуі кішкентай, екіншісі үлкен). Педагог таразының үлгісін көрсетіп, қалай өлшеу керектігін көрсетеді. Бір табақшаға үлкен текше, ал екіншісіне кішкентайын қояды. Үлкен текше салынған табақша төмен түскенін байқайды. Қандай қорытынды жасаймыз? Үлкен текше кішкентайға қарағанда ауырлау. Басқаша қалай айтуға болады? -Кішкентай текше</p>	<p>жерінің, сол жерде тұратын адамдар үшін қымбат екенін түсінеді</p> <p>Педагог С. Оспановтың өлеңін оқиды. Жап-жасыл ағашы, Қып-қызыл алмасы. Ақ басты тауы бар – Алматы қаласы. –Өлеңде қандай қала туралы айтылған? –Алматы қаласы туралы айтылған. Алматы қаласының символы не? – Алма. «Отан – отбасынан басталады» дегенді қалай түсінуге болады? Педагогтің көмегімен мақалдың мағынасы ашылады: – Отан – біздің отбасымыз, үйіміз, балабақшамыз, туған жеріміздің табиғаты, ауылымыз, қаламыз.</p>	<p>түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. «Тазалық – денсаулық кепілі» мақалын балаларға түсіндіру. Біздің денсаулығымыз мықты болу үшін тазалықты сақтауымыз керек. Жаңа сөздермен таңыстыру. – Тазалық сақтауға сабын, жөке, сүлгі, тарак қолданамыз. – Мынау – сабын. – Мынау не? – Мынау – сабын. – Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз. – Сабынмен не істейміз? – Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз. – Мынау – жөке. – Мынау не? – Мынау – жөке. – Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз. – Жөкемен не істейміз? – Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз. – Мынау – сүлгі Мынау не? – Мынау – сүлгі. – Сүлгімен денемізді сүртеміз. – Сүлгімен не істейміз? – Сүлгімен денемізді сүртеміз. – Мынау – тарак. – Мынау не? – Мынау – тарак. – Таракпен шашымызды</p>	<p>білімдерін бекіту.</p> <p><b>«Дыбыстың сөз ішіндегі орнын тап»</b> дидактикалық жаттығуы Педагог сағат, асық, қас сөздерінің сызбасын тактаға іліп, с дыбысының орнын табуды тапсырады. Тақтаға бір баланы шығарады. Балалар орнында жұмыс жасайды, егер дыбыс сөздің басында болса, басында тұрған төртбұрышты, егер ортасында болса, ортасындағы төртбұрышты, ал соңында болса, соңында тұрған төртбұрышты бояйды.</p>
---	--	---	---	---

	<p>болады? Соңғы суретте заттар екі-екіден, олар тең. Жоғарғы суреттегі заттарды теңестіру үшін не істеу керек? Балалар ойланады, талқылайды, заттар қосу керек, немесе артығын алып тастау керек деп қорытынды жасайды. Жоғарғы суреттегі сол жақ табақшадан бір алманы алып тастау керек, немесе оң жақ табақшаға бір алма қосу керек</p>	<p>үлкенге қарағанда жеңіл. Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды. Екі табақшаны теңестіру үшін не істейміз? Балалар сұхбатқа қатысады. Балалар ойланады, талқылап, қорытындыға келеді</p>		<p>тараймыз. – Тарақпен не істейміз? – Тарақпен шашымызды тараймыз</p>	
	<p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> -Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу <b>Мақсаты</b> Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу  <b>Музыка тыңдау:</b> «Қараторғай» (Ақан сері, өнд. Б. Ерзакович) Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев) «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> -Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну <b>Мақсаты</b> Туған өлкелерінің көрнекті жерлері, табиғаты, халқы немен айналысатынын әңгімелету арқылы балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту  Топтық жұмыс.</p>	<p><b>4.Сурет салу.</b> <b>Мүсіндеу.Жапсыру.Құр астыру</b> <b>Міндеті:</b> -Ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы бас киімдерді әшекейлеу -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік -Жапсырудың түрлі</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру <b>Мақсаты</b> заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру.  1-тапсырманы орындауды ұсынады. Әртүрлі таразыға қараңыздар! Таразы тең болу үшін не істеу керек екенін айтыңыз? (Сол</p>	<p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті</b> - Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып әндерді айту  <b>Мақсаты</b> Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу</p>

	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хорождтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Менің туған өлкем» Балалар бес топқа бөлінеді. Әр топ көшбасшысы үстелде теріс қарап жатқан суреттерді өздерінің қалауы бойынша таңдап алады. (Үлкен сурет бейнеленген парақшалар, әр суреттің астында бос текшелер бар.) Педагог сандықшадан екі кішкентай суреттен шығарады, қай топтың суретіне сәйкес</p>	<p>әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру -- Қағаздан</p>	<p>жақтағы табақшаға және оң жақтағы табақшаға салмақтары бірдей заттарды, салмақтары мен саны бірдей заттарды саламыз, заттардың салмағы теңесетіндей, бір табақшаға ауыр затты, екінші табақшаға жеңіл бірнеше затты саламыз. Педагог топта 2-тапсырманы орындауды ұсынады. Тепе-тең таразылардың</p>	<p><b>Музыка тындау:</b> «Қараторғай» (Ақан сері, өнд. Б. Ерзакович) Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев) «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен</p>
--	--	--	---	---	--

		<p>келеді, балалар алып, бос текшені жабады, қай топтың текшесі бірінші жабылады, сол топ жеңген болып саналады.</p> <p>Үлкен парақшадағы суретте Б. Момышұлының; кішкентай парақшадағы суреттерде Хиуаз Доспанова, Мәлік Ғабдуллин, Қабанбай батыр, Абылайханның; үлкен парақшадағы суреттерде ұлттық жиһаз – сандықтың; кішкентай парақшадағы суреттерде қоржын, кебеже, ағаш ожау, астаудың; үлкен парақшадағы суретте музыкалық аспап – қобыздың; кішкентай парақшадағы суреттерде домбыра, тайтұяқ, сыбызғы, дауылпаздың; үлкен парақшадағы суретте ақбөкеннің, кішкентай парақшадағы суреттерде арқар, елік, марал, таутекенің; үлкен парақшадағы суретте Зайсан көлінің, кішкентай парақшадағы суреттерде Алакөл, Көлсай, Балқаш, Жасыбай көлдері бейнеленген</p>	<p>құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру</p> <p><b>Мақсаты</b>сәукеленің суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>суретін қоршап сызады. Өз таңдауың түсіндіреді. Балалар суреттерді қарап, сұрақтарға жауап береді. Табақшалары тең оң жақ жоғарғы қатардағы суретті анықтайды. Тапсырмаларды орындайды, одан кейін бір-бірін тексеріп, бірлесіп талқылайды</p>	<p>жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хоровадтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,</b></p>	<p><b>Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр".</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап".</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі".</b> Мақсат-міндеттер.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Тергеушілер".</b></p>

<p><b>үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>бар?"</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.          Құралдар.          Жұпты суреттер (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге байқала қоймайтын бірнеше өзгерістер болады).          Шарты.          Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруді ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Киім тігу шеберханасы".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.          Құралдар.          Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".</b>          Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардың нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.          Құралдар.          Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета,</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі балалардың ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу.          Құралдар.          Сыртқы сипатында, құрмынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның</p>	<p>Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуге жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу.          Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегін (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу.          Құралдар.          Туған күнді өтеуге</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.          Шарты.          Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезекпен көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін</p>
--	---	--	--	---	--



<p>сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Ілмектер, ойыншық тігін машинасы, ойыншық қайшы, ойыншық үтік, жіптер, мата үлгілері, бор, сызғыш, қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, киім тігу шеберханасы туралы суреттерді қарайды, бұнда қызмет ететін мамандардың еңбегі жайында әңгімелеседі; түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, бәрін зерттейді. Балалар дизайнер, киім үлгісін пішуші маман, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандарға бөлінеді,</p>	<p>сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог алдымен балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа нұсқалар.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b></p> <p><b>"Супермаркет".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат</p>	<p>қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды пішіндері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, тәттілерді әзірлеуге қандай құралдарды пайдаланатынын анықтайды; туған күнін атау дәстүрі қайдан келгенін талқылайды.</p> <p>Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін жоспарлайды.</p> <p>Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратынын жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды.</p> <p>Туған күн иесін балалар санамақ арқылы таңдауы мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеруі тиіс.</p>	<p>дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтары н арттыру.</p> <p>Құралдар:</p> <p>құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лево ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының</p>
---	--	---	---	---

	<p>қолдарына қажетті жабдықтар алып, орындарына отырады. Қалған балалар тұтынушылар болып, сән журналынан өздеріне киім үлгісін, тігіншімен бірге мата үлгісін таңдайды. Алғашында педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның әдемі киімді киім жүруі үшін көптеген мамандар еңбек етеді, еңбекті қадірлеу керек; ал еңбекте өте төзімді және шебер болу қажет.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>		<p>қағаздары; есептеу машиналарының макеттері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркеттің суреттері, бейнежазбалар мен жарнамаларды көрсетіп, супермаркетте адамның кез келген тауарды сатып алумен байланысты барлық мұқтажы орындалатынын түсіндіреді. Супермаркеттің алып жатқан орны кең және тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында да айтылуы тиісті. Супермаркетте сатушы емес кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру</p>	<p>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады. Туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады: қонақтардың жақсы ниетпен келуі, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалуы.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>ақысын төлейді.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
--	--	--	--	---	--

		<p>керектігін айтатыны туралы балалар білу керек.</p> <p>Балалар ойыншыларды санамақ арқылы тандайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді.</p> <p>Педагог балалардың диалогтарын, қарым-қатынас үлгілерін, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады;</p> <p>супермаркет қоғамды орын болғандықтан, әдептілік ережелерін ұстану керек;</p> <p>супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-</b></p>		
--	--	--	--	--

			<b>әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>«Игі істер қоржыны»</b> Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады.	<b>Ілияс Жансүгіров «Домбыра» өлеңін жаттау</b> Тарт күйінді, домбыра! Төгіл, төгіл тәтті күй, Тау суындай сылдыра, Желпін, желпін жел соқтыр! Тауда тұман тұрмасын, Көкте бұлт ыдыра! Тындамаған қоймасын, Ойды-қырды қыдыра, Құлшына тарт, домбыра! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балалардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті,</b>	Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>	<b>Ілияс Жансүгіров «Домбыра» өлеңін жаттау</b> Тарт күйінді, домбыра! Төгіл, төгіл тәтті күй, Тау суындай сылдыра, Желпін, желпін жел соқтыр! Тауда тұман тұрмасын, Көкте бұлт ыдыра! Тындамаған қоймасын, Ойды-қырды қыдыра, Құлшына тарт, домбыра! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №6 <b>Серуен бақылу:</b> Қарды бақылау <i>Мақсаты:</i> — Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №7 <b>Серуен бақылу:</b> Шырша ағашын бақылау <i>Мақсаты:</i> — Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №8 <b>Серуен бақылу:</b> Су тамшыларын бақылау <i>Мақсаты:</i> — температураға	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №9 <b>Серуен бақылу:</b> Күнді бақылау <i>Мақсаты:</i> күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және	<b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №9 <b>Серуен бақылу:</b> Күнді бақылау <i>Мақсаты:</i> күн энергиясының

<p>бақылауды жүргізуге үйрету — Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»</i> <i>Ш. Ахметов</i> <i>Ақ қар еріп,</i> <i>Су көбейіп,</i> <i>Сай-салаға ағады.</i> <i>Бүршік шашып,</i> <i>Жапырақ ашап,</i> <i>Гүл, бәйшешек басады.</i> <i>Бөбектерім,</i> <i>айтыңдаршы,</i> <i>Бұл қай кезде болады?</i> <i>Балаларға сұрақтар</i> <i>*Қазір жылдың қай мезгілі?</i> <i>*Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?</i> <i>*Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?</i> <i>*Неге бұл жердің қары еріп жатыр?</i> Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан</p>	<p>жалғастыру;; — Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев</i> <i>Қанша заман өткенімен,</i> <i>Ескірмейтін асыл шырша.</i> <i>Алатаудың көктемімен,</i> <i>Доссың зой сен, жасыл шырша.</i> <i>Өзгермейсің қыс келсе де,</i> <i>Бояыңды оңдырмайсың.</i> <i>Аяз шымшып, тістесе де,</i> <i>Жапырағыңды тоңдырмайсың.</i> <i>Балаларға сұрақтар:</i> <i>*Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?</i> <i>*Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?</i> <i>*Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?</i> <i>Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда</i></p>	<p>байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай</i> Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар ◆ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) ◆ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) ◆ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады) ◆ Шуақты күні ше? (өседі) ◆ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да,</p>	<p><i>жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i> <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i> <i>Бір айналып оралып,</i> <i>Көкжиекке бұғады.</i> (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) Еңбек Ойын алаңы</p>	<p><i>адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i> <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i> <i>Бір айналып оралып,</i> <i>Көкжиекке бұғады.</i> (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол</p>
---	--	---	---	--

	<p>қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.</p> <p>Зерттеу жұмыстары</p> <p>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?</p> <p>Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істеуді үйрету.</p>	<p><i>шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде.</i></p> <p><i>Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.</i></p> <p>Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру , ерекшеліктерін атау.</p> <p>Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.</i></p>	<p><i>ол суға айналады)</i></p> <p>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүнгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүнгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен.</p> <p>Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.</p> <p>Еңбек</p> <p>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты:</i> <i>кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.</i></p>	<p>айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i></p>	<p>тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (<i>қоңыр түсті әйнекпен</i>)</p> <p>Еңбек</p> <p>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..</p> <p><i>Мақсаты:</i> <i>үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i></p> <p>.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз,</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалды жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді</p>

			белдеушесіз.		көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	--	--------------	--	---

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 3 – 7 сәуір 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу</b>	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	«Құрымдалған ойын» «Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.	«Құрымдалған ойын» «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.	«Құрымдалған ойын» «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.	«Құрымдалған ойын» «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады.	«Құрымдалған ойын» Бақша да ма, бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады.
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 15				
<b>Мектепке дейінгі</b>					




ұйым кестесі бойынша ҰІӨ

<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Мақсаты Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту.</p> <p>-Күшік пен мысық ертегісін есімізге түсірейік. –Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу). Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату <b>Мақсаты</b> - Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.</p> <p>Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау. Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды. Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру <b>Мақсаты</b> . Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету. <b>Ертегі:</b> «Қасқыр мен түлкі» (Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады). Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге: –Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсалаңдап:</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу <b>Мақсаты</b> Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.</p> <p>«Ең сақ кім екен?» Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынан түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту. Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу <b>Мақсаты</b> Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар</p>
--	--	---	---	--

			<p>–Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті.</p> <p>Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті.</p> <p>Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты.</p> <p>Қасқыр:</p> <p>–Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі:</p> <p>–Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті</p>		орнын ауыстырады
	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b><b>Міндеті:</b> - Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру</p> <p><b>Мақсаты</b> өткен тақырыптарды пысықтау.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Орамал тастамақ». Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b><b>Міндеті:</b> Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.</b></p> <p>Суретте жиналған аңдарды ата.</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b><b>Міндеті</b>Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Мақсаты</b> сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау</p> <p><b>Дидактикалық</b></p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b><b>Міндеті:</b> Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу</p> <p><b>Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.</b></p> <p><b>Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады.</b> Ертегі – әдеби жанрдың</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b><b>Міндеті:</b> Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b>өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету</p> <p>Ақтілек пен Асылым диалог жүргізеді. – Асылым, сен таңертең не істейсің?</p>

	<p>сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.</p> <p>Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.</p>	<p>Арыстан аңдарды не үшін жинады? Аңдар арыстанның сұрағына қалай жауап берді? Көктемнің сәні не? Ойынды ортаға сал. 2. Қай суреттер көктемнің сәні дегенге сәйкес келеді? Белгіле. Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады. Басқа балалар көрермен болады</p>	<p><b>ойын: «Сөйлемді толықтыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету. Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет. Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем ойнап жүр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап жүр. Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр.</p>	<p>бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді</p> <p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін шақырды? – Қандай аңдар жиналды? – Арыстан қандай сұрақ қойды? – Аңдар не деп жауап берді? – Елік дұрыс айтты ма? Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп.</p>	<p>– Мен таңертең тұрамын. – Таң-ер-тең- ң тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс). – Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын. – Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-залай-мын – тісімді тазалаймын. – Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын. – Жат-ты-ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын. – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін. – Содан кейін анаммен балабақшаға барамын.</p>
--	--	--	--	--	--

	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту  <b>Мақсаты:</b> заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Қай табақша төмен түседі?</b>  Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме?  Таразы бойынша</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру  <b>Мақсаты</b> заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Топтық практикалық жұмыс.  Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру.  Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады.  Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі.  Дәптермен жұмыс  1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады.</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен танысу</b>  <b>Міндеті:</b> -Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу  <b>Мақсаты:</b> Киіз үй жабдықтарымен таныстыру.  Балалар мына суреттененің суретін көріп тұрсындар?  — Киіз үй туралы не білесіңдер?  — Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді?  — Киіз үйді неден жасайды?  — Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме?</p> 	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру  <b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру</p> <p><b>Ойын: «Сиқырлы қоржын».</b> ( Ішінде кесе, қасық, тәрелке).  Балалар таныс</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды.  Сөздік ойын: «Жалғасын тап».  Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.  Таңертең ... (тұрамын).  Бетімді ... (жуамын).  Тісімді ... (тазалаймын).</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ? Блиц-сұрақ. Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па? Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек? Дәптермен жұмыс Педагог 2-тапсырманы орындауды сұрайды. Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады. Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады: тең, жеңіл және ауыр. Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға – үш-үштен жеміс салады.</p>	<p>– Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді</p>	<p>— Жарайсындар балалар. Жауап берген балаларды алтын жұлдызбен бағалау. — Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін. — Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады.</p>	<p>заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру. – Мынау – торсық. – Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды). – Торсық теріден жасалады. – Торсық неден жасалады? – Торсық теріден жасалады. – Мынау – тостаған. – Мынау не? – Мынау – тостаған. – Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай). – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостағанмен не ішеді? – Тостағанмен қымыз, айран ішеді. – Тостаған ағаштан жасалған.</p>	
--	---	---	---	---	--

			<p>— Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту.  Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған.  Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары.  Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық.  Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады.  Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары.  Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже.  Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ.  Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары.  Жұкаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат.  Сандық – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары.  Төсеніштер:  Алаша, киіз, сырмақ.  Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы.  Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын</p>	<p>– Тостаған неден жасалған?  – Тостаған ағаштан жасалған.  – Мынау – ожау.  – Мынау не?  – Мынау – ожау.  – Мынау – ұлттық ыдыстар.  – Мыналар – нелер?  – Мынау – ұлттық ыдыстар.  Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды.  – Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай?  «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табак, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...».)  Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы: <b>Менде тостаған. Сенде не?</b></p>	
--	--	--	--	--	--

			<p>дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. — Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті, қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың балаларына тапсырмалар жіберіпті. — Топпен жұмыс жасау. 1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласындар. 2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасындар. 3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырындар. 4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар.</p>	
--	--	--	---	--

	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт  <b>Мақсаты</b> Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру</p> <p>: Музыка тыңдау:  «Ақ сиса» (Жаяу Мұса)  Ән айту:  «Наурыз тойы» (Т. Мұратов)  «Көктем» (Д. Гусинцев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Аюлар биі» (Е.</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту  <b>Мақсаты</b> Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, ардақтауға құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу. .</p> <p><b>Ата мен әжесінен сүйінші сұрап</b> қыз бала жүгіріп келеді, сүйіншісін беріп, көршілерге қуанышты хабарды хабарлауға жұмсайды. Ата мен әже немерелі болдык деп</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру  -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік  - қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию  -Шығармашылық қиялды дамыту,</p>	<p><b>4.Математика негіздеріМіндеті</b>  Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға бағалатындығы туралы түсінікті бекіту  <b>Мақсаты</b> заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Педагог 3- тапсырманы орындауды сұрайды.  – Суреттерді қарандар.  Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар.  Санын жазыңдар.  Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады.</p>	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.  <b>Мақсаты</b>  Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтары н арттыру  Музыка тыңдау:  «Ақ сиса» (Жаяу Мұса)  Ән айту:  «Наурыз тойы» (Т. Мұратов)  «Көктем» (Д.</p>
--	---	--	--	---	--



	<p>Тиличиева) Билер: «Қамажай» х.э. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)  Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин)  Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э. (өңдеген Б. Дәлденбай)</p>	<p>қуанып, есім таңдап отырғанда, нәрестесін көтеріп келіні кіреді. Атасы немересін қолына алып, азан шақырып атын қояды.  Тәрбиеші: Балаға ат қою рәсімі. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі балаға ат қою. Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүр. Ал енді, тәрбиешілер сіздердің де есімдеріңізді ырымдап қойған болар, сол туралы айтып өтсеңіздер. (әр тәрбиеші өз есімдері жайлы айтып өтеді)  Қазақтың балаға байланысты жасалынатын ырым-дәстүрлерін атап өту (тәрбиешілер балаға байланысты дәстүрлерін атап, соның ішінен бесікке салу дәстүрін көрсетеді)  Бесікке салу рәсімінен көрініс. Баланы бесікке салу – салтанатты рәсім. Баланы бесікке салмас бұрын, баланың бесігіне, жын – шайтан жоламас үшін аластайды. Баланы бесікке салмас бұрын «тыштырма рәсімі» жасалынады. Бесіктің тесігінен тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын созып, бесіктің астына алақандарын жаяды. Өткізілген тәттілер</p>	<p>көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу</p> <p><b>Мақсаты</b>-ұлудың суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>4- тапсырма жеке орындалады. Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады:  – Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз.  – Тоқта.  – Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста.  – Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты).  – Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит.</p>	<p>Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличиева) Билер: «Қамажай» х.э. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)  Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин)  Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э.</p>
--	---	---	--	--	---

		<p>олардың алақандарына түседі.Бесіктің астына әрбір тәтті түскен кезде ,бесікке салған адам басқаларға «тышты ма?» деп сұрайды. Сол кезде жиналған жұрт «тышты, тышты»деп айтады. Осылайша «тыштырма» рәсімі «тышты ма?» деген сөзден шыққан. Баланы бесікке бөлегеннен кейін «бесік жыры» айтылады. Бесік жыры –дегеніміз балаға әндетіп айтылатын әуен. Бесік жыры бала мазасыз болып, жылап жатқанда немесе ұйықтай алмағанда айтылады. Бесіктің құрал – жабдықтарын атап өту. «Ел боламын десең ,әуелі бесігіңді түзе» деп қазақ атамыз тектен текке айтпаса керек.</p>			
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Домино" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жаман - жақсы".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік,</p>	<p><b>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Асықты тігіп ойнау</b> Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа.</p>

	<p>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.</p> <p>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.</p> <p>Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені...», «Балалар бастарына панама киді, өйткені...», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені...»</p>	<p>жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.</p> <p>Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.</p> <p>Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция</p>	<p>"бояуларды" сомдайды.</p> <p>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.</p> <p>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:</p> <p>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?</p> <p>"Бояушы":</p> <p>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім.</p> <p>Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін.</p> <p>"Бояуды сатушы":</p> <p>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?</p> <p>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:</p> <p>- Бояудың бағысы қанша?</p> <p>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.</p>	<p>ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді.</p> <p>Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды.</p> <p>Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.</p> <p>Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады.</p> <p>Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды немесе құбылысты көрсетеді.</p> <p>2-нұсқа.</p> <p>Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен қимылдарды көрсетеді.</p> <p>3-нұсқа.</p> <p>Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай</p>
--	--	---	---	--	--

	<p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Еркін ойын:</b>  <b>"Мұздату".</b>  Мақсаты: ерікті реттеу дағдыларын, ережелерге бағына білу қабілеттерін дамытуға арналған ойын.  Ойын барысы. Балалар әуеннің ырғағына секіріп, ойнап жүреді. Кенеттен әуен тоқтайды. Ойыншылар кідіріске ұшыраған күйінде қатып қалуы керек. Егер қатысушылардың біреуі қозғалып қойса, ол ойыннан шығарылады. Олар тек бір қатысушы қалғанға дейін ойнайды.</p>	<p>сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.  Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кеме жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.</p> <p>Шарты.  Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде</p>	<p>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>		<p>орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар:  "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүргізуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау</p>
--	---	--	---	--	--

		<p>саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс. Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына</p>			<p>өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді. Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы</p>
--	--	---	--	--	---

		<p>барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>			<p>полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс. Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.</p>
--	--	--	--	--	--

					<p>Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады. Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек;</p>
--	--	--	--	--	--

					жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>
<b>Баламен жеке жұмыс</b>	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс,	<b>"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу. Барысы. - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдері белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>	<b>Өлең жаттау.</b> Бала тілін дамыту. Көкке ұшамын - Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем Ер ғарышкер ағаның. (Тұманбай Молдағалиев) <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Мен ғарышкер боламын" өлеңін жаттау.</b> Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. Ж.Смақов <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Сергіту сәті.</b> "Ғарышқа самғап ұшайық." - Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау). Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю), Ұшақ болып



	еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b>				ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу") - Зуууу! Зуууу! Балалар педагогке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.
<b>Серуен</b>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №3</b></p> <p align="center"><b>Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау</b></p> <p><i>Мақсаты:</i> — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.</p> <p><i>Бақылау барысы</i></p> <p><b>Тәрбиеші әңгімесі:</b> Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары.</p>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №4</b></p> <p align="center"><b>Бақылау: Тастарды бақылау</b></p> <p><i>Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.</i></p> <p><i>Бақылау барысы</i> Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.</p> <p><b>Сұрақтар:</b> *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды</p>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №5</b></p> <p align="center"><b>Бақылау: Бұлттарды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><i>Бақылау барысы.</i> <i>Көркем сөз. «Бұлт»</i> <i>Ө. Ақыпбекұлы</i> <i>Бұлттың қайда тұрағы?</i> <i>Біле алмадым мұны әлі.</i> <i>Білерім көк аспанның,</i> <i>Бұлт-көшпелі бұлағы.</i></p> <p>Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұлт дегеніміз не? ♦Бұлттардың түсі қандай болады? ♦Бұлттар неден тұрады? (<i>сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.</i>) ♦ бұлттардың қандай</p>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №6</b></p> <p align="center"><b>Бақылау: Желді бақылау</b></p> <p><i>Мақсаты:</i> - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау.</p> <p><i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады.</p> <p><b>Сұрақтар қояды:</b> ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда</p>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №7</b></p> <p align="center"><b>Бақылау: Сутоғанды бақылау</b></p> <p><i>Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i></p> <p><i>Бақылау барысы</i> Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды</p>

	<p>Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар</p> <p>◆ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?</p> <p>◆ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?</p> <p>◆ Мойыл жидектерінен не жасайды?</p> <p>◆ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?</p> <p>◆ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.</i></p>	<p>көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.</p> <p>*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.</i></p>	<p>түрлерін білесіңдер? <i>(түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)</i></p> <p>◆ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)</p> <p>◆ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)</p> <p>◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)</p> <p>◆ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)</p> <p>◆ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.</p> <p>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.</p> <p><i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген</i></p>	<p>болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <p>◆ Барынша қатты желдердің атын ата? <i>(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)</i></p> <p>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</p> <p>◆ Желдің ізін көруге болады ма?</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.</p> <p><b>Еңбек</b> Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау</p> <p><i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i></p>	<p>жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.</p> <p><b>Зерттеу жұмысы.</b></p> <p>Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.</i></p>
--	---	---	--	--	---

			<i>ынталарын қалыптастыру..</i>		
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 10 –14 сәуір 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер, гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 15				
<b>Мектепке дейінгі</b>					

<p><b>ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану  <b>Мақсаты:</b> Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды.  –Ертегіде нелер жайлы айтылған?  –Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?  –Екеуі жолдан не көрді?  –Қасқыр Түлкіге не деді?  –Сонда Түлкі не дейді?  –Ертегі қақпанға қайсысы түседі?  –Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?  –Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма?  Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады.  Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап».  Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру  <b>Мақсаты:</b> Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларын қолдана білуін қалыптастыру</p> <p>«Желпуіш саламыз»  <b>Шаңғының ұшы</b>  180 айнала қозғалып, бұрылады.  «Тоннель».  Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою.  Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек.  Балалардың қажетті арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - <b>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу</b>  <b>Мақсаты:</b> Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.  –Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме?  –Ғарышкер немен ұшады?  –Ғарышкер қандай болу қажет?  Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын!  Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын.  Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын.  Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын.  (Ж.Смақов)</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру  <b>Мақсаты:</b> - 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын тандай білуге үйрету.</p> <p>Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды.  Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу  <b>Мақсаты:</b> 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын тандай білуге үйрету.  40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту.  Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады.  Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады.  Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады. (3 рет).</p>
--	--	---	--	--	---


			<p>–Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? –Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма? –Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді. –Ал сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p><b>2.Сауат ашу негіздеріМіндеті:</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс» Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. Дидактикалық ойын: «Қағып ал» – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады. Дәптермен жұмыс: 1 Суретте не бейнеленген? Бала нені армандап тұр? Ойыңды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің? 2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздеріМіндеті</b> Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру ...</p> <p>Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс» – Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер. Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(қ), ...омбыра (д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (қ), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б.</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. – Кім ғарышкер болғысы келеді? – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын.</p>	<p><b>2.Қазақ тілі Міндеті:</b> -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту <b>Мақсаты</b> мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>Мысалы: қққасқыр(к), еетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжжаз(ж), мммоншақ(м), қққоңыз(к), қққолшатыр(к), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(к), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), ээәтеш(ә), еесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(к), сссандық(с), тттекемет(т), еер(е), үүүзенгі(ү), аарба(а) т.б. – Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?</p>			<p>Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын</p>	
--	---	--	--	--	--



	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - 10 көлеміндегі сандарды салыстыру  <b>Мақсаты:</b> 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Карточкамен жұмыс Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте) 1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен  <b>Мақсаты</b> 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>  Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу <b>Мақсаты</b> Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру.  Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту  <b>Мақсаты</b> азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Сиқырлы дорба», ішінде</b> азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар.  Сиқырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды.  – Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтындар:  Дорба әдемі, дорба жақсы.</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады) -ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.  Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа,</p>
--	--	--	---	---	--

	<p>цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз</p>	<p>дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді.</p>  <p><b>Сонымен</b>  <math>10 - 1 = 9</math>  <math>9 - 1 = 8</math>  <math>8 - 1 = 7</math>  <math>7 - 1 = 6</math></p>	<p>Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?  - Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.  - Балалар аспаннан нелерді көруге болады?</p> <p>Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер?  (балалардың жауабы ).  Тәрбиеші:  - Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, паштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен.  Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді.  Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер  - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер?</p>	<p>1, 2, 3, 4, 5  5, 4, 3, 2, 1  Міне, дорба ашылды!  Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады.  Мынау – ет.  – Мынау не?  – Мынау – ет.  – Мынау – жұмыртқа. Жұмыртқа.  – Мынау не?  – Мынау – жұмыртқа.  – Жұмыртқа – тағам.  – Жұмыртқа – ... (тағам)  – Мынау – ірімшік. Ірімшік.  – Мынау не?  – Мынау – ірімшік.  – Ірімшік дәмді.  – Ірімшік дәмді ме?  – Ірімшік дәмді.  – Ірімшік – тағам.  – Ірімшік не?  – Ірімшік – тағам.  – Мынау – қант.  – Мынау не?  – Мынау – қант.</p> <p>!</p>	<p>ала, алқа, Алжан, алмас, алау,  Альбина, ал т.б .  -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.  Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.  -жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.  Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау,  Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б.</p>
--	---	--	--	--	---

			<p>- Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанд абылатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру. Өртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.</p>		
	<p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті: - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету</b> <b>Мақсаты :</b> Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету.</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b> Міндеті: Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мақсаты Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру. Жарайсындар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз.</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b> <b>Міндеті: - - көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру,көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру</b> -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау - Қағаздан таныс</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b> Міндеті Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару Мақсаты 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>–</p> <p>5 – 1</p> <p>–</p>	<p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті -- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру</b> <b>Мақсаты</b>Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету..</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т.</p>

	<p>«Жеңіл би» (Т. Ломова)  Билер:  «Қоян биі» (В. Питерцев)  Ойындар, хороводтар:  «Төлдер» (Д. Ботбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>Тақтаға қараңдаршы, мына суретте кім бейнеленген?  Балалар:  - Нұрсұлтан Назарбаев!  Тәрбиеші:  - Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.  Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме?  Балалар:  Ол біздің президентіміз!</p>	<p>немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию  - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі,</p>	<p>7 – 1  –  4 – 1  Ойын жаттығуы:  «Жазбаны шеш».  Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.</p>	<p>Мұратов)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Жеңіл би» (Т. Ломова)  Билер:  «Қоян биі» (В. Питерцев)  Ойындар, хороводтар:  «Төлдер» (Д. Ботбаев)  Музыкалық аспапта ойнау:  «Латыш полькасы» (М.</p>
--	--	--	---	---	--

		<p>- Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті. Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады. Сол азамат Нұрсұлтаның емес пе, Орындаған бабалардың арманын Күн өткен сайын құлпырып, Жайнадың гүлдей Астана, Елорда – менің Астанам, Елорда-менің бас қалам</p>	<p>ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу <b>Мақсаты-</b> көктем мезгілінің суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру.</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>		Раухвергер)
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын ««Экологиялық пирамида»».</b> Мақсат-міндеттер: балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу. Ойынның ережелері. «Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады. Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында «экологиялық пирамида деген жазу бар. Ойынның барысы.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, басында жүргізуші рөлін педагог өзі алуы</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды,</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі).</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемочарточкалар. Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Мен кімін? Ол не?"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс немесе мамандық иесі туралы сипаттаманы естіп, оның кім немесе не екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар, құбылыстар, заңдылықтар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгірлікке тәрбиелеу. Шарты. Алғашында педагог, содан соң қалаған балалар кезекпен шығып, қалған балаларға өздерінің жұмбақтарын</p>

				<p>қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	--	--	--	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>"Қағаздан бүктеу" оригами жұмысы.</b> Тақырыбы: "Тырна". Мақсат-міндеттер. Қағазды бүктеу арқылы әртүрлі аңдар, құстар мен гүлдердің пішіндерін жасауға мүмкіндік беру. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Жанылтпаштар жаттау.</b> 1. Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші ... бес пысық. 2. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім? 3. Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Тұманбай Молдағалиев «Гүлдер».</b> Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер, «Жайнар кезім келді» - деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға. Гүлдер, гүлдер не түрлі Құлпырды да, жетілді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Тұманбай Молдағалиев «Гүлдер».</b> Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер, «Жайнар кезім келді» - деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға. Гүлдер, гүлдер не түрлі Құлпырды да, жетілді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №13</b> <b>Бақылау: Бұлттарды бақылау</b> <i>Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру</i> <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз «Бұлт»</b> <b>Ә. Ақыпбекұлы</b> Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. <b>Тәрбиеші балаларға</b></p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №14</b> <b>Бақылау: Күнді бақылау</b> <i>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i> <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) <i>Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады.</i> (күн)</p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №15</b> <b>Бақылау:</b> <b>Жәндіктерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> <i>«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</i> — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</i> -Гүлдің нәрін жинайды,</p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №16</b> <b>Бақылау: Топырақты бақылау</b> <i>Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру</i> . <i>Бақылау барысы</i> Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар</p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №17</b> <b>Бақылау:</b> <b>Жәндіктерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> <i>«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</i> — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші жұмбақтар</i></p>

	<p><b>сұрақ береді.</b>          ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?          ♦ Бүгінгі бұлттар қандай?          ♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?          ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?</p> <p><b>Еңбек</b>          Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу  <i>Мақсаты:</i> бірлесіп жұмыс істеді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.          *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?          *Күн қай жақтан шығады?          *Қай жаққа батады?          *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?          *Неге?</p> <p><b>Зерттеу қызметі</b>          Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?          Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?          Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (<i>қоңыр түсті айнекпен</i>)</p> <p><b>Еңбек</b>          Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..  <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</p>	<p>Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды.          Бұл не? (ара)          -Қанды сорып сүліктей,          Ызындап кеп шағады.          Бұл қандай бүлік дой? (маса)          -Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты.          Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады.          Бұл не? (шыбын)          -Құжынаған жұмыскер,          Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)          -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді.          Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)          ♦</p>	<p>өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміне жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..  <b>Зерттеу жұмысы</b>          Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.          Құммен торфты салыстыру;          Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.  <b>Еңбек</b>          Ағаш түптері мен атызға торф тасу.  <i>Мақсаты:</i> торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.  <b>Қимылды ойын</b>          «Аққу-қаздар».  <i>Мақсаты:</i> берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.  <b>Жаттығу ойыны</b>          Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.  <i>Мақсаты:</i> секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</p>	<p><i>жасырады:</i>          -Гүлдің нәрін жинайды,          Адамға бал сыйлайды.          Еңбекқорды аялайды,          Еріншекті аямайды.          Бұл не? (ара)          -Қанды сорып сүліктей,          Ызындап кеп шағады.          Бұл қандай бүлік дой? (маса)          -Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты.          Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады.          Бұл не? (шыбын)          -Құжынаған жұмыскер,          Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)          -Тор тоқуға шебер-ақ,          Бірақ киім тікпейді.          Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)          ♦</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау</p>

	<p>жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--	---	---	--	---	--

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 24 – 28 сәуір 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>	<b>«Әдебиет орталығы» «Тату доспыз бәріміз»</b> тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады.	<b>Д/ойын:</b> «Керісінше айт» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы-суық, ыстық-суық, жарық-қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу.	<b>«Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс.</b> <b>Мақсаты:</b> Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз.	<b>Үстел- үсті ойын:</b> <b>«Пазлдарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сөнбесін!»</b> <b>Мақсаты:</b> конструкт ормен, есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	<b>Д/ойын: «Достық»</b> <b>Мақсаты:</b> 1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; <b>Ынтымақтыққа,</b> достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 16				

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту Міндеті</b>Сөйлеу әдебін, жай және жайылма</p> <p><b>сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру</b>  <b>Мақсаты</b> Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу</p> <p>Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал».</p> <p>Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады. Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру Міндеті:</b> - -</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру</p> <p><b>Мақсаты</b>  Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен аяқтың қимылын үйлестіру.</p> <p>Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу.</p> <p>Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды.</p> <p>Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды.</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамытуМіндеті:</b>  - Интонациясы</p> <p>бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b> албан б3л3мдер3н пысы0тау</p> <p>Таңдаған ертегіні сахналау</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру Міндеті:</b> -3-5 метр кашықтықта екі қолын</p> <p>жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).</p> <p><b>Мақсаты</b> - Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету</p> <p><b>Баскетбол себетіне доп лақтыру.</b>  Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды. Доптан көзін алмай, шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру Міндеті:</b> - Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);</p> <p><b>Мақсаты</b> Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»  Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады.</p> <p>Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды.</p>
---	--	---	--	---	--





				<p>Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.</p>	<p>Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді. Өзін-өзі уқалау: «Балақан, қандай жақсы алақан!»</p>
--	--	--	--	---	---




	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру  <b>Мақсаты</b> Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.</p> <p>Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2. Не артық? Қоршап сыз.</li> <li>3. Киіз үйдің суретін сал.</li> <li>4. Жұмбақты шеш.</li> </ol> <p>Ұқсайтын шенберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиназы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Қағып ал»</b> – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасындар  Мысалы: кққасқыр(к), еестік(е), ттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссаяғат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), мммоншак(м), кққоңыз(қ), кққолшатыр(к), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), кққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), кққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), еееер(е),</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету.  – Суреттен не көріп тұрсындар?  – Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған.  – Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді Өлең мазмұны бойынша</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,-  <b>Мақсаты</b> ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету</p> <p>Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме? Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады. Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады. Ертегі не туралы? Жаңа сөздермен таныстыру.  – Мынау – сатушы. Сатушы.  – Мынау кім?  – Мынау – сатушы.  – Сатушы нан сатады.  – Сатушы не істейді?  – Сатушы нан сатады.  – Мынау наубайшы. Наубай - шы.  – Мынау кім?  – Мынау – наубайшы.  – Наубайшы нан пісіреді.  – Наубайшы не пісіреді?  – Наубайшы нан</p>
--	---	--	---	--	--

			<p>Үйүзеңгі(ү), аарба(а) т.б</p>	<p>сұрақтар:          – Өлең саған ұнады ма?          – Авторы кім?          – Өлең қалай аталады?          – Өлеңде не туралы айтылған?          – Киіз үйдің пішіні қандай?          Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:          – Өлең саған ұнады ма?          – Авторы кім?          – Өлең қалай аталады?          – Өлеңде не туралы айтылған?          – Киіз үйдің пішіні қандай?          !</p>	<p>пісіреді.          – Мынау – бидай.          – Мынау не?          – Мынау – бидай.          – Мынау – диірменші.          – Мынау кім?          – Мынау – диірменші.          – Диірменші бидайдан ұн жасайды.          – Диірменші бидайдан не жасайды?          – Диірменші бидайдан ұн жасайды.          – Мынау – ұн.</p>
--	--	--	--------------------------------------	---	--

<p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті</b>10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту Мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.</p> <p>Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды</p> <p>Суретті қарандар. Неше пішін? Оларды атандар. Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап, санайды.</p> 	<p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b>Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту Мақсаты алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.</p> <p>осыған дейін не үйренгенімізді еске түсіреміз. Білімдерімізді жүйелеп көрсетеміз. Балалар жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді: біріінші команда Әлияның командасы, екінші команда Сырымдікі тапсырма. Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қарандар. Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. – Тақтадағы фишкаларға қарандар. – Олардың ұқсастығы қандай? – Айырмашылығы неде? – Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:</b> Тірі және өлі табиғаттың маңыздылығын түсіну Мақсаты Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау. Балалардың ақыл — ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.</p> <p>Табиғат ананың хаты Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып беріндерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі табиғатты» жайлы қызықты ертегі әңгімелеп беріндерші. – Ал, балалар Табиғат ананың тапсырмасын орындаймызба? Тәжірибе: Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір — біріне жабыспайды. Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру,</p> <p>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. – Балалар бұл ненің даусы? Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай таныс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. – Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? – Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті-</b>Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. <b>Мақсаты</b> Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дөп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріндерші</p>
---	---	--	--	--

			<p>құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды. Ауыр зат. (Балалардың тәжірибе жасауы)</p> <p>3) Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді)</p> <p>Табиғат туралы мақал — мәтелдер:</p> <p>Таза болса табиғат Аман болар адамзат. Туған жердің суы тәтті Топырағы да ыстық</p>	<p>шөп, су береді</p> 	
	<p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту <b>Мақсаты</b> Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.</p> <p>Музыка тыңдау:</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b>Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы бақылау Мақсаты Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір-бірімен байланысы жайлы</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b> <b>Міндеті:</b> - - күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b> <b>Міндеті</b>Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту <b>Мақсаты</b> алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.  Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазындар.</p>	<p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті -</b> Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру <b>Мақсаты .</b> Музыкалық</p>

<p>«Көкек» (Х. Мұхамедова)  Ән айту:  «Көктем» (А. Жайымов)  «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Құстар» (Т. Ломова)  Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар: «Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)  Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>	<p>мағлұмат беру, танымдық әрекетін шыңда</p> <p>(Бдысқа пияз отырғызу)  Пияз туралы балаларға түсінік беремін.  Біздің табиғат бұрышында көптеген әдемі, әсем гүлдер өсіп тұр бірақ соның ішінде денсаулыққа пайдалы пияз жоқ, сондықтан біз бүгін сендермен ыдысқа пиязды отырғызамыз деп, балаларға пиязды егу тәсілін көрсетемін.</p> <p>Ең алдыменен мына ыдысқа жер саламыз, одан кейін пиязды саламыз да, жермен жабамыз. Енді су құямыз, осы кезде 1-2 баланы пиязды егуге шақырамын.</p> <p>Көрдiңдер ме балалар, тiрi табиғат өлi табиғатсыз өспейдi. 1-2 бала шығып пияз егуге көмектеседi.</p> <p>Бiздiң пиязымыз өсу үшiн не керек екен?  Ендi еккен пиязымызды терезенiң алдына қойып, күнде кезекпен суғарып, өсуiн бақылып отырамыз. Өздерiн бағалау Су, жер керек.</p> <p>Балалар, мына шырша жай тұрған жоқ?  Балалар сендердiң алдарыңда жұлдызша және дөңгелек пішіндер тұр.  Бүгiн сабаққа өте жақсы белсендi қатыстым деген бала жұлдызшаны, ал</p>	<p>көрсете білу, бөліктердiң салыстырмалы көлемдерiн сақтау - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлi бейнелердi, қатпарланып бүктелген қағаздан бiрдей бiрнеше пішіндердi және екiге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегi заттарды қию - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекiлiкке сүйене отырып, елестетуi, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай бiлу</p> <p><b>Мақсаты</b> –ұшақ суретiн салуүмүсiндеу,жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>		<p>мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.</p> <p>Музыка тыңдау:  «Көкек» (Х. Мұхамедова)  Ән айту:  «Көктем» (А. Жайымов)  «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Құстар» (Т. Ломова)  Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар: «Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)  Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>
--	---	---	--	---

		<p>орташа қатыстым деген бала дөңгелекті шыршаға іледі. Қане балалар өздеріңді бағалап көріндерші,- деймін. Балалар тақтада ілініп тұрған шыршаға не жұлдызшаны болмаса дөңгелекті алып іледі.</p> <p>Қараңдаршы балалар, шыршамыз қандай әдемі болды, деймін де сұрақ – жауап арқылы оқу іс-әрекетін қортындылаймын.</p>			
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>Рөлдік ойын: "Қонақ күту".</b>  Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю).  Ойын материалы. Қуыршақ тағамдары, ойдан шығарылған тағамдар, оларды алмастыратын заттар; дастарқан жайылған үстелдер, шай ыдыстары, вазалар, шай, пирогтар.  Ойын барысы. Педагог ойынды әр түрлі әдіспен жүргізе алады. Балалар өз тобында ойдан шығарылған жағдайда ойнай алады немесе басқа топтан қонақтар шақыра алады.  Осыдан кейін барлық</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Арқан тартыс</b>  Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан кем болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он-он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп, ортасына аққала</p>	<p><b>«Достықты сақтаймыз!» дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-бірімен дос, тату, ұйымшыл болуға тәрбиелеу.  Шарты. Педагог қолына достықты білдіретін күнді алып, бөлменің ортасына шығады. Күннің сәулелері түрлі-түсті ленталардан жасалып, шеттеріне қысқа таяқшалар ілінген.  Педагог көңілді әуенді қосады. Әр таяқшаның екі шетінен, екі баладан ұстап күнмен бірге айналады.  Педагог достық, ынтымақ тақырыбында тақпақты мәнерлеп оқиды. Лента ұстаған балалар тақпақ айтуды жалғастырады.</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Ақсүйек</b>  Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жұлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады.  Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды.  Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары</p>	<p><b>"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу.  Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b></p>

	<p>ойын әрекеттері қонақтарды қабылдауға және оларға қамқорлық жасауға дайындық шеңберінде өрбиді. Педагог балаларға қонақтар келгенге дейін иелері пәтерді жинап, оны гүлдермен безендіріп, дастарқан жайып, тұрмыстық техниканы дұрыс орналастыру керектігін айтады. Содан кейін қонақтарды қалай қарсы алу керектігін, оларды қалай құрметтейтінін айтып түсіндіреді. Содан кейін педагог балаларды өз бетінше ойын жоспарын құруға шақырады, онда не, қалай және қалай болады. Бұл қызықты сюжетті дамыту үшін бірнеше идеялар ұсынуы мүмкін, бірақ оның негізгі мазмұнын балалардың өздері ойлап табуы керек. Ойын нұсқаларының бірі келесідей болуы мүмкін. «Қонақтар» келгенде, «үй иелері» оларды дұрыс орналастырады және ыңғайлы орындарды ұсынады. Шай ішу кезінде қонақтарды қызықты әңгімеге тартады, оларға жылы шыраймен қарайды:</p>	<p>үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Педагог бұл тақырыпты өтерден бұрын, оқу қызметінен тыс уақытта балаларға достық, ынтымақ, татулық тақырыбындағы тақпақтарды оқып беріп, үйден жаттап келуді тапсырады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	
--	--	---	--	---	--

	<p>«Ішіңіз, жеңіз», «Мына пирогты жеп көріңіз», «Шай немесе шырын тағы алғыңыз келе ме?». Шай ішіп болғаннан кейін «үй иелері» педагогтің көмегімен қонақтарды ұжымдық әндермен, жұмбақтармен, ашық ойындармен немесе ауызша ойындармен қуантады. Мұның бәрі «иелері» алдын-ала талқылап, дайындалып, кімнің қандай ойын-сауық өткізетінін дайындап қояды. Ойынның соңында педагог үй иелері немесе қонақтар жіберген барлық қателіктерді ұжымдық түрде талқылауы керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы. "Достық".</b> Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз ( екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу). Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен</p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b> 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ орап. 3. Қырда қырау, Қызыл ала бұзау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Өлең жаттау.</b> Әли Ысқабаев "Достық ұлы туымыз". Дос, бауыр көп, Тосқауыл жоқ, Айқара ашық есігі, Ұлы Отаным, Гүл Отаным - Тыныштықтың бесігі.  Тілегі бір, Жүрегі бір, Достармен біз біргеміз.</p>	<p><b>"Жұмбақтар шешу" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: белсенді сөздік қорындағы зат есімдер қорын кеңейту. Ойын барысы. Балалар орындықта отыр. Тәрбиеші жәндіктер туралы жұмбақтар жасырады. Жұмбақтың жауабын тапқан баланың өзі жұмбақ</p>	<p><b>"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу.</p>



	<p>бір-біріне тигізу). Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>		<p>Туыс барда, Құрыштан да, Берік біздің іргеміз. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>жасырады. Жұмбақты тапқаны және болжағаны үшін ол бір жетон алады. Жетон көп болған жеңіске жетеді. Балалар өздерінің жұмбағын ойлап таба алады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде.</p>
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №18</b> <b>Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау(гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару ); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз.</b> <i>Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашиюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлталар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік.</i></p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №19</b> <b>Бақылау: Жолжелкенді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. <i>Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.</i> <b>Бақылау барысы</b> <b>Тәрбиеші әңгімесі</b> <i>-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде</i></p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №20</b> <b>Бақылау: Жәндіктерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> <i>«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</i> — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <b>Бақылау барысы</b> <b>Тәрбиеші жұмбақтар жасайрады:</b> *Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) *Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) *Ызыңдап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) *Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер.</p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №21</b> <b>Бақылау: Ауа-райын бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. <b>Бақылау барысы</b> <b>Көркем сөз.</b> <i>А.Меңдібай</i> <i>Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жатырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.</i> Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ◆ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі</p>	<p><b>Сәуір</b> <b>Серуен-Бақылау №22</b> <b>Бақылау: Гүлзарды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ◆ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ◆ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ◆ Олардың қандай айырмашылығы бар? ◆ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?</p>

<p><i>Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа ұлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар.</i></p> <p>◆ Бақбақ гүлінің түрі қандай??</p> <p>◆ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып</p>	<p><i>жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққимге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаниуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.</i></p> <p><i>Балаларға сұрақтар:</i></p> <p>◆ Мамыр айын халықта қалай атайды? (<i>шешек айы</i>)</p> <p>◆ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (<i>күннің көзі көп түскен жерде бар</i>)</p> <p>◆ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп</p>	<p>(құмырсқа)</p> <p>*Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)</p> <p><b>Тәрбиеші сұрақтары.</b></p> <p>◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</p> <p>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>)</p> <p>◆ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)</p> <p>◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</p> <p>◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)</p> <p>◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).</p> <p>◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп</p>	<p>суреттелген?(көктем).</p> <p>◆ <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i></p> <p>◆ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>)</p> <p>◆ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)</p> <p>◆ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)</p> <p>◆ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)</p> <p>◆ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).</p> <p>◆ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?</p> <p>◆ Жаңбыр қандай температурада жауады?</p> <p>◆ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).</p> <p><b>Еңбек</b> Кішкентайлар алаңын</p>	<p>◆ Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай?</p> <p>◆ Оларды қалай күтесіңдер?</p> <p>◆ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?</p> <p>◆ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?</p> <p>◆ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?</p> <p>◆ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?</p> <p>◆ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?</p> <p><b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
---	--	---	---	---

	<p>көрінеді?  <b>◆</b> Бақбақтың қандай лақап аттары бар?  <b>◆</b> Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз?  <b>Зерттеу жұмысы:</b>  Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау.  <b>Еңбек.</b> Гүл егілген алаң айналасын тазалау.  Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p>	<p>шықпаған, неге?  (өйткені ло жер әлі салқын)  <b>◆</b> Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады?  <i>(олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)</i>  <b>◆</b> Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады?  <i>(жолжелкен)</i>  <b>◆</b> Оны неге олай атаған?  <b>◆</b> Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?  <b>Зерттеу жұмысы</b>  Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу.  Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.  <b>Еңбек:</b> Ойын алаңын тазалау.  <i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. .</p>	<p>атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)  <b>◆ Зерттеу жұмысы</b>  Қанқызын тауып, оның атын атау.  Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.  <b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау.  <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.  .</p>	<p>қоқыстардан тазалауға көмектесу.  <i>Мақсаты:</i>  <i>кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i></p>	
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану.  Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз,</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп,</p>

			белдеушесіз.		аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	--	--------------	--	---

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 1 – 5 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу</b>		<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>		<b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Ел қорғауға әзірмін»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	<b>Ойын – жаттығу:</b> «Мен батырмын»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	<b>Ойын «Кімнің үйі?»</b> Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	<b>Үстел үсті ойындары</b> <b>Мозайка құрастыру</b> Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу <i>Ұқсай ма, ұқсамай ма</i> <i>Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</i> <i>Табиғат бұрышында еңбек</i>
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 17				


<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>		<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:.-</b>  гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).  (кірік.01.05)  отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),  <b>Мақсаты .</b> Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті: -</b>  Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру  <b>(кірікт.01.05)</b>  - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру  <b>Мақсаты</b> Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету   Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді. Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті: -</b> Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),  <b>Мақсаты .</b> Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу   Секіртпеден бір орында тұрып секіру.  Бастапқы қалыпқа тұрады.  Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.   Допты кегельдерге</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті: -</b> Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),  <b>Мақсаты .</b> Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу   Секіртпеден бір орында тұрып секіру.  Бастапқы қалыпқа тұрады.  Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.   Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң</p>

		<p>«Баскетбол»  Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді. Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады. Допты екі қолмен лақтырады. Лақтырған кезде қолдарын кеуде тұсында ұстап, шапшаң түзулеп, жоғары-алға траекториясымен жұбына береді. «Гимнастика»  Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру. Жоғары көтерілген нысанада тұрып тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық</p>	<p>–Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала:  –Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата:  –Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:  –Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата:  –Жоғары қара, аспанда не көрінеді?  Бала:  –Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді:  –Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.  –Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?  –Әңгіме не туралы айтылған?  –Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?  –Енді осы әңгімені</p>	<p>тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді</p>	<p>және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді</p>
--	--	---	---	--	--

		<p>ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді. Тепе-теңдік сақтау мен қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>	<p>келген қонақтар бізге сахналап берсін. (Қонақтар сахналап айтып береді). –Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші? –Неше буыннан тұрады? –Иә, дұрыс айтасыңдар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады. –Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрайды.</p>		
--	--	---	--	--	--



		<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті.</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты</b> еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Жаттап ал. Бақытты елде туғанбыз, Бақытты өмір сүреміз. Педагог сөздің мазмұнын түсіндіреді. – Сендер Тәуелсіз Қазақстанның бақытты баласысыңдар. Елімізде бейбітшілік, сендердің ұйқыларың тыныш, отбасыларың аман, көршілермен тату тұрасыңдар. Бақытты өмір сүру деген – осы</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері Міндеті -</b> Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыр</p> <p><b>Мақсаты</b> алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.</p> <p>. Дидактикалық ойын: «Досынды шақыр» – Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіндер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-бірінді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз). Мысалы: (Дастаааан! Серікбоооол! Айғаныыыым! Айшаааа! Ернаааар! Балжаааан! Ардаааақ!</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет Міндеті:</b> Еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p><b>Мақсаты</b> еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>1 Мамыр – халықтар достығы мен ынтымағының мерекесі. – Бұл мереке несімен ерекше? (Слайд арқылы таныстыру.) – Достық – барлық халықтың бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады. – Біз бүгін ақын Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді</p>	<p><b>2.Қазақ тілі Міндеті -</b> Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру</p> <p><b>(кірікт. 01.05)</b> -Шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру.</p> <p>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру. – Балалар, мынау – аула. – Мынау не? – Мынау – аула. – Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады). – Аулада не болуы мүмкін? Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды</p>
--	--	---	--	---	--

			<p>Санжааар! Беріііік! Мерееей! т.б. ) – Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар</p>	<p>ұйқас сөздермен суреттейді Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – «Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің?</p>	<p>атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с. Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не? Аулада тауық (әтеш) бар. Құстардың суреттерін аулаға орналастырады – Мынау – қаз. Қаз – үй құсы. – Мынау – ... (қаз). – Қаз қандай құс? – Қаз – үй құсы. – Аулада қаз бар. – Аулада не бар? – Аулада қаз бар. – Мынау – үйрек. Үй-рек. – Мынау не? – Мынау – үйрек. – Үйрек – үй құсы. – Үйрек қандай құс? – Үйрек – үй құсы. – Аулада үйрек бар. Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күрке-тауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді. Балалар мәтінді қайталайды</p>
---	--	--	--	--	---

		<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау  <b>Мақсаты</b> «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p><b>1-тапсырманы</b>  орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады.  Педагог сұрайды:  - Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>-Мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту <b>(кірікт.01.05)</b>  -Мемлекеттік мереке Қазақстан халқының бірлігі мерекесі маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу  <b>Мақсаты</b> Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру. Елімізді мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен, салт-дәстүріне құрметпен</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру <b>(кірікт. 01.05)</b>  -Шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру.</p> <p>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.  – Балалар, мынау – аула.  – Мынау не?  – Мынау – аула.</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Дидактикалық жаттығу:  «Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.  Мысалы: Мақ-та, жапа-лак, дөп-тер, қар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-</p>
--	--	---	---	---	---

		<p>болды? (8)  - Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8)  - Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең)  - Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7)  - Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4)  - Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ)  - Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз. Цифрды жапсырады. Санына қарай жұптастырады. Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады.</p>	<p>қарай,а тәрбиелеу. Өз Отаның сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p> <p>1 Мамыр – Халықтар бірлігі күні екендігін айтып түсіндіреді. Балалар қазақ халқының ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары туралы сұрай отырып, басқа да ұлт өкілдерінің өздеріне тән салт-дәстүрлері мен ұлттық тағамдары, киімдері мен ойындары болатындығы туралы ақпарат береді. -«Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер?  -Сендер қандай ұлттың өкілдерін білесіңдер?  -Сендердің достарының арасында басқа ұлттың балалары бар ма?  -«Дос» сөзін қалай түсінесіңдер?  «Достық мектебі» ойыны.  Шарты: Арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады. Көпірден біз өтеміз, Достық мектебіне жетеміз.  Көпірден өткін ақырын, Айт, досыңның аты кім?  Көпірден түгел өттік біз, Достық мектебіне</p>	<p>– Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).  – Аулада не болуы мүмкін? Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с. Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не? Аулада тауық (әтеш) бар. Құстардың суреттерін аулаға орналастырады  – Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.  – Мынау – ... (қаз).  – Қаз қандай құс?  – Қаз – үй құсы.  – Аулада қаз бар.  – Аулада не бар?  – Аулада қаз бар.  – Мынау – үйрек. Үй-рек.  – Мынау не?  – Мынау – үйрек.  – Үйрек – үй құсы.  – Үйрек қандай құс?  – Үйрек – үй құсы.  – Аулада үйрек бар.  Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күрке-тауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді. Балалар мәтінді қайталайды</p>	<p>тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.  – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?</p>
--	--	---	--	---	--

			жеттік біз. Балалар достарынның атвн атап, көпірден өтеді.		
		<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:</b>- Мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту <b>(кірікт.01.05)</b></p> <p>-Мемлекеттік мереке Қазақстан халқының бірлігі мерекесі маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу</p> <p><b>Мақсаты</b> Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру. Елімізді мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен, салт-дәстүріне құрметпен қарай, а тәрбиелеу. Өз Отаның сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p> <p>1 Мамыр – Халықтар бірлігі күні екендігін айтып түсіндіреді. Балалар қазақ халқының ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - - Табиғаттың күрделі емес бейнесін суретте көрсету, балалардың алма ағашы туралы білімдерін бекіту</p> <p>-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу</p> <p>-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу</p> <p>- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен</p>	<p><b>4.Математика негіздері Міндеті:</b> - Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау</p> <p><b>Мақсаты</b> «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Сана» Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.</p> <p>– Осы карточкалар туралы не айтуға болады?</p> <p>– Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни</p>	<p><b>4.Музыка Міндеті</b></p> <p>Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту</p> <p><b>Мақсаты</b></p> <p>Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Музыка тыңдау: «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева) Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков) Көктем» (А. Жайымов) Музыкалық-</p>

		<p>туралы сұрай отырып, басқа да ұлт өкілдерінің өздеріне тән салт-дәстүрлері мен ұлттық тағамдары, киімдері мен ойындары болатындығы туралы ақпарат береді.</p> <p>-«Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер?</p> <p>-Сендер қандай ұлттың өкілдерін білесіңдер?</p> <p>-Сендердің достарының арасында басқа ұлттың балалары бар ма?</p> <p>-«Дос» сөзін қалай түсінесіңдер?</p> <p>«Достық мектебі» ойыны.</p> <p>Шарты: Арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады. Көпірден біз өтеміз, Достық мектебіне жетеміз.</p> <p>Көпірден өткін ақырын, Айт, досыңның аты кім? Көпірден түгел өттік біз, Достық мектебіне жеттік біз.</p> <p>Балалар достарының атын атап, көпірден өтеді.</p>	<p>құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p><b>Мақсаты</b>- көктем мезгілінің табиғат құбылыстарын, бере білу білігін бекіту</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.</p> <p>Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.</p> <p>«=&gt;» белгісін қоюға болады.</p>	<p>ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>
<p><b>Балалардың дербес қызметі</b></p>		<p><b>Сауат ашу негіздері "ь,ь әріптерді қайталау".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: оқушыларды ь белгісімен таныстыру,</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p>"Жаңбырдың түрлері"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жансыз табиғат құбылыстары</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Атқа мінген шабандоз"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды атқа мінген шабандоз баланың</p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>"[Я] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен</p>

		<p>оның дыбысталмайтынын түсіндіру, ь белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорттық жаттығу залы".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі спорттық жаттығу залы жайындағы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушы жайында, оның атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.  Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері.  Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы қызметінің мәні неде екендігін суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді.  Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (адамдарға түрлі</p>	<p>туралы түсініктерін кеңейту.</p>	<p>суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Жанармай бекеті".</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.  Құралдар. Жанарамай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг макеті; рульдер, көліктің жанармай бақтарының жасанды үлгілері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Машинаның автобак үлгісінің орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады.  Шарты. Педагог балалармен жанармай бекетінің қызметі жөнінде, осында еңбек ететін жанармай</p>	<p>әрпі (атау негіздері)".  Мақсат-міндеттер. [Я] дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу.</p> <p><b>Дене шынықтыру "Кім жылдам?"</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды екпінмен биіктікке секіру; бір-бірінің қолдарынан ұстап жұптасып айналуға үйрету.</p>
--	--	--	-------------------------------------	--	--

		<p>жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, адамның қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады.</p> <p>Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнешеуі жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік</p>		<p>құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар жөнінде суреттер мен бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелеседі. Балалар жанармай бекетінде кім, қандай қызмет атқаратынын анықтап, рөлдерді бөліседі (санамақ та арқылы болады), өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болу керек, жұмысын жылдам және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін ұстану керек, от жағуға, темекі шегуге болмайды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-</b></p>	
--	--	---	--	--	--



		ережелерін сақтау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>		<b>әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>	
<b>Баламен жеке жұмыс</b>		<p><b>Өлең жаттау.</b> Жұматай Жақыпбаев "Бейбіт күн". Алаулап гүл тұрады, Туған жер құлпырады, Бейбітшілік болса! Түрленіп бақша, бағы, Тірлік те жақсарады, Бейбітшілік болса! Балалар, болады аман, Аналар болады аман, Бейбітшілік болса! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қайсар рухты баламын" өлеңін жаттау.</b> Алатау, Алтай арасы – Қазақтың кең даласы. Мен боламын сол елдің Қайсар рухты баласы. Өсіп, өніп, ержетіп, Ақылымды өрлетіп. Елімнің атын шығарам Мықты елдермен тең етіп. Д.Сүлейменов <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дамытушы жаттығу.</b> <b>"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту. Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістіктер арқылы сипаттау)</b> Мақсат-міндеттер.. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл- қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тындатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды,</p>

					<p>ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді", т.б..</p> <p>Педагог тапсырмаларды жануарларға немесе құбылыстарға ғана байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
Серуен		<p><b>Мамыр</b>  <b>Серуен-Бақылау №1</b>  Бақылау: <b>Жәндіктерді бақылау</b>  <i>Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақ тау;</i>  Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.  <i>Бақылау барысы</i>  Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:  -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбек ордды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)  -Қанды сорып сүліктей, Ызың дап кеп шағ ады. Бұл қандай бүлік той? (маса)  -Ызың дап ән салып, Жүп-жүп қақпаны.</p>	<p><b>Мамыр</b>  <b>Серуен-Бақылау №2</b>  Бақылау: <b>Ауа-райын бақылау</b>  <i>Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</i>  <i>Бақылау барысы</i>  Көктем сөзі. А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады.  Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады.  Бақшамызда біз екен, Гүл шоқтары гүлдейді.  Жапырақтар сыбырлап, «Қандай көркем, көрнеу?» дейді.  Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып</p>	<p><b>Мамыр</b>  <b>Серуен-Бақылау №3</b>  Бақылау: <b>Гүлзарды бақылау</b>  <i>Мақсаты:</i> Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;  Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақ тау;  Табиғатты сүйе, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.  <b>Бақылау барысы</b>  Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді  Қандай үйгүлдерін білесіңдер?  Қандай дала гүлдерін білесіңдер?  Олардың қандай айырмашылығы бар?  Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?  Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?</p>	<p><b>Мамыр</b>  <b>Серуен-Бақылау №4</b>  Бақылау: <b>Ауа-райын бақылау</b>  <i>Мақсаты:</i>Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.  <b>Бақылау барысы</b>  <b>Көркем сөзі.</b>  А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады.  Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады.  Бақшамызда біз</p>

		<p>Тәттіге тамсанып, Қоқ ысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құ жынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) <b>Тәрбиеші сұрақтары.</b> ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б.) Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа). Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) <b>Зерттеу жұмысы</b> Қанқазын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар</p>	<p>шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген? (көктем). <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i> Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көңісі қандай? (ашық көк) Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады? Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды? (күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). <b>Еңбек</b> Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты: кішкентайларға</i></p>	<p>Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулақ отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбір гүлдер біржылдық деп аталады? <b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақ тау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p><i>еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.</i> Тәрбиеші аулақ ерте көктем көңісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген? (көктем). Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр) Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көңісі қандай? (ашық көк) Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-</p>
--	--	---	---	---	---

		<p>«соқпағын» табу, бақылау.  <b>Еңбек:</b> Алаңдық оқыстардан тазалау.  <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>	<p><i>көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</i></p>		<p>жасыл болып тұр). Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады? Көктемнің соңы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).  <b>Еңбек</b>  Кішкентайлар алаңдық оқыстардан тазалауға көмектесу.  <i>Мақсаты:</i> кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар немесе болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.  Балаңыздың</p>

					көзінше мектеп туралы өзіңді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	--	--	--	--

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 8 – 12 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>			<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың өзіндік қызметі</b>			<b>Ойын – жаттығу: «Мен батырмын»;</b> Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. <i>Қарулы күштердің мемлекетімізді сыртқы жаудан қорғау үшін қажет екенін түсіндіру.</i>	<b>Дидактикалық ойыны: «Сиқырлы суреттер»</b> Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. <i>Балаларды Отанын, елін, жерін қорғауға тәрбиелеу</i> <b>Мақсаты:</b> балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту, құрастыру дағдыларын жетілдіру.	<b>Үстел үсті ойындары</b> <b>Мозайка құрастыру</b> Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу <i>Ұқсай ма, ұқсамай ма Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Табиғат бұрышында еңбек</i>
<b>Таңғы гимнастика</b>	Таңғы жаттығу кешені № 17				

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>			<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру  - Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану <b>ө кірікт.08.05</b>  <b>Мақсаты</b> - Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту.</p> <p>–Енді мен әңгімені оқийн, ал сендер мұқият тыңдаңдар:  Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды.  –Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді.  Қолына күрек ұстатты да:  –Кәне, екі-үш көшет қазып ал, –деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамитпора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады.  Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.  –Сондай дәмді! – деді Хамит.  –Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).  Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) <b>(кірікт.08.05)</b>  <b>Мақсаты</b> . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p>«Гимнастика»  Ұзын орындықтың бетімен жүру.  Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды.  Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).  Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) <b>(кірікт.08.05)</b>  <b>Мақсаты</b> . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p>«Гимнастика»  Ұзын орындықтың бетімен жүру.  Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды.  Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.  Арқасын түзу ұстап, еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады.  Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек</p>
---	--	--	---	---	---

		<p>терінің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1.Әңгімеде кімдер туралы айтылады?</li><li>2.Хамит атасынан не туралы сұрады?</li><li>3.Атасы осы кезде не деді?</li><li>4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді?</li><li>5.Көп жылдар өткен соң неболды Атасы Хамитті қайда әкелді?</li><li>7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?</li></ol>		
--	--	---	--	--





			<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту  <b>(кірікт.09.05)</b>  - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту  <b>Мақсаты</b>Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарайартық сөзді таба білудеғыларын жетілдіру. .</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»  – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.  Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, картоп, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоны-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-ламп.б.  – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда,</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</b>  <b>Мақсаты</b> өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру</p> <p>Суретке карап, тақырыбын болжа.  Суреттен кімдерді көріп тұрсың?  Ортада жанып тұрған от туралы не білесің?  Балалардың қолында не бар?  2. Жеңіс ардагерлерін құттықтау ашықхатының суретін сал. Боя.  3. Мақалды түсініп ал. Отан үшін отқа түс, күймейсің.  Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді.</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру</p> <p>9 Мамыр – Жеңіс күні!  (Слайд көрсету, әңгімелеу.)  – Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.  Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету.  – Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атайықшы. (Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев т.б.)  – Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіледі.  – Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.  Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.  Өлең қалай аталады?  – Өлең ұнады ма?  – Авторы кім?  – Өлеңде не туралы айтылған?</p>
--	--	--	---	---	---

			<p>нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші? Балалардың жауабы тыңдалады. Балалар дәптердегі суретке мұқият қараңдар. Дәптермен жұмыс 1. Суретке қара. Сызба</p>		<p>Жеңіс мерекесі қай күні екен?</p>
--	--	--	--	--	--------------------------------------

			<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің ерліктері туралы білу  -Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну  <b>Мақсаты</b> балаларды әскери мамандық түрлерімен және Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру</p> <p>1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Фашистер бүкіл әлемді жаулап алғылары келді. Бірақ елін, жерін жаудан қорғаймыз деп</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру</p> <p>9 Мамыр – Жеңіс күні!  (Слайд көрсету, әңгімелеу.)  – Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.  Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету.  – Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атайықшы.  (Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев т.б.)</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту (<b>кірікт.09.05</b>)  - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту  <b>Мақсаты</b>Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. .</p> <p>Дидактикалық жаттығу:  «Буындардан сөз құра»  – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.  Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, қар-топ,</p>
--	--	--	---	---	---

			<p>бүкіл Кеңестер Одағының ержүрек ұл-қыздары қару-жарақ алып, қарсы тұрды. Ұлы Отан соғысы кезінде біздің көптеген әскери сарбаздарымыз ерлікпен шайқасып, неміс фашистерінен елімізді қорғап қалды. Майданда талай батыр аталарымыз бен апаларымыз өздерінің ержүректілігімен көзге түсіп, батыр атанды.</p> <p>Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Оның ішінде біздің Қазақстаннан шыққан батырлар өте көп. Қазақтың батырларының бірі – Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, аты аңызға айналған жазушы – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлы – Мәскеуді қорғаған, батальон командирі, қайтпас қайсарлығымен, батырлығымен көзінің тірісінде аты аңызға айналған даңқты қолбасшы. Соғыстан кейінгі жылдары әскер бөлімінде қызмет атқарды</p> <p>Елордамыздың 10</p>	<p>– Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіледі.</p> <p>– Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.</p> <p>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.</p> <p>Өлең қалай аталады?</p> <p>– Өлең ұнады ма?</p> <p>– Авторы кім?</p> <p>– Өлеңде не туралы айтылған?</p> <p>Жеңіс мерекесі қай күні екен?</p>	<p>жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.</p> <p>– Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?</p> <p>Балалардың жауабы тыңдалады.</p> <p>Балалар дәптердегі суретке мұқият қараңдар. Дәптермен жұмыс</p> <p>1. Суретке қара. Сызба бойынша сөйлем құра.</p>
--	--	--	--	---	--

			<p>жылдық мерейтойында Нұр-Сұлтанның төрінде 16 метрлік алып ескерткіш Бауыржан Момышұлы құрметіне орнатылды (суретті көрсету).</p> <p>– Кеңестер Одағының тағы бір батыры – Рақымжан Қошқарбаев Берлинді алу кезінде асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. «Отанымызды қорғаймыз» деп барлық адамдар бір кісідей жұмылып, жауға қарсы тұрды, сондықтан Ұлы Отан соғысы деп аталады.</p> <p>– Кеңестер Одағының батырлары, қазақ қыздары Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова бейнеленген. Мәншүк Мәметова Алматы қаласындағы №28 мектепте оқыған. Мәншүк Ұлы Отан соғысы басталғанда, 1942 жылы Алматы қаласындағы медицина институтында оқып жүрген еді. Ол өз еркімен сұранып қазақ ұлттық 100-бригадасы</p>		
--	--	--	---	--	--

			<p>құрамында майданға аттанады.</p> <p>Аға сержант, пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және тобында батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк үш пулеметті қатарынан қойып, жауды 3 сағат бойы жалғыз бөгеп тұрған. Қаһарман қызға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.</p> <p>Алматы, Орал т. б. қалаларда Мәншүк атында көшелер бар. Қаһарман қыздың өмірі мен өшпес ерлігі жайлы «Мәншүк туралы жыр» атты көркем фильм түсірілді.</p> <p>Әлия Молдағұлова – майдандағы алғашқы әскери наградасы – Даңқ орденін 1943 жылы Псков облысындағы Холм қаласы үшін болған ұрыстарда алған. Ал 1944 жылдың 14 қаңтарында Казачиха</p>		
--	--	--	---	--	--

			селосы үшін болған ұрыста опат болған командирдің орнын басып, жауынгерлерді шабуылға бастаған Әлия сол шайқаста өзі де ерлікпен қаза тапқан. 1944 жылы маусымда үкімет қаулысымен Әлия Молдағұловаға «Кеңес Одағының батыры» атағы берілген.		
			<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелеуге жаттықтыру</p> <p>-Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу</p> <p>- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу</p> <p>--Құрылыс</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті</b> -Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b> Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.</p> <p>1-тапсырмада балалар өлшеуіштерді бояйды, салыстырады.</p> <p>– Әр қарындаш үшін қанша өлшем боялған? Ең ұзынын табыңыз. Онда қанша өлшем бар? Ең қысқа қарындаш қандай түсті. Онда қанша өлшем бар? Сол сияқты, күнбағыспен берілген тапсырма орындалады.</p> <p>Педагог балаларды тапсырманы орындау кезінде ұқыптылыққа шақырады.</p>	<p><b>4.Музыка</b></p> <p><b>Міндеті</b> - Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>- Қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату(<b>кірікт.09.05</b>)</p> <p><b>Мақсаты</b> Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>«Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)</p> <p>«Біз бақытты баламыз» (Ө. Қонысбеков)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)</p> <p>Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар,</p>



			<p>материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p><b>Мақсаты</b>- Қызыл телпекті қыздың суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>Дәптерлерін үстелдегі көршісіне көрсетуді ұсынады. Өз пікірін бір-біріне білдіруді болатынын айтады.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет)</p> <p><b>Мақсаты</b> . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын спорттық ойындар арқылы дамыту. Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу</p> <p>«Секіргіштер» 15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп, секіріп, екі аяқпен қону. Секіру сызығына келіп тұрады. Жерден екпіндеп итеріледі де, қолдарын сермеп көмектеседі. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алдыға созады.</p> <p>«Футболшылар» – «Допты дәл беру» Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. Қалағандарынша дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне көзмөлшермен мөлшерлеп, аяқ басының ішкі жағымен беруге тырысады</p>	<p>хороводтар: «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников)</p>
--	--	--	---	---	--

<p><b>Баланың дербес қызметі</b></p>			<p><b>Сауат ашу негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Дауысты мен дауыссыздыбыстар әлемі" Мақсат-міндеттер: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінікті қайталау.</p> <p><b>Қазақ тілінен ойын-жаттығу</b> "Дыбыстар мен әріптер еліне саяхат". Мақсат-міндеттер: дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктерін еске түсіру, әріптер туралы түсініктерін кеңейту; сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру.</p> <p><b>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу</b> "Құрсауды тура бағытта домалату" Мақсат-міндеттер. Балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат</p>	<p><b>Сауат ашу негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау". Мақсат-міндеттер: дыбыс пен дыбыс түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b> "Астра гүлінің орнын ауыстыру" Мақсат-міндеттер: балалардың астра гүлін егіп, өндеп, өсіру амалдарымен таныстыру; гүлдің орнын ауыстырып, гүлзарға өз қолдарымен отырғызу әрекеттеріне үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды" Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Музыкадан ойын-жаттығу</b> "Көңілді көктем әндері" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білу іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "А.Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.</p>
--------------------------------------	--	--	---	--	---

			(рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру.		
--	--	--	---	--	--

<p><b>Баламен жеке жұмыс</b></p>			<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b>  "Қарапайым түймедақ"  Мақсат-міндеттер:  балаларды ермексизден түймедақ гүлін мүсіндеу кезінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту; жіңішке таяқшаға ермексизды жағып, гүлдің сабағы деп қабылдауға үйрету.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b>  <b>"От, су, аспан, жер".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.  Құралдар: доп.  Шарты.  Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).  Ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, басында жүргізуші рөлін педагог өзі алуы мүмкін.  Жүргізуші допты әр балаға кезекпен "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып, допты қолдарына лақтырады.  Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай, бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, суасты жануарының атауын айту, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жерде мекендейтін жануардың немесе жәндіктің атауын айту.  <b>((қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті))</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығулар.</b>  <b>"Жұпаргүл бұтағы"</b>  Мақсат-міндеттер:  балаларды бөртегүл бұтағына қарап, суретін, мақта таяқшасын, борларды, бояуды қолданып, қағаз бетіне салу техникасына үйрету.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>
----------------------------------	--	--	---	--	---

Серуен			<p align="center"><b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №6</b> <b>Бақылау: Жәндіктерді бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты :</b> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p align="center"><b>Бақылау барысы</b></p> <p><b>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</b> Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызыңдап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)</p> <p><b>Тәрбиеші сұрақтары.</b> ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді</p>	<p align="center"><b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №7</b> <b>Бақылау:</b></p> <p align="center"><b>Құмырсқаларды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p align="center"><b>Бақылау барысы</b></p> <p align="center"><b>Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Океев</b></p> <p>Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (<i>зиянда жәндіктерді құртады</i>) Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ) Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің</p>	<p align="center"><b>Мамыр</b> <b>Серуен-Бақылау №8</b> <b>Бақылау:</b></p> <p align="center"><b>Найзағайды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту.</p> <p align="center"><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)</p>
--------	--	--	--	---	--

			<p>білесіндер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>)          Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)          Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)          Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)          Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).          Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)          Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)  <b>Зерттеу жұмысы</b>          Қанқзын тауып, оның атын атау.          Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.  <b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау.  <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>	<p>тесігі төбесінде болады.          Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар.          Құмырсқалар өз илеулерін іскеп жүріп иісінен табады.          Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құрттып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды.          Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды.          Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды.          Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.          Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?          ♦ Олар өз илеулерін қайда салады?          ♦ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)  <b>Зерттеу қызметі</b></p>	<p>Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?          Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады.          Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады. күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі.          Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.  <b>Зерттеу қызметі</b>          Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.          «Найзағайлы жаңбыр»          Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды,          Науада қалқып қақ қалды.          Найзағай тынбай жарқылдап,          Нөсер тұр құйып сатырлап.          Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен?</p>
--	--	--	---	--	--

				<p>Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. <b>Еңбек</b> Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</i></p>	<p>(нөсер) <b>Еңбек</b> 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару <i>Мақсаты:</i> Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру</p>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>			<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 15 – 19 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту



<p><b>Балалардың өзіндік қызметі</b></p>	<p><b>Сөздік тренинг ойыны:</b>  <b>«Болады-болмайды»</b>  тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға..... (болады),  Кешірімді болуға .... (болады),  Қатыгез болуға .... (болмайды),  Тәртіпті болуға..... (болады),</p>	<p><b>Үстел үсті ойындары:</b>  <b>«Мейірімділік гүлін»</b>  құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды.  Фотосуреттер қарау.  <b>Еңбек тапсырмасы:</b>Гүлдерге су құю,шандарын сүрту</p>	<p><b>Ойын:</b>  <b>«Мейірімділік жібі»</b>  <b>Шарты:</b> Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер.  <b>Еңбек тапсырмасы:</b>Балық тарға жем беру</p>	<p><b>Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу</b>  <i>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз</i>  <i>Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.</i>  Еңбек тапсырмасы:</p>	<p><b>Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу</b>  <i>Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек.</i>  Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю</p>
--	--	--	--	--	---

<b>Таңғы жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 18				
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу  <b>Мақсаты</b> . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру  –Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін: Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту  <b>Мақсаты</b> Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді  «Баскетбол»  Допты бір қолмен жүргізу. Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.  Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады.</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Монологты байланыстырып құра білу  <b>Мақсаты</b> . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру  Мақал-мәтел:  Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.  Дидактикалық ойын:  «Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады).  Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:.</b>Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру  <b>Мақсаты</b> . Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру  «Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)  Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру  <b>Мақсаты</b> . Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.  Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білу қажет.  1.Қолына доп алып 3</p>

	<p>тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетінді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді. Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды.</p> <p>–Аңызда нелер туралы айтылған?</p> <p>–Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді?</p> <p>–Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді?</p> <p>–Екеуі қалай келіседі?</p> <p>–Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді?</p> <p>–Түн батып ай шыққанда ше?</p>	<p>Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді</p>	<p>тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек.</p> <p>«Қ» – қала, аққала, сандық.</p> <p>«М» – моншақ, отырмын, өшірдім</p>	<p>лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады. Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.</p>	<p>метр қашықтықта жүгіру.</p> <p>2.Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру.</p> <p>3.Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау.</p> <p>4.Допты бір қолмен, екі қолмен домалату.</p> <p>5.Допты артқа лақтыру. Нұсқауларды орындап, бастапқы қалыпқа тұруды дұрыс орындауға тырысады. Жаттығуды орындаған соң, қолдарын белге қойып, артпен жүріп өз орнына келеді. Барлық жаттығулар орындалып біткенше кимылдарын басқарып, денесін тік ұстауға тырысады</p>
--	---	---	---	--	--

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту  <b>Мақсаты</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.</p> <p>– Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті.</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды  Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).  Атасы немерелерімен қайда барды?  Балаларға ат қойып,</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту  <b>Мақсаты</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>.  «Сөз ойла»  дидактикалық жаттығуы  (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)  -ал буынынан</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді?  – Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?  – Жаз мезгілі несімен ұнайды?  – Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».  – Балалар, сендер</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-кұлқын жеткізуге баулу  -Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.08.05)  <b>Мақсаты</b>ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру  Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген.</p>
--	--	---	--	--	--

Мысалы:... ерезе (т),  
...ілем (і), ...алық(б),  
...үрек(ж), ...ақыт (б),  
уыршақ...(қ), ...омбыра  
(д), ...екемет (т), ...ышак  
(п),... аймақ (қ),  
...анан(б), ...ектеп(м),  
...рік(ө), ...ияз(п) т.б

олардың атасымен  
саябаққа барғаны  
туралы әңгіме құра.  
2. Суретке қара.  
Балалар қандай ойын  
ойнап жүр?  
Сен қандай ойын  
ойнағанды жақсы  
көресің?  
3. Жұмбақты шеш.  
Қойны толы жеміске,  
Көк майсалы егісте  
Көбелек қуып  
ойнайтын  
Қай мезгіл деп  
ойлайсың? (Жаз)

басталатын сөздер  
ойлап айтуымызды  
сұрапты.  
Мысалы: алма, алтын,  
алжапқыш, алға, аласа,  
ала, алқа, Алжан, алмас,  
алау,  
Альбина, ал т.б .  
-оқ буынынан  
басталатын сөздер  
ойлап айтуымызды  
сұрапты.  
Мысалы: оқу, оқы,  
оқымысты, оқулық, оқ,  
оқыс, оқшаулау, оқтар  
т.б.  
-жа буынынан  
басталатын сөздер  
ойлап айтуымызды  
сұрапты.  
Мысалы: жас, жалын,  
жалғыз, жат, Жайық ,  
жарқыра, жалқау,  
жаура, жалау,  
Жамбыл, жалпылдақ,  
жалбыз, жаһұт, жау,  
жарайды, жалмауыз

болашақта елімізді,  
жерімізді қорғайтын  
азаматсындар. Бұл –  
сендердің мерекелерің.  
– Бүгін біз ақын Қасым  
Аманжоловтың «Бала –  
біздің болашақ» атты  
өлеңімен  
танысамыз.

Өлең ұнады ма?  
– Авторы кім?  
– Өлеңде не туралы  
айтылған?  
– Болашақта сен қандай  
болғың келеді?  
– Өлеңде қандай ұйқас  
сөздер бар?

«Қазақстан барысы»  
ертегісін интербелсенді  
тақтада көрсетеді.  
Ертегі ұнады ма?  
– Ертегідегі таныс  
жабайы жануарларды  
ата? (Аю, қоян, қасқыр).  
– Ертегідегі үй  
жануарларын ата? (Ит,  
кой).  
Педагог қима материал  
бойынша жаңа  
сөздермен таныстырады.  
– Мынау – барыс.  
Мынау не?  
– Мынау – барыс.  
– Барыс жаттығулар  
жасады.  
– Барыс не істейді?  
– Барыс жаттығулар  
жасады.  
– Мынау – борсық.  
Мынау не?  
– Мынау – борсық.  
– Борсық жаттығулар  
жасады.  
– Борсық не істеді?  
– Борсық жаттығулар  
жасады.  
– Қар барысы мен  
борсық жарысқа  
қатысты

	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу  <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптастыру</p> <p>«Сықырлы дорба» ойыны.  «Сықырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды:  – Балалар, геометриялық</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Фигуралардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту  <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптастыру .</p> <p>Балалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды.  «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны  – Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.  Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды</p>	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек ету  <b>Мақсаты</b> балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету</p> <p>Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.  Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.  Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі —</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - -5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу  -Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. (кірікт.09.05)  Мақсаты жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p>Көктемде құстар келеді.  – Көктемде не келеді?  – Көктемде құстар келеді.  – Мынау – қараторғай.  Мынау не?  – Мынау – қараторғай.  (Жеке, хормен айтып жаттығады).  – Көктемде қараторғай келеді.  – Көктемде қандай құс келеді?  – Көктемде қараторғай келеді.  – Мынау – қарлығаш.</p>	<p><b>3.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту  <b>Мақсаты</b> Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту</p> <p>Бұлт сөзіне дыбыстық талдау.  Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс.  б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.  л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.  т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу.</p> <p>Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап карап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады.</p> <p>Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады.</p> <p>Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады.</p> <p>– Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз.</p> <p>Цилиндрді</p>		<p>зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.</p> <p>Үлкендерге көмек көрсетуге (тәрбиешіге, оның көмекшісіне, ата-аналарына), оларға ықыласпен қарауға тәрбиелеп, сондай-ақ, олардың еңбектерінің нәтижесіне ұқыпты қарауға ынталандыру.</p> <p>Топ бөлмесі мен балабақша ауласында тазалық сақтауға және үлкендердің тапсырмаларын орындауға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету.</p>	<p>– Мынау не? – Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.</p> <p>– Көктемде қарлығаш ұшып келеді. – Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. – Көктемде келетін құстарды қалай атайды? – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.</p> <p>Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай.</p> <p>Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.</p> <p>Балалар</p>	
--	--	--	---	--	--

	көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз				
	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру  <b>Мақсаты</b> Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Қыз Жібек» операсынан үзінді (ұнтаспа, Е.</p>	<p><b>4.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.  <b>Мақсаты</b> бөлме өсімдіктерін күту ережелерімен таныстыру  Бүгін біз бөлме өсімдіктерімен таныс боламыз. Өсімдік өмір сәні,</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - адамның жалпы дене құрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету,  -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру  <b>Мақсаты</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру.    тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады.</p>	<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу  <b>Мақсаты</b> Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу    <b>Музыка тыңдау:</b>  «Ел қорғауға</p>



	<p>Брусиловский)  Эн айту: «Біз бақытты баламыз»  (К. Қуатбаев)  «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар  «Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын») «Полька» (М. Красев)  Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин)  Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	<p>табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп көрік бере қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Олардың көптеген түрлері болады. -Мынау қазтамақ. Ол бөлме өсімдігі. -Мынау фикус. Жапырағы жасыл, көлемі үлкен. Ол бөлме ауасын жақсы тазартады. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады. (тәрбиеші көрсетеді) -Балалар біз тамақ ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол сияқты өсімдіктер адам сияқты тамақ ішпесе, ауырып қалады. Оларды су құйып, күтіп, баптап тұру қажет екен. Тәрбиеші көрсете отырып, күту ережелерімен таныстырады: -Гүлдердің жапырақтарының</p>	<p>көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу  -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу  -- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты-</b> балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру  <b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді. Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады. Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды</p>	<p>әзірміз» (К. Қуатбаев)  Эн айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров)  «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (үнтаспада)  «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова)  Билер: «Полька» эстон халық биі  Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)  Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>
--	--	---	---	---	--

<p><b>Балалармен дербес қызметі</b></p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру;          супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту;          жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.          Құралдар.          Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машиналарының мжасанды үлгілері.          Шарты.          Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелеседі, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетеді, супермаркетте адамның кез келген тауарды сатып алуына болатынын түсіндіреді.</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.          Құралдар.          Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары.          Шарты.          Педагог балалармен бірлесіп, алдымен аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметі және оның маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады.          Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады.          Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру;          жағымды эмоциялар сферасын дамыту;          сөздік қорды байыту;          сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу.          Құралдар.          Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер.          Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін, мысалы, "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>"Сақина" аз қимылды ойын.</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру;          дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.          Құралдар.          Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.          Ойынның нұсқалары көп.          Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.          Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың";</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?"</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты.          Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балалар құбылыстың қайдан пайда болатынын, оның жыл мезгіліндегі ерекшелігін түсіндіруде ойларын толық қандышып берулері тиіс. Жыл мезгіліне тән кез келген табиғат құбылысы жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып саналады.  <b>(қарым-қатынас</b></p>
---	--	--	---	---	--

	<p>Супермаркеттің іші кең болатынын және ондағы тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында да айтылуы тиісті. Супермаркетте сатушы емес кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру керектігін айтатыны туралы балалар білуі керек.</p> <p>Ойынға қатысатын балалар санамақ арқылы таңдалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон) ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады. Ойынның соңында</p>	<p>ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді. Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар төлем жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Баланың алақанына жасырынатын шамадағы сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір балаға кезегімен сақинаны салған сияқты қимылдар жасайды. Алақанына жасырын салынған сақинасы бар бала, жүргізуші шақырған кезде орнынан ытқып шығып, шеңбердің тысына шығып кетуі керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алу керек.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>"Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p>	<p><b>іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
--	---	---	---	---	--

	<p>қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; супермаркет - қоғамды орын, ол жерде әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ойында "рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындардағы тәртіпке бағыну. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</b></p>			
<p><b>Баламен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Дойбы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)</b> Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қағаздан бүктеу" жұмысы.</b> Тақырыбы: "Бақа". Мақсат-міндеттер. Аңдар, құстар және гүлдерді қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Көзінді жұмып, қолыңмен анықта".</b> Мақсат-міндеттер. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Барысы. Балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын не қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған "көзінді жұм да, қарындаштың ұзын не қысқалығын анықта" деген тапсырма береді. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Әдемі үйшік" пазлын құрастыру.</b> Бір үйшікте мекен ететін жануарлар достығы туралы әңгіме жүргізу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №10</b> <b>Бақылау:Кемпіркосакты бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпіркосак туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.</p> <p><b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпіркосак) Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпіркосак) Жанбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпіркосакты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жанбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпіркосак соғұрлым анық көрінеді. Кемпіркосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпіркосак қай уақытта пайда болады</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №11</b> <b>Бақылау:</b> <b>Найзағайды бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; Бақылағыштықтарын дамыту.</p> <p><b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от камшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады.</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №12</b> <b>Бақылау:Жәндіктерді бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p><b>Бақылау барысы</b> <b>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</b> Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) <b>Тәрбиеші сұрақтары.</b> ♦ Жұмбақ жауаптарының</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №13</b> <b>Бақылау:</b> <b>Топырақты бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> торф топырағының қыртысымен таныстыру .</p> <p><b>Бақылау барысы</b> Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. <b>Зерттеу жұмысы</b> Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. <b>Еңбек</b> Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты:</i> торфтың пайдалы қасиеттері</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №14</b> <b>Бақылау:Желді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау.</p> <p><b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы</p>
----------------------	---	---	--	--	---

	<p>? I</p> <p>◆ Ол қай уақытта жоғалады?</p> <p>◆ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?</p> <p><b>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.</b> Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p>	<p>Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.</p> <p><b>Зерттеу қызметі</b></p> <p>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;</p> <p>2 топ-қоқыстарды шығару</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;</p> <p>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p>	<p>шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</p> <p>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>)</p> <p>Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар)</p> <p>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</p> <p>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)</p> <p>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).</p> <p>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Қанқызын тауып, оның атын атау.</p> <p>Құмырсқалар «соқпағын» табу,</p>	<p><i>туралы білімдерін тиянақтау.</i></p>	<p>және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <p>◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>)</p> <p>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</p> <p>◆ Желдің ізін көруге болады ма?</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.</p> <p>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. <b>Еңбек</b> Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау</p> <p><i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i></p>
--	--	--	---	--	---

			бақылау. <b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.		
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицей

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:

22 – 26 мамыр 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың өзіндік қызметі	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. <b>Дидактикалық ойын.</b> "Атын атап бер" <b>Мақсаты:</b> көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. <b>«Суреттерді құрастыр»</b> Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. <b>«Суреттерді құрастыр»</b> Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. <b>Дидактикалық ойын.</b> "Атын атап бер" <b>Мақсаты:</b> көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. <b>«Суреттерді құрастыр»</b> Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру Шығармашылық бұрышында еңбек ету.
Таңғы гимнастика	Таңғы жаттығу кешені № 18				



<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру  <b>Мақсаты</b> Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес.  –Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады. Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз. Педагог мәнерлеп оқиды. Түлкі мен Қоян Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Сол үшін Қасқыр</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>- Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу  <b>Мақсаты</b> Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру</p> <p>Ойын жаттығулары:  «Допты жұпта</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу  <b>Мақсаты</b> . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.  –«Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады?  –Неше дауысты дыбыс бар?  –Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?  –Ал дауыссыз дыбысты, көк түспен белгілейміз. Т –</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Ұлттық кимылды ойындарды ойнату  <b>Мақсаты</b> . Баланың кимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ кимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Шапшаң доп» (Баскетбол)  Өлең жолдарына сәйкес кимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге</p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Ұлттық кимылды ойындарды ойнату  <b>Мақсаты</b> . Баланың кимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ кимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>«Шапшаң доп» (Баскетбол)  Өлең жолдарына сәйкес кимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге</p>
---	--	--	--	--	--


	<p>Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді. Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.</p> <p>Педагог:  –Ертегі сендерге ұнады ма?  –Ертегі де нелер туралы айтылған?  –Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты?  –Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?  –Бір күні не болыпты?  –Түлкі қалай құтылып кетіпті?  –Әлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді?  –Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті?  –Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның <b>құйрығы қысқа болып қалыпты.</b></p>	<p>ұстап қал»,  «Ғажайып фигура» – ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. Өз жұбын көзді жұмып тауып алады. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруы керек. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады.</p>	<p>дауыссыз дыбыс.  Ү – жіңішке дауысты дыбыс. Л – дауыссыз дыбыс.  К – дауыссыз дыбыс.  І – жіңішке дауысты дыбыс.</p> <p>–Міне, балалар, біз «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасадық.  Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр».  Ойын шарты: педагог аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады.  Мысалы, Түл – ..., қо – ..., қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол – ... ..</p>	<p>соғып, қағып алады.  Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау</p>	<p>соғып, қағып алады.  Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау</p>
--	--	--	--	---	---

	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру  <b>Мақсаты</b> . алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.          Дидактикалық ойын «Жоғалған дыбыс»          – Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті</b> . Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу  <b>Мақсаты</b> театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту            Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»          Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> - Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру  <b>Мақсаты</b> алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.          – Балалар, мен бір дыбысын анығырақ</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру  <b>Мақсаты</b> театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту            Педагог балаларға ертегі туралы өлең оқиды.          Кел, көрейік ертегі,</p>	<p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесу  <b>Мақсаты</b>түстерді қазақша айтуға үйрету.          Қима материалмен жұмыс.          – Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай?          – Жапырақтың түсі сары.          – Мынау жапырақтың түсі қандай?</p>

	<p>дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.</p> <p>Мысалы: - ...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(қ), ...аламсап(қ), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айық(қ), ...асқыр(қ), ...ағдаршам(б), ...артоп(к), ...әбіз(с), ...ызанақ(қ), ...ырыққабат(қ), ...сқабақ(а), ...армақ(к), ...йыншық(о), ...квариум(а), ...ақта(т), ...уыршак(қ), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б.</p>	<p>қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.</p> <p>– Бұл қандай жануар? – Қандай ертегіде кездеседі?</p> <p>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер.</p> <p>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді)</p> <p>– Әр ұяшықта сандар бар.</p> <p>– Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.</p> <p>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.</p> <p>Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді</p>	<p>созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.</p> <p>Мысалы: ааалжапқыш-алжапқыыыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дээәріхана-дәріханааа, қооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааак, жааапырақ-жапалааак, дооомбыра-домбырааа, қоообыз-қобыыыз, жаааалбыз-жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, теесекше-текшесее, бааалапан- балапааан, боооотақан-ботақааан, көөөзілдірік - көзілдірііік, жаааапырақ-жапырааак , көөөрпе-көрпесее т.б.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр»</p>	<p>Естіген жанды елітеді. Талай ғажап оқиға Қызық сырын шертеді.</p> <p>– Балалар, біз қандай ертегілерді білеміз? – Ертегіде кейіпкерлердің мінез-күлқын салыстырады, сипаттайды. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.</p> <p>Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіретін қызықты әлем. Ертегі сендерді жамандықтан аулақ болуға, жақсылық жасауға, адамгершілікке жетелейді. Ертегі кейіпкерлерінің өзіне тән мінез-күлқы болады (ашулы, қатал, мейірімді, адал, қайырымды). Ертегілер еліндегі кейіпкерлерді есімізге түсірейік.</p> <p>– Сен қандай кейіпкерлерді ашулы деп елестетесің? (Қасқыр, арыстан) – Мейірімді, адал кейіпкерлерді ата. (Қоян, әтеш, шаруа)</p>	<p>– Жапырақтың түсі жасыл. – Алманың түсі қандай? – Алманың түсі қызыл. – Мынау қарындаштың түсі қандай? – Көк түсті. – Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайды Мынау – қара түс, қара. – Қандай түс? – Қара түс. – Мынау – күлгін түс, күлгін. – Қандай түс? – Күлгін түс. – Мынау – көгілдір түс, кө-гіл-дір. – Қандай түс? – Көгілдір түс. – Мынау – қызғылт түс, қызғылт. – Қандай түс? Қызғылт түс Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.</p>
--	---	---	--	---	---

– Балалар, көздерінді  
жұмып, мына  
жағдайды  
елестетіндер.  
Орманда досыңнан  
адасып  
қалдың. Сендер бір-  
бірінді табу үшін, не  
істер едіңдер?  
(Досымыздың атын  
атап  
шақырамыз).  
Мысалы: (Дастаааан!  
Серікбоооол!  
Айғаныыыым!  
Айшаааа! Ернаааар!  
Балжаааан!  
Ардаааақ!  
Санжаааар! Беріііік!  
Мереееей! т.б. )  
– Балалар, сендер  
достарыңды  
шақырғанда, қай  
буынды созып  
айттыңдар? Дұрыс, ең  
соңғы буынды созып  
айттыңдар

	<p>арасымен домалату,</p> <p>Түсінеді: қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін.</p> <p>Қолданады: баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетін</p> <p>1. допты бір қатарға қойылған кегли арасымен домалату. 2-3 рет</p> <p>2. допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу. 2-3 рет</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет). Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады.</p> <p>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секендеп, Байламаса көкем кел».</p>	<p>«Биімді қайтала» (ұнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)</p>	<p>Сылдыр, сылдыр етеді. Аяғымыз тыпырлап, Өзі билеп кетеді. Тып, тып, тып, тып.</p> <p>Тыпылдатып биге шық. Қолымызда сылдырмақ, Сыңғырлата қағамыз. Сол аяқ пен оң аяқ Басуын тез табамыз. Тып, тып, тып, тып</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру</p> <p>Мақсаты: Модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыруды жалғастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: бөрене үстінде еңбектеп жүруді, бір-біріне допты лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды.</p> <p>Түсінеді: модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін.</p> <p>Қолданады: бөрене үстінде еңбектеу; 2.5 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын), доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алу шеберліктерін</p> <p>Бөрене үстінде еңбектеу барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету.</p> <p>«Сілеусін» жаттығуы:</p>	<p>(арақашықтығы 4–5 метр). Мақсаты Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: көлбеу қойылған нысанаға асықты 2.5 метр қашықтықта тұрып лақтыруды, бір аяқпен әртүрлі бағытта секіруді</p> <p>Түсінеді: балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелеріндегі маңызын, Қазақстан республикасындағы халықтар достығы туралы мәліметті.</p> <p>Қолданады: «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын, шашырап жүріп, тапсырмаларды орындай білу машықтарын.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады.</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. (5 рет)</p> <p>«Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 2,5 метр). Құрсаулардың (4 құрсау) айналасында тұрады, құрсау жанында асықтар жатады.</p> <p>Балалар асықтарды алып, құрсау ішіне лақтырады. «Қазанға» көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады</p>	<p>- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру</p> <p>Топтық жұмыстар жүргізу</p> <p><b>4. Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру</p> <p>Мақсаты: Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады.</p> <p>Түсінеді: регистр деген не екенін.</p> <p>Қолданады: ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды</p> <p>Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)</p>
--	---	--	--	---	--

			<p>бөренеден түсу.</p> <p>2 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын) бекіту, доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алуға үйрету. Нұсқау – ұшып келе жатқан допты қолды шынтақтан бүгіп, саусақтарын ашқан күйде қағып алу.</p> <p>Тепе-теңдік: модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыруды жалғастыру</p>		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Картотека № 9</p> <p>Қоңыр күзді бақылау, салыстыру</p> <p>Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру.</p>	<p>Картотека № 10</p> <p>«Өзге топ балаларының іс-әрекеті »</p> <p>Мақсаты: Балалардың назарын өзге топ балаларының іс-әрекетіне аудартып, балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу.</p> <p>Еңбек: Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарын жинау.</p> <p>Мақсаты: Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру.</p>	<p>Картотека № 11</p> <p>Бақылау: Бұлтты бақылау.</p> <p>Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарты, будақ, қабатты бұлиларды ажырату .</p> <p>Еңбек : Үлкендердің көмегімен ауладағы гүлдерді суару.</p> <p>Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Аспанға</p>	<p>Картотека № 12</p> <p>Ауа-райын бақылау.</p> <p>Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p>Еңбек: « Таза алаң » .</p> <p>Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » .</p> <p>Мақсаты: Тапқакты мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p>Үреді үйшікте, Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала</p>	<p>Картотека № 13</p> <p>Күзгі жапырақтарды бақылау</p> <p>Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.</p> <p>Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау</p> <p>Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.</p> <p>Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тапқак</p> <p>Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы,</p>

	<p>Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.</p> <p>Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру)</p> <p>Мақсаты: Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу.</p> <p>Көркем сөз: «Күз»</p> <p>Қара бұлт қабағын түйеді, Бұталар боз қырау киеді</p>	<p>Ағайынды бес құрдас Бірдей болып еш тұрмас (саусак)</p> <p>Қимылды ойындар: «Жай жүгіріп өт»</p> <p>Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету.</p> <p>Балаларды икемділікке баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Көркем сөз: 1. Есігі-біреу 2.Адамның сәні</p> <p>Бөлмесі бесеу Онсыз жоқ мәні (қолғап) (киім)</p>	<p>ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт)</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Соқыр теке»</p> <p>Дербес ойындар: 1. Өткіншек тебу. 2. Тартылғышқа тартылу.</p>	<p>Біреуі ақ, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап</p> <p>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи»</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Өткеншек тебу. 2. Допты қуалау .</p>	<p>сөздік қорын дамыту. Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Қимылдық ойын: «Күн мен түн» «Өз орныңды тап»</p> <p>Мақсаты: Ептілікке баулу. »</p> <p>Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Өткеншек тебу</p> <p>2.Қуаласпақ</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)	«Бір аяқпен жолдан секіру»	« Құнан шабысы»	«Такси»	: «Оқтау тартыс»	«Көбелекті ұстап алу»
	Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу				
Жеке жұмыс	Айзере үнді дыбысты (Р) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Аяла қатаң дыбысты (Қ) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Раяна 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету	Бақберген «Ойыншықтар» елеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Аяла жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Ю.А.Гагарин мектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 25- 29 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.09	Сейсенбі 26.09	Сәрсенбі 27.09	Бейсенбі 28.09	Жұма 29.09
Балаларды қабылдау 8.30-9.00	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау» Шарты: суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	Еркін ойын: «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	Пж ойын: «Қайтала» Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шиімен қайталайды.	Пж ойын: «Ойыншықты тап» Шарты: Жасырылған ойыншықты табады.	Еркін ойын: «Сенде не бар?» Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:  Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары	«Мен спортшымын».Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау	Әңгімелесу. Спорт не үшін керек? әңгімелеп беру	Сурет салу. «Футболшы»

әрекеттер)					
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> <p>9.00-11.10</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану Мақсаты: Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу Күтілетін нәтиже: Жасайды : өлең жолындағы сөзді педагогпен бірге және өздері жіктейді; Түсінеді: күзде жемістер мен көгөністер мол болып, дәруменге бай болатынын; Қолданады: өлеңді мазмұнын түсініп, жаттап алады</p> <p>Күз бояуы (жаттау) Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім ақшаны, Қ ауын біткен сап-сары. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен. Таза жездей жинаған, Сары бояу айналам.</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру Мақсаты: Ағаштың,</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: жіңішке дауысты дыбыстар бар сөздерді атайды. Түсінеді: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дыбыстарды анықтайды, сөз барысында қолданады Суреттермен жұмыс Педагог тақаға ер, үзеңгі, ірімшік, эткеншек, өрмекші және инеліктің суреттерін іледі. Балалар әр заттың атын атайды. Педагог осы сөздердің мағынасын түсіндіреді. Ер – аттың үстіне адам отыру үшін ағаштан жасалған әбзел. Үзеңгі – атқа отырған адам аяғын салып отыратын темірден жасалған әбзел. Ірімшік – сүттен жасалатын тағамның түрі. Эткеншек – балалар ойнайтын ойынның түрі. Өрмекші – жәндік. Инелік – жәндік. Заттың атын қайталайды және сөздегі бірінші дыбысты ерекшелеп айтқызады. – Осы сөздердің бірінші дыбысын айтқанда айтылуына мән берсеңдер, тілдің ұшы ілгері созылып жіңішкереді. Жіңішке дауысты дыбыстар: ә, ө, і, е, и, ү. Айнаны алып жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен. Педагог балаларға дауысты жіңішке дыбыстарды қайталату арқылы жаттатады. «Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: жіңішке дауысты дыбыстар бар сөздерді атайды. Түсінеді: жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дыбыстарды анықтайды, сөз барысында қолданады «Е дыбысы қайда тығылды?» ойын-жаттығуы Педагог алма, бақа, мысық, өрік, банан, садақ, ит, емен, кеме, күшік, бидон, елік, трактор сөздерін айтады. Балалар осы сөздерді айтқанда, қолдарын шапалақтап, сөзді айтулары керек. Сызбамен жұмыс. Педагог «ер» сөзінің сызбасын сызуды балаларға ұсынады. Бір баланы тақтаға шығарады. «Ер» сөзінде неше дыбыс, неше дауысты дыбыс бар? Бала дауысты дыбысты қызыл текшемен белгілейді. Ол жуан жіңішке екендігін анықтайды. «Жіңішке дауысты дыбысты сөзден баста» ойын-жаттығуы Педагог қойған сұрақтарға балалар жіңішке дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек. 1. Сүйікті тағамың қандай? (Мысалы: ет, ірімшік т.б.) 2. Достарыңның аты кім? (Әмірхан, Ерасыл, Інжу,</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: жуан, жіңішке дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратып бөледі. Түсінеді: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып ауыз қуысында жасалатынын түсінеді. Қолданады: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратады «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы көтереді. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінетінін естеріне түсіреді. 1) Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ы, ұ, у. Айнаны қолымызға алып, жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда, тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен. 2) Жіңішке дауысты дыбыстар: ә, ө, і, е, и, ү. Айнаны алып, жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты</p>	<p><b>1.Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру</p> <p>Мақсаты: - диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру - Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; 23 Түсінеді: ертегіні сюжет бойынша мазмұндайды; Қолданады: ертегі мазмұнының жүйесін сақтап айтып береді</p> <p>Суретте қай ертегі бейнеленген? Шаруа аюға не айтып тұр? Ойынды білдір. Ертегі арқылы қандай ой түйдің? Ертегі қалай аяқталады? Ертегідегі адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр. <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> - Қазақстан</p>



	<p>бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету</p> <p>Күтілетін нәтижелер: жасайды: ағаштар мен бұталардың бірнеше түрін атап бере алады.</p> <p>түсінеді: ағаштар мен бұталардың құрылымындағы айырмашылықтарды түсінеді. қолданады: ағаштар мен бұталарды сипаттайтын әңгімелер құрастырады; шағын тәжірибелер жасайды</p> <p>«Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады. Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка (текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады.</p> <p>П: Ағаштардың қандай пайдасы бар?</p> <p>Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұя салады.</p> <p>Күрделі сұрақ: ағашқа қарап жел соғып тұрғанын білуге бола ма? Балалар өз болжамдарын айтады. Егер бұтақтар шайқалып тұрса, жел соғып тұр деген сөз. Желдің қуатын анықтайды</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b></p>	<p>–Балалар, сендер жіңішке дауысты е, і, ө, и, ә, ү дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру</p> <p>Мақсаты: 1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 1 және 2 саны мен цифрын; түсінеді: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін; қолданады: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды</p> <p>Педагог іздеу тапсырмаларын ұйымдастырады.</p> <p>– Неше паровоз? – Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Балалар вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, терезелерді санайды. Дауыстап «екі» сөзін қайталайды. Одан кейін ұсынады: – Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с. – Вагондардың әрқайсысында 2 терезе бар. Балалар вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, терезелерді санайды. Ойын жаттығуы: «Бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды табу».</p> <p>Педагог бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды топтан іздеуді ұсынады. – Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар? Педагог «екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен</p>	<p>Инабат, Үміт). 3. Сүйікті ойыншығың не? (Әткеншек, үкі т.б.) Балалар ойланып жауап береді, көмек керек балаларға педагог көмектеседі.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру</p> <p>Мақсаты: 1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 1 және 2 саны мен цифрын; түсінеді: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін; қолданады: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды</p> <p>Дәптермен жұмыс</p> <p>Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретте не бейнеленгенін атайды. – Қандай заттарды «бір» деп айта аламыз? – Не туралы бір деп айтуға болады? Балалар: бір себет, бір тостаған. Оларды бояйды. – Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? Екі мысық, екі тышқан. Екі-екіден тұрған заттарды көк, екеуден көп заттарды қызыл түспен қорша. Педагог орындықта дұрыс отыру ережелерін қайталайды.</p> <p><b>3.Сөйлеулі дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау</p> <p>Мақсаты: - Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды : өлең жолындағы сөзді педагогпен бірге және</p>	<p>дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен. Қазақ тілінде сөздер не жуан дауыстылардан, не жіңішке дауысты дыбыстардан құралады. Мысалы, тек жуан дауысты дыбыстардан құралған сөздер: аққу, арыстан, тасбақа, қараторғай т.б. Тек жіңішке дауысты дыбыстардан құралған сөздер: өмір, көктем, жүгері, мереке, күміс, ілгіш т.б. суреттерін тақтаға іліп көрсету, жуан, жіңішке дыбыстарды естеріне сақтату. Кейбір сөздерде жуан және жіңішке дауысты дыбыстар кездеседі. Мысалы, кітап, мұғалім т.б</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру</p> <p>Мақсаты: 1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: 1 және 2 саны мен цифрын; түсінеді: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін; қолданады: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды</p> <p>Тапсырма. Заттарды санайды, көрсетілген түспен бояйды. Тапсырманы орындар алдында әңгіме жүргізеді. Әр топта неше зат бар? Қандай түспен бояуға болады? Балалар 1 және 2 цифрының түсімен бояуға болатынын түсінеді. Балалар</p> <p>Тапсырманы өздігінен орындап, тексереді. - тапсырмада. Балалар суреттерді қарайды, артық</p>	<p>аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату</p> <p>Мақсаты: Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту . Күтілетін нәтижелер: жасайды: жануарлардың бірнеше түрін, олардың өзіне тән ерекшеліктерін атап береді.</p> <p>түсінеді: жабайы жануарлар мен үй жануарларының арасындағы айырмашылықты түсінеді. қолданады: кесте бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыра алады</p> <p>Педагог балаларға тапсырманы «ВЕНН ДИАГРАММАСЫ»техника сының көмегімен орындауды ұсынады: «Сен жануарлар туралы не білесің?» дидактикалық ойыны. Тапсырманы түсіндіреді: Сиыр мен қасқырдың арасында айырмашылықтар да, ұқсастықтар да бар. Қызыл бұрышқа қасқырдың тіршілігіне қатысы бар карточкаларды қойып, сөздерді жазыңдар (орман, тырнақтар, қасқырдың аузы, азу тіс, жыртқыш). Ал жасыл бұрышқа – сиырдың тіршілігіне қатысы барларын жазыңдар (пішен,</p>
--	---	--	--	---	---

<p><b>Міндеті:</b> сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соның ойдан құрастыруға баулу</p> <p>Мақсаты: Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: күз мезгілі, күз айларын, шағын мәтінді, жаңылтпашты қайталайды.</p> <p>Түсінеді: күз мезгілінің ерекшелігін.</p> <p>Қолданады: қарапайым сұрақтарға жауап береді</p> <p>Демонстрациялық материалдармен жұмыс.</p> <p>Педагог шағын мәтін құрайды. Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ. – Мынау не? – Мынау – жапырақ. – Жапырақ сары. – Жапырақ қандай? – Жапырақ сары. – Алтын күз. – Қандай күз? – Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды</p> <p><b>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:</b> «Менің сүйікті жануарларым»</p> <p>Міндеті: - Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу</p>	<p>таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы. Балалар дауыстап «екі», «жүп» деп қайталайды. – Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар. – Бір затты (бір саны) және заттар жұбын (екі саны) қандай цифрмен белгілейміз?</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ынталандыру</p> <p>Мақсаты: көкөністер туралы жұмбақ шешу, ойлау қабілеттерін арттыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: көкөністердің қазақша атауларын атайды, диалог құрайды, тақпақты жаттайды.</p> <p>Түсінеді: көкөністер бақшада өседі.</p> <p>Қолданады: тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>«Дүкен» ойыны.</p> <p>Қима материалдармен жұмыс.</p> <p>Көкөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді. Диалог: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Маған қияр беріңізші. – Алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады.</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Біздің аспаптар»</p> <p>Міндеті: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру</p> <p>Мақсаты: - Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау</p> <p>Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)</p>	<p>өздері жіктейді;</p> <p>Түсінеді: күзде жемістер мен көкөністер мол болып, дәруменге бай болатынын;</p> <p>Қолданады: өлеңді мазмұнын түсініп, жаттап алады</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»</p> <p>Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.</p> <p>Педагог:</p> <p>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көкөністерді көресіндер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіндер. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.</p> <p>Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:</b> «Дене қабілеттерін дамыту»</p> <p>Міндеті: оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру</p> <p>Мақсаты: Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеу. Қысқа секіртпемен секіру. Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты қайтадан қағып алу.</p> <p>Түсінеді: кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін және</p>	<p>затты табады. Таңдауын түсіндіреді. Қайсысы артық екенін бөледі. Балалар «артық» затты табуға үйренеді, олар оны атайды, қара ит (түсі бойынша) артық болуы мүмкін. Немесе жабайы аң сияқты сұр қасқыр</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру</p> <p>Мақсаты: - Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; 23 Түсінеді: ертегіні сюжет бойынша мазмұндайды; Қолданады: ертегі мазмұнының жүйесін сақтап айтып береді</p> <p>Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулу</p> <p>Жұмбақ</p> <p>Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. (Аю)</p> <p>Ертегіні оқу</p> <p>– Ертегі қалай аталады? – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Шаруаға не келді? – Аю шаруаны қалай қорқытты? – Олар қалай келісті? – Шаруа не екті? – Аюға қай жағын берді? – Келесі жылы шаруа не екті? – Аю не нәрсені білмеді?</p> <p><b>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:</b> «Доппен ойнап, көңіліңді көтер!»</p> <p>Міндеті: -Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың</p>	<p>шөп, сүт, ет, мүйіз, құйрық, бұзау, му- му...). Сары секторға жануарларға тән ортақ белгілерді жазыңдар (мәселен, жүн қаптаған). 5 минут уақыт беріледі.</p> <p>Топтасып/шағын топпен жұмыс істеу. Диаграмманы балалар өз бетінше толтырады. Содан соң оған білетін мәліметтерін қосады немесе берілген ақпараттарды дұрыстайды. Топтасып жұмыс істейді.</p> <p>Бір-бірімен ақпарат алмасуына, бағалаулармен, қорытындылармен бөлісуге болады. Салыстырмалы талдау жасап, бастапқы тапсырманы орындауды аяқтайды.</p> <p>Сұрақтардың көмегімен дұрыс ақпаратты анықтайды: Қандай дыбыстар шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?</p> <p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру Құрастыру.</b></p> <p>Тақырыбы: «Жаңбырлы күн»</p> <p>Міндеті: - Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару</p> <p>- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу</p> <p>- жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару</p>
--	--	---	---	---

	<p>Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алып жүруді. Түсінеді: тапсырманы өз бетімен орындау барысында шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту керектігін. Қолданады: өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет)</p>	<p>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай)</p>	<p>қозғалыс анализаторларын дамыту, қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру керектігін, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру керектігін. Қолданады: отбасы мүшелерімен бірге салауатты өмір салтын</p> <p>Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру</p>	<p>үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру Мақсаты: бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдік сақтауға үйрете түсу – дене бітімінің ақауларының алдын алу</p> <p>Тепе-теңдік сақтау – беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап (сүйем қадам жасап) жүріп өту. (4 рет) Жүрген кезде қолдарын түрлі сәйкес тәсілдермен ұстау ұсынылады. Жерден көтерілген бөрененің үстімен жүріп өтуде динамикалық тепе-теңдік сақтау – денені түзу ұстау, еңкеймей басын жоғары ұстап, алға қарап, аяқты алдымен басын басып, сосын толық табанына басу керектігіне басты назар аудару керек</p>	<p>- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу Мақсаты:- балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру -маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту -- жапсырудың әдіс-тәсілдерін үйрету; өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; қайшымен жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру -- қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру</p> <p>Топтық жұмыстар <b>4.Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Күзгі серуен» Міндеті: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық</p>
--	---	--	---	---	--

					<p>бейнесі мен динамикасын дәл беру</p> <p>Музыка тыңдау: «Қазан» (П. Чайковский) Ән айту: Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Картотека №14</p> <p>Тұманды күнді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Тұман кезінде маңайындағы үйлердің көрінбеуін неліктен тұманған себептерін айтып</p>	<p>Картотека №15</p> <p>Жапырақтардың ұшып жүргенін бақылау.</p> <p>Мақсаты: Балаларға жапырақтар желмен ұшып жүргені туралы білім беру.</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу.</p> <p>Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (жапырақ)</p>	<p>Картотека №16</p> <p>Жәндіктерді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады. Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.</p> <p>Қимылды ойын:</p>	<p>Картотека №17</p> <p>Ауа- райын бақылау</p> <p>Мақсаты: Ауа- райының құбылысын бақылай отырып, күннің суыта бастағанын айтып түсіндіру.</p> <p>Жеке жұмыс: Такпақ жаттау</p> <p>Қарашы, күз келді, күз</p>	<p>Картотека №18</p> <p>Аула маңындағы шалшық судың мұздап тұрғанын бақылау</p> <p>Мақсаты: Балаларға күз мезгілінде сулардың неліктен қатып тұрғанын түсіндіріп беру.</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу.</p>

	<p>түсіндіру. Жеке жұмыс: Жұмбақтар шешу. Көл жағалай көктемде Көлбеңдейді көк перде (тұман) Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды қорапшаға салу. Мақсаты: ұқыптылыққа мұқияттылыққа үйрету. Қимылды ойын: “Ұшты-ұшты” Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту. Көркем сөз: Күзім –ау, күзім – ау Мінезің бұзық ау</p>	<p>Еңбек: Ұшып жүрген себетке жапырақтарды жинау. Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу. Қимылды ойын: “Тез жина Мақсаты: Еңбек сүйгіштілікке баулу. Көркем сөз: Тақпақ айтқызу. Ж. Смаков «Жау, жаңбыр» Жаңбыр , жаңбыр жауасын, Жанымызға дауасын.</p>	<p>«Автомобильдер» Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Қатысушылардың қолдарында әр түрлі түсті рөлдер бар. Тәрбиешінің берілген дабылы бойынша әр түрлі түсті таяқшалармен балалар өзін жүргізуші ретінде санап, өз дабылы бойынша қимылдайды</p>	<p>келді Сары алтын жауыпты іздері Еңбек: Жапырақтармен кішкентай бұталарды жинастыру. Мақсаты: еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: допты домалату. Мақсаты: Қол –бұлшық еттерін домалату. Дербес іс-әрекеттер.</p>	<p>Жылт-жылт еткен Жырадан өткен (су) Еңбек: Әдемі жапырақтарды жинап тәрбиешіге беру. Мақсаты: әдемілікке баулу. Қимылды ойын: “Ит пен мысық” .</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Кең қадам»	«Тыныш жүгіріп өт»	: «Ұшты-ұшты»	«Аталған ағашқа жүгіріп бар»	«Белгіні тыңда»
	Мақсаты:-балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу				
Жеке жұмыс	Балаларға өз отбасыларының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады	Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не?	Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы,сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану	Үй жануарлары тіршілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер?	Туған күнге қандай сыйлық сыйлар едің?
Балаларды үйге қайтару	Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық	Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсмаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата

	<p>көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p>болыңыздар</p>	<p>шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>– ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--	---	-------------------	--	--	--

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

**Мектепалды** «А» сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2 - 6 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 2.10	Сейсенбі 3.10	Сәрсенбі 4.10	Бейсенбі 5.10	Жұма 6.10
Балаларды қабылдау 8.30-9.00	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Біз бақытты баламыз»  Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік,  Тату болып жүрейік.	«Мен әдепті баламын»  Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал,кәнеки бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.	«Нәр алып»  Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Сұға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	«Қуан,шаттан!»  Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	«Қайырлы таң!»  Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар  Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:  Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме:  Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме:  Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны – пазл:  «Жыл мезгілдері »  Балалармен қыс мезгілі туралы	Құрылыс ойындары:  «Қардан үйшік жасаймыз»	Фотосуреттер қарастыру: «Қысқы ойындар түрлері»  Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры:  «Ғажайып қыс» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар:  «Қыстың қызықты сәттері» еркін сурет салу.

	әңгімелесу.				Д/ойын: «Қар»
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту</p> <p><b>Мақсаты:</b> Суретке қарап, әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> саусақты бұғу арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды, берілген тақырыпқа әңгіме құрайды;</p> <p><b>Түсінеді:</b> сәлем беруді, амандасуды;</p> <p><b>Қолданады:</b> отбасы мүшелерін буынға бөледі</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b></p> <p><b>«Отбасы мүшелерін ата»</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады.</p> <p>Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі.</p> <p>Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p><b>Мақсаты:</b> - дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратады, түсіп қалған дыбыстарды сөз ішінде табады.</p> <p><b>Түсінеді:</b> дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленетінін. <b>Қолданады:</b> дауыссыз, дауысты дыбыстарды анықтау, сөз ойлайды</p> <p><b>«Мұқият бол» дидактикалық жаттығуы</b></p> <p>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті шаршыны, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл түсті тікт</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p><b>Мақсаты</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді қосады.</p> <p><b>Түсінеді:</b> дауысты және дауыссыз дыбыстардың қалай белгіленетінін.</p> <p><b>Қолданады:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады</p> <p><b>«Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны –</b></p> <p>Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз қосуларың керек. Мысалы: қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әтеш), темір ... (ыдыс), қабаған ... (ит), жаңа ... (өшіргіш), тәтті ... (алмұрт), жылы ... (етік), гүрілдеген ... (экскаватор), дәмді... (ірімшік)</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p><b>Мақсаты</b> дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады.</p> <p><b>Түсінеді:</b> сөздің дыбыстардан тұратынын. <b>Қолданады:</b> сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады.</p> <p><b>«Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы</b></p> <p>Дұрыс жауапқа фишка беріледі. Педагог балаларға «е» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. – Етік, ешкі, елгезек. – Емізік, ел, есік, есеп, елек, елпілдеп, Елжас, Ернар, Елдана, Ернұр. Педагог балаларға «ы» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. – Ыдыс, ырыс, ымырт, Ыбырай, ылғал, ық ықылық, ырым т.б. Ойын соңында фишкаларды санап,</p>	<p><b>1.Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Диалогты сөйлеуін қалыптастыру</p> <p><b>Мақсаты</b> . сюжеттік бірзділікті сақтап, қисынды мазмұндауға баулу</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> әдеби жанрларды ажыратады;</p> <p><b>Түсінеді:</b> әңгіменің мазмұнын түсінеді;</p> <p><b>Қолданады:</b> әңгіме мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады</p> <p>Бүгін біз әкенің балаларына айтқан ақылы туралы «Әкесі мен балалары» әңгімесімен танысамыз. Авторы – орыс жазушысы Лев Толстой. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – оқиғаны қысқа баяндайды</p> <p>Әңгіме мазмұны бойынша</p>
9.00-11.10					



<p>естеріне салады</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну</p> <p><b>Мақсаты:</b> заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• заттардың неден жасалғанын анықтайтын тапсырмаларды орындайды/<b>жасайды;</b></li> <li>• қоршаған ортадағы күнделікті көріп жүрген заттарының қандай материалдан жасалғандығын <b>түсінеді;</b></li> <li>• материалды тиімді пайдалану тәсілі туралы білімдерін күнделікті өмірде <b>қолданады</b></li> </ul> <p>Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет. Адамдар орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. Адам жұмыс істейтін заттар бар, сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін заттар бар. Қалай ойлайсындар, бұл заттарды кімдер жасайды? –</p>	<p>өртбұрышты көтереді. «<b>Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос</b>» <b>дидактикалық ойыны</b> – Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасындар. Мысалы: үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабак), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман), мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік (ат), ұзын (ожау), бұзық (этеш), үлкен (акула), кең (алқап), дәмді (ас), мықты (ит), батыр (адам), ақымақ (Омар) т.б.</p> <p>«<b>Қайтала</b>»(доппен) <b>дидактикалық ойыны</b> – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасындар. Мысалы: тттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б), вввагон(в), ғғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л), мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), ррррадио(р), һһһаһ((һ), ффффабрика(ф), ччччупа-ччччупс(ч), щщщщиркуль(щ),</p>	<p>т.б. – Балалар, бүгін мен сендерге жаңылтпаштар</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 3,4 сандарының пайда болуымен, 3,4 цифрмен таныстыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер: меңгереді:</b> 3 және 4 сандары мен цифрларын;</p> <p><b>түсінеді:</b> заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;</p> <p><b>қолданады:</b> 3, 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді</p> <p>2-тапсырма Бұл ұйымдастырылған оқу қызметінде QR код көрсетіледі. Санның салу ретін бейнеден көруге болады. 3 цифрының үстінен саусақтарымен жүргізеді. Одан кейін оны ауада жазады. Еденде аяқпен жазуды ұсынуға болады. 4 цифрымен де осыған ұқсас жұмыс істейді. Практикалық жұмыста осы цифрларды ермексаздан жасауларын тапсырады.</p> <p>Демонстрациялық материалмен жұмыс (6-кесте). Тапсырма:</p>	<p>жеңімпазды анықтайды.</p> <p>«<b>Кім тапқыр?</b>» <b>дидактикалық ойыны</b>  Педагог берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер педагог айтқан дыбыс сөздің басында болса көк жалаушаны, егер сөз соңында болса, жасыл түсті жалаушаны жоғары көтереді, ал ортасында болса, жалауша көтермейді. Педагог дауыссыз дыбыстармен жұмыс жасайды. Мысалы: (С) Самат, сағыз, тіс, қасық, сабын, тас; (Ғ) ғалым, ғарыш, аға, таға, жаға, сағыз, тоғыз, жаға, Ғазиз, Ғалымжан, Тоғжан, ғанибет; (Б) бидон, Бейбіт, бейбітшілік, былғары, жабық, жалбыз, бала, балабақша, бақа, жабық, тобық, білім, табыл, Абыз, қарбыз, қобыз, бақыр; (Қ) қаша, арық, қоңыз, қорық, қол, қолтық, қоян, бұтақ, сұғанақ, қошақан, құлын, таяқ, салақ, ақ, жақ</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 3,4 сандарының пайда болуымен, 3,4 цифрмен таныстыру</p> <p><b>Мақсаты</b> 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер: меңгереді:</b> 3 және 4 сандары мен цифрларын;</p>	<p>сұрақтар:</p> <p>– Әңгіменің авторы кім? – Әкесі балаларына қандай ақыл айтты?</p> <p>– Балалары әкесінің ақылын тыңдады ма?</p> <p>– Сыпыртқы неге сынбады?</p> <p>– Жеке-жеке сындырғанда, шыбықтар неге оңай сынды?</p> <p>– Әкесі балаларына «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім де ренжіте алмайды» деген ойды қалай білдірді?</p> <p>– Балалар, әрқашан бірлікте болсаңдар, сендерді де ешкім ренжіте алмайды</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту</p> <p><b>Мақсаты:-</b> мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• сурет бойынша мамандық түрлерін ажыратуға; мамандықтың қандай қызметті атқаратынын әңгімелеуге; болашақтағы өз қиялындағы мамандық туралы пікірін айтқызуға арналған тапсырмаларды</li> </ul>
---	---	---	--	--

	<p>берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Ал керемет бұл қандай?</p> <p>Төгіледі төбедең.</p> <p>Көк теңізден құйғандай</p> <p>Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)</p> <p><b>Мақсаты:</b>Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Ойын:</b> «Айгөлек-ау айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b>Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Сұр қоян».</p> <p><b>Ойын барысы:</b>Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:</p> <p>Бармақ болып тоғайға сұр көжек,</p> <p>Жуынып жатыр бүгжеңдеп:</p> <p>Тұмсығын жуды,</p> <p>Құйрығын жуды,</p> <p>Құлағына жуды-түртінді,</p>	<p>Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып</p> <p>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p>Ойын: « Кімге қандай құрал керек? »</p> <p>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: « Соқыр теке » .</p> <p>Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі.Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ » ,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпейі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртек » болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <p>1.Әткіншектебу.</p> <p>2. Тартылғышқа тартылу.</p> <p>Тренинг: « Біз тату баламыз » .</p>	<p>сауыт жасау.</p> <p>Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан ,</p> <p>Сезді мекен күзді олар .</p> <p>Қарлығаштар ұшып кетті,</p> <p>Ұшып кетті тырналар.</p> <p>Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: « Күзде не киеміз? »</p> <p>Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкію үлгісін көрсете түсіндіру.</p> <p>Қимылдық ойын: « Аттамақ » .</p> <p>Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.</p> <p>Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі- төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы</p>	<p>аялау, күту.</p> <p>Жеке жұмыс: Тақпақ. « Жел »</p> <p>Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Жел үлейді у-у-у.</p> <p>Құйын келіп билейді зу-зу-зу</p> <p>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,</p> <p>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.</p> <p>Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » .</p> <p>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Қимылдық ойын: « Орамал тастау » .</p> <p>Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса ,</p>	<p>қую.</p> <p>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоры молайту.</p> <p>Қимылдық ойын: « Ақ қояным »</p> <p>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.</p> <p>Қимылдық ойын: « Ұшты-ұшты »</p> <p>Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » ,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсесеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға,үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.</p> <p>Дербес ойындар:</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>Құп-құрғақ боп сүртінді.</p> <p>Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады.</p>		<p>да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.</p> <p>1.Сазбалшықтан « қала » құрастырайық.</p> <p>2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік .</p> <p>Тренинг : « Тырналар болып ұшайық » .</p>	<p>бастаушыны құуға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады.</p> <p>Дербес ойындар:</p> <p>1. « Желмен жарысайық »</p> <p>2. « Менің әдемі үйім » (құрастыру)</p> <p>Тренинг: « Қолшатыр астында » .</p>	<p>« Тәтті тоқаштар » пісірейік</p> <p>« Мені қуып жет » .</p> <p>Тренинг: « Шаңырақ »</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Ильяс Аяла барлық дыбыстарды анық айтуға үйрету.</p> <p>Ойын: «Сөзімді қайтала»</p>	<p>Заринаға геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету.</p> <p>Д/ойын: «пішіндерді ажырат»</p>	<p>Ибрахимге дөңгелек пішінді алманың суретін салуға,қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.</p>	<p>Аяла мен Айзере жануарларды ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойын: «Не қалай дыбыстайды?»</p>	<p>Аяулым бейненің жартысын тауып атауға және сипаттауға үйрету.</p> <p>Ойын: «Жартысын тап»</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар</p>	<p>Ж.Р.О «Дәрігер»</p>	<p>Д/ойын: «Көлеңкесін тап»</p>	<p>Еркін ойындар</p>	<p>Үстел-үсті ойыны: «Домино»</p>	<p>Суреттер,ертегі кітаптар қарау</p>

<p>Балаларды үйге қайтару</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
-------------------------------	---	---	---	---	---



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 16 - 20 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.10	Сейсенбі 17.10	Сәрсенбі 18.10	Бейсенбі 19.10	Жұма 20.10
<b>Балаларды қабылдау 8.30-9.00</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?»  Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: «Бұл үйде кімдер тұрады?»  Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап»  Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла»  Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде»  Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналармен әңгіме:  Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме:  Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме:  Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Шығармашылық ойыны:  Фотосуреттер қарастыру Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»  Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру.	Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ. 1.Бірім, екім, Алма текім. Сапар айым, Сар шымшық. Балтаңды ал да, Жүгіріп шық. 2.Біз санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балан үйрек жалғасы.	Суретті жұмбақтар ойыны :  Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы	Саусақ ойыны :  «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»  Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу.	Үстел үсті театр ойыны : «Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру.  Балалармен құстар туралы әңгімелесу.

			алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.		
<b>Танертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 4				
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>9.00-11.10</b>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету Мақсаты: Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту Күтілетін нәтиже: Жасайды: «Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгөністермен жемістерді ажыратады; Түсінеді : сөздің дыбыстан құралатынын; Қолданады:күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер қолдана алады</p> <p>Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойындаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: : ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту Күтілетін нәтиже: Жасайды: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді. Қолданады: ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, боти, быламық, ботқа. – Г дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. – Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишқадан беріліп отырады. Ойын соңында фишқаларды санап, жеңімпазды анықтайды. 2.Математика негіздері Міндеті: -10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 7.8.9 сандарының пайда болуымен, 7,8,9 цифрмен таныстыру Мақсаты 7, 8, 9 сандарының</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: : ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту Күтілетін нәтиже: Жасайды: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді. Қолданады: ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естісеңдер, қол шапалақтайсыңдар. – Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бөтенке. «Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: үнді дыбыстарда бөсең үн болатынын түсінеді. Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны – Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. ң дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді. Мысалы: «л»– Ләззат, лақ, лаула,люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә; «м» – мақта, малта, маймыл, малақай; «н»– нар,</p>	<p>1.Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту (Алтын астық) Мақсаты өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру.  Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін ажыратады; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлеңді жатқа айтады  Педагог жұмбақ жасырады. Егістікте сары алтын, Дастарқанда наны алтын. (Бидай) Педагог балаларға бидайдың сабағын көрсетеді. – Бұл – астық, дәнді дақыл. Мынау – бидайдың дәні. Бидайдың дәнінен біз нан түрлерін дайындаймыз. Бүгін ақын Қосжан Мүсіреповтің «Алтын астық» өлеңімен танысамыз Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Өлеңді кім жазған? – Алтын астық деген сөзді қалай түсінесің? – Астыққа не жатады? Астық үлкен еңбектің арқасында келеді дегенді қалай түсінесің? <b>2. Қоршаған ортамен</b></p>

	<p>жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p>Міндеті: Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу</p> <p>Мақсаты нанның дастарқанға келу жолын түсіндіру арқылы дикан мен наубайшының еңбегі туралы ұғындыру</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• нанның дастарқанға келу жолын сызба бойынша әңгімелеуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды;</li> <li>• бидайдың тұқым кезінен бастап, нанға айналу кезеңдерін, дәнді дақылдар туралы түсінеді;</li> <li>• үлкендердің еңбегін құрметтеу, нанды қастерлеу қажеттігі туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады</li> </ul> <p>Нанды қазақ халқы өте қастерлеп, ардақтаған. Нан туралы шешендік сөздер өте көп. Сендер нанға қатысты қандай мақал-мәтел, тыйым сөздер білесіңдер? Балалар мақал-мәтел, тыйым сөздерді айтады. – Ас атасы – нан, нан атасы – дән. – Нанды бір қолмен үзбе. – Нан қоқымын басуға болмайды. Педагог әңгімеден үзінді келтіреді. «Нанды қадірлейік» әңгімесін оқу. Кейбір балалар нанды тойғанынша жеп, қалғанын лақтырып тастайды. Бұл дұрыс емес. Нан еңбекпен табылады. Дикандар көктемде жерге тұқым себеді. Одан егін шығады, оны жаз бойы күтіп-баптайды. Күзде астықты комбайнмен орып алады. Жүргізушілер астықты мәшиненен астық қабылдау орындарына жеткізеді.</p>	<p>құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: 7, 8 және 9 сандарын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 7, 8 және 9 сандарын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуы.</p> <p>Демонстрациялық материалмен жұмыс Балалар ойын алаңында ойнады. Төбешіктен сырғанауды шешті. Педагог 6 баланы төбешікке орналастырады. Ал 7-ші баланы төменгі баспалдақтың қасына қояды. – Қанша бала төбешікте сырғанағысы келіп тұр? 6 цифры жазылған карточканы қояды. – Қараңдаршы, тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады? – Санайық. (7 бала.) –Тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады? – Санайық (8 бала.) – Тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады? – Санайық. (9 бала.) – Санағанымызда суретте 9 бала бар. Тағы бір рет санайық (әр баланы төбешіктен домалатып, бәрі хормен санайды) біз ешкімді жіберіп алған жоқпыз ба? 7, 8, 9 цифрларымен танысады. Карточканы көрсетеді. Балаларды үйлеріне шығарып салуды ұсынады, кері санау жүргізеді</p> <p>3.Қазақ тілі</p> <p>Міндеті: Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға,</p>	<p>...(биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бака), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ... (домбыра), желбірейді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б.</p> <p>2.Математика негіздері</p> <p>Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Көрнекілік арқылы 7.8.9 сандарының пайда болуымен, 7,8,9 цифрмен таныстыру</p> <p>Мақсаты 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: 7, 8 және 9 сандарын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 7, 8 және 9 сандарын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуы.</p> <p>3-тапсырма. Балалар суретті қарайды. Жануарларды, гүлдерді атайды, цифрларды жазады. Сұрақ қояды: – Суретте не бейнеленген? – Жайылымда неше жануар жайылып жүр? – Қандай гүлдер өсіп тұр? Олар нешеу? – Енді жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Нешеу? – Аспанда қанша бұлт бар? –Қанша көбелек ұшып жүр? Қажетті</p>	<p>Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір; «р» – рауғаш, Рауан, Раушан, риза; «у» – уылдырық, уақ</p> <p>2.Математика негіздері</p> <p>Міндеті: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Көрнекілік арқылы 7.8.9 сандарының пайда болуымен, 7,8,9 цифрмен таныстыру</p> <p>Мақсаты 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереді: 7, 8 және 9 сандарын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 7, 8 және 9 сандарын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуы.</p> <p>«Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны</p> <p>Педагог ойын шартын түсіндіреді: тоғыз балаға бірден тоғызға дейінгі сан беріледі. Әрқайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден тоғызға дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифры қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау.</p> <p>«Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады</p> <p>3.Көркем әдебиет</p> <p>Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің</p>	<p><b>танысу</b></p> <p>Міндеті: Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар,таныстыру</p> <p>Мақсаты Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту</p> <p>Күтілетін нәтижелер: жасайды:құстардың атауларын біледі.</p> <p>түсінеді: қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.</p> <p>қолданады: құстарды бақылау әдістерін меңгерген, құрастырушылық қабілеті бар</p> <p>Күрделі сұрақ: құстар неліктен жылы жаққа күзде ұшып кетеді? Ал күзде құстар топталып, жылы жаққа қыстауға дайындалады. Жәндіктермен қоректенетін құстармен таныстырады. Олар: қараторғай, қарлығаш, көкек, сарыторғай, бұлбұл, қаратамақ торғай.</p> <p>Балалар: «Күн суытқан соң құстарға жейтін азық қалмайды» деген тұжырым жасайды. Себебі, күзде көптеген жәндіктер жоғалып кетеді: біреулері тіршілігін тоқтатса, енді біреулері ұясына жасырынып қалады. Яғни жәндіктермен қоректенетін құстардың жейтін тамағы болмай қалады. Жәндіктермен қоректенетін құстарды қалай ажыратуға болатынын талқылайды. Оларды тік, ұзын немесе ұшты болып келетін тұмсығына қарай тануға болады. Бұл жәндіктерді ұстауға өте қолайлы «Үшіншісі артық» атты дидактикалық ойынның ұйымдастырады.</p> <p>Мақсаттары: балалардың</p>
--	--	--	--	--	--

<p>Бидайдан ұн дайындайды. Наубайшы ұннан неше түрлі нан пісіреді. Мұның бәрі – адам еңбегі. Нан – тіршілік нәрі. Сондықтан да оны кәдірлеуіміз керек. Балалар әңгімені тыңдап, талдайды. – Бидай неден өсіп шығады? – Күзде дайын болған өнімді қалай атайды? – Егін өсірушілердің мамандықтарын атаңдар. – Тракторшы, диқан, диірменші, комбайншы</p> <p>3.Қазақ тілі</p> <p>Міндеті: Сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады.</p> <p>Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді.</p> <p>Қолданады: жаңа сөздерін сөйлем құруда қолданады</p> <p>Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»</p> <p>Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер.</p> <p>Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады?</p> <p>Жемістер.</p> <p>Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады?</p> <p>Көгөністер.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе- теңдік</p>	<p>ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға</p> <p>Мақсаты өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі.</p> <p>Түсінеді: ұжымдық ойында бір-біріне көмектесу керек екенін түсінеді.</p> <p>Қолданады: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді..</p> <p>Ойын ойнауға шақырады.</p> <p>«Қызық екен» ойыны</p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді.</p> <p>Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай.</p> <p>Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата?</p> <p>Күз айларын ата?</p> <p>Күз туралы тақпақ оқы?</p> <p>Сурет бойынша сөйлем құра.</p> <p>Көкөністер.</p> <p>Қандай көгөністерді білесің?</p> <p>Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) <i>қима суреттерден көрсету.</i></p> <p>Сурет бойынша сөйлем құра.</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру</p> <p>Музыка тыңдау:</p> <p>«Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев) Ән айту:</p> <p>«Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)</p> <p>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық</p>	<p>цифрды жазады. 4- тапсырма. Сандарды реті бойынша сызып қосады, тапсырманы орындайды. – Текшелердің қайсысы басқаларынан ерекшеленеді? (4 саны бар, мөлшері мен түсі әртүрлі.</p> <p>3.Сөйлеуді дамыту</p> <p>Міндеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)</p> <p>Мақсаты , Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: «Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгөністермен жемістерді ажыратады;</p> <p>Түсінеді : сөздің дыбыстан құралатынын;</p> <p>Қолданады:күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер қолдана алады</p> <p>Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады).</p> <p>Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өте қиын.</p> <p>Педагог бір баланы тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді.</p> <p>Қалған балалар табады</p> <p>Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің маңыздылығын түсінеді.</p> <p>Міне, қимылмен келтіргенмен толық, еңбек қозғалыстарын аша</p>	<p>бірзділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру</p> <p>Мақсаты таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрды ажыратады;</p> <p>Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналайды</p> <p>1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт.</p> <p>Досыңмен диалог құр. 2. Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап.</p> <p>Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p>Жұмбақ ойын: «Айна».</p> <p>Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады.</p> <p>Педагогті балалар ауыстырып ойнауына болады. Педагог ертегіні драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады.</p> <p>Сикырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді.</p> <p>Ертегіні драмалауда сикырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Педагог балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды.</p>	<p>құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. Педагог құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).</p> <p>Өзекті мәселе: Құстар бізге қандай пайда әкеледі?</p> <p>Талқылайды. «Зиянкес жәндіктер мен кеміргіштерді жояды» деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар өсімдіктердің тұқымдарын таратып, олардың көбеюіне көмектеседі.</p> <p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру Құрастыру.</b></p> <p>Міндеті:- - Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: жеткізе білуін жетілдіру</p> <p>- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету</p> <p>- Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді пішіндегі заттарды кию</p> <p>-- тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p>Мақсаты:- - балаларға дөңді дақылдардың түрлері туралы білім беру</p> <p>-- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету</p> <p>-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию</p> <p>-- ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p>
--	--	--	--	--

	<p>сақтап жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруге жаттықтыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді; бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруді.</p> <p><b>Түсінеді:</b> сапқа қайта тұруды, уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру; биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін қалыптастыру керектігін.</p> <p><b>қолданады:</b> жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде</p> <p><b>Тепе-теңдік</b> – орындық үстінде текшелерді аттап жүру (ені – 20 см, биіктігі – 40 см), бір бүйірмен текшелерді аттап жүру. Бастарын төмен түсірмей, тура қарап және бір-біріне кедергі келтірмей жүреді. Нұсқау – тепе-теңдікті сақтау.</p>	<p>қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңд. Т. Ломова)  Билер: «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша)  Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр» ойыны</p>	<p>алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады). Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды. Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру  <b>Мақсаты:</b> скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> : скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруді  <b>Түсінеді:</b> .жүру шеберліктерін  <b>қолданады:</b> тепе-теңдікті сақтауды  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Аңшылар мен қояндар» (4 рет). Ойыншылар «аңшылар» және «қояндар» болып екіге бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында тұрады, «қояндар» сызықтың ортасында тұрады. Педагогтің белгісімен «қояндар» сызықтың сыртына секіріп шығады. Осы кезде оларды «аңшылар» ұстауға тырысады. «Қояндарды» көп ұстаған бала жеңімпаз атанады</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> -эр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;  <b>Мақсаты</b> - эр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> - эр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыруды  <b>Түсінеді:</b> гимнастикалық скамейка бойымен жүруді.  <b>қолданады:</b> жаттығуды орындау барысында шыдамдылықты  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b>  <b>«Үшінші артық» (3 рет)</b>  Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым.  «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады.  «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады</p>	<p>Топтық жұмыс  <b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату  <b>Мақсаты</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту</p> <p>Музыка тындау:  «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова)  Ән айту:  «Сабантой» (Е. Хасанғалиев)  «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов)  Билер: «Көңілді қолшатырлар биі (педагогтің таңдауымен)  Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» қазақтың ұлттық ойыны («Адай» Құрманғазы, ұнтаспадан)</p>
--	--	---	--	---	--

<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<b>Серуен</b>	<p><b>Бақылау:</b> Ауа-райын бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p><b>Еңбек:</b> « Таза алаң » .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> <b>Е.Өтетілеуов « Күшік » .</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p>Е.Өтетілеуов. « Күшік » .</p> <p>Үреді үйшікте</p> <p>Аулада күшіктер</p> <p>Біреуі оның қап-қара,</p> <p>Біреуі сары ала</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.</p> <p><b>Еңбек :</b> Жапырақтардан гүл шоғын жасау</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> « <b>Күзгі жапырақ</b> » тақпақ</p> <p>Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей.</p> <p>Желмен ұшып барады,</p> <p>Жерге қонып үлгермей</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.</p> <p><b>Ойын:</b> « Аю жүрген орманда » .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қимыл</p>	<p><b>Бақылау:</b> Алтын күзді бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.</p> <p>Қуандырып біздерді,</p> <p>Мерекелі күз келді</p> <p>Кел жемісті алтын күз</p> <p>Кемелденсін халқымыз.</p> <p>Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » .</p> <p>Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.</p> <p><b>Еңбек :</b> « Таза алаң »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> « <b>Отбасы</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Жәндіктерді бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.</p> <p>« Қыстың қамын жаз ойла » .</p> <p><b>Еңбек :</b> Біздің алаң.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> <b>Тыйым сөздерді жаттату.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « <b>Итеріспек</b> »</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шенбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен</p>	<p><b>Бақылау:</b> Күнді бақылау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Таяқшадан аттап өт » , « Қуаласпақ »</p> <p>Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.</p> <p><b>Еңбек :</b> Гүл шоғы.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.</p> <p>Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам »</p> <p>Сақта көше тәртібін</p> <p>Бағдаршамның ал « тілін »</p> <p>Біліпт алдым мен де:</p> <p>Жасыл жанса, демде</p>
---------------	--	---	---	--	--

	<p>Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ</p> <p>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:</p> <p>Үреді абалап</p> <p><b>Ойын:</b> « Қасқыр мен қаздар » .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Тымпи-тымпи » .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p>Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: « Тым-тырыс, тымпи-тымпи » ,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай « өнерімен » ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіруге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге</p>	<p>қозғалысын дамыту</p> <p><b>Қимылдық ойын :</b> « Монданақ » .</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Өне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Орта доп</li> <li>2.Әткеншек тебу</li> <li>3.Қуаласпақ</li> </ol> <p><b>Тренинг:</b> « Бір шаңырақ астында » .</p>	<p><b>мүшелері »</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Көрші » .</p> <p>Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүрген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады.</p> <p>Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.</p> <p><b>Дербес ойындар.</b></p> <p><b>Тренинг:</b> « Біз татумыз »</p>	<p>қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені.</p> <p>Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тығылыспақ.</li> <li>2. Тартқышқа тартылу.</li> <li>3.Допты қуалау.</li> </ol>	<p>Алға кетем лезде.</p> <p>Сары жанса , сабыр</p> <p>Сактай тұрам әзір.</p> <p>Жанса қызыл шоқтай,</p> <p>Қаламын кілт тоқтай.</p> <p><b>Қимылдық ойын: « Үрпек төбет »</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы:</p> <p>Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:</p> <p>Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,</p> <p>Өнекей жалбыр төбет жатыр сұлық,</p> <p>Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,</p> <p>Момақан, сырт пішіні жуас салғырт</p> <p>Ояталық жақындап барайық та,</p> <p>Қайтер екен содан соң-қарайық та.</p> <p>Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <p>1. Өткеншек тебу.</p> <p>2. Допты қуалау .</p> <p><b>Тренинг:</b> « Біз біргеміз » .</p>				<p>басталады.</p> <p><b>Балалардың өз бетімен ойнауы:</b></p> <p><b>1.Төбешіктен-төбешікке секір.</b></p> <p><b>2.Күн мен түн</b></p> <p><b>Тренинг:</b> « Күн шуағы » .</p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Нұрислам мен Рахат құстарды танып,атын атауға үйрету.	<p>Нуридин пен Мариямға түстерді ажыратуға үйрету.</p> <p>Д/ойын: «Түстерді топтастыр»</p>	<p>Муслим мен Арманға карандашты дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>Суреттен ойын-жаттығу</p> <p>«Үзік сызықтарды қос»</p>	<p>Еркем мен Дамирға ермексазбен жұмыс жасауға үйрету.</p> <p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық»</p>	<p>Айлин мен Ернарға түстерді ажыратуға үйрету.</p> <p>Д/ойын: «Түстерді топтастыр»</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар	Пазл ойындары.	Ж.Р.О:«Дәрігер»	Д/ойын: «Сиқырлы қапшық»	Суреттер, ертегі кітаптар қарау.	Боямақтар бояу.



<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--------------------------------------	--	--	--	--	--

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 23 - 27 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.10	Сейсенбі 24.10	Сәрсенбі 25.10	Бейсенбі 26.10	Жұма 27.10
<b>Балаларды қабылдау</b>  <b>8.30-9.00</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?»  Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?»  Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды		Еркін ойын: «Бауын байла»  Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде»  Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b>  Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.		<b>Ата-аналармен әңгіме:</b>  Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Үстел үсті ойыны – пазл:  «Әсем гүлдер бағы »  Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары:  «Біздің аула гүлдері»		Үстел үсті театры:  «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар:  «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу.  Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»

Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p> <p><b>9.00-11.10</b></p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Міндеті: -Артикуляциялық жаттығулар жасау Мақсаты: , Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: өлеңнің бір шумағын шумағын жаттайды; Түсінеді: күз мезгілінің ерекшеліктерін; Қолданады: ағаштардың жапырақтарын ажыратып орнына қояды Күзгі жапырақтар Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырық. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> Міндеті: -Отан оның маңызы туралы білімдерін кеңейту Мақсаты Отан деген сөздің мағынасын түсіндіре білуге, және Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы әңгімелей алуға баулу . Күтілетін нәтиже: • ән, мақалдарды тыңдай отырып, мазмұнын түсінгенін әңгімелеуге, өз ойын жеткізуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • өз Отанының, жерінің, сол жерде тұратын адамдар үшін қымбат екенін түсінеді; • өзінің туған жері туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады</p> <p>Педагог М. Әлімбаевтің «Туған жерім тамаша» өлеңін оқиды. Туған жердің</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту Күтілетін нәтиже: Жасайды: үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: үнді дыбыстарда бәсең үн болатынын түсінеді. Қолданады: үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратады</p> <p>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б. Дәптермен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Үнді дауыссыз дыбыстан басталатын суреттерді көк түсті үшбұрышқа, ұяң дауыссыздан басталатын</p>		<p>1.Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау (кір.25.10)- Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауыссыз қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды бір-бірінен ажыратады. Түсінеді: дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болатынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді. «Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасындар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на,</p>	<p>1.Көркем әдебиет Міндеті: -Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), Мақсаты: ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу (Мақта қыз бен мысық) Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегіні сахналайды; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді; Қолданады: сюжет бойынша ертегіні сахналайды . Суреттер бойынша ертегі жүйесін сақтап баянда. Мысық не істеді? Мақтақыз неге ашуланды? Досыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. 2. Жұмбақты шеш . Тонын киіп тұған, Жалап бетін жуған. (Мысық) Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады.</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b> Міндеті: Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту Мақсаты : еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Күтілетін нәтиже: • рәміздер туралы әңгімелеуге, еліміздің рәміздерін құрметтеуге, мақтаныш тұтуға арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • елтаңбада берілген бейнелердің қандай мағына беретінін; гимннің әр сөзінің мағынасын; мемлекеттік рәміздері қай жерлерге ілінетінін түсінеді;</p>

Балалармен жеке жұмыс	Ибрахим қаламды дұрыс қолдануға үйрету.	<p>Қимылды ойын: «Мерген кім?»</p> <p>Мақсаты: - заттарды лақтыруға жаттықтыру;</p> <p>Жеке жұмыс: «Ағаш суретін сал»</p> <p>Мақсаты: қарбетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.</p>	Оразәлі түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	Гүлсезім құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру	Қимылды ойын: «Бәйге» Мақсаты: Жүгіру, жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.
Балалардың	Дербес ойын	Танымдық-қимылды	Суреттік боямалар	«Қолғап»	Дербес ойын «Мозайка»

<p>дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар</p>	<p>«Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.</p>	<p>«Кім, қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.</p>	<p>Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. Құрастыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>
<p>Балаларды үйге қайтару</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю. А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 18 – 22 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.12	Сейсенбі 19.12	Сәрсенбі 20.12	Бейсенбі 21.12	Жұма 22.12
Балаларды қабылдау 8.30-9.00		«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту	«Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		«Болады-болмайды» доп ойыны Мақсаты: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту	«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	«Маймылдар» ойыны Мақсаты: шенбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру	«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 8				
		<b>1.Сауат ашу</b>	<b>1.Сауат ашу негіздері</b>	<b>1.Сауат ашу негіздері</b>	<b>1.Көркем әдебиет</b>



<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.00-11.10</p>		<p><b>негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады <b>2.Математика негіздері</b> <b>Міндеті</b> Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті</p>	<p><b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ,</p>	<p><b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Тал» сөзінің дыбыстық талдауы. [Т] дыбысы тек салдырдан жасалады, тіл тіске тиіп, кері қайтады, үн мүлде шықпайды сондықтан қатаң дауыссыз дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. [А] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылады, үсті дөңестеледі. Бұлай дауысты жуан дыбыстар жасалады, жасалу жолына қарай жуан дауысты дыбыс. А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді. [Л] – үнді дауыссыз дыбыс, өйткені салдырға қарағанда үн басым, айтылу кезінде дауыс ырғағын өзгертуге келеді. л – үнді</p>	<p><b>Міндеті:</b> - - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты: өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін жасайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнын түсінеді; Қолданады: өз ойын айтады, сұрақтарға жауап береді. – Қазір жылдың қай мезгілі? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? – Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді. Жаңа жыл келді Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>
---	--	---	---	--	---

		<p>туралы білімді бекіту  <b>Мақсаты</b> : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.  <b>Күтілетін нәтижелер</b>: меңгереді: апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды;  түсінеді: оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек);  қолданады: апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды.  <b>Педагог аттары</b> апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен (13-кесте) ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі.  <b>Ағайынды апта күндері</b> бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7).  <b>Атауы мен ретін</b> хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн. Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер</p>	<p>тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табак, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б.  <b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту  <b>Мақсаты</b> : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.  <b>Күтілетін нәтижелер</b>: меңгереді: апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды;  түсінеді: оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек);  қолданады: апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды.    <b>Ойын жаттығуы</b>:  «Ұқыпты бол»  <b>Педагог ойын шартын</b> түсіндіреді:мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасындар.  <b>Аптаның Сәрсенбі күнін</b> атағанда алақан соқпайсындар.  <b>3.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b>: - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, (кір.18.12)  Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p>	<p>дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. «Тал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар  <b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту  <b>Мақсаты</b> : апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.  <b>Күтілетін нәтижелер</b>: меңгереді: апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды;  түсінеді: оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек);  қолданады: апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды.  <b>Апта күндерін</b> атайды. Оларды үйлерге орналастырады. Үйлердің нөмірін жазады. Балалар тапсырманы орындайды. Жұмбақ шешуді сұрайды.  <b>Жаңбыр жауып</b> басылды, Аспан шәйдай ашылды. Қызыл, сары, жасылды, Көк те бір зат асылды. (Кемпіркосақ)  Кемпіркосақтың неше түсі бар? Апта күндеріндей</p>	<p><b>Міндеті</b>: Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, (кір.18.12)    -Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау  <b>Мақсаты</b> Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру  <b>Күтілетін нәтижелер</b>: жасайды:жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді.  түсінеді: олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді.  қолданады: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады  <b>Педагог «Текше»</b> техникасын пайдалана отырып, «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану,</p>
--	--	--	--	---	--

		<p>тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды. Олардың атауларын қайталайды. Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата» Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды</p> <p><b>3.Қазақ тілі Міндеті -</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).(кір.18.12) Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту</p> <p>Мақсаты қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету .</p> <p>-Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік.</p> <p>1-жағдаят: Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.</p> <p>– Досыңның ойыншығын сұрау</p>	<p>Мақсаты «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.</p> <p>«Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».</p> <p>Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта</p> <p><b>4.Дене шынықтыру Міндеті: - -</b> Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру (кірік.18.12)</p> <p>Мақсаты: Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта үш</p>	<p>Кемпіркөсақтың да жеті түсі бар. 3-тапсырма. Апта күндерін кемпіркөсақтың түсімен бояйды. Балалар тапсырманы орындайды «Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек.</p> <p><b>3Көркем әдебиет Міндеті: - -</b>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту</p> <p>-</p> <p>Мақсаты - Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p>Балалар, ненің суретін көріп тұрсындар? – Орманда қандай құстар өмір сүреді? – Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим</p>	<p>пікірін дәлелдеуді ұсынады.</p> <p>Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: Сипатта – балалар табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарды сипаттайтын белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. Салыстыр – балалар қыс пен күздік арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. Ұқсас заттарды тап – тақпақтың үстел үстіндегі суретке сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу (балықтар, атжалман, теңіз шошқасы, қояын, тасбақа). Талда – жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарлардың дене мүшелерін атап көрсету керек. Пайдалан – балалар табиғаттың бұрышына тән элементтердің суреттерін көптеп салуы тиіс. Дәлелде – балабақшадағы жануарлар тіршілік ететін бұрыштың пайдалы жақтарын дәлелдеу қажет.</p> <p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру Құрастыру.</b></p> <p>Міндеті: - - Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязтаның қалай пайда болғанымен таныстыру - Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік</p>
--	--	--	---	--	---

		<p>үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың? Балалар жауап береді. 2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы. – Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың? – Мен кешірім сұраймын. – «Кешір» деген сөзді айтамын. – Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды</p> <p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> - Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес кимылдарды өзгертуге үйрету Мақсаты Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К.</p>	<p>Мерген имек ағаш». (3 рет) Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Иmek ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды.</p> <p>Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет) Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды. Конустарды аралап жүгіретін ойыншы саны қима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады. Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша жүгіре бастайды. ыруға үйрету</p>	<p>Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (қосымшаны қараңыз). <b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру Мақсаты - 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады. «Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр) Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу,</p>	<p>композицияларды құру дағдыларын жетілдіру - бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану - бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады Мақсаты: - Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту Топтық жұмыс <b>4.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> - Би кимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру Мақсаты Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету</p> <p>Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: Ақша қар» (Е. Өміров) «Шырша әні» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>
--	--	---	--	--	--

		Қуатбаев) Музыкалық- ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)		оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады	
Серуенге дайындық		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен		Қырауды бақылау Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда	Мұз сүңгісін бақылау Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? (Сәбіз сияқты) Сүмелек мұз қай жерде, пайда болады? Күнге жақта ма, әлде көлеңке жақта ма? Тақпақ : Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,	Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма:ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады. Тақпақ: Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі.	Терезедегі өрнектерді бақылау Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. Тақпақ: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта атырап Іздерінен қар ұшып Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Жорамал: қыс аязды болса – жаз ыстық болады.

		<p>болады.</p> <p>Болжам: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады.</p> <p>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.</p> <p>Жұмбақ: Қант сияқты ақ, Ұлапа боп жерде жатады. (қар)</p> <p>Қимылды ойын: «Суықторғайлар»</p> <p>Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.</p> <p>Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.</p>	<p>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.</p> <p>Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян»</p> <p>Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p> <p>Еңбек: «Мұз жерлерге құм себу»</p>	<p>Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш)</p> <p>Қимылды ойын: «Апандағы аю»</p> <p>Мақсаты: зеректікке, ептілікке баулу.</p> <p>Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.</p>	<p>Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. ( Мұз)</p> <p>Қимылды ойын: «Айлакер түлкі»</p> <p>Мақсаты: оңды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу.</p> <p>Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету.</p>
Балалармен жеке жұмыс		<p>Өмір түстерді ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Аяла құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Кәусар қаламды дұрыс ұстауға үйрету.</p>	<p>Өмір суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. Сурет салу</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар		<p>Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі»</p> <p>Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.</p>	<p>Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді»</p> <p>Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.</p>	<p>Кітаппен жұмыс «Аспазшы»</p> <p>Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады.</p>	<p>Дербес ойын «Мозайка»</p> <p>Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.</p>

<p>Балаларды үйге қайтару</p>		<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
-------------------------------	--	---	---	---	---

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицей

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 25 -28 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.12	Сейсенбі 26.12	Сәрсенбі 27.12	Бейсенбі 28.12	Жұма
Балаларды қабылдау 8.30-9.00	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Тазалықтың денсаулық үшін маңызы» әңгімелесу (үй-жайды дымқыл тазалау, өз бөлмесін ретке келтіру қажеттілігі туралы)	«Тәні саудың жаны сау» әңгімелесу Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру	«Күн сайын ... тәртібі бойынша» ойлану-әңгімелесу (режимді сақтаудың мәні туралы) әңгімелесу	«Біз гимнастиканы не үшін жасаймыз» әңгімелесу (таңертеңгі гимнастиканың маңызы туралы)	
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 8				
	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау:	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі	



<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.00-11.10</p>	<p>сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау, Мақсаты : «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру.</p> <p>–Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қояды. Демонстрациялық материал. –Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. –Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құраңдар. «Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог. Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады. –Балалар "ажарлы " – сөзі</p>	<p>дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан әрі жетілдіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады Дыбыстармен жұмыс. «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай т.б <b>2.Математика негіздері</b> <b>Міндеті</b> - -Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау Мақсаты айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру . Күтілетін нәтижелер: меңгереді: жыл айларының реттілігімен таныстыру.</p>	<p>сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан әрі жетілдіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады «Кім алғыр» дидактикалық ойыны – Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер. Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, һ, ф, х, ц, ч, ш, у. <b>2.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау Мақсаты айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру.</p>	<p>дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау Мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан әрі жетілдіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата. (Мая, тай, лақ, құс, шөп, әже, тал, нар, ала.) 2. Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға жұмыс дәптерлеріне дыбыстық талдау жасайтындарын айтады. Әже, нар, тай суреттері астына дыбыстық талдау жасайды. – Балалар, біз бүгін дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдауды жасауды жалғастырайық. Педагог балаларды кезекпен тақтаға шығарып, дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды. Қателескен жерлерін тақтадағы сызбамен түзейді. «Әже» сөзінің дыбыстық</p>
---	--	---	---	--

	<p>«көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру  <b>Мақсаты:</b> Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету  <b>Күтілетін нәтижелер:</b> жасайды:қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді атап бере алады. түсінеді: қыстағы табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін түсінеді. қолданады: зерттеушілік дағдысын пайдаланады : Қыста өте көп қар жауады. Әдемі, үлпілдеген, аппақ қар жерге, үйлердің шатырына, ағаштарға жауады. Олар да жаңбыр сияқты бұлттан пайда болады. Бірақ олардың түзілу жолы сәл өзгешелеу. Бұрын біз қар дегеніміз қатып қалған су тамшылары деп</p>	<p>түсінеді: жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын; қолданады: жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы</p> <p>Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады. Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету. Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі. – Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше?  <b>Педагог 18-кесте бойынша жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды</b></p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу  <b>Мақсаты</b> сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.  <b>Мақал-мәтелдерді жаттап ал.</b>  <b>Әдептілікті данадан үйрен.</b> «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек.  <b>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.</b>  <b>Ойын «Сұраққа жауап</b></p>	<p>. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: жыл айларының реттілігімен таныстыру. түсінеді: жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын; қолданады: жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы</p> <p>Суреттерді қарайды. Жыл мезгілдерін атайды. Жыл мезгіліне сәйкес ағаштарды таңдайды. Оларды жапсырады.  <b>3.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,  <b>Мақсаты</b> . «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету</p> <p>«Айырмашылығын тап».  <b>Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек</b>  <b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен</p>	<p>сызбасын педагог тақтаға іледі. – «Әже» сөзінде 2 буын, 3 дыбыс бар. Бірінші дыбыс – ә жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейік. Екіншісі – ж ұяң, дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді. Үшіншісі – е жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.  <b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау -  <b>Мақсаты</b> айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру.  <b>. Күтілетін нәтижелер:</b> меңгереді: жыл айларының реттілігімен таныстыру. түсінеді: жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын; қолданады: жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы</p> <p>«Жыл бойы» Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: – Ақпан жыл ішінде нешінші ай? – Жылдың соңғы айы қандай? – Қазаннан кейінгі қандай ай? – Жаз айларын ата және т.б.  <b>3.Көркем әдебиет</b></p>
--	--	--	---	---

	<p>ойлайтынбыз. Бірақ олай емес екен. Ғалымдар қардың пайда болу құпиясын ашты. Қардың ешқашан тамшыдан пайда болмайтынын білді. Су тамшылары қатып, мұзға, яғни бұршаққа айналуы мүмкін. Ондай бұршақтарды біз жаздығүні күн күркіреп, қатты жаңбыр жауғанда көреміз. Ал қар жерден өте биікке, ауасы үнемі суық болып тұратын жерлерге көтерілген су буынан пайда болады екен. Су буынан бастапқыда кішкентай мұз түйіршіктері – кристалдар пайда болады. Бірақ оларды жерге жауатын қар деуге болмайды. Өйткені олар өте ұсақ. Сол ұсақ кристалдар біртіндеп үлкейіп, қарға айналады</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу  Мақсаты сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.  Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»  – Тақпақтарды тыңдап,</p>	<p>бер».  – Сен әдепті баласың ба?  – Иә. Мен әдепті баламын.  – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба?  – Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын.</p> <p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу  Мақсаты: Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.  Музыка тыңдау:  «Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан)  Өн айту:  «Ақша қар» (К. Қуатбаев)  «Ақша қар» (Е. Өміров)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)  Билер:  «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада,  «Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар:  «Жылдам құрастыр»  Музыкалық аспапта ойнау:  «Полька» (А. Филиппенко</p>	<p>үйлестіру  Мақсаты 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету.  Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.  «Сілеусін» – бөренеден түсу  Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады.  (4 рет)</p>	<p><b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  Мақсаты өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу  Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды.  – Жақында қандай мерекені қарсы аламыз?  – Қандай мереке шыршасыз өтпейді?  – Шырша қайда өседі?  Қазір жылдың қай мезгілі?  – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?  – Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз.  Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді  Жұмбақты шеш.  Жасыл ине киімім,  Жайлаймын тау биігін.  Жаңа жылды тойласаң,  Төріндемін үйіңнің.  (Шырша)  3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос.  <b>4.Дене шынықтыру</b></p>
--	--	--	--	--

назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс?  
Апаң сенің базардан  
Алма сатып әкелді.  
Ең үлкенін, жақсысын  
Саған таңдап әперді.  
Не деп айтып жеу керек?  
«Рақмет, апа!» – деу керек.  
Балалар жүр көшеде,  
Естілді шу-айғай.  
Сен де шықтың досыңды,  
Қағып кеттің байқамай.  
Мұндайда не деу керек?  
«Кешір досым», – деу керек.  
Осы келген бетінде,  
Допты кудың жарыстың.  
Көшенің сол шетінде,  
Кезікті бір апайың,  
Ұмыттың сен не деу керек?  
«Сәлеметсіз бе!» – деу керек.

**4. Дене шынықтыру**  
**Міндеті:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау  
Мақсаты Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту  
I.«Қарда жүргіш мәшиесі»: бір тізбекпен жүреді.  
«Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді.  
II.ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз»)

**Міндеті:** Түзу бағытта адымдап жүру  
Мақсаты Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру

Қимыл-қозғалыс ойыны:  
«Қасқыр мен лақтар». (3 рет)  
Ойын шартын естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады.  
«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп». Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.

	<p>«Артымнан қайтала».</p> <p>Педагог жаттығуларды көрсетеді.</p> <p>Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады.</p> <p>Тыныс алу гимнастикасы: «Жел».</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу.</li> <li>•Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</li> <li>•Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару.</li> <li>•Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</li> <li>•Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару (қол білезіктерін айналдыру</li> </ul>				
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	
Серуен	<p>Желді бақылау</p> <p>Мақсаты: желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатындығын, баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру</p> <p>Сұрақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?</li> <li>- үй мұржаларынан шыққан түтіннен,</li> <li>- қағаздың ұзыншалау кішкентай</li> </ul>	<p>Аула сыпырушы еңбегімен танысу</p> <p>Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру.</p> <p>Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге</p>	<p>Мұз сүңгісін бақылау.</p> <p>Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру.</p> <p>Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.</p> <p>Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет</p>	<p>Қайың ағашын бақылау. (Қиялдау)</p> <p>Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.</p> <p>Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.</p> <p>Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша</p>	?

	<p>кескінділерінен - орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр. Қимылды ойын: «Өткеншек» Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.</p>	<p>тәрбиелеу. Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Тақпақ: Қолынакиіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге олжол ашты. Қимылды ойын: «Сауықшылар»(қысқы спорт ойындары.) Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жаңылтпаштар: Қаңтар айы болды, күн суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ қар жауды Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу</p>	<p>салу. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады? Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында кызықтаймыз біз ойнап.  Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын: «»Үйсіз қалған қоян Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p>	<p>шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады.  Ағаш</p>	
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Оразәлі отбасы мүшелері туралы сұраққа жауап алу. Мақсаты: Оразәлі әңгіме айтуға жетелеу.</p>	<p>Әмірге суреттегі заттарды атату: Мақсаты: Әмірге заттардың атын ататып, сөздерді анық айтуға үйрету.</p>	<p>Гүлмезім балалардың аттарын айтқызып ойнау. Мақсаты: Есте сақтауын дамыту.</p>	<p>Оразәлі Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Өз ойын толық жеткізіп айтуға жетелеу.</p>	<p>.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,</p>	<p>:«Алдар көсе»ертегісі Мақсаты: балалар Алдар көсе ертегісін біледі. Ой қиялын саусақ қимылы арқылы көрсетеді.</p>	<p>«Немен қоректенеді?» Мақсаты:Балалардың алғырлығы мен ойлау шапшаңдығы дамиды.</p>	<p>Дидактикалық ойын:«Желсоғып тұр» Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты</p>	<p>«Суретте не жетіспейді?» Мақсаты: Балалар суретте бейнеленген заттарға қай бөліктері жетіспейтіндігін</p>	

<p>үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар</p>		<p>қарама-қарсы мағыналарды анықтап айтады.</p>	<p>немесе ақырын дауысты қолдана алады.</p>	<p>көрсетіп атайды..</p>	
<p>Балаларды үйге қайтару</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицей

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 08 - 12 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 8.01	Сейсенбі 9.01	Сәрсенбі 10.01	Бейсенбі 11.01	Жұма 12.01
Балаларды қабылдау 8.30-9.00	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Аптаның өлеңі О. Ковальчук Дәрумен бізге пайдалы, Мен мұны нақты білемін. Таблеткадан ғана емес Басқасын қолданамын. Мен оны тамақтан аламын Дәмді және пайдалы. Олар қайда жасырылады? Өте қызықты. Анам маған түсіндіреді: Олар барлық жерде жасырылады. Жемістен де, көкөністен, Оларды тез алыңыз.	Психогимнастика «Жақсы көңіл-күй» Анам дүкенге барды: «Печенье мен кэмпит сатып аламын», - деді ол. «Бірге шай ішіп, бассейнге барамыз». Бала қуаныштан секіре бастады. Осы кезде музыка естіледі. Белсенді қозғалыстар: жүру, секіру. Мимика: күлімсіреу.	Саусақ гимнастикасы Біз базарға бардық, Алмұрт пен құрма көп, Лимон, апельсин бар, Қауын, қара өрік, мандарин. Біз қарбыз сатып алдық, Бұл ең дәмді жүк. <i>(Өлеңнің әр жолында саусақтарды біріктіру, бірақ алақан біріктірілмейді.)</i>	«Схема бойынша салу» құрылыс материалымен ойындар Мақсаты: балаларды схемаға қарап отырып, қарапайым құрылысты тұрғызуға үйрету	«Не жоғалды?» ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу кешені № 9				



<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> <p>9.00-11.10</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану  Мақсаты . Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету  —Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық. Мақал-мәтелдер:  1.Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты.  2.Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш.  3.Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер –Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді  <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>   Міндеті: жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу   Мақсаты Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау  Мақсаты дыбыстық талдау жасаулары одан әрі жетілдіру.  Күтілетін нәтиже:  Жасайды: дыбыстық талдау жасайды  Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.  Қолданады: дыбыстарды ажыратад   Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді.  Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, ү; жіңішке дауысты дыбыстар – ә, ө, е, э, і, и, ү, у.  «Сөздерді бұынға бөл» дидактикалық ойыны – Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді бұынға шапалақтау арқылы бөліңдер. Мысалы: та-қи-я, ба-лет, та-ма-ша, ба-қа, жол-ба-рыс, тұл-кі, мон-шақ, ал-ма, а-пель-син, ба-нан, қам-шы, қа-лам, та-на, тү-йе, ба-ла, қар-ға, са-уыс-қан, сый-</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау  Мақсаты дыбыстық талдау жасаулары одан әрі жетілдіру.  Күтілетін нәтиже:  Жасайды: дыбыстық талдау жасайды  Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.  Қолданады: дыбыстарды ажыратад  Суреттен қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Ферма, сиыр, сүт, қоян, сөре, қора, күнбағыс, комбайн, камаз, тал, шөп, сауыншы, қызанақ, қияр, пияз, сәбіз, фляга т.б. – Бүгін біз дыбыстық талдауды жасауды жалғастырамыз. – Дыбыстық талдауды қалай жасайтын едік, бірінші сөзден нені анықтауымыз керек? – Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар, сөзде неше бұын бар, соны анықтап алады екенбіз.  – Содан кейін не істейміз? – Сөздегі дыбыстарды жеке-жеке талдап, жасалуына қарай қандай дыбысқа жататынын анықтаймыз. Сызбаға әр дыбысты өз белгісімен көрсетеміз.  Педагог тақтаға «нан» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі.  Тақтаға балаларды кезекпен дыбыстық талдау жасауға шақырады. Қалған балалар орындарында орындайды. Нан сөзінде 1 бұын, 3 дыбыс бар. Н – үнді дауыссыз, өйкені созып</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру  Мақсаты Қолды жазуға үйрету.   2. Дыбыстық талдау жаса.  4. Штрихта.  5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.  Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды.  Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.  Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады  <b>2.Математика негіздері</b>   Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру.   Мақсаты. заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру   Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді</p>	<p><b>1.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> – Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  Мақсаты әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру   Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады;  Түсінеді: жақсылық пен жамандықты түсінеді;  Қолданады: жеке шығармашылық қабілетін танытады   Жақсы мен жаман  Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық.  Тап-таза боп жуынып, Жүреді ол таранып.  Сөздік жұмыс: жақсы бала – ақылды, таза, ұқыпты бала шалалық – бастаған жұмысын аяқтамау, дұрыс жасамау  Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:  – Өлең қалай аталады?  – Өлеңде не туралы айтылған?  – Саған ұнады ма?  – Жақсы деп қандай баланы айтамыз?  – Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз?  – Сен қандай бала болғың келеді?  <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>   Міндеті: құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p>
--	---	---	---	---	---

<p>қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>жасайды:өз өлкесінде қыстап қалатын құстарды атап бере алады.</p> <p>түсінеді: құстардың қыстағы тіршілігін түсінеді.</p> <p>қолданады: зерттеушілік дағдысын, топпен бірігіп жұмыс істеу, құстарға қамқорлық жасау қабілеттерін пайдаланады</p> <p>Суреттермен мұқият танысып, құстардың атауларын атауды ұсынады. Біз өлкемізде қыстап қалатын құстарды қалай атаймыз? Көктемде біздің өлкеге ұшып келетін құстарды қалай атайды? Қыстап қалатын құстар біздің өлкеде қалады, ал жыл құстары неге қала алмайды? Балаларды әңгімеге тартады.</p> <p>Балалар педагогті мұқият тыңдайды, жеке өміріндегі тәжірибесімен бөліседі.Өздері білетін құстардың атауларын айтады. Қыстап қалатын құстар және жыл құстары. Өлкеде қыстап қалатын құстарды атайды.</p> <p>Күз жақындаған кезде күн қысқара бастайды. Бұл –</p>	<p>лық, шал-ма, қол-ты-рау-ын, жыл-қы, көй-лек, шал-бар, ты-мақ, қар-быз, бал-мүз-дақ, ұ-шақ, ке-ме, вагон, ша-на, шал-ғы, кі-лем т.б.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p>Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру.</p> <p>Мақсаты : заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»;</p> <p>түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын;</p> <p>қолданады: заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.</p> <p>Ойын тапсырмасы: «Ауыр және жеңіл заттарды табу».</p> <p>Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын</p>	<p>әндетіп айтылмайды, салдырға қарағанда үн басым, бәсең үн бар. Сызбада көк дөңгелекпен белгілеп көрсетеміз. а – жуан дауысты, дауыстап әндетіп айтуға болады. Жуан дыбысқа жатқызамыз өйкені а дыбысын айтқанда тілдің үсті дөңестеліп, кері шегінеді. Қызыл дөңгелекпен белгіленеді. н – үнді дауыссыз дыбыс. Көк дөңгелекпен белгілейміз</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p>Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру.</p> <p>Мақсаты заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»;</p> <p>түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын;</p> <p>қолданады: заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.</p> <p>Эксперименттік іс-әрекет Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады. / Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға</p>	<p>айтады: («ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»;</p> <p>түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын;</p> <p>қолданады: заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.</p> <p>2-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. Ауыр және жеңіл заттарды тауып, оларды жапсырады. Балалар заттарды атайды, олардың салмағын анықтайды. Ауыр зат – үлкен жолдорба мен белтемір, жеңіл – доп және кішкентай жолдорба. Заттарды жапсырады.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> – Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p>Мақсаты әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру</p>	<p>Мақсаты Құстардың қыстағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>жасайды:өз өлкесінде қыстап қалатын құстарды атап бере алады.</p> <p>түсінеді: құстардың қыстағы тіршілігін түсінеді.</p> <p>қолданады: зерттеушілік дағдысын, топпен бірігіп жұмыс істеу, құстарға қамқорлық жасау қабілеттерін пайдаланады</p> <p>«Құстар болмаса не болады?» деген сұраққа қатысты пікірлерін айтады. «Біз құстарды тамақтандыру үшін жемсауыт іліп қойсақ болады, ата-аналарымызбен бірге оларға ұя жасауға болады, ағаштардың бұталарына мақта мен жүн қиындыларын іліп қоюға болады» деген тұжырым жасайды. Өзара ақылдасып, «Құстар үшін ең қиын уақыт – ақпан айы» деген қорытындыға келеді. Өйткені ақпанда қарлы боран соғады. Құстардың жемі таусылады</p> <p>Бұл ҚАЙ ҚҰС?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.</p>
---	--	---	--	---

	<p>құстарға жолға шығу керектігін білдіретін өзіндік белгі. Жәндіктер де жоғалып кетеді. Олар ағаш қабықтарының арасындағы жарықшақтарға, үйлер мен қоршаулардың тесіктеріне, құрғақ жапырақтар арасына жасырынады.</p> <p>Шөп құрайды. Тоғанда су мен өзендер қатады. Топырақты қар басады. Жарық күн сайын азайған үстіне азаяды.</p> <p>Ұқсастықтары: құстардың бәрінің тұмсығы, қанаттары мен қауырсыны бар. Олар бір-бірінен құйрығының пішінімен және үлкендігімен, қанаттарының көлемімен ерекшеленеді.</p> <p>Құстардың денесіндегі қауырсындарының бәрі бірдей ма? Қанатында желпүіш қауырсындар болады. Олар құстарға ұшуға көмектеседі.</p> <p>Құйрығында бағыттаушы қауырсындар болады. Ол ұшуды басқаруға көмектеседі. Ал мамық қауырсындар денесін жарақаттан, сызаттан, суық пен ыстықтан, су өтуден және кеуіп кетуден сақтайды. Құстардың бір-бірімен ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай? Құстарға қауырсын не үшін қажет?</p>	<p>анықтайды. Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар, Дәптермен жұмыс істеу 1 -тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. -Кімнің жолдорбасы ауыр? -Кімнің жолдорбасы жеңіл? Педагог балалармен бірге тапсырманы орындайды, талқылайды. Баланың жолдорбасы жеңіл екенін анықтайды, ол оны оңай көтеріп, жүгіреді. Атасының жолдорбасы ауыр, сондықтан бала атасына көмектеседі</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,</p> <p>Мақсаты сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: киімдерін меншіктеп және жекеше және көпше түрде айтады.</p> <p>Түсінеді: киім атауларын түсініп, дұрыс көрсетеді.</p>	<p>салуды сұрайды. Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы). Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр). Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті). Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды). Неліктен? (Гайка ауыр, ол – металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді).</p> <p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу</p> <p>Мақсаты Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту</p> <p>Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата».</p> <p>Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - - Саусақтарды аяқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p> <p>Мақсаты - Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады;</p> <p>Түсінеді: жақсылық пен жамандықты түсінеді; Қолданады: жеке шығармашылық қабілетін танытады</p> <p>«Мен қандаймын» ойыны. – Шеңберге тұрып, мен қолымдағы допты біреуіңе лақтырамын. Допты қағып алған балаға сұрақ қоямын. – Сен қандай баласың? (Мен әдепті баламын.) – Арман, сен қандай баласың? (Мен жақсы баламын.) т.б. – Бойымызда осындай жақсы қасиеттердің болғанына қуаныштымын. Ал енді кейде нашар әдеттердің де кездесетіні туралы әңгімелесейік. Тақтадағы, слайдтағы суреттерге назар аударайық. – Суреттен кімді көріп тұрсың? (Баланы) – Балаға ат қояйықшы. (Арман) – Арман не істеді? – Ал мына суреттен кімді көріп тұрсың? (Саматты) – Ол не істеп тұр? – Салыстырайық, кімнің</p>	<p>Мақсаты: балаларға құстарды өздеріне тән белгілеріне қарай суреттеуді үйретеді. Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ құсты суреттейді (немесе жұмбақтар жасырады), ал, екіншісі оның қандай құс екенін табуы тиіс. Содан кейін орындарымен ауысады</p> <p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру Құрастыру.</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру</p> <p>- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану</p> <p>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру</p> <p>- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру</p> <p>Мақсаты:- мерекелік дастархан суретін салу,</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Жапсыру,</p> <p>Құрастыруды үйрету</p> <p>Топтық жұмыстар</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Балаларға «Қаражорға» биін билету</p> <p>Мақсаты Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.</p>
--	--	---	---	--	---

	<p><b>3.Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,</p> <p>Мақсаты сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету..</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>Жасайды: киімдерін меншіктеп және жекеше және көпше түрде айтады.</p> <p>Түсінеді: киім атауларын түсініп, дұрыс көрсетеді.</p> <p>Қолданады: дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтады,сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері). – Көйлек неге артық? –Көйлек – киім. –Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру. – Көйлек, шалбар, жейде – нелер? –Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек,</p>	<p>Қолданады: дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтады,сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді</p> <p>Суреттермен жұмыс. – Мынау – шұлық. Шұ-лық, – Мынау не? –Мынау – шұлық. –Мынау – шұлықтар. –Мынау нелер? –Мынау – шұлықтар. –Мынау – жемпір. Жем-пір. –Мынау не? –Мынау – жемпір. – Мынау – жемпірлер. – Мынау нелер? –Мынау – жемпірлер. –Жемпір – киім –Жемпір не? –Жемпір – киім. –Сен не кидің? (Балалар өз киімдерін атайды). –Сенің көйлегің қандай? –Менің көйлегім қызыл (ұзын жеңді, әдемі)</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> --Қазақ халқының би өнерімен таныстыру</p> <p>Мақсаты Әуеннің би сипатын сезіну, би кимылдарының элементтерін орындау.</p> <p>Музыка тыңдау: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны</p>	<p>белсендіруге мүмкіндік жасау</p> <p>«Тауға өрмелеп шығу».</p> <p>Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Қауіпсіздік техникасын сақтайды.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға жақындап келеді, әртүрлі тәсілмен өрмелейді. Қол мен аяқты үйлесімді түрде қозғауға тырысады. Ең жоғарғы тепкішекке дейін шығып, ең төменгі тепкішекке дейін түседі.</p> <p>Тепе-теңдік – жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру.</p> <p>«Құмырсқаға үй тұрғызу»: поролон кірпіштерді қалап, үй тұрғызады.</p>	<p>істеген іс-әрекеті дұрыс? – Иә, Саматқа қамқорлық жасау әдеті жетіспей тұр екен. Біз Самат сияқты балаларға көмектесіп, қамқор болып, жақсы істерді үйретіп жүрейік. Енді жақсы және жаман әдеттер туралы әңгімелесеміз. – Бүгін біз автор Рахым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. – Жақсы бала – тілалғыш, тәртіпті, ойыншықты сындырмай, күтіп ұстайды, ақылды, таза жүреді. Тіл алмайтын, ойыншықтарды сындыратын, өзінен кішіні, құрдастарын ренжітетін баланы жаман әдеті бар дейміз</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Дөпты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу</p> <p>Мақсаты</p> <p>Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету .</p> <p>І«Көңілді шарлардың» тапсырмасын балаларға</p>	<p>Музыка тыңдау: «Вальс» (С. Майкапар) Ән айту: «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) «Ақша қар» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>жейде, шалбар – киімдер. Мынау – ұзын жең жейде.</p> <p>Мынау қандай жейде? Мынау – ұзын жең жейде. Мынау – қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек? Мынау – қысқа жең көйлек.</p> <p>Сөйлемдерді айтып жаттығады. Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұұзын жең. Қа-қа-қысқа – қысқа жең.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> -Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою</p> <p>Мақсаты: Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау</p> <p>I.«Құмырсқалар соқпақпен келеді».</p> <p>Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру.</p> <p>Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. «Артқа бұрыл!» бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Тізбектен шықпай қозғалыста қимылдарын үйлестіріп жүруге, жүгіруге тырысады. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіру.</p>	<p>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>		<p>айтады.</p> <p>Бір тізбекте жүреді, жүгіреді. Көңілді шар көрсеткен тапсырманы орындайды: жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді.</p> <p>II. ЖДЖ-ны текшемен орындайды (№2):</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыстарды топ болып орындайды № 2 сурет.</p> <p>Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту (6 рет). Тепе-теңдіктерін сақтап, дене бітімдерін түзу ұстауларын қадағалау. Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіреді. Шеңбер ішіне аяқтың ұшымен түседі. Қолдарын еденге тигізбеуге тырысады</p>	
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<p>Серуен</p>	<p><i>Аспанды бақылау</i>  <b>Мақсаты:</b> табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. <i>Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды.</i>  <b>Жұмбақ:</b> Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан)  <b>Мақал – мәтелдер:</b> Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.  <b>Тақпақ «Аспанда»</b>  Аспан бұлтқа толып кетті.  Бұлттар түлік болып кетті.  Бір бұлт шықты бие болып  Бір бұлт шықты түйе болып  <b>Қозғалмалы ойын.</b> «Ұшты-ұшты»  <b>Мақсаты:</b> заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.  <b>Еңбек әрекет:</b> Жолдарды қардан тазарту.</p>	<p><i>Желді бақылау</i>  <b>Мақсаты:</b> балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.  <i>Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау.</i>  <b>Жұмбақ:</b> Қанаты жоқ-ұшады Аяғы жоқ-қашады. (Жел)  <b>Тақпақ:</b>  Жел тынымсыз гуілдеп  Болып кетті тым бұзық  Шуылдайды тал, терек,  Жапырағын жұлғызып.  <b>Қозғалмалы ойын:</b> «Жел мен бұлттар»  <b>Еңбек:</b> өсімдіктерді, көшеттерді қармен жабу.  <b>Мақсаты:</b> өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p><i>Күнді бақылау</i>  <b>Мақсаты:</b> балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру.  <i>Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру.</i>  <b>Жұмбақ:</b>  Жұрттың бәрі соны сүйеді,  Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн)  <b>Болжамдар:</b> Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық, жылы болады.  <b>Тақпақ:</b>  Шұғылалы күніміз  Бақшамызға барамыз  Күнге қарап жайқалып  Біз өсіп бармыз.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Түрлі-түсті автомобильдер»  <b>Еңбек:</b> бұтақтардың түбін тазарту.</p>	<p><i>Су бетіне қатқан мұзды бақылау</i>  <b>Мақсаты:</b> Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту.  <i>Тәрбиеші балалардың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді.</i>  <b>Жұмбақ:</b> Отқа жанбас-суға батпас (мұз)  <b>Болжам:</b> егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады.  <b>Қозғалмалы ойын:</b> «Түлкі мен қаздар»  <b>Мақсаты:</b> ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қоян мен аңшы».</p>	<p><i>Қарды бақылау</i>  <b>Мақсаты:</b> Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру.  <i>Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа, кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.</i>  <b>Жұмбақ:</b> Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар)  <b>Болжам:</b> көп қар- көп нан.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қоян мен аңшы».  <b>Еңбек:</b> тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру</p>

					<i>Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.</i>	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Оразәлі мен Кәусар ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын үйрету. Ойын: «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»	Әмір Аяла қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету. Д/ойын: "Қыс белгілерін ажыратамыз"	Гүлсезім Аяла қарындашпен дөңгелек пішіндерді салуды үйрету. «Аққала»	Оразәлі Қолғаптар мен шұлықтардың сынарын табуға үйрету. Ойын: «Сыңарын тап»	Айзере мен Кәусар қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету. Д/ойын: "Қыс белгілерін ажыратамыз"	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	<b>Көркем сөз:</b> Аппак, аппак ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? <p style="text-align: right;">(Жақан Смаков)</p> Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру.	<b>«Сағат»</b> Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Сағаттың суретін саусақпен салу. Сөйлеуді дамыту	<b>«Топ-топ»</b> Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады) Көркем әдебиет	<b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Бақа мен тырна» Мақсаты: Қозмалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы түсініктері мен дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достық қарым -қатынасқа тәрбиелеу. Дене шынықтыру Көркем әдебиет	<b>«Шынығамыз»</b> Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созындар. Саусақтармен ойнандар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын. Дене шынықтыру	
Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.	

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицей

Мектепалды сынып «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 15 – 19 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.01	Сейсенбі 16.01	Сәрсенбі 17.01	Бейсенбі 18.01	Жұма 19.01
Балаларды қабылдау 8.30-9.00	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді, жыл айларын, апта күндерін ажыратып айта алады				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Д/ойын: «Ғажайып қоржын»  Мақсаты: Балаларды заттарды қолдарымен, сипаптиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. қажетті құралдар: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	Д\ойын «Бұл қай кезде болады» Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атау, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. Қажетті құралдар: Жыл мезгілдеріне байланысты 3-4 сурет	Д/ойын: « Өз жұбыңды тап»  Мақсаты: Санды көру, есту және қимыл арқылы қабылдау қабілеттерін пысықтау.  Қажетті құралдар:  Цифрлар бала санына	Д/ойын: «Қателесіп қалма?».  Мақсаты: Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. Қажетті құралдар: текше	Д/ ойын:  «Гүл шоғын құрастыр».  Мақсаты: Бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету.  Ойынның ережелері. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі					
	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Мақсаты «Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету	<b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау	<b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз	<b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті	<b>1.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру



<p>бойынша ҰІӨ</p> <p>9.00-11.10</p>	<p>–Балалар, құлан – жылқы тектес жануар.</p> <p>–Сендер жылқыны білесіңдер ме?</p> <p>–Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты, құланды да аулап етін жеген.</p> <p>–Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін.</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p>Міндеті: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну</p> <p>Мақсаты Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>жасайды:қыстың белгілерін атап бере алады.</p> <p>түсінеді:судың: сұйық, қатты, газ тәріздес күйін түсінеді.</p> <p>қолданады:тәжірибе барысында зерттеушілік қабілеттерін көрсете алады.</p> <p>балалардың тану үдерісіне</p>	<p>Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.</p> <p>Қолданады: дыбыстықтарды ажыратады.</p> <p>«Кім зерек» дидактикалық ойыны – Балалар, көк түсті тұртбұрышты, дөңгелекті, үшбұрышты алдыларыңа алыңдар. Мен сендерге қатаң дыбысты айтсам, төртбұрышты, ұяң дыбысты айтсам, дөңгелекті, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, үшбұрышты көтересіңдер</p> <p>Мысалы: қатаң дыбыстар: п, ф, к, қ, т, ш, с, х, Һ, ц, ч, щ.</p> <p>Ұяң дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з.</p> <p>Үнді дыбыстар: й, л, м, н, р, у.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p>Міндеті: - Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (салмағы) салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Мақсаты : : салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтуды: «ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»;</p> <p>түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстаруды; заттың өлшемі мен оның массасының</p>	<p>дыбыстарды анықтау</p> <p>Мақсаты дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын түсінеді.</p> <p>Қолданады: дыбыстықтарды ажыратады.</p> <p>Дыбыстық талдау жаса. Педагог «лақ» сөзінің сызбасын тақтаға іледі. Бір баланы тақтаға жұмыс жасауға шақырады. Қалған балалар орындарында жасайды.</p> <p>Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты жеке-жеке дыбыстап айтуға тапсырма беріледі. «Лақ» сөзінде1 буын, 3 дыбыс бар.</p> <p>Л – үнді дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.</p> <p>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл дөңгелекпен белгіленеді.</p> <p>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк дөңгелекпен белгіленеді. Педагог «гүл» сөзінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. «Гүл» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар.</p> <p>Г – ұяң дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.</p> <p>Ү – жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.</p> <p>Л – үнді дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p>Міндеті: - Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (салмағы) салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Мақсаты салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы</p>	<p>ажырата білуге үйрету</p> <p>Мақсаты Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету</p> <p>Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету</p> <p>Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (салмағы) салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Мақсаты салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>меңгереді: заттарды</p>	<p>Мақсаты: Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу</p> <p>Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда.</p> <p>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір.</p> <p>2. Жұмбақты шеш</p> <p>. Ә дегеннен тап береді,</p> <p>Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта)</p> <p>Ескегі бар, жүзбейді,</p> <p>Ұшудан үміт үзбейді. (Желдиірмен)</p> <p>3. Үзік сызықтарды бастырып сыз. Боя.</p> <p>4. Не артық? Белгіле. Тапсырма бойынша ертегіге қатысы жоқ суретті белгілетеді</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p>Міндеті. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату</p> <p>Мақсаты Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>жасайды:қыстың белгілерін атап</p>
--------------------------------------	--	---	---	---	--

<p>деген қызығушылықтарын арттырады: ойланып көрші, неге біз қарды ақ көрпе деп атаймыз? Қалың қардың астында аяздан кімдер қорықпайды? Қардың көмегі тиетін жануарларды атап берші. Балалар суреттерді мұқият қарап шығады. «Қарды көрпеге неге теңейді?» деген сұраққа жауап іздейді. Себебі ол қыста жерді орап жатады. «Жерді жылытады» деген қорытынды жасайды. Сондықтан да өсімдіктердің тамырлары, шөптер мен тұқымдары қалың қардың астында алаңсыз жата береді. Ал адамдар қыста егістікке әдейі қар тоқтатады. Ол мол өнім алу үшін қажет.</p> <p>Педагогмынадай мәселені шешуге шақырады: қар жануарларға керек пе әлде ол керісінше, кедергі келтіре ме? Талқылауға Қуаныш пен Айсұлуға қатысады.</p> <p>Талқылайды: Тышқандар қардың астына тығылып, індерінің арасында шытырман ін (лабиринт) жасайды және сол арқылы жүгіріп, бір-бірімен қатысады. Ал түлкі мұны жақсы біледі. Қарны ашқанда осындай лабиринттерді іздеп, тышқан аулайды. Қалың қар аюдың апанын да жауып, жылытып тұрады. Қар қабатының астында көртышқандар, жауынқұрттар, жәндіктердің дернәсілдері, құмырсқалар да тіршілік етеді. Кірпі де құрғақ</p>	<p>байланысы туралы (біртекті заттарға қатысты);</p> <p>қолданады: заттарды қолға салып, көзбен салыстырып, қарапайым таразының көмегімен салыстыруды.</p> <p>Эксперименттік іс-әрекет Табақшаның тепе-теңдігі балаларға массаның теңдігін көрсетеді. Балалар қолдарындағы жолдорбалардың массасын салыстырады, таразыда үлкен массасы бар табақша төмен түсіп жатқанын бақылайды.</p> <p>Педагог екінші жолдорбаны ұқсас заттармен толтырады. Жолдорбалардың массасының теңдігі таразы табақшасымен тексеріледі. Әрі қарай, өлшемі бойынша үлкен, бірақ жеңіл зат, кішкентай, бірақ ауыр заттармен сәйкестендіруді ұсынады: өлшемі бойынша үлкен шарды, металл шарикпен немесе доппен сәйкестендіреді. Балалар бақылап, қорытынды жасайды. - Заттың салмағы өлшеміне байланысты ма? Салмақ өлшемге байланысты емес - Қалай тексеруге болады? Қорытындылайды, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасайды.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті</b> -- Қазақ халқының</p>	<p>білігін қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>меңгереді: заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтуды: «ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»;</p> <p>түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстаруды; заттың өлшемі мен оның массасының байланысы туралы (біртекті заттарға қатысты);</p> <p>қолданады: заттарды қолға салып, көзбен салыстырып, қарапайым таразының көмегімен салыстыруды.</p> <p>1-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттерге қарайды. Ауыр және жеңіл жолдорбаны анықтайды, белгілейді. Өз таңдауын түсіндіреді. Жұппен жұмыс істейді. Балалар өз болжамдарын айтады. Сурет бойынша көк жолдорба сарыға қарағанда ауырлау. Көк жолдорбасы бар балалар шаршаңқы.</p> <p>Ал енді жолдорбаға саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді толтырып алғанымызды елестетіңдер. Балалар «бос» және «толық» жолдорбамен қимылдар жасайды. Жұптық жұмыс</p>	<p>салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтуды: «ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»;</p> <p>түсінеді: заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстаруды; заттың өлшемі мен оның массасының байланысы туралы (біртекті заттарға қатысты);</p> <p>қолданады: заттарды қолға салып, көзбен салыстырып, қарапайым таразының көмегімен салыстыруды.</p> <p>«Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с. Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. Балалар тапсырманы орындайды.Тексерген</p>	<p>бере алады.</p> <p>түсінеді:судың: сұйық, қатты, газ тәріздес күйін түсінеді.</p> <p>қолданады:тәжірибе барысында зерттеушілік қабілеттерін көрсете алады.</p> <p>«Жақсы-жаман» ойынын ойнауға болады.</p> <p>Қыс бойы қардан қалың көрпе жамылып жататын жануардың сұлбасын сал. Су – бұл ЖАҚСЫ, су – бұл ЖАМАН</p> <p>Қар – бұл ЖАҚСЫ, қар – бұл ЖАМАН Мұз – бұл ЖАҚСЫ, мұз – бұл ЖАМАН Бу – бұл ЖАҚСЫ, бу – бұл ЖАМАН</p> <p>Балалар неге ЖАҚСЫ, неге ЖАМАН екенін түсіндіреді.</p> <p>«Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады: Педагог балаларға нысанның суреті бейнеленген карточканы көрсетеді. Дұрыс жауап бергендерге фишка беріледі. Көрсетілген нысанның пайдасын мейлінше көбірек айтуға тырысады.</p> <p>П: Судың қандай пайдасы бар?</p> <p>Б: Ыстықта ішсен, шөлің қанады. Жауын өсімдіктерге көп пайда әкеледі. Адам суға жуынады</p> <p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру Құрастыру.</b></p> <p>Міндеті: - Балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру</p> <p>- - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда</p>
---	--	---	---	---

<p>жапырақтардың астына кіріп жатады. Оның үстін қар басады</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Суреттер бойынша әңгіме құрастыру</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып</p> <p>сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру</p> <p>Ойын: «Қандай сөз артық?». Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөз</p> <p>артық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін</p> <p>фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p>Міндеті: - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею</p> <p>Мақсаты: - Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету</p> <p>Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап</p>	<p>тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен таныстыру</p> <p>Мақсаты Өз халқының тұрмыстық заттарының ерекшеліктерін, қолөнерлерін, салт-дәстүрлерін таныстыру</p> <p>Қазақ халқының шеберлері асхана аспаптарын, тұрмыстық заттар, жиһаздар дайындауда қандай материалдарды қолданған баллаарға көрсету,</p> <p>Осы заттарды бояту.</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p>Міндеті: -Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару</p> <p>Мақсаты Шығармалардың эмоциялық</p> <p>мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату</p> <p>Музыка тыңдау: «Қыс»</p> <p>(Б. Ерзакович)</p> <p>Ән айту: «Зырлайды шанамыз»</p> <p>( М. Маңғытаев) «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан)</p>	<p>жасайды.</p> <p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту</p> <p>Мақсаты «Л» – «Р» дыбыстарын үйрету</p> <p>–Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма? –Аңызда не туралы айтылған? –Ашуына тиген құлан әңгісі балаға не істеді? –Міне, балалар, аң екеш аңға да зәбір көрсетіп, қорлауға болмайды екен. –Аңыз әңгімедегі құлан сөзі орыс тілінде «қулан» деп айтылады. Әңгі – үйірді басқаратын, бастап жүретін айғыры</p> <p>–«Л» – дауыссыз дыбыс. –"Л" дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-ла-ла – лақ. Лә-лә-лә – Ләззәт. Да-да-да – дала До-до-до – долана. Құ-лан. Құ-лақ</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p>Міндеті: - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру</p> <p>Мақсаты - Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру</p>	<p>кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу</p> <p>Мақсаты Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу</p> <p>Педагог қорапшаның ішінен бір сурет алып шығады. – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? (Балта) – Бұл не деп ойлайсыңдар?</p> <p>–Ол не үшін керек? Мұндай затты көргендерің бар ма?</p> <p>–Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен танысамыз.</p> <p>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі ойдан, қиялдан туады Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: –Ертегі қалай аталады? –Кедей қайда барды? –Балта қайда түсіп кетті? –Балта не үшін қажет? –Диірменші қандай балталар ұсынды? –Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді? –Бай не істеді?</p>	<p>мүсіндеу</p> <p>-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің беру</p> <p>-- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p>Мақсаты:- қысқы ағашты бейнелей білуге үйрету</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p>Міндеті: - Мәтінге сәйкес әнді сахналау</p> <p>Мақсаты Шығармалардың эмоциялық</p> <p>мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату</p> <p>Музыка тыңдау: «Қыс»</p> <p>(Б. Ерзакович)</p> <p>Ән айту: «Зырлайды шанамыз» ( М. Маңғытаев) «Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)</p>
--	---	--	---	--

	<p>өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап).</p>	<p>Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p>Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру</p> <p>Қозғалыс ойындары: «Сағат»</p> <p>Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірі қуып жетуге тырысады.</p> <p>Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек (сағат тілімен, сағат тіліне қарсы).</p>	<p>–Ертегі қалай аяқталды?</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p>Міндеті: - Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу</p> <p>Мақсаты Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу</p> <p>Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Төбешіктен-төбешікке».</p> <p>Ойыншылар еденге тақтайшаларды қойып, оның үстіне тұрады, сонан кейін екіншісін қояды. Осыдан кейін екінші тақтайшаға секіріп тұрады да, бірінші таяқшаны алып, оны алдыға тастайды. Осылайша залдың екінші шетіне дейін тақтайдан-тақтайға секіріп барады.</p>	<p>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге

		үйрету.			үйрету.
Серуен	<p>Бақылау: Бұлтты бақылау.</p> <p>Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Қим.ойын: «Мені қуып жет». Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>	<p>Бақылау: Мұзды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</p> <p>Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу.</p> <p>Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету. Ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Шапшаңдыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.</p>	<p>Бақылау:Ауа-райын бақылау.</p> <p>Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң».</p> <p>Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр мен қаздар».</p> <p>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».</p>	<p>Бақылау: Мұздақты бақылау.</p> <p>Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.</p> <p>Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю.</p> <p>Мақсаты: Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттату“ Отқа жанбас, Суға батпас” (мұз) Мақсаты: Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Қазан». Мақсаты: Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.</p>	<p>Бақылау: Күнді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы».</p> <p>Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтары дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылды ойын: «Айгөлек». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты: Ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. Жансая, Нұрбек</p>	<p>«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Аружан, Темірлан</p>	<p>«Сиқырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Нұрперзент, Сымбат</p>	<p>«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Аянат, Нұртуған</p>	<p>Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Айлин, Айнұр.</p>

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар</p>	<p>Ойын: «Не жоқ?»</p>	<p>"Күшік досын қалай тапты" ертегі желісін сахналау.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегінің желісі бойынша әңгімелеуге үйрету.</p>	<p>Тақырыбы: «Айлакер түлкі»</p> <p>Мақсаты:Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым – қатынас әлемімен таныстыру; шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс – әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі - құ) сипаттама бере білуге ү</p>	<p>«Қажетті сөзді тап».</p> <p>Мақсат-міндеттер: тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету.</p> <p>Ойын ережесі: тәрбиеші бір сөз атайды, балалар соған қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті.</p>	<p>Ойын: «Цифрға сәйкес түсін тап»</p> <p>Мақсаты:түстерді және цифрларды ажырата білуге үйрету.</p> <p>(Қоршаған орта, матем. негіздері)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицей

Мектепалды сынып «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 22– 26 қаңтар 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.01	Сейсенбі 23.01	Сәрсенбі 24.01	Бейсенбі 25.01	Жұма 26.01
Балаларды қабылдау 8.30-9.00	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме:  Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме:  Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме:  Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме:  Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру	Сюжеттік ойын «Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. Сөйлеуді дамыту	Үстел-үсті ойын «Әдемі үйшік» Мақсаты:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады Құрастыру	Сюжеттік ойын «Шаштараз» Мақсаты:Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. Көркем әдебиет	Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты: Сандарды тура және кері санай білуге үйрету Математика негіздері
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 10				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі					

	<p>адамзаттың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Өтірлер, иіссудың түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасындар. Үйді құрылысшылар салды: кірпішін қалады, жылы болсын деп сыртын қаптады, терезесі мен есіктерін салды, ақтады. Үйді біз газбен немесе тас көмірмен жылытамыз. Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ үгілгіш болып келеді. Темір рудасы қара түсті, қатты, нығыз зат. Ол металл заттарды өзіне тартады. Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысуға шақырады. Қазақстанның пайдалы қазбалар картасымен танысады. Туған өлкеде қандай пайдалы кендер өндірілетінін анықтайды. Қазақстанның пайдалы қазбаларына қатысты шартты белгілермен танысады.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> -- -</p>	<p>заттарымен, киім-кешегімен таныстыру</p> <p>Мақсаты киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).</p> <p>– Көйлек неге артық? – Көйлек – киім. – Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру. – Көйлек, шалбар, жейде – нелер? – Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер. Мынау – ұзын жең жейде Мынау қандай жейде? Мынау – ұзын жең жейде. Мынау – қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек? Мынау – қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады. Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу. Ең-ең-жең. Ұұұзын жең. Қа-қа-қысқа – қысқа жең</p> <p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> - Қазақтың қасиетті аспабы</p>	<p>практикалық жұмыс жасау. Санамақ арқылы топқа бөлінеді. Балаларға әртүрлі мөлшердегі текшелер жиынтығын (шаршылар, шарлар, шеңберлер және т.б.) қарастыруды және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) қарай орналастыруды ұсынады. Ойынға қатысады. Фигураларды талдайды. Фигураларды бір-бірімен салыстырады. Практикалық жұмыс. Балалар үлестірме материалмен жұмыс істейді, сопақша мен шеңбердің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, бұрыштары мен қабырғасы жоқ, сопақша ұзартылған, бірақ шеңбер жоқ. – Балалар, қызыл сопақшаны аламыз, жиектеріне саусағымызбен жүргіземіз. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? Қызыл сопақшаға жасыл шеңбер</p>	<p>геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.</p> <p>«Сиқырлы дорба» ойыны. «Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар. Педагог ойын жағдайын жасайды: – Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық тұрғындарын терең зыңданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы – оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу. Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны</p>	<p>өмір сүруде. Туған өлкеміздің ауылы мен қалаларында өздерің секілді бақытты балалар тұрады. Әр адам өзінің туып-өскен жерін мақтан етеді . Сол себептен мен өздеріңмен туған өлкеміз туралы әңгімелескім келіп тұр. Ата-бабамыз бала бойында сәбилік шақтан бастап қоршаған ортаға, табиғатқа деген дұрыс көзқарас қалыптастырып отырған. – Өздерің тұратын жердің табиғаты туралы әңгімелеңдер. – Өздерің тұратын қала (ауыл) қалай аталады? Тірек сұрақтар қою арқылы балаларға туған қала, ауылдары туралы әңгімелетеді. Балалар өздерінің туған қаласы немесе ауылы орналасқан мекені туралы әңгімелейді. Өздері тұрып жатқан қаладағы (ауыл) көрнекті жерлер, табиғаты, халқы немен айналысатынын әңгімелейді. Балалар өздерінің туып-өсіп жатқан туған қаласы, ауылы Отанның бір бөлігі екенін түсінеді</p> <p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру Құрастыру.</b></p>
--	---	---	---	--	---

<p>Шығарманы рөлдерге бөліп сомдау</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Таныс ертегілер иллюстрациясыларымен жұмыс: «Бауырсақ», «Шалқан».</p> <p>Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? Таныс ертегілерді айтыңдаршы.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ата, көрсет». Педагог ертегі кейіпкерлерінің сөзін айтады, балалар сол кейіпкерлерді атап көрсетеді.</p> <p>Суреттермен жұмыс. Педагог қарлығаштың суретін көрсетеді</p> <p>Мынау не? – Мынау – қарлығаш.</p> <p>Қарлығаш туралы ертегі «Қарлығаш пен Дәуіт» ұсынады.</p> <p>Ертегісін тыңдату.</p> <p>Суреттер бойынша жұмыс.</p> <p>– Мынау – Қарға. – Мынау не? – Мынау – Қарға. – Мынау – Көкек. – Мынау не? – Мынау – Көкек. – Мынау – Дәуіт. – Мынау не?</p>	<p>домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру</p> <p>Мақсаты Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Келіншек» қ.х.к. (өңд. Б. Дәлденбай)</p> <p>Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)</p> <p>«Анашым» (Е. Хасанғалиев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.э. (өңд М. Раухвергер)</p> <p>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>	<p>салыңыз. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.) – Сіз не байқадыңыз? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Сопакшаға ұқсас заттарды тауып, оларды атайды. – Сопакшаға қандай заттар ұқсас? (Сопакшаға ұқсас заттарды бейнелейтін суреттерді көрсетеді.) Балалар сопакшаға ұқсайтын заттарды табады, оларды атайды. – Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты аламыз. Жиектерін саусағымызбен жүргіземіз. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрышы бар? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырғасы бар? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырады, сұрақтарға жауап береді. – Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршыға.) – Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны саламыз. – Бұл фигуралар несімен ерекшеленеді? – Бұл фигуралар несімен ұқсас? Балалар ұқсастықтар мен</p>	<p>дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. – Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз. Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p>Мақсаты ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру</p> <p>Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі –</p>	<p>Міндеті: - анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу</p> <p>- Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.</p> <p>Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау -- Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию</p> <p>- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару (кір. 08.03)</p> <p>түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу</p> <p>- достық туралы тату-тәтті қарым-қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру,</p>
--	--	---	---	---

	<p>– Мынау – Дәуіт. – Мынау – Жылан. – Мынау не? – Мынау – Жылан – Қарлығаш көмек сұрады. – Қарлығаш не істеді? – Қарлығаш көмек сұрады. – Көмек, кө-мек. – Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады. – Қарлығаш нелерден көмек сұрады? – Қарлығаш Көкек және Қарғадан көмек сұрады. – Көкек: Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ – деді. – Көкек не деді? – «Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ», – деді. Қарға: «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. Қарға не деді? – «Үйленгелі жатқанымда, мазамды алма», – деді. – Осы істері дұрыс па? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығашқа не көмек берді? – Қарлығашқа дәуіт көмек берді. – Қарлығаш пен Дәуіт дос болды. – Қарлығаштың досы</p>		<p>айырмашылықтарды табады, шаршыда барлық қабырғалары тең, тіктөртбұрышта қарама-қарсықабырғалары тең. Тіктөртбұрыш пен шаршының 4 бұрышы, 4 қабырғасы бар. <b>3.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру Мақсаты Ана туралы өз ойларын айтқызу.</p> <p>«Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал». Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталатады Педагог «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады. А – жуан дауысты. Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты. Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық». Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай</p>	<p>Наурыз мерекесін тойлаймыз. – Наурыз мерекесінің басқа мерекеден ерекшелігі неде? – Қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні деп аталады. Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Наурыз» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді Наурыз Өніп еккен дәніміз, Бүршік жарды бағымыз. Сәскеде - жаз, Түнде қыс Секілді екен Наурыз. Төлдеп жатыр малымыз, Қазан толы сары уыз. Сүті көп те, Көмірі аз Болады ғой Наурыз. Жайдарымыз бәріміз, Дастарқанда дәміміз.</p>	<p>қызғаншақтықтың жақсылыққа бастамайтыны туралы түсініктерін кеңейту - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару -- Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p>Мақсаты –қонжықты суретін салу,мұсіндеу,жапсыру,құрастыру Топтық жұмыс <b>4.Музыка</b> <b>Міндеті</b> - Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау</p> <p>Мақсаты Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.</p> <p>Музыка тыңдау: «Келіншек» қ.х.к. (өңд.</p>
--	---	--	--	---	--



	<p>.... – Дәуіттің досы ...</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру</p> <p>Мақсаты Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту</p> <p>«Дегелек» ойыны. Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды</p>		<p>жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> Ұлттық қимылды ойындарды ойнату</p> <p>Мақсаты: Қазақстан халықтарының ойындарын ойнай отырып, балалардың қимыл- қозғалыс тәжірибесін толықтыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Жасайды: 3 метрден қозғалыстағы нысананы ату, релаксация.</p> <p>Түсінеді: «толеранттылық» терминін, «командалық ойындар» ойын ережелерін, Қазақстан Республикасындағы түрлі халықтарға құрметпен қарауды.</p> <p>Қолданады: допты бір-біріне лақтыруды, қозғалмалы нысананы ату дағдыларын, шашырап жүру, жүгіру, командада келісіп әрекет ету дағдыларын</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шарбақ» (4рет). Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстанып, төрт-төрттен бір-біріне қарама-қарсы қатарға тұрады.</p> <p>Орыс халық</p>	<p>Көжесі көп, Қыры көк</p> <p>Қандай жақсы наурыз!</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу</p> <p>Мақсаты Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену</p> <p>«Тақиятастау»</p> <p>Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру. «Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады.</p> <p>Бастапқы қалыпта аяқтарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады</p>	<p>Б. Дәлденбай) Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) «Анашым» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.ә. (өңд М. Раухвергер) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова) Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников)</p>
--	---	--	--	--	--

әуендерімен әр қатар қарама-қарсы қатардағы балаларға барып иіледі. Сосын өз орнына қайтып келеді. Көңілді әуен басталғанда бар білетін қимылдарын жасап, балалар шашырап, секіріп билей бастайды. Музыка тоқтай қалғанда әр қатар өз орнына қатарға тұра қалуы керек. Олар айқастырып қол ұстасып, «шарбақ тоқиды».

«Тентек доп» – армян халқының ойыны. (4 рет).  
Ортаға диаметрі 3-4 м үлкен шеңбер сызады. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топ шеңбер ішіне кіреді, екінші топ шеңбер сыртына бір-бірінен бірдей арақашықтықта орналасады. Жүргізушіден доп алған соң, сырттағы ойыншылар – шабуылшылар шеңберден асырып, бір-біріне доп лақтыра бастайды. Допты үш рет лақтырғаннан кейін барып қана шабуылшылар шеңбер ортасындағы қорғаушыларды ата

			бастайды. Қорғаушылар болса, тек үстілерінен үш рет доп өткен соң ғана одан қашып, тигізбейді. Бірақ, допты қағып алуға тырысады. Қорғау сәтті өтсе, ойыншылар рөлдерін ауыстырады		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау №6</p> <p>Серуен бақылу: Қарды бақылау</p> <p>Мақсаты: — Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету — Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»</p> <p>Ш. Ахметов</p> <p>Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады.</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау №7</p> <p>Серуен бақылу: Шырша ағашын бақылау</p> <p>Мақсаты: — Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;; — Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев</p> <p>Қанша заман өткенімен, Ескірмейтін асыл шырша. Алатаудың көктемімен, Доссың ғой сен, жасыл шырша.</p> <p>Өзгермейсің қыс келсе</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау №8</p> <p>Серуен бақылу: Су тамшыларын бақылау</p> <p>Мақсаты: — температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай</p> <p>Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады.</p> <p>Тырс - тырс тамып</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау №9</p> <p>Серуен бақылу: Күнді бақылау</p> <p>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн)</p> <p>Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн)</p> <p>Күн биікке көтерілген</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау №9</p> <p>Серуен бақылу: Күнді бақылау</p> <p>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн)</p> <p>Алауға оранып, Көкке өрлеп</p>

<p>Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? *Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? *Неге бұл жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. Зерттеу жұмыстары Күн астындағы және</p>	<p>де, Бояыңды оңдырмайсың. Аяз шымшып, тістесе де, Жапырағыңды тоңдырмайсың. Балаларға сұрақтар: *Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде? *Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді? *Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер? Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады. Зерттеу жұмысы: шырша</p>	<p>тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар ◆ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) ◆ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) ◆ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады) ◆ Шуақты күні ше? (өседі) ◆ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады) Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.</p>	<p>сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен) Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</p>	<p>шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)</p>
--	---	---	---	--

	көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету.	ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру , ерекшеліктерін атау. Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау. Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.			Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: «Қоржынды сәңдейміз» Мақсаты: Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Әмір Оразәлі	Жеке баламен жұмыс: «Отбасының күзгі еңбегі» Мақсаты: Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу. Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті Аяла Айзере мен Кәусар	Жеке баламен жұмыс: Инжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Айзере мен Кәусар	Жеке баламен жұмыс: Ибраһимге қаламды дұрыс ұстауға үйрету. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	Жеке баламен жұмыс: «Автобус» Мақсаты:Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Айзере мен Кәусар
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,	Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын,	Қимылды ойын: Доппен ойын. Мақсаты :Қозғалыс координацияларын дамыту.. Жаттығу ойыны Доппен жаттығу.	Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: —Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы

<p>бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>тез жүкіре білулерін дамыту. Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.</p>	<p>Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Орман ел дәулеті, жер сәулеті. -Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес.</p>	<p>білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту. Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.</p>	<p>етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты: секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.</p>	<p>жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты: секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицей

Мектепалды О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 18 – 20 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.03	Сейсенбі 19.03	Сәрсенбі 20.03	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау 8.30-9.00	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз) ажыратып, дұрыс дыбыстау.	Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.	«Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.		
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 12				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Әрбір сөздің мағынасы	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Әрбір сөздің мағынасы болатыны		

<p>9.00-11.10</p>	<p>(хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту  Мақсаты : Көркем шығармаларды сахналауға үйрету</p> <p>Педагог күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды.  –Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар?  –Күшіктің анасын қалай атаймыз?  –«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?  –Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.  –Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?  –Енді осы күшік пен мысыққа ат қойындаршы.  –«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?  –Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.  «Күшік пен Мысық»  Қарны ашқан Күшік, тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.</p> <p>–Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр.  –Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік.  –Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді.</p> <p>–Күшік, менің көздерім,</p>	<p>болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу  Мақсаты Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлем сызбасын анықтайды, сызады. Түсінеді: сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді. Қолданады: сөйлем құрады</p> <p>«Жоғалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны – Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасындар.  Мысалы: көгерші...(н), балмұзда...(к), домбыр...(а), қасқы...(р), шырш...(а), банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(к), күнбағы...(с), монш...(а), кіта...(п), журна...(л), үсте...(л), орынды...(к), баспалда...(к),</p>	<p>туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу  Мақсаты Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлем сызбасын анықтайды, сызады. Түсінеді: сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді. Қолданады: сөйлем құрады  Сызбамен жұмыс  Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз. Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру</p>		
-------------------	--	---	--	--	--



	<p>құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр.</p> <p>Қасқыр: –Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады, өзі де тояды. –Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі. –Мысық, мен сені жеймін, – дейді. –Мені тойдыр, күшік. –Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді. –Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? –Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік:  –Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ маңдайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда Мысық: –Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді. <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> - Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату Мақсаты Қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін</p>	<p>мекте...(п), қолға...(п); (а)...лқа, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...оюу, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...өсбелгі т.б. «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса, екі жалаушаны да көтересіндер. Мысалы: -к дыбысы: (қасқыр, қамыс, асқабак, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лақ, кылыш, қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу, таңқурай, домалақ, кемпірқосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, тоқ т.б.) -т</p>	<p>Мақсаты. : геометриялық пішіндер мен денелер туралы білімін қалыптсатыру. меңгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауды 1-тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады. Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді. Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып,</p>	
--	---	--	---	--

<p>жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>жасайды:орманды мекендейтін бірнеше жануарды атап береді. түсінеді:жануарлардың орманда орналасу қағидасын; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің тіршілік ететін ормане байланысын.</p> <p>қолданады:өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, үлгілеу қабілеті</p> <p>Суретте не бейнеленген? Ең биік ағаштарды ата (қарағай, шырша). Суретші мұнда қандай бұталардың суретін салыпты? (Бөртегүл). Суретте шөп бар ма? Орманда нелер мекендейді? Балалар суреттерді қарап шығады. Орманды қандай жануарлар мекендейтінін, онда қандай ағаштар өсетінін айтады. Суретте қайсы ағаштың биік, қайсысының аласа екенін, орманда қандай бұталар өсетінін анықтайды. Ормандағы өсімдіктерді көп қабатты үйдің қабаттарымен салыстыруға болады деген тұжырым жасайды.</p> <p>Үлгілеумен айналысады.Топтарға бөлініп, педагогтің алдын ала дайындаған орман суретіне жануарларды орналастырады. Орман қабаттарын айтады. Жануарлардың көпшілігі төменгі қабаттарды тұрады. Жерде жауынқұрттар мен түрлі қоңыздар тұрады. Көртышқандар жер астын мекен</p>	<p>дыбысы: (тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс, кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тон т.б.) Сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құрылатынын білеміз</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру</p> <p>Мақсаты : геометриялық пішіндер мен денелер туралы білімін қалыптсатыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: меңгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар,</p>	<p>жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды. Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады.Балалардан түсінгендерін сұрау. 1. Сөз неден жасалады? 2. Сөздің сызбасы немен белгіленеді? 3. Сөйлем сызбасы қалай сызылады? 5. Дыбыс сызбасы немен белгіленеді? «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тышқанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық). Шәуілдеп үрді – (күшік). Ең қу аң – (түлкі)</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру</p> <p>Мақсаты. : геометриялық пішіндер мен денелер туралы білімін қалыптсатыру.</p>		
---	---	---	--	--

	<p>етеді.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -- Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу</p> <p>Мақсаты дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету..</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не көріп тұрсың?»</p> <p>– Қуыршақтың дене мүшелерін атаймыз.</p> <p>Мынау – басы. Мынау – қолы.</p> <p>Мынау – аяғы. Бұлар – дене мүшелері.</p> <p>Жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p>– Көз көру үшін керек.</p> <p>– Көз не үшін керек?</p> <p>– Көз көру үшін керек.</p> <p>– Құлақ не үшін керек?</p> <p>– Құлақ есту үшін керек.</p> <p>– Мұрын дем алу үшін керек.</p> <p>– Мұрын не үшін керек?</p> <p>– Мұрын дем алу үшін керек.</p> <p>– Қол ұстау үшін керек.</p> <p>– Қол не үшін керек?</p> <p>– Қол ұстау үшін керек.</p> <p>– Қол жазу үшін керек.</p> <p>– Қол не үшін керек?</p> <p>– Қол жазу үшін керек.</p> <p>– Қол сурет салу үшін керек.</p> <p>– Қол не үшін керек?</p> <p>– Қол сурет салу үшін керек.</p> <p>– Аяқ жүру үшін керек.</p> <p>– Аяқ не үшін керек?</p> <p>– Аяқ жүру үшін керек.</p> <p>Аяқ жүгіру үшін керек.</p> <p>– Аяқ не үшін керек?</p> <p>– Аяқ жүгіру үшін керек.</p> <p>– Көз, құлақ, мұрын, қол – бұлар</p>	<p>цилиндр;</p> <p>түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауды</p> <p>Ойын жаттығуы.</p> <p>«Пішінге ұқсас зат».</p> <p>Жұптық жұмыс.</p> <p>Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұр жинақтары салынған хатқалта жатыр.Тапсырманы түсіндіреді. Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті</b> - -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, сөйлегенде қолдана</p>	<p>меңгереді: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр; түсінеді: пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды; қолданады: геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауды</p> <p>1-тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады. Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді. Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды. Педагог 2-</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>сезім мүшелері.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b>. бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр)</p> <p>Мақсаты - Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену</p> <p>Биіктікке секіру.</p> <p>Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде жүгіріс пен аяқпен итерілуді үйлестіре білу керек. Екі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады. Қолмен сермеп көмектеседі.</p> <p>Жүгіріп екпін алған соң кідірмей кедергіге келгенде екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді</p>	<p>білуді жетілдіру</p> <p>Мақсаты заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.</p> <p>«Тазалық – денсаулық кепілі» мақалын балаларға түсіндіру.</p> <p>Біздің денсаулығымыз мықты болу үшін тазалықты сақтауымыз керек. Жаңа сөздермен таңыстыру.</p> <p>– Тазалық сақтауға сабын, жөке, сүлгі, тарақ қолданамыз.</p> <p>– Мынау – сабын.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – сабын.</p> <p>– Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз.</p> <p>– Сабынмен не істейміз?</p> <p>– Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз.</p> <p>– Мынау – жөке.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – жөке.</p> <p>– Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз.</p> <p>– Жөкемен не</p>	<p>тапсырманы орындауға ұсынады. Суреттердегі заттарды қарайды және атайды. – Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады.</p> <p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p> <p>Мақсаты Көркем шығармаларды сахналауға үйрету</p> <p>Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды.</p> <p>–Балалар, ертегі сендерге ұнады ма?</p> <p>–Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші.</p> <p>–Күшік келе жатып неге жолығады?</p> <p>–Қасқыр не дейді?</p> <p>–Күшік не дейді?</p> <p>–Екеуі келе жатып нелерді көреді?</p> <p>–Қасқыр нені жейді?</p> <p>–Тойған Қасқыр Күшікке не дейді?</p> <p>–Іші пысқан Күшік неге жолығады?</p> <p>–Мысыққа не дейді?</p> <p>–Мысық не дейді?</p> <p>–Күшік жолда нелерді көреді?</p> <p>–Түйеге күшіктің шамасы келе ме?</p> <p>–Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен.</p>		
--	---	--	--	--	--

		<p>істейміз?  – Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз.  – Мынау – сүлгі Мынау не?  – Мынау – сүлгі.  – Сүлгімен денемізді сүртеміз.  – Сүлгімен не істейміз?  – Сүлгімен денемізді сүртеміз.  – Мынау – тарақ.  – Мынау не?  – Мынау – тарақ.  – Тарақпен шашымызды тараймыз.  – Тарақпен не істейміз?  – Тарақпен шашымызды тараймыз  <b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау  Мақсаты Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық</p>	<p>–Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу).  <b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр)    Мақсаты Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену    «Тақиятастау»    Көлденең нысанаға асықты 3 м қашықтықтан лақтыру.  «Қолын түзеп жазып барып, төменнен лақтыру» тәсілін қолданады.    Бастапқы қалыпта аяқтарын иықтан шығыңқы деңгейге қойып, оң аяқты артқа қалдырып, оң қолды кеуде тұсында шынтақтан бүгіп, артқа төмен сермеп барып, жоғары қарай алдыға лақтырады  Көлденең нысанаға асықты бір қолмен лақтырады. Бастапқы қалыпқа нұсқау бойынша тұрады. Иықтан жоғары алға қарай шұғыл</p>		
--	--	---	--	--	--

		<p>мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау</p> <p>Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері, өңд. Б. Ерзакович) Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев) «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт) Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>	шығарып, қолды айналдыра сермеп күшін мөлшерлеп лақтырады. Нысанаға тура тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындалады		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		
Серуен	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау №6</p> <p>Серуен бақылу:</p> <p>Қарды бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— Табиғаттағы</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау №7</p> <p>Серуен бақылу:</p> <p>Шырша ағашын бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— Қаламызда өсетін</p>	<p>Наурыз</p> <p>Серуен-Бақылау №8</p> <p>Серуен бақылу:</p> <p>Су тамшыларын бақылау</p> <p>Мақсаты:</p> <p>— температураға</p>		

<p>маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету</p> <p>— Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»</p> <p>Ш. Ахметов</p> <p>Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады?</p> <p>Балаларға сұрақтар</p> <p>*Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>*Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?</p> <p>*Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?</p> <p>*Неге бұл жердің қары еріп жатыр?</p> <p>Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал.</p> <p>Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды.</p> <p>Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана</p>	<p>ағаштармен таныстыруды жалғастыру;;</p> <p>— Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру;</p> <p>— Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев</p> <p>Қанша заман өткенімен, Ескірмейтін асыл шырша. Алатаудың көктемімен, Доссың ғой сен, жасыл шырша.</p> <p>Өзгермейсің қыс келсе де, Бояыңды оңдырмайсың. Аяз шымшып, тістесе де, Жапырағыңды тоңдырмайсың.</p> <p>Балаларға сұрақтар:</p> <p>*Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?</p> <p>*Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?</p> <p>*Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?</p> <p>Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш.</p> <p>Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады.</p> <p>Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды</p>	<p>байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;</p> <p>—зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай</p> <p>Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады.</p> <p>Балаларға сұрақтар</p> <p>◆ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)</p> <p>◆ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)</p> <p>◆ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)</p> <p>◆ Шуақты күні ше? (өседі)</p> <p>◆ Қай беттегі сүңгілер тез еридi? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)</p> <p>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші</p>		
---	---	---	--	--

	<p>бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.</p> <p>Зерттеу жұмыстары Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?</p> <p>Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету.</p>	<p>шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде.</p> <p>Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.</p> <p>Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру , ерекшеліктерін атау. Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау. Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.</p>	<p>ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.</p> <p>Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.</p>		
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру		
Балалармен жеке жұмыс	<p>Жеке баламен жұмыс: «Қоржынды сәңдейміз» Мақсаты: Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Шығармашылық іс</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: «Отбасының күзгі еңбегі» Мақсаты: Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу. Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті Аяла, Айгерім</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Інжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Бекзат, Нұрсұлтан</p>		



	әрекет, бейнелеу іс-әрекеті Алинур, Рамазан				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту. Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.	Қимылды ойын: Доппен ойын. Мақсаты :Қозғалыс координацияларын дамыту.. Жаттығу ойыны Доппен жаттығу. Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Орман ел дәулеті, жер сәулеті. -Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес.	Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: —Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту. Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.		
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.		

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1 – 5 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 1.04	Сейсенбі 2.04	Сәрсенбі 3.04	Бейсенбі 4.04	Жұма 5.04
Балаларды қабылдау 8.30-9.00	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Құрымдалған ойын» «Дұрыс көрсет, ажырат» <i>Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.</i>	«Құрымдалған ойын» «Өзім және отбасым» <i>Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.</i>	«Құрымдалған ойын» «Мамандықтың бәрі жақсы» <i>Мақсаты: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.</i>	«Құрымдалған ойын» «Бұны қай кезде киеді?» <i>Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады.</i>	«Құрымдалған ойын» «Бақша да ма, бау да ма?» <i>Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады.</i>
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 11				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ  9.00-11.10	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту <b>Мақсаты</b> Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту.  -Күшік пен мысық ертегісін есімізге түсірейік. -Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> –Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну <b>Мақсаты</b> сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> сөйлемді дұрыс құрайды. <b>Түсінеді:</b> қарама-қарсы	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу <b>Мақсаты</b> сөйлем сызба туралы түсіндіру <b>Күтілетін нәтиже: Жасайды</b> : сөйлем сызбасын анықтайды, сызады. <b>Түсінеді:</b> сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді. <b>Қолданады:</b> сөйлем құрады Сызбамен жұмыс Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз. Сөйлемнің сызбасының	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру <b>Мақсаты</b> «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту <b>Күтілетін нәтиже:</b>	<b>1.Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. <b>Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.</b>  Суретте жиналған аңдарды ата. Арыстан аңдарды не үшін жинады?

	<p>(атрибуттарын кигізу). Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту</p> <p><b>Мақсаты:</b> қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• мақалдардың мағынасын ашады, қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы тапсырмаларды орындайды/<b>жасайды;</b></li> <li>• салт-дәстүрлердің маңызын; ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді құрметтеуді <b>түсінеді;</b></li> <li>• салт-дәстүрлеріміз туралы алған білімін өзінің жас ерекшелігіне сай күнделікті өмірде <b>қолданады</b></li> </ul> <p>Суреттерге назар аудару. – Мына суретте жаңадан туған нәрестені бесікке бөлеп жатыр. Бұл – қазақ халқының ежелден келе жатқан «бесікке бөлеу» дәстүрі. Суреттен тағы нені байқауға болады? – Баланы анасы бесікке бөлеп жатыр, аналар «бесік жырын» айтып тұр. Анасы кішкентай баланы бесікке бөлеп, ұйықтату үшін, «бесік жырын» айтады. Сендердің аналарың ұйықтатар алдында қандай бесік жырын айтады? «Бесікке бөлеу» ойыны Балалар өздері білетін «Бесік жырын» айтады. – «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте маңызды. Баланың</p>	<p>сөздерді, сөйлем нені білдіретінін түсінеді.  <b>Қолданады:</b> берілген буындарды қолданып сөз құрайды</p> <p><b>«Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны</b> Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді. Ғажайып сәт. Балалар қуыршақ Айсұлу бізге ішіне тапсырмалар салынған хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық. «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады. – та буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке, тазы,тамыздық, таға, тақылдақ, таң т.б. – -ба буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байғазы, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б. – -са буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сагушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b> қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптасатыру. .</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>меңгереді:</b> геометриялық денелердің: текше, шар,</p>	<p>басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады. Балалардан түсінгендерін сұрау. 1. Сөз неден жасалады? 2. Сөздің сызбасы немен белгіленеді? 3. Сөйлем сызбасы қалай сызылады? 5. Дыбыс сызбасы немен белгіленеді? «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тышқанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық). Шәуілдеп үрді – (күшік). Ең қу аң – (түлкі).</p> <p><b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b> қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптасатыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>меңгереді:</b> геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын;</p> <p><b>түсінеді:</b> геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;</p> <p><b>қолданады:</b> геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды</p> <p><b>Шағын топпен жұмыс</b> 5-кестені пайдаланып «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. Жұмыс дәптері Педагог дәптердегі 1-тапсырманы қарап, оны өздігінен орындауды ұсынады. - Бұл заттар қандай геометриялық денелерге ұқсайды? Әр топтан бір «артық» затты табады, қоршап сызады. Оның пішінін</p>	<p><b>Жасайды:</b> сөйлемді жалғастырады, сурет мазмұнына байланысты сөйлем құрайды.</p> <p><b>Түсінеді:</b> сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді.</p> <p><b>Қолданады:</b> сөздердің жалпы атауын атайды.</p> <p><b>«Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны</b> – Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Балалар бақта жүгірді. Атам шалғымен шөп шапты. Анам сиыр сауды. Ағаштың түбі – қалың қар. Аю қыста ұйықтайды. Малдар жайлауда жайылды. Балалар доп ойнады. Үсен мәшинені жуды</p> <p><b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b> Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету</p> <p>Аз қимылдайтын ойын «Сықырлы қозғалыстар» Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды</p>	<p>Аңдар арыстанның сұрағына қалай жауап берді?  Көктемнің сәні не? Ойынды ортаға сал.</p> <p>2. Қай суреттер көктемнің сәні дегенге сәйкес келеді? Белгіле. Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады. Басқа балалар көрермен болады</p> <p><b>2. Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу</p> <p><b>Мақсаты</b>балаларға жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• жайлау, қазақ киіз үйінің құрылысы және ішкі жиһаздары туралы тапсырмаларды орындайды/<b>жасайды;</b></li> <li>• киіз үй көшіп-қону үшін ыңғайлы болғандықтан, оны пайдаланғанын <b>түсінеді;</b></li> <li>• сұрақтарға жауап беру, әңгімелей білу дағдыларын күнделікті өмірде <b>қолданады.</b></li> </ul> <p>«Жайлау» тақырыбында демонстрациялық материалдардағы суретпен жұмыс. Жайлау – жазғы қоныс. Жайлауды суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды. Қазір де малшылар жазғы жайылымды жайлау</p>
--	---	---	--	--	--

<p>сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген. – Келесі суретте не бейнеленген? «Тұсаукесер» дәстүрі бейнеленген. Ұлттық киімдегі кішкентай бала, апа оның тұсауын кесіп жатыр. Жасы үлкен әжей «шашу» шашып жатыр. Бесікте жатқан бала өсті, қаз-қаз басып жүре бастады. «Енді көп құламай тез жүріп кетсін», – деп, баланың тұсауын кеседі. «Адал, шыншыл бала болсын», – деп, тұсауын «ала жіппен» кеседі. Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар. Ол «Ешқашан өтірік айтпай, ұрлық жасамай, үлгілі, өнегелі азамат болып өссін» дегенді білдіреді</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b> өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету</p> <p>Арман мен Сәуле диалог жүргізеді. – Сәуле, сен таңертең не істейсің? – Мен таңертең тұрамын. – Таң-ер-тең- ң тұ-ү-ү-ра-мын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс). – Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын. – Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын. – Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын. – Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын. – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін. – Содан кейін анаммен балабақшаға барамын. Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды. Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады. Таңертең ... (тұрамын). Бетімді ... (жуамын).</p>	<p>цилиндр атауларын; <b>түсінеді:</b> геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын; <b>колданады:</b> геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды</p> <p><b>Ортаны модельдеу</b> Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.</p> <p>Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие. – Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар? Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды. – Балалар, мына бұйымдарға қараңдар (көлемді фигуралардың мұнаралары). Олар қандай пішіндерден жасалған? Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды. бұйымдарға қарайды, фигураларды атайды. Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі оқу қызметінде қандай пішіндермен жұмыс істейміз? (геометриялық денелер) Балалар өз бұйымдарын құрастырады.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру <b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жана сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру</p> <p><b>Ойын: «Сықырлы қоржын».</b> ( Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді. Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай). Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жана сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру.</p>	<p>атайды. Қалған топтағы заттардың пішінін анықтайды. <b>3.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - Бакылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру <b>Мақсаты</b> . Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету.</p> <p><b>Ертегі:</b> «Қасқыр мен түлкі» (Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады). Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті. Қасқыр Түлкіге: – Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсалаңдап: – Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті. Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпап қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты. Қасқыр: – Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе, Түлкі: – Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:.</b> Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату <b>Мақсаты</b> - Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.</p> <p>.</p> <p><b>Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау.</b> <b>Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды.</b> <b>Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.</b></p>	<p>сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутқа көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды. Нүктелерді, өрнектерді салдырту <b>3.Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу <b>Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.</b></p> <p><b>Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады.</b> Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді</p> <p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? – Арыстан аңдарды не үшін шақырды? – Қандай аңдар жиналды? – Арыстан қандай</p>	<p>ретінде пайдаланады, жайлауға көшеді. Қой, түйе, сиыр жайлауға шығарылады. Ата-бабаларымыз киіз үй көшіп-қону үшін ыңғайлы болғандықтан, оны пайдаланған. Қазір де малшылар киіз үйді пайдаланады. Енді киіз үй және оның бөлшектерімен танысайық. Киіз үй – тарихымыздағы ең алғашқы сәулеттік құрылыс. Көшіп қонуға ыңғайлы, жер сілкінісіне төтеп беретін ең қолайлы баспана. Киіз үйдің жалпы салмағы жиһаздарымен қосқанда 300–400 келіге жуық. Бұл салмақты бір түйе еркін көтере алады. Кереге, шаңырақ, уық, сырқырлауық – киіз үйдің негізгі бөлшектері. Соның ішінде кереге киіз үйдің негізгі қаңқасы болып есептеледі. Ол талдан, жіңішке қайыңнан жасалады. Қазақ халқы ерте кезден бастап мал бағып, өсірумен шұғылданған, сондықтан көшіп-қонып өмір сүрген. Әр жылдың ерекшелігіне қарай малды көбейтіп ұстауға жағдай жасаған. Жайлауды да таңдап, шөбі мен суы мол жерге барып қонған. Қысқы қыстауды өзен жағасына камыс өскен, таулы қыраттар және орманды, мал боран соққан кезде ылғал таба алатын, қар астындағы шөпті тұяғымен аршып жеуге ыңғайлы жерге орналастыратын. Қазақтар өздерінің көшіп-қонуына аса жауапкершілікпен қараған</p>
---	--	---	---	---

	<p>Тісімді ... (тазалаймын).</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу  <b>Мақсаты</b> Көлбеу тактайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b>  <b>«Аңшылар мен қояндар»</b>  <b>Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады.</b>  <b>Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді.</b>  <b>«Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады.</b>  <b>«Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады.</b>  <b>Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады</b></p>	<p>– Мынау – торсық.  – Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды).  – Торсық теріден жасалады.  – Торсық неден жасалады?  – Торсық теріден жасалады.  – Мынау – тостаған.  – Мынау не?  – Мынау – тостаған.  – Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай).  – Тостағанмен қымыз, айран ішеді.  – Тостағанмен не ішеді?  – Тостағанмен қымыз, айран ішеді.  – Тостаған ағаштан жасалған.  – Тостаған неден жасалған?  – Тостаған ағаштан жасалған.  – Мынау – ожау.  – Мынау не?  – Мынау – ожау.  – Мынау – ұлттық ыдыстар.  – Мыналар – нелер?  – Мынау – ұлттық ыдыстар.  Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды.  – Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай?  «Т» дыбысынан басталатын сөздер айтындаршы. (Табак, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...»). Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы:  <b>Менде тостаған. Сенде не?</b>  <b>4. Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт  <b>Мақсаты</b> Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру</p> <p>: Музыка тыңдау:  «Ақ сиса» (Жаяу Мұса)  Ән айту:  «Наурыз тойы» (Т. Мұратов)  «Көктем» (Д. Гусинцев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Аюлар биі» (Е. Тиличеева)  Билер: «Қамажай» х.э. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар,</p>		<p>сурақ қойды?  – Аңдар не деп жауап берді?  – Елік дұрыс айтты ма?  Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп.  <b>4. Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу  <b>Мақсаты</b>  Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.</p> <p><b>«Ең сақ кім екен?»</b>  <b>Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынан түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту. Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді.</b>  <b>Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды.</b></p>	<p><b>3. Сурет салу. Мүсіндеу. Жапсыру Құрастыру.</b>  <b>Міндеті:</b>  -- Ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы бас киімдерді эшекейлеу  - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік  - Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру  - Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру  <b>Мақсаты</b> сәукеленің суретін салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру  <b>Топтық жұмыс</b>  <b>4. Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.  <b>Мақсаты</b> Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру</p> <p><b>: Музыка тыңдау:</b>  <b>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)</b>  <b>Ән айту:</b>  <b>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)</b></p>
--	--	---	--	--	---

		хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э. (өңдеген Б. Дәлденбай)			«Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.э. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың х.э. (өңдеген Б. Дәлденбай)
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №3</b></p> <p><b>Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қаблеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.</p> <p><i>Бақылау барысы</i> <b>Тәрбиеші әңгімесі:</b> Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын</p>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №4</b></p> <p><b>Бақылау: Тастарды бақылау</b> <i>Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.</i> <i>Бақылау барысы</i> Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.</p> <p>Сұрақтар: *Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? *Асыл тастарды не үшін пайдаланады? *Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? *Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. *Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? <b>Зерттеу жұмысы</b> Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. <b>Еңбек</b></p>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №5</b></p> <p><b>Бақылау: Бұлттарды бақылау</b> <i>Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.</i> <i>Бақылау барысы.</i> <i>Көркем сөз. «Бұлт»</i> <i>Ө. Ақыпбекұлы</i> <i>Бұлттың қайда тұрағы?</i> <i>Біле алмадым мұны әлі.</i> <i>Білерім көк аспанның,</i> <i>Бұлт-көшпелі бұлағы.</i> Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұлт дегеніміз не? ♦Бұлттардың түсі қандай болады? ♦Бұлттар неден тұрады? (<i>сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.</i>) ♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (<i>түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар</i>) ♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек</p>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №6</b></p> <p><b>Бақылау: Желді бақылау</b> <i>Мақсаты:</i> - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау. <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦Барынша қатты желдердің атын</p>	<p align="center"><b>Сәуір</b></p> <p align="center"><b>Серуен-Бақылау №7</b></p> <p><b>Бақылау: Сутоғанды бақылау</b> <i>Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i> <i>Бақылау барысы</i> Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. <b>Зерттеу жұмысы.</b></p>

	<p>сыйдырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сыйдырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз.</p> <p>Балаларға сұрақтар</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?</li> <li>◆ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?</li> <li>◆ Мойыл жидектерінен не жасайды?</li> <li>◆ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?</li> <li>◆ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?</li> </ul> <p><b>Еңбек</b> Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.</i></p>	<p>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.</i></p>	<p>болып тұрады)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)</li> <li>◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)</li> <li>◆ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)</li> <li>◆ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)</li> </ul> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.</p> <p>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.</p> <p><b>Еңбек</b> Алаңды егу жұмыстарына дайындау; коқыстарды жинау, сыпыру.</p> <p><i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..</i></p>	<p>ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</li> <li>◆ Желдің ізін көруге болады ма?</li> </ul> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Компас арқылы желдің бағытын анықтау.</p> <p>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. <b>Еңбек</b> Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау</p> <p><i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i></p>	<p>Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау</p> <p><b>Еңбек</b> Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.</i></p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: сөздерді дұрыс айтуды үйрету</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Өлең, тақпақтар жаттату</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Балалармен қарым - қатынаста болуын дағдыландыру</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)</b></p>	<p>Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?».</p> <p>Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.</p> <p>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>Мақал-мәтел: -Бір тал кессең, он тал ек.</p>	<p>Қимылды ойын. «Бәйге».</p> <p>Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.</p> <p>Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.</p>	<p><b>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».</b></p> <p><b>Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.</b></p> <p><b>Жеке жұмыс</b> <b>Математикалық жаттығулар.</b></p> <p><b>Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.</b></p> <p><b>Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.</b></p>	<p>Қимылды ойын «Кім жылдам?».</p> <p>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.</p> <p>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.</p> <p>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.</p>	<p><b>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> — <b>белгі бойынша әрекет етуге үйрету;</b> — <b>ойын шартын сақтап ойнауға баулу;</b> <b>Жаттығу ойыны</b> <b>Ұзындыққа секіру.</b> <b>Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру.</b></p>
<p><b>Балалардың үйге</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p>

<p><b>қайтуы</b></p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замокссыз, белдеушесіз.</p>	<p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
----------------------	---	---	---	---	---



**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі**

**Мектепалды «А» сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 08 –12 сәуір 2023-2024 оқу жылы**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі 8.04.</b>	<b>Сейсенбі 9.04</b>	<b>Сәрсенбі 10.04</b>	<b>Бейсенбі 11.04</b>	<b>Жұма 12.04</b>
<b>Балаларды қабылдау 8.30-9.00</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері»	Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім»
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 11				
<b>Мектепке дейінгі</b>					

# Ұйым кестесі бойынша ҮІӨ

9.00-11.10

**1.Сөйлеуді дамыту**  
**Міндеті:** Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану  
**Мақсаты:** Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.

Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды.  
–Ертегіде нелер жайлы айтылған?  
–Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?  
–Екеуі жолдан не көрді?  
–Қасқыр Түлкіге не деді?  
–Сонда Түлкі не дейді?  
–Еттегі қақпанға қайсысы түседі?  
–Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?  
–Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма? Жалғастырта 3– 4 баладан сұрап шығады.  
Дидактикалық ойын:  
«Түлкінің құйрығын тап».  
Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.

**2.Қоршаған ортамен таныстыру**  
**Міндеті:** белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу  
**Мақсаты:** байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту.

**Күтілетін нәтиже**  
: • байланыс құралдарын қызметін, оларды ажырата алуға арналған тапсырмаларды орындайды/**жасайды**;  
• байланыс құралдарының жұмыс істеу ерекшеліктері мен маңызын; компьютердің пайдалы, зиянды жақтары туралы мәліметтерді **түсінеді**;  
• қазіргі заман

**1.Сауат ашу негіздері**  
**Міндеті:** сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру  
**Мақсаты:** сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын бекіту.  
**Күтілетін нәтиже:**  
**Жасайды:** сөйлем құрайды, сызбасын сызады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды.  
**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден тұратынын түсінеді.  
**Қолданады:** тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс қолданады

«**Берілген дыбысқа сөз ойлау ойын-жаттығуы** – Мен сендерге қандай да бір дыбысты айтамын, сендер сол дыбыс кездесетін сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысылы: -ы- дыбысы сөз басында: ыдыс, ымырт, ынта, Ықылас, ыстық, ырыс, ылғи, ырылдады т.б. -ы-сөз ортасында: маймыл, мамық, жастық, қатық, қымыз, қылыш, қытық, қырғыз, қылқалам, қалжын, қақтығыс, құдық, құйрық, мың, жылқы, жалбыз, қарбыз, қауын, қоңыз т.б. -у- дыбысы кездесетін сөз: тауық, қауын, жауын, бау, тау, уық, уыз, бу, қу, сау т.б.) -ү- дыбысы кездесетін сөз: үтік, үміт, күл, күшік, түтік, күнделік, күн, күш, күнбағыс, күміс, үміт, үзенгі, күз, түз, түс, үзінді т.б. «Сөзді өлшейміз»

дидактикалық жаттығуы – Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: дос, бейбітшілік

**2.Күтілетін нәтижелер менгереді:** заттың орналасуын

**1.Сауат ашу негіздері**  
**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.  
**Мақсаты:** дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау

**Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** Дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды.  
**Түсінеді:** дыбыстық талдау тәсілін.  
**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады

«**Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықтау**» дидактикалық жаттығуы – Балалар мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. -р- (ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рахат, рауғаш, ару, Ардақ, көзілдірік, көрік, көмір, күрес, күрек, рухани, қару, қарыз, қорық, қар, қарақат, қора, сиыр, сырмақ, қоңыр, қарға, қарлығаш, қарт, қырғыз, қырыққабат т.б.); -ә- (әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, күнә, Күләш, бәтәңке, бәліш, әріп, Мәлік, Әлімжан, Әмір, тәтті, тәкәпар, тәрелке т.б.); -м- (мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр, тамыз, көмір, комбайн, мата, мысық, том, әмір, темір, жемір т.б.). Дидактикалық ойын: «Сықырлы сандық» Педагог әдемі сықырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (бота, құлыншақ, аю, мысық, машина). Балалар ойыншықтар арқылы бір-бірімен байланысқан сөйлемдер құрап береді. Педагог балалардан

**1.Сауат ашу негіздері**  
**Міндеті:** сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау  
**Мақсаты:** буын, дыбыстық талдау туралы пысықтау. білімдерін пысықтау.  
**Күтілетін нәтиже:**  
**Жасайды:** дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі.  
**Түсінеді:** сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын.  
**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады

**Дидактикалық жаттығуы: «Жуан дауысты сөзден бастау»**  
Педагог қойған сұрақтарға балалар жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздермен жауап беру керек. 1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.) 2. Сүйікті сусының? (Айран т.б.) 3. Достарыңның аты? (Орал, Үлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.) 4. Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б.) **Ойын:** «**Дұрыс қос**» Педагог тақтаға екі қатарға суреттер іледі. Балаларға әр қайсысын атап айтқызады. Балаларды бір-бірден тақтаға шақырып, тапсырманы орындатады. 1. Бір буыннан тұрып, тамақты білдіретін екі суретті қос (нан-қант). 2. Екі буыннан тұрып, төсек-орынды білдіретін екі суретті қос (жастық, көрпе). 3. Үш буыннан тұрып, көгөністі білдіретін екі суретті қос ( асқабақ, қызанақ). Педагог суреттерді дұрыс қосқан балаларды мақтап, оларға

**1.Көркем әдебиет**  
**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  
**Мақсаты:** әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру

Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды.  
– Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?  
Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады. Дәптермен жұмыс: 1 Суретте не бейнеленген? Бала нені армандап тұр? Ойыңды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің?  
2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады  
**2.Қоршаған ортамен таныстыру**  
**Міндеті** Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту  
**Мақсаты** Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту

**Күтілетін нәтижелер:**  
**жасайды:** балықтардың бірнеше түрін атап береді.  
**түсінеді:** балықтардың мінез-құлқының тіршілік ету ортасына тәуелділігін біледі.  
**қолданады:** коммуникативтік дағды

	<p>технологиясына байланыс қолданыстағы байланыс құралдарын күнделікті өмірде қолданады.</p> <p><b>Педагог жұмбақтар жасырады</b></p> <p>. 1. Бар екен бір терезе ғажап үйде Кино болар терезеден күнде-күнде.</p> <p>2. Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде Естіп алар бір құлақ алыс елде .</p> <p>3. Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. Жұмбақтың жауаптары: теледидар, телефон, газет. – Теледидар, телефон, газет байланыс құралдарына жатады. Әлемнің алысжақын елдерінен жеткізілетін жаңалық, хабарларды тарататын құралдар ақпарат құралдары деп аталады. Балалар, қалай ойлансындар, алыс жердегі адамдар бірбірімен қалай хабарласады? – Алыс жердегі адамдар бір-бір-біріне хат жазады, телеграмма жібереді, телефонмен сөйлеседі. – Хатты қалай жібереді? (Педагогпен бірге талқылап, қортынды жасайды). – Пошта арқылы. – Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? – Теледидар, радио, газет және интернет арқылы білеміз. –Теледидар, радио, газет, интер</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту <b>Мақсаты</b> мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге</p>	<p>атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды; <b>түсінеді:</b> термин мағынасын; заттардың орналасуын; <b>қолданады:</b> қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді.</p> <p><b>«Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны</b> Педагог ұйымдастырады. Педагог кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады. Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту <b>Мақсаты</b> азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.</p>	<p>сөйлемдегі сөздерді ретімен айтуға тапсырма береді. Мысалы, бірінші сөз – Мәлік, екінші сөз – ботамен, үшінші сөз – ойнады. Сөйлемнің сызбасын сызады</p> <p><b>2.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> –қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа <b>Мақсаты</b> кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру <b>Күтілетін нәтижелер</b> <b>менгереді:</b> заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды; <b>түсінеді:</b> термин мағынасын; заттардың орналасуын; <b>қолданады:</b> қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді</p> <p><b>Топпен жұмыс:</b> Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар. <b>Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер».</b> Балалар пішіндерді карап, олардың орналасуын атауы тиіс. Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта – дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта –сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан</p> <p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу <b>Мақсаты</b> Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру,</p>	<p>жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету <b>Мақсаты</b> кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру <b>Күтілетін нәтижелер</b> <b>менгереді:</b> заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды; <b>түсінеді:</b> термин мағынасын; заттардың орналасуын; <b>қолданады:</b> қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді</p> <p>Педагог өткен оқу қызметіндегі «<b>Сикырлы қозғалыстар» ойынын қайталауды ұсынады.</b> Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутқа көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл</p>	<p>Балалардан суқоймаларында тіршілік ететін балықтар, бақалар мен жәндіктер туралы қызықты фактілер айтып берулерін өтінеді. Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауға» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоңыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүңгиді. Суқоймаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді, қурап қалған өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды.</p> <p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру Құрастыру.</b> <b>Міндеті:</b> - балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру -- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік - қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кино - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу</p>
--	--	--	---	---	---

	<p>келеді. Педагог – сағушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе беріңізші. – Қандай кесе? – Үлкен, екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды <b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру Мақсаты Керілген баудың биіктігіне байланысты денені жинақтап жұмырлаудың түрлі тактикаларын қолдана білуін қалыптастыру</p> <p>«Желпуіш саламыз» Шаңғының ұшын 180□ айнала қозғалып, бұрылады. «Тоннель». Алаң бойымен бағандарға байланған бауларды түрлі биіктікте тартып қою. Осы баулардың астымен өткенде биіктігіне байланысты әртүрлі әдісті пайдаланатынын ескеру керек. Балалардың қажетті арақашықтықты, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауын қадағалау керек</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Сықырлы дорба», ішінде азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар.</b> Сықырлы дорбада не бар? Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды. – Сықырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сықырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтындар: Дорба әдемі, дорба жақсы. 1, 2, 3, 4, 5 5, 4, 3, 2, 1 Міне, дорба ашылды! Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады. Мынау – ет. – Мынау не? – Мынау – ет. – Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа. – Мынау не? – Мынау – жұмыртқа. – Жұмыртқа – тағам. – Жұмыртқа – ... (тағам) – Мынау – ірімшік. І-рім-шік. – Мынау не? – Мынау – ірімшік. – Ірімшік дәмді. – Ірімшік дәмді ме? – Ірімшік дәмді. – Ірімшік – тағам. – Ірімшік не? – Ірімшік – тағам. – Мынау – қант. – Мынау не? – Мынау – қант.</p> <p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> - Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету <b>Мақсаты</b> : Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету.</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер:</p>	<p>тілдерін дамыту.</p> <p>–Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме? –Ғарышкер немен ұшады? –Ғарышкер қандай болу қажет? Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын. Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын. Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын. (Ж.Смақов) –Өлеңдегі бала кім болуды армандайды? –Өз арманына жетеді деп ойлайсындар ма? –Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді. –Ал сендер өскенде кім болуды армандайсындар? –Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек. –Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b>. Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру Мақсаты - 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету.</p> <p>Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сыңай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара</p>	<p>топ қолын шапалақтайды <b>3.Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру</p> <p>Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. – Кім ғарышкер болғысы келеді? – Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды. – Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады. Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу Мақсаты 40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету.</p> <p>40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту. Кедергінің биіктігіне қарай</p>	<p><b>Мақсаты</b>-ұлудың суретін салу,мүсіндеуүжапсыру,құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p> <p><b>4.Музыка</b> <b>Міндеті</b> -- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру <b>Мақсаты</b> Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету..</p> <p>Музыка тыңдау: «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова) Ән айту: «Қайырлы таң» (Е. Өміров) «Наурыз тойы» (Т. Мұратов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер)</p>
--	--	---	---	---	--

<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)</b>	Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады	.	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. -Гүл-	Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	.	<b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 06 – 10 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 6,05	Сейсенбі 7.05	Сәрсенбі8.05	Бейсенбі 9.05	Жұма 10.05
Балаларды қабылдау 8.30-9.00	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес ,әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.		Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сюжетті-рөлдік ойын: «Ел қорғауға әзірмін»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.		Ойын – жаттығу: «Мен батырмын»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.		<i>Үстел үсті ойындары</i> <i>Мозайка құрастыру</i> Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу <i>Ұқсай ма, ұқсамай ма</i> <i>Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету;</i> <i>байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</i> <i>Табиғат бұрышында еңбек</i>
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 13				

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ**

**9.00-11.10**

**1.Сөйлеуді дамыту**  
**Міндеті:** - Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру – Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру **(кір.01.05)**  
**Мақсаты:**Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету

Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.  
 Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:  
 –Анау өрмекшіні көрдің бе? Бала:  
 –Көрдім, өрмек тоқып жүр. Ата:  
 –Анау құмырсқаны көрдің бе?  
 Бала:  
 –Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата:  
 –Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:  
 –Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді:  
 –Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр.  
 Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.  
 –Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?  
 –Әңгіме не туралы айтылған?  
 –Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?  
 –Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.( Қонақтар сахналап айтып береді).  
 –Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші?  
 –Неше буыннан тұрады?

**1.Сауат ашу негіздері**  
**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау  
 –Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау **(кір.07.05)**

**Мақсаты** дыбыстық талдауды пысықтау

**Күтілетін нәтиже: Жасайды:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.  
**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын.  
**Қолданады:** сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады

**Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен).** Педагог бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: рррадио(р), уууылдырық(у), ааалма(а), ккққасқыр(к), мммақта(м), ккккяр(к), ссссағат(с), ккққыс(к), ааалжапқыш(а), ттттышқан(т), ссссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжжүлдіз(ж), жжжастық(ж), дддиректор(д), жжжарық(ж), шшшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), ттттиін(т), ккққолшатыр(к), бббақа(б), ииит(и), т.б  
**Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты дыбысты тап»** – Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер жуан дауысты

**1.Көркем әдебиет**  
**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  
 –Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту**(кір.09.05)**  
**Мақсаты** өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру

9 Мамыр – Жеңіс күні! (Слайд көрсету, әңгімелеу.)  
 – Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.  
 Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету.  
 – Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атайықшы. (Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев т.б.)  
 – Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіледі.  
 – Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.  
 Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.  
 Өлең қалай аталады?  
 – Өлең ұнады ма?  
 – Авторы кім?  
 – Өлеңде не туралы айтылған?  
 Жеңіс мерекесі қай күні екен?  
**2.Қоршаған ортамен таныстыру**  
**Міндеті:**Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату  
**Мақсаты** Балалардың қоректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту  
**Күтілетін нәтижелер:**  
**жасайды:**жануарлар әлемінің өкілдерін атап береді.  
**түсінеді:** жәндіктер, құстар мен

	<p>–Иә, дұрыс айтасындар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады. –Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрайды.</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b>–Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну</p> <p><b>Мақсаты</b> балаларды әскери мамандық түрлерімен және Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• әскери қызметтерді ажырата білуге, батыр аталарымыз жайлы білімдерін кеңейтуге арналған және әскери мамандықтар туралы тапсырмаларды орындайды/<b>жасайды</b>;</li> <li>• Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақстандық батырлардың қалай ерлік жасағанын; • танкистер, ұшқыштар, теңізшілер туралы білетіндерін <b>түсінеді</b>;</li> <li>• Ұлы Отан соғысы туралы және осы соғысқа қатысқан қазақ батырлары туралы мағлұматтарды күнделікті өмірде <b>қолданады</b>.</li> </ul> <p>Тақтаға әртүрлі әскери киімдердегі адамдар бейнеленген суреттер ілінеді. Балалар суретке қарап, қайсысы ұшқыш, қайсысы танкист, қайсысы теңізші, қайсысы жаяу әскер екенін ажыратып айтады. Танкист, ұшқыш, шеғарашы, теңізшілердің суреттерін көрсетіп, олардың немен айналысатындарын түсіндіру. – Әскери кемелерде қызмет ететін адамдар «әскери теңізшілер» деп аталады. Олар Отанымызды теңіз</p>		<p>дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрындар. Мысалы: гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш, ұлу, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>–Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету</p> <p><b>(кір.07.05)</b></p> <p><b>Мақсаты</b> Циферблат бойынша уақытты анықтау. Мақсаты: уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер: меңгереді:</b> «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды; <b>түсінеді:</b> оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; <b>қолданады:</b> жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.</p> <p>Педагог уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады. 4-тапсырманы орындау Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды.</p> <p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру</p> <p>- Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану</p> <p><b>ё кірікт.08.05</b></p> <p><b>Мақсаты</b> -Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту.</p>	<p>андардың бір-біріне тәуелділігін түсінеді.</p> <p><b>қолданады:</b> коммуникативтік дағды, талқылау, қорытынды жасау қабілеті қалыптасқан</p> <p>«Табиғатта барлық зат бір-біріне тығыз байланысты және жануарлар мен өсімдіктер санының арасында тепе-теңдік бар. Жер бетінде көптеген өсімдіктер, бұталар мен ағаштар өседі. Оларды шөпқоректі жануарлар, мысалы қояндар жейді. Ал қояндарды жыртқыш аң қасқырлар жейді». Төмендегі тапсырмаларды орындауды ұсынады: «Өсімдіктер бейнеленген барлық карточкаларды таңдап алып, оларды тақтаға орналастыр» «Осы өсімдіктермен қоректенетін жануарларды тауып, оларды тақтаға орналастырындар» «Тақтада өсімдіктерден төмен орналасқандарды жейтін жануарларды табындар». «Тақтаға ұсақ аңдар мен құстарды аулап жейтін жыртқыштардың суреттерін орналастырындар». Педагог жекелеген аңдар үшін шағын «қоректену тізбегін» құрауға болатынына айтады (үлгілер көрсетеді). Гүл – көбелек – сары шымшық – жапалақ; Емен, жаңғағы – тышқандар – түлкі. Балалар мынадай тұжырым жасайды: өсімдіктер жәндіктер мен ұсақ жануарларды «қоректендіреді», ал жәндіктер мен ұсақ жануарлар ірі жануарларды «тамақтандырады». Ал олар жыртқыштардың жеміне айналады. Ормандағылардың бәрінің тамағы тоқ па? Ал өсімдіктер ше? Осы жерде балалар өсімдіктердің өсуі үшін қажет заттарды еске түсіреді. Тақтаға күн, су мен ауаның үлгілерін жапсырады</p> <p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру</b></p>
--	--	--	---	--

	<p>кеңістіктері арқылы қорғайды. Әскери кеменің басшысын капитан деп атайды. Отанымызды әуе кеңістіктерінде қорғайтын адамдарды «әскери ұшқыштар» деп атайды. Әскери ұшақты ұшқыштар экипажы басқарады. Әскери ұшқыш мамандығын алу үшін ұшқыштар академиясына түсіп, білім алу қажет. Танкті басқаратын адамды «танк командирі» деп атайды. Танкистер экипажы бірнеше әскери адамдардан тұрады. Олар Отанымызды құрлықта қорғайды. Басқа елдермен шектесіп жатқан еліміздің шегарасын ержүрек шегарашылар қорғайды. Олардың басты міндеті – елімізге қастық ойлайтын арам пиғылдағы адамдардан Отанымызды қорғау. Шегарашылардың өте жақсы көмекшілері бар. Олар – ізшіл, иісшіл иттер. <b>«Жерде, әуеде, суда» ойыны. Шарты:</b> жерде, әуеде, суда қызмет ететін сарбаздардың және шегара бағаны, танк т.б. суреттері көрсетіледі. Педагог «Жерде» деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар аяқтарымен адымдайды. «Әуеде» деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жанжаққа жайып, ұшқан сияқты болады. «Суда» дегенде суда жүзген секілді қимылдар көрсетеді</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру  Мақсаты сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру.</p> <p><b>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.</b></p>		<p>–Енді мен әңгімені оқийын, ал сендер мұқият тыңдаңдар:  Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды. –Ата, «мандай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да:  –Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады.  Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.  –Сондай дәмді! – деді Хамит.  –Мандай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің мандай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.  1.Әңгімеде кімдер туралы айтылады?  2.Хамит атасынан не туралы сұрады?  3.Атасы осы кезде не деді?  4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді?  5.Көп жылдар өткен соң не болды?  6.Атасы Хамитті қайда әкелді?  7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p> <p><b>Мақсаты</b> .Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p><b>«Гимнастика»</b>  Ұзын орындықтың бетімен жүру.  Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.  Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек</p>		<p><b>Құрастыру.</b>  <b>Міндеті:</b> -ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелеуге жаттықтыру  -Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу  -Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу  --Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p><b>Мақсаты-</b> Қызыл телпекті қыздың суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b>  <b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті</b> Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту  - Балалардабірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру  <b>(кір.07.05)</b>  <b>Мақсаты</b> Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.  Музыка тыңдау:  «Жас дәуірдің түлегіміз»  (Т. Жұмалиева)  Ән айту:  «Біз бақытты баламыз»  (Ө. Қонысбеков)  Көктем» (А. Жайымов)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)  Билер: «Көкпар» биі  («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар:  «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау:  «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>
--	---	--	--	--	---

– Балалар, мынау – аула.  
– Мынау не?  
– Мынау – аула.  
– Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).  
– Аулада не болуы мүмкін?  
Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с.  
Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не?  
Аулада тауық (әтеш) бар.  
Құстардың суреттерін аулаға орналастырады  
– Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.  
– Мынау – ... (қаз).  
– Қаз қандай құс?  
– Қаз – үй құсы.  
– Аулада қаз бар.  
– Аулада не бар?  
– Аулада қаз бар.  
– Мынау – үйрек. Үй-рек.  
– Мынау не?  
– Мынау – үйрек.  
– Үйрек – үй құсы.  
– Үйрек қандай құс?  
– Үйрек – үй құсы.  
– Аулада үйрек бар.  
Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық.  
Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді.  
Балалар мәтінді қайталайды

**4.Дене шынықтыру**  
**Міндеті:** -Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),  
**Мақсаты** .Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту.  
Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйреге түсу

Секіртпеден бір орында тұрып секіру.  
Бастапқы қалыпқа тұрады.  
Бірғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге



	тырысады. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді				
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №6</b> Бақылау: Жәндіктерді бақылау <b>Мақсаты</b> : «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дей? (маса) - Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)		<b>Мамыр Серуен-Бақылау №7</b> Бақылау: Құмырсқаларды бақылау <b>Мақсаты:</b> Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы		<b>Мамыр Серуен-Бақылау №8</b> Бақылау: Найзағайды бақылау <b>Мақсаты:</b> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды?

	<p>Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>). Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>		<p>бар? (<i>зиянда жәндіктерді құртады</i>) Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ) Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі- дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек. Құмырсқалардың қандай пайдасы бар? ◆ Олар өз илеулерін қайда салады? ◆ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда) Зерттеу қызметі Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.</p>		<p>Аспан неге күркіреді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тоғы жиналады. Найзағай- бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады. күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару <i>Мақсаты:</i> Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру</p>
--	--	--	---	--	---

			Еңбек Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.</i>		
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру		<b>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</b>		Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Аяла мен Әмір дыбысына сөздер айтқызу		Айзере мен Кәусар заттың ұзындық өлшем бірліктерін қайта сұрап естеріне түсірту.		Айзереге пішіндер түрін жаттату.
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады		<b>Қимылды ойын «Үшінші артық».</b> <b>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғ арымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға а деген қызығ ушылықтарын арттыру.</b> <b>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту.</b> <b>Мақсаты:</b> <b>Допты берілген бағ ытқа қарай оң жә не сол қолмен лақтыруға жаттық тыру;</b> <b>Қозғ алыс координацияларын сақтау;</b> <b>Мақ ал-мә тел</b> <b>-Сә уір айы-су айы,</b> <b>Мамыр айы- гү л айы.</b> <b>-Кө ктемгі жауын артық болмас.</b>		<b>Қимылды ойын «Үшінші артық».</b> <b>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</b> <b>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту.</b> <b>Мақсаты:</b> <b>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;</b> <b>Қозғалыс координацияларын сақтау;</b> <b>Мақал-мәтел</b> <b>-Сәуір айы-су айы,</b> <b>Мамыр айы- гүл айы.</b> <b>-Көктемгі жауын артық болмас</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.		Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.		Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата –ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 13 – 17 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.05	Сейсенбі 14.05	Сәрсенбі 15.05	Бейсенбі 16.05	Жұма 17.05
<b>Балаларды қабылдау 8.30-9.00</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)- Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады),	Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю, шандарын сұрту	Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырындар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем беру	Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу <i>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.</i> Еңбек тапсырмасы:	Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу <i>Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айналымы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек.</i> Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 14				

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ**

**9.00-11.00**

<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу  <b>Мақсаты</b> . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p>–Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін:  Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді. Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды.  –Аңызда нелер туралы айтылған?  –Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді?  –Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді?  –Екеуі қалай келіседі?  –Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді?  –Түн батып ай шыққанда ше?</p> <p><b>2Қоршаған ортамен</b></p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу  -Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу  <b>ёкір.09.05)</b>  <b>Мақсаты</b> Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p><b>Күтілетін нәтиже: Жасайды:</b> буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасайды.  <b>Түсінеді:</b> дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын. <b>Қолданады:</b> дыбыстарды ажыратады</p> <p>Буындармен жаттығулар.  <b>Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)</b> – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.  <b>Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз».</b> Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Мысалы: (те-) те - (геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), (ор-) ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), (өр-) өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), (да-) да(мылда), да(был), да(қыл) , да(уыс), Да ( риға), Да (рия).  <b>Ойын: «Кәне, тауып көр»</b> – Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба,</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау -  <b>Мақсаты</b> Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту.  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды:</b> суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді.  <b>Түсінеді:</b> сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. <b>Қолданады:</b> сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады.  <b>Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»</b> – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасыңдар. Мысалы: жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты... (көмір), жасыл... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... (қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншак), сары ... (шаш), дәмді... (шай), тәтті... (төрт), жасыл... (қияр), ұзын... (бантик) т.б.  <b>Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина»</b> – Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу-  <b>Мақсаты</b> Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды:</b> сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.  <b>Түсінеді:</b> сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын.  <b>Қолданады:</b> сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады  <b>Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр»</b> – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады. Лактар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала  <b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау  <b>Мақсаты</b> Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>менгерді:</b> иінді таразымен</p>	<p><b>1.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті.</b>Өлеңді жатқа, мәнрлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы мәнрлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды  Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).  Атасы немерелерімен қайда барды?  Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.  2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?  Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?  3. Жұмбақты шеш.  Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)  <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> -Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату  <b>Мақсаты</b>Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>жасайды:</b> ағаш түрлерін атап береді.  <b>түсінеді:</b> қалалар мен ауылдарда неліктен ағаш егетінін түсінеді.  <b>қолданады:</b> зерттеушілік қабілет қалыптасқан, ағаш егу тәсілдерімен таныс</p>
--	--	---	--	--

<p><b>таныстыру</b>  <b>Міндеті:</b> -«Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу</p> <p><b>Мақсаты.</b>Балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>жасайды:</b> көктемнің белгілерін атап береді.  <b>түсінеді:</b> табиғаттың маусымдық өзгерістерге тәуелділігін.</p> <p><b>қолданады:</b> эксперименталдық жұмыстармен айналысу қабілеті қалыптасқан.</p> <p><b>Педагог балаларға ағаштардың тіршілігі мен өсіп-жетілуіне қажетті заттардың бәрін еске түсіруге көмектеседі.</b></p> <p>Ағаш жарықсыз тіршілік ете алмайды. Ол суретші сияқты. Жапырақтарды жасыл түске бояйды. Онда ағашқа қажетті «азық» болады (жапырақты жасыл түске бояйтын хлорофилл дәндері). Ағаштардың кейбірі жарық түсетін жерлерді (қарағай, балқарағай) жақсы көреді, кейбіреулері көлеңке жерде де өсе береді (шырша, қарағаш). Күн жылу көзі. Ағаштардың кейбіреулері суыққа төзімді келеді, ал кейбіреулері тек жылы жерге бейімделген. Қыс қатты суық болса өсімдіктердің кейбірі үсіп кетеді, келесі жылы көктемей қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда бола бастауы да жылудың</p>	<p>буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді.</p> <p>Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ос-, қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-,ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, блезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-,іс-, діз-, ік-.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.</p> <p>-Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру</p> <p><b>(кір.09.05)</b></p> <p><b>Мақсаты</b> Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> меңгереді: «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;</p> <p><b>түсінеді:</b> оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; <b>қолданады:</b> жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді .</p> <p><b>«Жанды апта» дидактикалық ойыны</b> 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.</p> <p>-Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз. 10 -кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс. - Суреттерді қараңдар. -Бірінші суретте не бейнеленген? - Екінші суретте не</p>	<p>орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады.</p> <p>Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», - «ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.».</p> <p><b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> заттардың салмағын өлшеу</p> <p><b>Мақсаты</b> Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету;</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> меңгереді: ауыр заттарды анықтау және атауды, мысалдар құрастыру және шешуді;</p> <p><b>түсінеді:</b> таразы бастарын теңестіру үшін табақшаларға тағы да зат (заттар) салу керек немесе заттарды алып тастау керектігін;</p> <p><b>қолданады:</b> таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта).</p> <p>— Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Кейбір заттар ауыр, кейбір заттар жеңіл болады. Педагог ізденіс мақсатын ұсынады. Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма? Салмақты қалай дәл анықтауға болады? Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады.</p>	<p>өлшеуді; санауды, санды жазуды;</p> <p><b>түсінеді:</b> таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын;</p> <p><b>қолданады:</b> таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта).</p> <p>Үзік сызықтармен сызуға, бояуға, графикалық диктантты орындауға үйретуді</p> <p><b>Топтық практикалық жұмыс.</b> Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады. – Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың</p>	<p><b>Жасыл желек дегеніміз не?</b>  Педагог ойды қорытады: Төңірегімізде ағаштың көп болғаны жақ. Өйткені біз тыныстайтын ауа таза болуы тиіс. Ал ол тек жасыл желегі көп өскен жерде ғана таза болады. Ағаштар мен гүлдер біздің көшелерімізге, ауламызға, балабақшамызға сән береді. Суреттерді мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді, өмірде көрген тәжірибелерімен бөліседі (ағаш егу). Жас көшеттерді қалай күту керектігін, ағашты неліктен егетінін түсіндіреді, талқылайды.</p> <p><b>Тәжірибе жасап көруге шақырады.</b> Балалар тәжірибе жұмысына қатысады: ағаштардың қабығын, жапырақтарын үлкейткіш әйнекпен зерттеп шығады. Пікірлерімен, алған әсерімен, эмоцияларымен бөліседі</p> <p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру Құрастыру.</b>  <b>Міндеті:</b> - адамныңжалпы денекұрылысын анықтап,жаттығу кезіндегі қолдарының,аяқтарының өзгерісін беруге үйрету, -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу -- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп,</p>
--	--	---	--	--

	<p>көлеміне байланысты. Адамдар сияқты ағаштар да су ішеді. Кейбір ағаштарға ылғал көп керек, ал, кейбірі азғана суды қанағат етеді. Ағаштар суды жауыннан алады. Сонымен қатар жауын- шашынның қар, шық, қырау, бұршақ сияқты түрлері де ағаштарға ылғал береді. Қар – ағаштардың тамырын жауып, суықтан қорғайтын жылы тон қызметін атқарады. Көктемде ағаштардың тамыры еріген қар суын ішеді. Ағаштар да адамдар сияқты тыныстайды. Оларға да бізге сияқты таза ауа қажет. Ауа шектен тыс лас болса олар тіршілігін тоқтатады. Сонымен қатар ағаштар ауаны тазартуға көмектеседі. Жел – өсімдіктердің аталығын (шырша, қарағай) бір жерден екінші жерге көшіреді, сондай-ақ шырша, қайың, қарағай, үйеңкі, шаған, терек, жөке ағаштарының тұқымын таратады. Құстар да ағаштардың тіршілігінде әртүрлі рөл атқарады. Мысалы: құстар ағаштың жемісін жейді, ағашта тіршілік ететін жәндіктермен қоректенеді</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу  <b>-Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.(кірікт.07.05)</b>  <b>Мақсаты</b>ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру</p> <p><b>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының толтаңбасында бейнеленген.</b></p>	<p>бейнеленген? (Үшінші, төртінші). Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу</p> <p><b>Мақсаты</b>жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p><b>Көктемде құстар келеді.</b>  <b>– Көктемде не келеді?</b>  <b>– Көктемде құстар келеді.</b>  <b>– Мынау – қараторғай.</b>  <b>Мынау не?</b>  <b>– Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады).</b>  <b>– Көктемде қараторғай келеді.</b>  <b>– Көктемде қандай құс келеді?</b>  <b>– Көктемде қараторғай келеді.</b>  <b>– Мынау – қарлығаш.</b>  <b>– Мынау не?</b>  <b>– Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.</b>  <b>– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.</b>  <b>– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.</b>  <b>– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.</b>  <b>– Көктемде келетін құстарды қалай атайды?</b>  <b>– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.</b>  <b>Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.</b>  <b>Балалар</b>  <b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру  <b>Мақсаты</b> Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру</p>	<p>Салыстыруға арналған заттар: 2 ағаш текше – ( біреуі кішкентай, екіншісі үлкен). Педагог таразының үлгісін көрсетіп, қалай өлшеу керектігін көрсетеді. Бір табақшаға үлкен текше, ал екіншісіне кішкентайын қояды. Үлкен текше салынған табақша төмен түскенің байқайды. Қандай қорытынды жасаймыз? Үлкен текше кішкентайға қарағанда ауырлау. Басқаша қалай айтуға болады? -Кішкентай текше үлкенге қарағанда жеңіл. Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды. Екі табақшаны теңестіру үшін не істейміз? Балалар сұхбатқа қатысады. Балалар ойланады, талқылап, қорытындыға келеді. Кішкентай текшесі бар табақшаға тағы бір кіші текше салу керек. Балалар, табақшаларды теңестіру үшін біздер не істедік? Кішкентай қарауды сұрайды. Таразылар неге төмен түскен</p> <p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Монологты байланыстырып құра білу  <b>Мақсаты</b> . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p><b>Мақал-мәтел:</b>  <b>Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.</b>  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады).</b></p>	<p>жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p><b>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді?</b>  <b>– Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?</b>  <b>– Жаз мезгілі несімен ұнайды?</b>  <b>– Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».</b>  <b>– Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсындар. Бұл – сендердің мерекелерің.</b>  <b>– Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.</b></p> <p><b>Өлең ұнады ма?</b>  <b>– Авторы кім?</b>  <b>– Өлеңде не туралы айтылған?</b>  <b>– Болашақта сен қандай болғың келеді?</b>  <b>– Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?</b></p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру  Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру  <b>Мақсаты</b> .Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру</p> <p>«Отарға шапқан қасқыр»</p>	<p>шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты-</b> балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p> <p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу  <b>Мақсаты</b> Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев)  Ән айту:  «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров)  «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Жеңіс күні»  Б. Бейсенова (ұнтаспада)  «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова)  Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер)  Музыкалықаспаптоайнау:  «Құлыншақ» (С. Урбах)</p>
--	---	---	---	---	--

<b>Серуен</b>	<p>Картотека №14 Тұманды күнді бақылау. Мақсаты: Тұман кезінде маңайындағы үйлердің көрінбеуін неліктен тұманған себептерін айтып түсіндіру. Жеке жұмыс: Жұмбақтар шешу. Көл жағалай көктемде Көлбеңдейді көк перде (тұман) Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды қорапшаға салу. Мақсаты: ұқыптылыққа мұқияттылыққа үйрету. Қимылды ойын: “Ұшты-ұшты” Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту. Көркем сөз: Күзім –ау, күзім –ау Мінезің бұзық ау</p>	<p>Картотека №15 Жапырақтардың ұшып жүргенін бақылау. Мақсаты: Балаларға жапырақтар желмен ұшып жүргені туралы білім беру. Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу. Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады (жапырақ) Еңбек: Ұшып жүрген себетке жапырақтарды жинау. Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу. Қимылды ойын: “Тез жина Мақсаты: Еңбек сүйгіштілікке баулу. Көркем сөз: Тақпақ айтқызу. Ж. Смаков «Жау, жаңбыр» Жаңбыр , жаңбыр жауасын, Жанымызға дауасын.</p>	<p>Картотека №16 Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады. Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. Қимылды ойын: «Автомобильдер» Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Қатысушылардың қолдарында әр түрлі түсті рөлдер бар. Тәрбиешінің берілген дабылы бойынша әр түрлі түсті таяқшалармен балалар өзін жүргізуші ретінде санап, өз дабылы бойынша қимылдайды</p>	<p>Картотека №17 Ауа- райын бақылау Мақсаты: Ауа- райының құбылысын бақылай отырып, күннің суыта бастағанын айтып түсіндіру. Жеке жұмыс: Тақпақ жаттау Қарашы, күз келді, күз келді Сары алтын жауыпты іздері Еңбек: Жапырақтармен кішкентай бұталарды жинастыру. Мақсаты: еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: допты домалату. Мақсаты: Қол –бұлшық еттерін домалату. Дербес іс-әрекеттер.</p>	<p>Картотека №18 Аула маңындағы шалшық судың мұздап тұрғанын бақылау Мақсаты: Балаларға күз мезгілінде сулардың неліктен қатып тұрғанын түсіндіріп беру. Жеке жұмыс: Жұмбақ шешу. Жылт-жылт еткен Жырадан өткен (су) Еңбек: Әдемі жапырақтарды жинап тәрбиешіге беру. Мақсаты: әдемілікке баулу. Қимылды ойын: “Ит пен мысық” .</p>
<b>Балалардың дербес</b>					

<b>әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)</b>	«Кең қадам»	«Тыныш жүгіріп өт»	: «Ұшты-ұшты»	«Аталған ағашқа жүгіріп бар»	«Белгіні тыңда»
	Мақсаты: -балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу				
<b>Жеке жұмыс</b>	Балаларға өз отбасыларының дәстүрлері туралы сюжет салуды ұсынады	Б.Асланға Қандай геометриялық фигураларды білесің? Қағаз үлгі дегеніміз не?	Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы,сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану	БекнұрғаҮй жануарлары тіршілігі үшін қажетті жағдайларды атап бер?	Туған күнге қандай тілек тілейміз
<b>Балаларды үйге қайтару</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде конуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі**

**Мектепалды «Ә» сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 2 - 6 қазан 2023-2024 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.10	Сейсенбі 03.10	Сәрсенбі 04.10	Бейсенбі 05.10	Жұма 06.10
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
8:30-9:00	«Біз бақытты баламыз» Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	«Мен әдепті баламын» Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал,кәнеки бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.	«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	«Қуан,шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Жыл мезгілдері » Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу.	Құрылыс ойындары: «Қардан үйшік жасаймыз»	Фотосуреттер қарастыру: «Қысқы ойындар түрлері» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	Үстел үсті театры: «Ғажайып қыс» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	Сюжеттік ойындар: «Қыстың қызықты сәттері» еркін сурет салу. Д/ойын: «Қар»
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық сәті: Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам,уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім -дейді.	Жылулық сәті: Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, шеңберді.	Жылулық сәті: Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достарымыз енді біз.	Жылулық сәті: Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.
Білім беру ұйымының					

<p>кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9:00-11.10</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> –адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту <b>Мақсаты:</b> Суретке қарап, әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> саусакты бұту арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды, берілген тақырыпқа әңгіме құрайды; <b>Түсінеді:</b> сәлем беруді, амандасуды; <b>Қолданады:</b> отбасы мүшелерін буынға бөледі <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Отбасы мүшелерін ата»</b> <b>Ойын шарты:</b> жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінін атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну <b>Мақсаты:</b> заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру <b>Күтілетін нәтиже:</b> • заттардың неден жасалғанын анықтайтын тапсырмаларды орындайды/<b>жасайды;</b> • қоршаған ортадағы күнделікті көріп жүрген заттарының қандай материалдан жасалғандығын <b>түсінеді;</b> • материалды тиімді пайдалану</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> –сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты:</b> - дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратады, түсіп қалған дыбыстарды сөз ішінде табады. <b>Түсінеді:</b> дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленетінін. <b>Қолданады:</b> дауыссыз, дауысты дыбыстарды анықтау, сөз ойлайды <b>«Мұқият бол» дидактикалық жаттығуы</b> Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті шаршыны, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл түсті тікт өртбұрышты көтереді. <b>«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны</b> – Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасыңдар. Мысалы: үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман),</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді қосады. <b>Түсінеді:</b> дауысты және дауыссыз дыбыстардың қалай белгіленетінін. <b>Қолданады:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады <b>«Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны</b> – Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз қосуларың керек. Мысалы: қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әтеш), темір ... (ыдыс), қабаған ... (ит), жаңа ... (өшіргіш), тәтті ... (алмұрт), жылы ... (етік), гүрілдеген ... (экскаватор), дәмді... (ірімшік) т.б. – Балалар, бүгін мен сендерге жаңылтпаштар туралы айтып беремін. Жаңылтпашты жаңылмай айта білген бала шешен де, ұтымды сөйлеуді меңгереді. Логикалық ойлау қабілеттері жетіледі. Сонымен қатар жаңылтпаш айта білген баланың тіл байлығы дамып, күрделі сөздерді қиналмай айта білуге дағдыланады. Ал жаңылтпаш табиғат, жан-жануарлар, құстар мен жәндіктер туралы әртүрлі тақырыптарда болады. <b>«Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы</b> Асан бақша жақтан Ақ сабақты</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады. <b>Түсінеді:</b> сөздің дыбыстардан тұратынын. <b>Қолданады:</b> сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады. <b>«Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы</b> Дұрыс жауапқа фишка беріледі. Педагог балаларға «е» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. – Етік, ешкі, елгезек. – Емізік, ел, есік, есеп, елек, елпілдеп, Елжас, Ернар, Елдана, Ернұр. Педагог балаларға «ы» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. – Ыдыс, ырыс, ымырт, Ыбырай, ылғал, ық ықылық, ырым т.б. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. <b>«Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны</b> Педагог берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер педагог айтқан дыбыс сөздің басында болса көк жалаушаны, егер сөз соңында болса, жасыл түсті жалаушаны жоғары көтереді, ал ортасында болса, жалауша көтермейді. Педагог дауыссыз дыбыстармен жұмыс жасайды. Мысалы: (С) Самат, сағыз, тіс, қасық, сабын, тас; (F) ғалым, ғарыш, аға, таға, жаға, сағыз,</p>	<p><b>1.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету <b>Мақсаты</b> Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру  <b>Музыка тыңдау:</b> «Саржайлау» (Тәттімбет) Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш») («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)  <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту <b>Мақсаты:-</b> мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру <b>Күтілетін нәтиже:</b> • сурет бойынша мамандық түрлерін ажыратуға; мамандықтың қандай қызметті атқаратынын әңгімелеуге; болашақтағы өз қиялындағы мамандық</p>
---	--	--	---	---	---

	<p>тәсілі туралы білімдерін күнделікті өмірде <b>қолданады</b> Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл, кедір-бұдыр немесе теп-тегіс болуы мүмкін. Әр заттың өзіндік мақсаты бар және ол бір нәрсеге қажет. Мысалы, үстел жазу үшін немесе оған тамақтану үшін қажет. Адамдар орындықтарда отырады, электр немесе газ плитасында тамақ пісіреді. Адам жұмыс істейтін заттар бар, сонымен қатар адамның күнделікті өмірдегі жұмысын жеңілдететін заттар бар. Қалай ойлайсындар, бұл заттарды кімдер жасайды? – Оларды ересек адамдар жасайды. – Ал бұл заттарды жасау үшін материалдарды қайдан алады? – Әрине, табиғаттан алады. – Күнделікті көріп жүрген үй жиһаздары неден жасалады? – Ағаштан, темірден жасалады. «Көп ойла, сөз ойла» ойыны. Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады. 1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды. 2-топ темірден жасалған заттарды атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту  <b>Мақсаты</b> жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> көгөністердің</p>	<p>мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік (ат), ұзын (ожау),бұзық (әгеш), үлкен (акула), кең (алқап), дәмді (ас), мықты (ит), батыр (адам), ақымақ (Омар) т.б.</p> <p><b>«Қайтала»(доппен) дидактикалық ойыны</b> – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасындар. Мысалы: тттиін(т), ккқасқыр(к), бббаққа(б), вввагон(в), ғғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л), мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), ррррадио(р), һһһаһ(һ), фффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч), щщциркуль(щ), шшшахмат(ш), щщшетка(щ), хххат(х), уууылдырық(у) т.б. – Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар? Дыбыстарды айту оңай болды ма? – Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен. – Ал ол кедергілер нелер? (Ерін, тіл, тіс т.б.)</p> <p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру  <b>Мақсаты</b> күнделікті жиі қолданылатын жемістердің</p>	<p>асқабақ әкелді. Басқа жақтан Басқарақ асқабақ әкелді. – Балалар осы жаңылтпашта қай дыбыс жиі естіліп тұр? – А дыбысы. – А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбыс. – А дыбысы жуан дауысты ма, әлде жіңішке дауысты ма? – Жуан дауысты дыбыс. – А дыбысы дауысты дыбыс, оны әндетіп айтуға болады. Ауыз қуысынан кедергісіз шығады. – А дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай. А дауысты дыбысын айтқанда ауыз кең ашылып, тіл ауыз қуысында еркін жатады. Дауыс шымылдығы ашық болады. Осылай а дыбысы жасалады.</p> <p><b>2.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту  <b>Мақсаты</b> Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды:</b> саусақты бұғу арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды, берілген тақырыпқа әңгіме құрайды;  <b>Түсінеді:</b> сәлем беруді, амандасуды;  <b>Қолданады:</b> отбасы мүшелерін буынға бөледі  Е.Өтегілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды.  Басбармағым – атам, үйдің данасы,  Балаң үйрек – әжем,  ошақ анасы.  Орған терек – әкем,отау панасы,</p>	<p>тоғыз, жаға, Ғазиз, Ғалымжан, Тоғжан, ғанибет; (Б) бидон, Бейбіт, бейбітшілік, былғары, жабық, жалбыз, бала, балабақша, бақа, жабық, тобық, білім, табыл, Абыз, қарбыз, кобыз, бақыр; (Қ) қаша, арық, қоңыз, қорық, қол, қолтық, қоян, бұтақ, сұғанақ, қошақан, құлын, таяқ, салақ, ақ, жақ</p> <p><b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.  Көрнекілік арқылы 3,4 сандарының пайда болуымен, 3,4 цифрмен таныстыру  <b>Мақсаты</b> 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>менгереді:</b> 3 және 4 сандары мен цифрларын;  <b>түсінеді:</b> заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;  <b>қолданады:</b> 3, 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді  «Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны Педагог ойын шартын түсіндіреді: төрт балаға бірден төртке дейінгі сан беріледі. Әрқайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден төртке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі»</p>	<p>туралы пікірін айтқызуға арналған тапсырмаларды орындайды/<b>жасайды;</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• барлық мамандықтың қажет екенін, олардың қызметтері мен байланыстарын ажырату керектігін <b>түсінеді;</b></li> <li>• мамандық туралы басқа оқу қызметтерінен алған туралы білімдерін күнделікті өмірде <b>қолданады.</b></li> </ul> <p>Демонстрациялық материалмен жұмыс. – Қандай мамандық иелері бейнеленген? Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, шахтер бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды. Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек. – Қалай ойлайсындар, кім қайда жұмыс істейді? – Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада, адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте, балаларға білім береді. – Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады. – Балалар, мен тағы бір мамандық иесін атағым келіп тұр. Ол мұғалім де болады, пойызды да жүргізеді, ұшқыш та бола алады, кішкентай баланы да ойната алады, бірақ үнемі экранда жүреді. Оның кім екенін білесіңдер ме? – Ол – актер. – Енді барлықтарың актер боласындар. Кім мамандық иелерін қимылмен, ыммен көрсетеді? Балалар оларды қимылмен бейнелейді. – Балалар, сендер үлкен болып</p>
--	--	---	---	--	---

<p>қазақша атауларын атайды, диалог құрайды, тақпақты жаттайды. <b>Түсінеді:</b> көгөністер бақшада өседі.</p> <p><b>Қолданады:</b> тыңдайды, сұрақтарға жауап береді</p> <p><b>Ойын: «Кім жылдам?»</b> себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды.</p> <p>«Жеміс-көгөніс дүкені» демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөніс сатылатынын атайды. Педагог алдымен өзі айтады: Дүкенде қияр бар. Дүкенде қызанақ бар</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу</p> <p><b>Мақсаты:</b> допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу</p> <p>Допты кеглилер арасынан жүргізу</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен торғайлар»</b> (4 рет) . «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым-ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады</p>	<p>атын білуге үйрету</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>Жасайды: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрайды, жаңылтпашты қайталайды. Диалогке қатысады.</p> <p>Түсінеді: сөздер мен сөйлемдерді түсінеді.</p> <p>Қолданады: жемістердің атауларын қолданады, сұрақтарға жауап береді</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Қоржынның екінші жағын ашады.</p> <p><i>Педагог жемістерді бір-бірлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады.</i></p> <p>Күз мезгілінде жемістер піседі.</p> <p>Мынау – өрік. Ік-ік – міне, өрік.</p> <p>Мынау не?</p> <p>Мынау – өрік.</p> <p>Өрік – жеміс.</p> <p>Өрік не?</p> <p>Өрік – жеміс.</p> <p>Өрік дәмді.</p> <p>Өрік қандай?</p> <p>Өрік дәмді.</p> <p>Мынау –анар</p> <p><b>3.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Көрнекілік арқылы 3,4 сандарының пайда болуымен, 3,4 цифрмен таныстыру</p> <p><b>Мақсаты</b> 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>менгереді:</b> 3 және 4 сандары мен цифрларын;</p>	<p>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары</p> <p><b>3.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Көрнекілік арқылы 3,4 сандарының пайда болуымен, 3,4 цифрмен таныстыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>менгереді:</b> 3 және 4 сандары мен цифрларын;</p> <p><b>түсінеді:</b> заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;</p> <p><b>қолданады:</b> 3, 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді</p> <p>2-тапсырма Бұл ұйымдастырылған оқу қызметінде QR код көрсетіледі. Санның салу ретін бейнеден көруге болады. 3 цифрдың үстінен саусақтарымен жүргізеді. Одан кейін оны ауада жазады. Еденде аяқпен жазуды ұсынуға болады. 4 цифрмен де осыған ұқсас жұмыс істейді. Практикалық жұмыста осы цифрларды ермексаздан жасауларын тапсырады. Демонстрациялық материалмен жұмыс (6-кесте). Тапсырма: Заттар тобына жиынтық атауын таңдау, санауды бекіту. – Суретте не бейнеленген? Қандай бір сөзбен атауға болады? Қанша автобус? Қанша</p>	<p>цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады.</p> <p>Дәптермен жұмыс 4-тапсырмада балалар суреттерді қарайды, «артық» затты табады. Таңдауларын түсіндіреді. Мысалы, суретте ұшак, тікұшак және мәшина көрсетілген. Артық – мәшине, ол жерде қозғалады, ал қалғаны аспанда ұшады.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты</b> Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> әдеби жанрды ажыратады, сұрақтарға жауап береді;</p> <p><b>Түсінеді:</b> өлең мазмұнын түсінеді;</p> <p><b>Қолданады:</b> өлеңді жатқа айтады, басқалардың пікірін тыңдайды</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Бұл өлеңде не туралы айтылған? – Қандай ойыншықтар туралы сөз болады? – Сенде қандай ойыншықтар бар? – Саған қандай ойыншық ұнайды? – Мынау – құлыншақ. Құлыншақтың түсі қандай? – Құлыншақтың жалы қайда болады? – Сен құлыншақты қайдан көрдің? – Құлыншақ туралы не білетініңді әңгімелеп бер</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> Қоржын ішінде</p>	<p>өскенде әрқайсысың мамандық таңдайсыңдар. Сендер өздеріңнің болашақтарыңды қалай қиялдайсыңдар? Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялыңдағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойларын ортаға салады</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Диалогты сөйлеуін қалыптастыру</p> <p><b>Мақсаты</b> . сюжеттік бірзіділікті сақтап, қисынды мазмұндауға баулу</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p><b>Жасайды:</b> әдеби жанрларды ажыратады;</p> <p><b>Түсінеді:</b> әңгіменің мазмұнын түсінеді;</p> <p><b>Қолданады:</b> әңгіме мазмұнының жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады</p> <p>Бүгін біз әкенің балаларына айтқан ақылы туралы «Әкесі мен балалары» әңгімесімен танысамыз. Авторы – орыс жазушысы Лев Толстой. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – оқиғаны қысқа баяндайды</p> <p>Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар:</p> <p>– Әңгіменің авторы кім? – Әкесі балаларына қандай ақыл айтты?</p> <p>– Балалары әкесінің ақылын тыңдады ма?</p> <p>– Сыпыртқы неге сынбады?</p>
--	---	--	--	--



		<p><b>түсінеді:</b> заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; <b>қолданады:</b> 3, 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді</p> <p>1-тапсырманы орындауды ұсынады.</p> <p>– Суретте не бейнеленген? – Неше мәшине? Неше қуыршақ? Санайды. Суреттегі заттардың санын табады. Шаршыға сонша нүкте салады. Мәшиненің санын 3 цифрымен белгілейді.</p> <p>Қуыршақтар санын 4 цифрымен белгілейді. 3 және 4 цифрларын табады. Педагог 3 және 4 цифрлары туралы өлең оқиды: Екі доға түйіскен, Қара, аумай тұр «Үштен» Ұқсастығын табады Зер салғандар мынаған: Тура «Төрт» боп қалады.</p> <p>Орындықтар құлаған Демонстрациялық материалмен жұмыс (15-кесте). Педагог 3 және 4 цифрларын көрсетеді. Заттың санына қарай бейнеленген суреттерді табуды ұсынады. Балалар санды цифрмен сәйкестірі</p>	<p>трактор? Қанша жүк көлігі? Барлығы қанша</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).  <b>Мақсаты</b> допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p>Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.</p> <p>Бір тізбекке сап түзеп тұрып, текшелерді қойып, қолдарына доп алады. Екі тізбек немесе екі сапқа тұрып, бастапқы қалып бойынша тұрады. Лақтыру бағытын сақтайды және допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісі бойынша 1-саптағылары залдың оң не сол жағымен доптың артынан жүгіреді. 2-саптағылардың артына келіп тұрады. Допты себетке салады. Белгіленген сызық бойына екі тізбекке сап түзеп тұрады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқырға қақпан» (4 рет). Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы. Белгі бойынша «аңшылар» қолдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді.</p>	<p>бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру  <b>Мақсаты</b> -Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту</p> <p>Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру  Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тығылмақ» ( 3 рет). Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді.</p>	<p>– Жеке-жеке сындырғанда, шыбықтар неге оңай сынды?  – Әкесі балаларына «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім де ренжіте алмайды» деген ойды қалай білдірді?  – Балалар, әрқашан бірлікте болсаңдар, сендерді де ешкім ренжіте алмайды</p> <p><b>4.Сурет салу.</b>  <b>Мүсіндеу.Жапсыру.</b>  <b>Құрастыру</b>  <b>Міндеті:-</b> - Қазақ оюларының көп түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру</p> <p>- аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру</p> <p>- Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру</p> <p>- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру</p> <p><b>Мақсаты:-</b> - қазақ оюларының көп түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру;</p> <p>- аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша</p>
--	--	--	--	--	---

		<p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру  <b>Мақсаты:</b>  Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату  <b>Музыка тыңдау:</b>  «Қазан» (П. Чайковский)  Ән айту  Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)  «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Марш» (Е. Андосов)  Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»),  («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар:  Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)</p>			<p>заттармен (моншак, дән және т.б.) безендіру  -Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру  -- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру</p> <p style="text-align: center;">Топтық жұмыс</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p><b>Бақылау:</b>Жаңбырды бақылау.  <b>Мақсаты:</b>Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.  <b>Еңбек:</b>Ағаш түптерін қосыту.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиларды ажырату .  <b>Еңбек</b> :Ауладағы гүлдерді суару.  <b>Мақсаты:</b> Балаларды</p>	<p><b>Бақылау:</b> Жылы жаққа қайтқан тырнарды бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Күзде тырнардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Желді бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру .  <b>Еңбек</b> : « Әдемі гүлдер »</p>	<p><b>Бақылау:</b> Көшедегі машиналарды бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен</p>

	<p><b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Ойын:</b> «Айгөлек-ау айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p><b>Ойын:</b> « Кімге қандай құрал керек? »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.</p> <p><b>Дербес ойындар:</b> 1. Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу.</p> <p><b>Тренинг:</b> « Біз тату баламыз » .</p>	<p><b>Еңбек :</b> Құстарға жем сауыт жасау.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырнарлар.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> « Күзде не киеміз? »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкою үлгісін көрсете түсіндіру. .</p> <p>1. Сазбалшықтан « қала » құрастырайық.</p> <p>2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік .</p> <p><b>Тренинг :</b> « Тырнарлар болып ұшайық » .</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Тақпақ. « Жел »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.</p> <p>Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-ғу-ғу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Айгөлек-ау, айгөлек » .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.</p> <p><b>Дербес ойындар:</b> 1. « Желмен жарысайық » 2. « Менің әдемі үйім » (құрастыру)</p> <p><b>Тренинг:</b> « Қолшатыр астында » .</p>	<p>түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.</p> <p><b>Еңбек :</b> Ағаш түптерін қопсыту, су құю.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Ақ қояным »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.</p> <p><b>Дербес ойындар:</b> « Тәтті тоқаштар » пісірейік « Мені қуып жет » .</p> <p><b>Тренинг:</b> « Шаңырақ »</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Медина құстарды танып, атын атауға үйрету.</p>	<p>Исламға түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»</p>	<p>Аделге карандашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»</p>	<p>Айсұлтан ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу: «Асық»</p>	<p>Айлин мен Маликаға түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»</p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар</b></p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Сұр қоян».</p> <p><b>Ойын барысы:</b>Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:</p> <p>Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүтжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құл-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады.</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> « Соқыр теке » .</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі.Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ » ,- деп мазактап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртек » болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> « Аттамақ »</p> <p>Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> « Орамал тастау » .</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады.</p>	<p><b>Қимылдық ойын:</b> « Ұшты-ұшты »</p> <p><b>Ойын барысы:</b> « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » ,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шемеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады</p>
<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп -лицейі

Мектепалды «ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 9 - 13 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.10	Сейсенбі 10.10	Сәрсенбі 11.10	Бейсенбі 12.10	Жұма 13.10
<b>Балаларды қабылдау 8:30-9:00</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар.	Құрылыс ойындары	«Мен спортшымын».Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау	Әңгімелесу. Спортпен не үшін керек? әңгімелеп беру	Сурет салу. «Футболшы»
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Сәлемдесу айнасы» Дене қызуларын мен тазалығын тексеру Дене шынықтыру шаралары. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.	Сюжетті-рөлдік ойын: «Қалай тамақтанамыз» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	Ойын– жаттығу: «Жуыну» Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Сюжеттікойындар: «Менің күн тәртібім», Айболит ертегісінен үзінді оқып беру; «Айболит кеңесі»үстел үсті театры және т.б.
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 3				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Біз бақытты баламыз» Кел,шенберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.</p>	<p>«Мен әдепті баламын» Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал,кәнеки бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.</p>	<p>«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.</p>	<p>«Қуан, шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.</p>	<p>«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9:00-11:10</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту <b>Мақсаты:</b> «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> "г" "к" дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды; <b>Түсінеді:</b> ертегі мазмұнын түсінеді; <b>Қолданады:</b> өз ойларыннан ертегіге тақырып қояды . Қорыққанға қос көрінеді ертегісісін оқу <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Белгілі дыбысқа сөз таңда».</b> <b>Ойын шарты:</b> Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады. Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды  <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату <b>Мақсаты</b> ) Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту  <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады. <b>Түсінеді:</b> сөздің дыбыстардан тұратынын. <b>Қолданады:</b> сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады «Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны Педагог берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады. Балалар зейін қойып тындап, егер педагог айтқан дыбыс сөздің басында болса көк жалаушаны, егер сөз соңында болса, жасыл түсті жалаушаны жоғары көтереді, ал ортасында болса, жалауша көтермейді. Педагог дауыссыз дыбыстармен жұмыс жасайды. Мысалы: (С) Самат, сағыз, тіс, қасық, сабын, тас; (Ғ) ғалым, ғарыш, аға, таға, жаға, сағыз, тоғыз, жаға,</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты</b> қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Жасайды: қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. Түсінеді: қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді. Қолданады: қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Қатаң дауыссыз дыбыстармен таныстыру. – Үн мен салдырдың дыбысқа қатысуына қарай тілдегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып келеді. Дауыссыз дыбыстар үш топқа бөлінеді. Бүгін біз солардың ішіндегі қатаң дауыссыздардың жасалу жолдарымен танысамыз. Айнамызды қолымызға алып қарайық. Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: п, к, қ, т, с, ф, ч, ц, ш, щ, һ. Бұл дыбыстарды айтқанда нелер кедергі жасады? Иа дұрыс айтасыңдар (ерін, тіс, тіл). Бұл дыбыстарды қандай дауыспен айттыңдар (тез және қысқа ) Қатаң дауыссыз дыбыстар тек</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау <b>Мақсаты</b> қатаң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады. <b>Түсінеді:</b> қатаң дауыссыздарда мүлде үн болмайтынын түсінеді. <b>Қолданады:</b> қатаң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.  «Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге дауысты дыбыстар мен қатаң дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дауысты дыбысты естігенде бір рет шапалақ ұрасыңдар да, ал дауыссыз қатаң дыбыстарды естігенде жұдырықпен партаны ұрасыңдар. Мысалы: сағат, автобус, тарақ, факел, ожау, қайрақ, орындық, күшік, үкі, чупа-чупс, қобыз, шар, шахмат, өшіргіш, щетка, ит, ірімшік, әтеш, ыдыс, тау, киіз, циркуль. «Сөзге қатаң</p>	<p><b>1.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру. <b>Мақсаты</b> Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру  Музыка тыңдау: «Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев) Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені Билер: «Көңілді қолшатырлар» биі (педагогтің таңдауы бойынша) Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр» ойыны <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау <b>Мақсаты</b> : ауыл мен қаладағы адамдардың еңбегімен таныстыру</p>

бірінен ажырата білуге үйрету.

**Күтілетін нәтижелер:**  
**жасайды:** балабақша маңында, үйдің ауласында өсіп тұрған ағаштардың атауларын атап береді.

**түсінеді:** күзде жапырақтардың не себептен түсетінін біледі.

**қолданады:** гербарий жасауға жапырақ жинауды біледі; қарапайым зерттеулер .

**Өзекті мәселе:** Неліктен күзде ағаштардың жапырақтары түседі? Болжамдарын айтады: Күзде күн сәулесі азайып, күн қысқарады. Бұл ағаштарға қысқа дайындалу қажеттігі туралы белгі болып есептеледі. Егер ағаштар түспейтін болса қыста бұтақтар қалың қарды көтере алмай сынып кетуі мүмкін. Ағаштар жапырақтарын тастау арқылы қысқа дайындалады және өзін қорғайды. Сонымен қатар ағаштар жаз бойы діңі мен бұтақтарына крахмал жинайды. Ол аязды күндері қантқа айналады. Ағаш қыс бойы сонымен қоректенеді.

Жұмбақты пайдалану арқылы балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын оятады. Жұмбақтардың шешуін табады:

Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің. (Шырша)  
 Шырынын оның бүкіл ел «ем» деп ішіп келеді. (Қайың)  
 Үлкейткіш әйнектің көмегімен күзгі жапырақты зерттеу. Балалар жапырақтың құрылымымен танысады, сабақ, тамыршаларын байқайды. Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.

**3.Қазақ тілі**  
**Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру

**Мақсаты** күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету.

**Күтілетін нәтижелер:**

Ғазиз, Ғалымжан, Тоғжан, Ғанибет; (Б) бидон, Бейбіт, бейбітшілік, былғары, жабық, жалбыз, бала, балабақша, бақа, жабық, тобық, білім, табыл, Абыз, қарбыз, қобыз, бақыр; (К) қаша, арық, қоңыз, қорық, қол, қолтық, қоян, бұтақ, сұғанақ, қошақан, құлын, таяқ, салақ, ақ, жақ

**2.Қазақ тілі**  
**Міндеті:** сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу

**Мақсаты** сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру.

**Күтілетін нәтижелер:**  
**Жасайды:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады. **Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** жаңа сөздерін сөйлем құруда қолданады

**Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»**  
**Таңқурай, қарақат,** құлпынай бір сөзбен қалай аталады?  
 Жидектер.  
 Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады?  
 Жемістер.  
 Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады?  
 Көгөністер

**3.Математика негіздері**  
**Міндеті:** –10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 5,6 сандарының пайда болуымен, 5,6 цифрмен таныстыру

**Мақсаты** : 5 және 6 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру

**Күтілетін нәтижелер:**

салдырдан жасалады, олардың жасалуына дауыс шымылдығы қатыспайды

«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны – К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, ті

**2.Сөйлеуді дамыту**  
**Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту

**Мақсаты** , «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру

**Күтілетін нәтиже:**  
**Жасайды:** "г" "к" дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды;

**Түсінеді:** ертегі мазмұнын түсінеді;

**Қолданады:** өз ойларыннан ертегіге тақырып қояды

Қорыққанға қос көрінеді ертегісісін театрландыру деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды

**3.Математика негіздері**  
**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 5,6 сандарының пайда болуымен, 5,6 цифрмен таныстыру

**Мақсаты** 5 және 6 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру

**Күтілетін нәтижелер:**

дауыссыз дыбысты қос» дидактикалық жаттығуы – Мен қандай да бір сөздің басын айтамын, ал сендер түсіп қалған қатаң дауыссыз дыбысты жалғап, толық сөзді айтуларың керек. Мысалы: қа..., ша..., автобу..., тара..., голь..., үті..., шахма..., пла..., әте..., күші..., пыша..., қаламса..., қайра..., қамы..., қайы... т.б

**2.Математика негіздері**  
**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 5,6 сандарының пайда болуымен, 5,6 цифрмен таныстыру

**Мақсаты** 5 және 6 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру

**Күтілетін нәтижелер:**  
**менгереді:** 5 және 6 сандары мен цифрын;  
**түсінеді:** заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;  
	<p>сөздер құрастырыпберіндер.</p> <p><b>Жұмбақтар шешу</b></p> <p>1.Ертемен күнде сен, Қолыңды сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың. Бұл не? (Сабын)</p> <p>2.Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүйеді қолын да, Сүртеді жанын да. Бұл не? (Сүлгі)</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату</p> <p><b>Мақсаты</b> Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>жасайды:</b>жәндіктер мен аңдардың түрлерін атап береді. түсінеді: жәндіктер мен аңдардың табиғаттағы өзгерістерге тәуелді екенін <b>түсінеді.</b></p> <p><b>қолданады:</b> жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінез- құлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде</p> <p><b>Күрделі сұрақ:</b> Адамдар қысқа қалай дайындалады? Ал жануарлардың қысқа дайындығы жайлы не білесің?</p> <p>Суретті қарап шығып, онда бейнеленген жануарлардың атауын атайды және олардың қысқа қалай дайындалатынын айтып береді. Мысалы, кірпі күзде інін дайындайды, ішіне мүк пен құрғақ жапырақ төсейді.Жапырағы құрғақ жерді таңдап алып, сол жерге ары-бері домалайды. Инесіне</p>	<p>дыбыстың қайталанып тұрғанын табуларың керек. Қайталанып тұрған дыбыстың жуан дауысты ма, жіңішке дауысты ма, ұяң, үнді, қатаң дауыссыз дыбыстардың қайсысына жататынын анықтау.</p> <p>Акку – құстың төресі, Ақ мамықтай денесі. – Өлең не туралы және қай дыбыс көп қайталанып тұр? – Дұрыс, [а] дыбысы. – [А] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта? – Жуан дауысты дыбыс). – Дауысты дыбысты қалай белгілейміз? – Қызыл түспен</p> <p><b>2.Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b> апта күндерінің атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> апта күндерінің қазақша айтады. <b>Түсінеді:</b> қойылған сұрақты түсінеді. <b>Қолданады:</b>апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді</p> <p><b>Тақпақ «Апта күндері»</b> Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма,</p>	<p>пайда болған бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Сөзде қанша буын бар екенін білу үшін, алақандарымызбен шапалақтаймыз. Педагог қолын шапалақтау арқылы лақ сөзін буынға бөледі , «лак» деп бір рет шапалақтап, «лак» сөзі бір буыннан тұратындығын түсіндіреді. Педагог балаларға «қасқыр «сөзін буынға бөлдіреді. «Қас-қыр» сөзін екі рет шапалақтап айтады. «Қасқыр сөзі неше буыннан тұрады? – Екі буыннан тұрады. – Иә, екі буыннан тұрады екен, өйткені «қасқыр» сөзінде созылып айтылатын екі дауысты дыбыс бар.</p> <p><b>2.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндет</b> Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу</p> <p><b>Мақсаты</b> , Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b>өлеңді жатқа айтады, жұмбақтың шешуінің түбірлес сөздерін табады; <b>Түсінеді:</b> өлең мазмұнын, таза, ұқыпты жүруді; <b>Қолданады:</b>өлең сөздерінің ішінен түбірлес сөздерді табады –Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? –Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтындаршы? –Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? –Өздерің таза жүресіңдер ме?</p> <p><b>Шаштараз</b></p>	<p>буынға бөлгізу. Билингвалды компонент: буын – слог.</p> <p><b>«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны</b> – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру</p> <p><b>Мақсаты</b> заттарды өлшемді бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; <b>түсінеді:</b> заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; <b>қолданады:</b> заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.</p> <p>Педагог 3-тапсырманы</p>	<p>Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>жасайды:</b>жәндіктер мен аңдардың түрлерін атап береді. түсінеді: жәндіктер мен аңдардың табиғаттағы өзгерістерге тәуелді екенін <b>түсінеді.</b></p> <p><b>қолданады:</b> жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінез- құлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде</p> <p>Қыста түлкінің аяғына қалың, жылы жүн өседі. Бұл оның аяқтарын жылытып тұрады. Былайша айтқанда, түлкінің байпағы бар деуге болады. Ол тышқан аулағанды жақсы көреді. Түлкі тіпті, қардың астында жатқан тышқандарды тауып алып жейді. Балалар «түлкі мен қасқырға тонының түсін ауыстырудың қажеті жоқ» деген болжам жасайды. Ал қоян тонының түсін өзгертеді. Алдымен құйрығы, кейін артқы аяқтарының түсі ағарады. Балалар қоянның не үшін тонының түсін ауыстыруы қажеттігін, оның кімнен қорқып, жасырынатынын сөз етіседі. Қоян ешқашан ін қазбайды. Күндіз ол бұталардың түбінде ұйықтайды. Ал күн</p>
--	---	--	---	--	--



<p>жапырақтарды қадап алғаннан кейін, ініне апарып тастайды да, қайтадан жүгіреді. Кірпілер тамағын түнде аулайды. Күзде жақсылап қоректеніп, семіріп алады. Бұл – оның қысқа дайындығы. Енді ініне кіріп, көктемге дейін ұйықтауына болады. Кірпі қыста ұзақ ұйқыға кетеді.</p> <p>Балалар аюдың да жаз бойы және күзде жақсылап қоректенетінін айтады. Бірақ ол қор жинамайды. Сондықтан аюға кірпі сияқты азық жинап, тойып тамақ жеп, қысқа май жинаудың қажеті жоқ. Қыста аюдың апанын қалың қар басып тастайды. Оның іші жып- жылы болып тұрады. Аюдың кірпіге ұқсастығы қандай? Ал айырмашылығы неде? (Екеуі де қыста қалың ұйқыға кетеді, жаз бен күзде жақсылап тамақтанады, содан соң аю апанына, кірпі ініне кіріп ұйықтайды). Аю немен қоректенгенді жақсы көреді? (Таңқурай, бал, ағаш қабығы, балық, құстар мен құмырсқаларды жейді). Кірпі жаз бойы немен қоректенеді? (Бақа, жылан, құмырсқа). Қасқырдың жүні жазда және күзде ұзарып өседі, қалындап, жып-жылы «тонға» айналады. Бұл қасқырға ауадай қажет. Өйткені ол тұмсығы мен аяқтарын құйрығымен жауып, қардың үстінде ұйықтайды</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату  <b>Мақсаты</b> санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету  <b>Күтілетін нәтижелер</b>  <b>Жасайды:</b> онға дейін тура және кері санайды, санға сәйкес суретті көрсетеді.</p>	<p>Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі . Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).  Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі  Ә-ә-ә-ә- сээр-сенбі  Ү-ү-ү- жүү-ма</p> <p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру  <b>Мақсаты</b> заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>меңгереді:</b> заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;  <b>түсінеді:</b> заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын;  <b>қолданады:</b> заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.</p> <p>Тосын сый сәті. «Гномдар бізге қонаққа келді. (Демонстрациялық материал – 2, 2.1 және 2.2-кесте). Проблемалық сұрақ. – Барлық гномдар бірдей ме? «Олармен жақынырақ танысайық». Педагог балаларға «үлкен – кішкентай», «түс», «алдында – артында»,</p>	<p>Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз  Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз  өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу</p> <p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру  <b>Мақсаты</b> заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.  <b>Күтілетін нәтижелер:</b> меңгереді: заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;  <b>түсінеді:</b> заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын;  <b>қолданады:</b> заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.</p> <p>Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды</p>	<p>орындауды ұсынады. Үлкен заттарды қызыл, кішкентай заттарды сары түспен бояйды. Өр зат қайда орналасқанын айтады, жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> : Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды; <b>Түсінеді:</b> өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады  <b>Қолданады:</b> өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарымқатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды  - Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз. - Бүгін біз Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. - Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен</p>	<p>суытқан кезде үйілген қардың арасына кіріп алады. Өйткені ол жер өте жылы болады. Түнде қорек табуға шығады.Тиін де тонын жылы тонға ауыстырады. Ал өзі бұталардың арасынан шұңқыр қазып, соған жаңғақ жинайды. Ал үйшігінің ішіне құрғақ жапырақ төсейді; ағаш діңіне салынған қуыстың бір ғана аузы болады. Күн қатты суытқан кезде тиін оны құйрығымен жауып тастайды</p> <p><b>Педагог «Пайда-зиян» ойынын ұйымдастырады:</b>  Балаларды екі топқа бөледі және белгілі бір нысанның атын айтады.  <b>Ойын соңында «Пайдасы көп пе әлде зияны көп пе?» деген сұраққа жауап іздейді.</b>  Қорытынды жасайды.  1-ші команда сол нысанның пайдалы жақтарын іздейді. Ал 2-ші команда зиянын іздейді.  П: Қасқыр. Пайдасы және зияны.  ші командадағы балалар: Қасқыр ормандағы өліп қалған жануарларды жейді; оның терісінен малақай, тон тігуге болады. Егер қасқырлар болмаса, қоян көбейіп кететін еді. Ал олар ағаштарды кеміріп құртар еді.  ші командадағы балалар: Қасқыр ормандағы кішкентай аңдарды құртады. Тіпті адамға да шабуыл жасауы мүмкін.</p>
--	--	--	--	---

	<p><b>Түсінеді:</b> сұрақтарды түсінеді.  <b>Қолданады:</b> санамақтар айтады, сұрақтарға жауап береді</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».</b> Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1  Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру». Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту).  Санамақ жаттау.  Бақшада жақсы аға Ойыншық береді.  Бір балық,  Екі шелек,  Үш үйрек,  Төрт түлкі,  Бес бүркіт.  3-4 бала санамақты қайталайды</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;  <b>Мақсаты:</b> Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету</p> <p>Тізбекпен кедергілер алабынан өту. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді.  (Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді.  Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек</p>	<p>«алды», «арасында», «жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суретте бейнеленген әр гномды сипаттауға көмектеседі. Балалар ойын жағдаятына қосылады. Гномдар бейнеленген суреттерді қарайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды. Педагог балаларға, біз гномдарды үлкенді – кішілі және киімінің түсімен салыстырды деп түсіндіреді. Енді оларды биіктігі мен қалыңдығы бойынша салыстыруды үйренейік. 2- кесте – гномдар орналасқан фон, 2.1 және 2.2. кесте – сурет кескіндері. Гномдарды өсу ретімен орналастыруды ұсынады: алдымен ең аласасы, содан кейін биігі. – Сіз мұны қалай жасайсыз? Алдымен көзбен анықтап, содан кейін бір-бірінің жанына қойып, тексеруді ұсынады: ол аласа ма немесе биік пе? Оларға кеудеше мен шалбар таңдайды. – Шалбар мен кеудешелерді қалың немесе жұқа деп айтпайды, оларды ені кең-тар деп айтады. – Шалбарды енімен қалай орналастырамыз? Балаларды алдымен көзбен, содан кейін бірбірінің үстіне қою арқылы таңдауға шақырады. Топтағы балалармен осыған ұқсас жұмыс жүргізіледі. Педагог бірнеше балаға (5</p>	<p>белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу  <b>Мақсаты</b> бүлдіршіндерге жүрудің, жүгірудің, өрмелеудің, еңбектеудің қарапайым дағдыларын үйрету. Баланың эмоционалдық көңіл - күйін еркін білдіруіне қолайлы жағдай туғызу. Ойын арқылы белсенділігін арттырып, психогимнастикалар арқылы баланың ішкі жан дүниесін сезінуіне мүмкіндік туғызу, балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Ана тауық елендеп: Мынау ненің дауысы екен білесіңдер ме? Бұл сендердің басты жауларың - тарғыл мысық «ыс - ыс - ыс» деп айбат шегіп, балапандарды үркіте бастайды.(балалар алаңда бытырай жүгіреді.)  Ана тауық: Әй тарғыл мысық, тиме менің балапандарыма, тұмсығыммен өзіңді шұқып аламын.  Мысық: Мияу, мияу, мықтыларға тимеймін, мен тек әлсіз балапандарды ғана жеймін. Кім мен сияқты жер бауырлап барып, ағашқа өрмелей алса, сендерге тимеймін, ал қай балапан жасай алмаса, сол менің бүгінгі асым болады.  Негізгі қимыл: Балалар 2 коллонаға тұрып, еңбектеп гим. скамейканың астынан өтіп, гим. қабырғаға өрмелеу.</p>	<p>суреттейді. Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегіңді жина өзін. Асықпай іш тамақты, Жина аяқ-табақты. Сөздік жұмыс: Аяқ-табақ – тамақ ішетін ыдыстар. Асықпай іш – тамақты асықпай</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр)  <b>Мақсаты</b> Допты басымен итеріп жүргізіп, алдыға қарай еңбектеуді жалғастыру. Аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту  <b>Күтілетін нәтиже</b>  <b>Жасайды:</b> доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, «Күлімдейміз күндей» ойын жаттығуы, допты басымен итеріп жер бауырлап еңбектеп жүру.  <b>Түсінеді:</b> допты екі жағынан қысып ұстау, сапта тұрып арақашықтықты сақтау, допты жерге соғылғаннан кейін қағып алу, «арқасына аунау» термині.  <b>Қолданады:</b> үш тізбекке тұру дағдысы, доппен түзету жаттығуларын орындау, еңбектеп жүру, залмен қозғалғанда кеңістікті бағдарлау, арқасына аунағанда дұрыс жиналып Жұмырлану</p> <p>4 метрге допты басымен итеріп жүргізіп, <b>алдыға қарай еңбектеу. (2 рет)</b> Жаттығуды орындағанда өздері білетін жер бауырлап еңбектеу дағдыларын қолданады.  Денені жинап алып отырған күйден алдыға-артқа домалау</p>	<p>Қасқырлар қойларды, ешкілер мен өзге де үй жануарларын жейді</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> -- Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту (Әдептілік әлемі)  <b>Мақсаты :</b> Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды;  <b>Түсінеді:</b> өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады  <b>Қолданады:</b> өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді.  Қарымқатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды  <b>Сұрақ-жауап:</b> - Өлең қалай аталады? – Өлең сендерге ұнады ма? - Өлеңде не туралы айтылған? - Асты қалай ішу керек? (Асықпай ішкен ас сіңімді болады). - Ас ішкен соң не істеу керек? (Ыдыс-аяқты жинаймыз). - Әдепті бала деп қандай баланы</p>
--	---	---	--	--	---

<p>адам) шығып, бір-бірінің артынан тізіліп тұруды ұсынады. Қалған балалар оларды сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімінің түсі, бір-бірінің артына орналасуы. Топ балаларының осы қасиеттерін анықтайды</p> <p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> -Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету  <b>Мақсаты:</b> динамикалық ерекшеліктерін ажырата білу  <b>Музыка тыңдау:</b>  «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа)  Ән айту:  «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)  «Сабантой» (Е. Хасанғалиев)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)  Билер:  «Асатаяқ биі» (қыздар)  («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар:  «Аспаптардың дауысын ажырату</p>	<p>Мысық: Мияу - мияу  Күштілерге тимеймін  Балапан егін жемеймін.  Ана тауық: Жарайды, тарғыл, енді бізбен бір ойын ойна.  Қимыл ойын: Тарғыл мысық және балапандар.  Ойынның мақсаты: Кеңістікті барлай отырып алаңдағы өз орындарын табуға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Бала бойында ептілік, табандылық секілді қасиеттерді қалыптастыру</p>	<p>(5 рет).  Тізелерін біріктіріп, қолдарын жерге тіреп, иығын қол басының деңгейіне келтіріп, басын түзу ұстау. Осы қалыптан барлық негізгі акробатикалық жаттығулар басталады</p>	<p>айтамыз?  <b>Дәптермен жұмыс:</b>  - Суретте не бейнеленген?  - Баланың әрекетін ретімен ата. - Суретте саған не ұнады? Өз ойыңды айт  . - Бала кімге кездесті?  Ол қандай әрекет жасады?  –  Бала қолындағы допты кімге ұсынды?  - Сен болсаң қандай әрекет жасар едің?  <b>Есіңе сақта: «Адам әдебімен көрікті».</b>  <b>4.Сурет салу.</b>  <b>Мүсіндеу.Жапсыру.</b>  <b>Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру;  - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу  - аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру  - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру  <b>Мақсаты:-</b> құмыра туралыбілімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге,мүсіндекте,жапсыруға, құрастыруға үйрету</p> <p><b>Топтық жұмыстар</b></p>
---	---	---	--

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<p><b>Серуен</b></p> <p><i>Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату. Отан – менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын: « Қояндар секіреді » . Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » . Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә.</i></p>	<p><i>Бақылау: Өткініш жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткініш жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » . Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » . Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Кім тезірек? » Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен</i></p>	<p><i>Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек : Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » . Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық » Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: Қуаласпақ. Тығылыспақ. Тренинг: « Киіз үй » .</i></p>	<p><i>Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек : Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. Дидактикалық ойын: « Жемістер мен көкөністер » . Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру. Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: . « Доппен ұрып алу » . Ойын барысы: Балалар дөңселеніп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. « Бір, екі , үш » дегенде балалар жан-жаққа қашады. Жүргізуші доппен</i></p>	<p><i>Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу. Ойын: « Шымыш доп » . Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Ұстаушы, лентаны ал » . Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету.</i></p>	

	<p><i>Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар: жоқ, аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда!</i></p> <p><i>Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет ояғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » .</i></p>	<p><i>алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады. Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді. Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Тренинг: « Қолшатыр » .</i></p>		<p><i>ұрады. Кімге тисе сол ойыннан шығады: Ойын осылай жалғасады. Еркін ойын: « Қуыриақты киіндіреміз » . « Отбасы » Тренинг: « Біз көңілді балалар » .</i></p>	<p><i>Ойын барысы: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады. Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойынынан айқара айналдыра байлайды. Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады. Тәрбиешінің « Жүгір » деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді. Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады. Лентасынан айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады. Тәрбиешінің: « Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір! » деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған ленталардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді. Ойын жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып, қайталанады. Тренинг: « Құс болып ұшайық »</i></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Ислам сандарды санауға үйрету. Д/ойын: «Кім жылдам!</p>	<p>Ислам сөздерді анық айтуға үйрету. Д/ойын: «Сөзді айтуға көмектес»</p>	<p>Айлингте пішіндерді ажырата білуге үйрету. Ойын: «Пішіндер доминосы»</p>	<p>Ажар қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»</p>	<p>Медина ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу: «Асық»</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті</b></p>	<p>Пазл ойындары.</p>	<p>Ж.Р.О: «Шаштараз»</p>	<p>Д/ойын: «Сикырлы қорап»</p>	<p>Суреттер, ертегі кітаптар қарау.</p>	<p>Еркін ойындар</p>

<p><b>ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар</b></p>					
<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт:</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы</p>
		<p>кететіне сеніңіз.</p>	<p>шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>		<p>өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

**Мектепалды «ә» сыныбы**

**Балалардың жасы** 5жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 13 - 17 қараша 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.11	Сейсенбі 14.11	Сәрсенбі 15.11	Бейсенбі 16.11	Жұма 17.11
<b>Балаларды қабылдау 8:30-9:00</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау Тазалық шараларын жүргізу. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерді іңшаңын сүрту «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу. Д/о: Бұл құрал қай мамандық иесінікі?	Ата аналары қандай маман иесі екенін әңгімелесу Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Д/о: «Заттарды ажырат». Еңбек тапсырмасы: Кітап сөрелерін сүрту, жинастыру	Д/о «Суреттерді орналастыр» «Балабақша қызметкерлері» тақырыбында әңгімелесу Мақсаты: үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын жинастыру, балықтарға жем беру	Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру, қарындаштарды ұштау	Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну. Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау, сүрту, сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. «Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	Құрылыс ойындары: «Еңбек құралдары», «Наубайхана құрастырамыз».	Фотосуреттер қарастыру: «Бидай мен қабақ» Фотосуретте бейнеленген ертегі желісі бойынша сурет арқылы орналастыру. «Бидай мен қабақ» суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету.	«Біз дәнбіз» дикан жерге дән екті (дән сепкен қимылды көрсетеді) Сіркіреп, жаңбыр жауды (қолдарын шапалақтайды) Жер бетіне көгеріп, бидай шықты (қолдарын жоғары көтереді) Жайлап самал жел есті (қолдарын ырғайды)	Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай» Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
<b>Танертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 5				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>«Бидай» Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.</p>	<p>«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!</p>	<p>«Нанға біз тоямыз» Көктемде жерді жырттамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.</p>	<p>«Көлбең, көлбең, көлеңкем» Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан</p>	<p>«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ</p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> 9:00-11:10</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту Міндеті:</b> Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соның ойдан шығару <b>Мақсаты</b> Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру; <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b>әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады; <b>Түсінеді:</b> хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін; <b>Қолданады:</b> дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады  Қ.Мырза Әлидің «Ең тәтті дүние» әңгімесін мәнерлеп оқу «Таңдап ал да, атын айт». Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. <b>Мақсаты:</b> буын туралы түсініктерін қалыптастыру <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> сөздерді буынға бөледі. <b>Түсінеді:</b> буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді. <b>Қолданады:</b> буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады.  Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буынның тұратынын білуге болады. Буын – бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Педагог сызғыштың суретін көрсетіп, осы сөзді буынға бөлдіреді. – Сыз-ғыш – екі буын. – Балалар, сендер сөзді тіктөртбұрышпен белгілейтінімізді</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. <b>Мақсаты</b> буын туралы түсініктерін қалыптастыру <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> сөздерді буынға бөледі. <b>Түсінеді:</b> буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді. <b>Қолданады:</b> буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады <b>«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны –</b> Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. <b>Мысалы:</b> ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. <b>Мақсаты</b> буын туралы түсініктерін қалыптастыру <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> сөздерді буынға бөледі. <b>Түсінеді:</b> буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсетуді. <b>Қолданады:</b> буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады  <b>Дидактикалық ойын: «Сөйлемдерді толықтыру».</b> <b>Ойын шарты:</b> балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады және сол сөзді буынға бөліп созып айтады. – Өзімнің үлкен бауырым ... (а-ға) – Қыз құлағындағы әшекей ... (сыр-ға) – Ат тұяғындағы темір ... (та-ға) – Қап-қара құс ... (қар-ға) – Шегені қағатын ... (бал-ға) – Ең үздік баға ... (бес) – Білім алатын құрал ... (кі-тап) – Дәптерге жазатын ... (қа-лам-сап)</p>	<p><b>1.Музыка Міндеті:</b> Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру <b>Мақсаты</b> Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату  Музыка тыңдау: «Асқақта, Астана» (А. Әлиев) Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет) «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай) «Құстар» (Т. Ломова) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Мен күйшімін»  <b>2.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті:-</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту</p>



	<p><b>Міндеті:</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту</p> <p><b>Мақсаты</b> Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру.</p> <p>Ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту</p> <p>суреттерді қарап шығып, өсімдіктердің ортақ белгілерін табуды сұрайды. Суреттермен танысып шығады. Содан соң олардың ортақ белгілерін атап көрсетеді: сабағы, жапырағы, гүлі мен тамыры. Айырмашылығы: жапырақтарының түсі мен пішіні.</p> <p><b>Күрделі сұрақ:</b> жасанды гүлді көрсетіп, «Оны өсіруге бола ма?» – деп сұрайды. Педагог балаларды «объективті деректер бойынша бөлу» техникасын пайдалана отырып, топтарға бөледі. Топқа бөлінеді. Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба, қараторы, сары балалар; қой көзділер, көк көздер, көзінің түсі жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға, биге және өлең айтуға қызығушылықтарына қарай).</p>	<p>білесіндер. Сөзді буынға бөлу үшін, осы тіктөртбұрышты сызықшалармен бөлеміз. Буындардың жазылуын сызба түрінде былай көрсетеді (тақтаға сызып көрсетеді немесе сызбасын іледі): сыз-ғыш</p> <table border="1" data-bbox="772 247 1075 279"> <tr> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Педагог суреттерді көрсетіп, осы сөздерді буынға бөлдіреді. ө-шір-гіш</p> <table border="1" data-bbox="772 391 1075 422"> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Тіктөртбұрыш сөзді білдіреді, ал сөзде неше буын болса, төртбұрышты сонша бөлікке жоғарғы жағын сәл шығарып бөлеміз</p> <p><b>2.Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету</p> <p><b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жана сөздермен толықтыру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> отбасы мүшелерін ажыратып, сөз тіркестерін дұрыс қолданып, байланыстырып сөйлейді, тақпақ жаттайды.</p> <p><b>Түсінеді:</b> үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін түсінеді.</p> <p><b>Қолданады:</b> таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады, мақал-мәтел айтады</p> <p><b>Ғажайып сәт.</b> Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен</p>						<p>қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.</p> <p><b>2.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> –бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру</p> <p><b>Мақсаты</b> Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады;</p> <p><b>Түсінеді:</b> хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін;</p> <p><b>Қолданады:</b> дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады «Ең тәтті дүние» әңгімесін Рөлге ойнау.</p> <p>Жаңылтпаш жаттау Педагог жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады. Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай</p> <p><b>3.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p><b>Мақсаты</b> ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> «ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.</p> <p><b>Мақсаты</b> ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> «ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары – төмен», «биіктігі бірдей», «тар – кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету;</p> <p><b>түсінеді:</b> ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; <b>қолданады:</b> заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды.</p> <p>Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады: 1. Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір</p>	<p><b>Мақсаты</b> Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру.</p> <p>Ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту</p> <p><b>Педагог бөлме гүлдерін мұқият қарап шығып, оларды зерттеуге шақырады.</b> Қазтамақ гүлімен танысып шығады. Қазтамақ гүлі бұтаға көбірек ұқсайды. Оның сабағы тік, жапырақтары дөңгелек пішінді, ашық-жасыл түсті болып келеді. Қазтамақтың гүлі өте мол болады. Гүлдерінің түсі әртүрлі: қызғылт, ақ, қоюқызыл болады. Гүлдер қолшатыр сынды гүл шоғырына біріккен. Бұл өсімдік күнді өте жақсы көреді және көп су ішеді.</p> <p>Колеус – ірі өсімдік. Халық арасында ол «қалақай» деп те атайды. Ол бұтаға ұқсас болып келеді. Сабағы ұзын, ашық жасыл түсті, бояуы қанық. Жапырақтары сопақша пішінді, ала- ала, жиегі ұсақ «тістермен» көмкерілген. Колеус күнді жақсы көреді. Егер ылғал мен жарық жеткіліксіз болса, түсі бозарып, бойы ұзарып өсіп кетеді. Көпжылдық традесканция гүлі де бұтаға ұқсайды. Оның бір емес, бірнеше сабағы болады және олар құмырадан салбырап тұрады. Яғни бұл – шырмалып өсетін өсімдік. ҰОҚ-да жасыл түсті, тегіс, бояуы қанық, сопақ пішінді жапырақтары болады. Узамбар шегіргүлі. Өсімдікті мұқият қарап шығады және оның жапырақтарының пішіні мен түрі қандай болып келетінін айтып береді.</p>

Педагог тапсырманы түсіндіреді: парақтың ортасына бөлме гүлінің суреті бейнеленген немесе БӨЛМЕ ГҮЛІ деп жазылған карточканы орналастырындар. Қоршап сызындар. БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІ деген сөз айтылған кезде көз алдарыңа елестейтін басқа заттар туралы ойлап көріңдер. Карточкалардың арасынан БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІН білдіретіндерін немесе ойындағы затты білдіретінін таңдап алындар; Оларды бірінші шеңбердің айналасына орналастырып, орталықтағы шеңбермен сызық арқылы қосындар. Әр топ қолдағы бар материалдар жиынтлығын жасайды. Мысалы: БӨЛМЕ ГҮЛДЕРІ сөзінің айналасынан құмыра, топырақ, су сепкіш, таяқша, қазтамақ т.б. сөздерді/суреттерді көруге болады.

### 3.Қазақ тілі

**Міндеті:** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту  
**Мақсаты** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту  
Сөйлемдерді тыңда. Балалар әр апта күнінде не істеді?  
Суреттен көрсет.

**Күтілетін нәтижелер:**  
**Жасайды:** апта күндерінің қазақша айтады.  
: қойылған сұрақты **түсінеді**.  
**Қолданады:** апта күндерін ретімен қолданады, сұрақтарға жауап береді.

Балалар дүйсенбіде доп

Арман келеді.  
– Сәлеметсіздер ме?!  
Қуыршақтар хат алып келеді.  
Педагог: Қараңдаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың ата-аналарының суреті).  
– Қандай керемет, мына суретте кім бар?  
Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді

### 3.Математика негіздері

**Міндеті:** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

**Мақсаты:** ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру  
**Күтілетін нәтижелер:**  
**менгереді:** «ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары – төмен», «биіктігі бірдей», «тар – кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету;  
**түсінеді:** ұзындықты шартты өлшемнің

қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары – төмен», «биіктігі бірдей», «тар – кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету;  
**түсінеді:** ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын;

**қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды.  
**Демонстрациялық материалмен жұмыс,** жолақтарды салыстыруды ұсынады. – Қай жолақ ұзынырақ? (Бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы. Мұны жасаған кезде жолақтардың шеттеріне сәйкес келетінін көз жеткізіңіз). – Сонда не істеу керек? (Үстіне қою, жақындату). Өлшем ретінде – таяқшаларды (кесектер, «Лего» құрастырмасының бөлшектерін және т.б.) ұсынады. Мысалы , Лего: Жолақтарға қанша кішкене бөлшектер сәйкес келеді? Педагог шартты өлшемді қолдану арқылы өлшеу әдісін көрсетеді, орындалған ісәрекеттерін түсіндіреді, балаларды өлшеу нәтижесінің процесін талқылауға шақырады. Бірінші жасағанмыз – өлшеуішті таңдадық. – Өлшемді неден бастаймыз? (Жолаққа өлшеуішті жақындату). Өлшеуішті өлшейтін заттың ең шетіне сәйкестендіру керек. – Енді не істейміз? Өлшемнің соңын қарындашпен белгілейміз, белгіге кері өлшеуішті қойып өлшемді

қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы? Топтық жұмыс. Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды

### 3.Көркем әдебиет

**Міндеті:** - Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру (Ақмақ қасқыр)  
**Мақсаты** ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**  
**Жасайды:** ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады;  
**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді;  
**Қолданады:** сюжет бойынша ертегінің сахналауға қатысады.  
Балалар, бүгін «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің басқа жанрдан айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу (қосымшаны қараңыз). Сөздік жұмыс: өріс – мал жайылатын, шөбі қалың жер қалың ши – су жағасында тұтасып өсетін қамыс тектес өсімдік  
Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? – Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға

### «Гүлдер» атты дидактикалық ойын ойнауды ұсынады.

Мақсаттары: балалардың бөлме гүлдері мен бақша гүлдерін атауларын білу және оларды жіктеу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрып тұрады. Балалардың бірі бөлме гүлінің атын айтады (қожағай), содан соң допты көрші балаға береді. Ол басқа гүлдің атын айтады (бегония). Ойын осылай жалғаса береді. Жауап бере алмаған бала ойыннан шығады. Екінші айналымда ойынды жүргізуші бақша гүлінің атын атайды. Ойын әрі қарай жалғасады  
**3.Көркем әдебиет**

**Міндеті:** –Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу  
Ақмақ қасқыр)  
**Мақсаты** ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу.  
**Күтілетін нәтижелер:** **Жасайды:** ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады;  
**Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді;  
**Қолданады:** сюжет бойынша ертегіні сахналауға қатысады.

Ертегі жүйесін сурет бойынша айтып бер. Үй жануарларын ата. Үй жануарлары туралы не білесің? Қой қасқырды қалай алдады? Ешкі қасқырдан қалай құтылды? Досыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. 2. Қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінде айт. (Педагог балаларға қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінде айтқызып,

	<p>береді.  <b>түсінеді:</b> олардың емдік қасиеттерін.  <b>қолданады:</b> дәрілік шөптерді жинау дағдысын</p> <p>Табиғаттың адамдарға жасаған сыйы көп. Көптеген ауруларды емдеуге көмектесетін дәрілер бар. Тек оларды тани білуіміз және қолдана білуіміз керек. Адамдар аңдардың бәрінің шөптермен емделетінін ерте замандарда байқаған. Өртүрлі өсімдіктер өртүрлі ауруларға ем. Сендер қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Дәріханадан дәрілік шөптерді көргендерің бар ма? Сендер ересектермен бірге дәрілік шөптерді жинап көрдіңдер ма? Дәрілік өсімдіктерден демделген шайды кім ішіп көрді? Тәрбиеленушілерге Қазақстандың дәрілік шөптері туралы әңгімелеп береді: Қалақайдың адамдар үшін пайдасы көп. Одан салат пен щи дайындауға болады. Қалақайдың құрамында микробтарды өлтіретін заттар бар. Сонымен қатар қалақай қанды тоқтатады және шаштың түбін нығайтады. Адамдар жолжелкенді ерте замандардан бері пайдаланған. Ол жараны жазуға, асқазан ауырғанда және суық тигенде жақсы көмектеседі. Дәрілік өсімдіктердің көбі орманда,</p>	<p>э, е, у, э, ү). Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер» Педагог балаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д, У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады</p> <p><b>2.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,  <b>Мақсаты:</b> Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> жабайы жануарлардың қазақша атауын айтады, жай сөйлеммен жауап береді.  <b>Түсінеді:</b> ертегі мазмұнын және қарапайым сұрақтарды түсінеді.  <b>Қолданады:</b> тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Мынау – барыс. Мынау не? – Мынау – барыс. – Барыс жаттығулар жасады. – Барыс не істейді? – Барыс жаттығулар жасады. – Мынау – борсық. Мынау не? – Мынау – борсық. – Борсық жаттығулар жасады. – Борсық не істеді? –</p>		<p>төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: « а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.» Дәптермен жұмыс 1. Салт дәстүрлердің қандай түрі бейнеленген? Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді ата. Буынға бөл. 2. Дыбыстық талдау жаса. Балалар біз «шашу» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Педагог тақтады дыбыстық талдау жасау үшін бір балаланы тақтаға шақырады. Қалғандары орындарында тапсырманы орындайды.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.  -Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертен»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау (<b>кір.01.05</b>)  <b>Мақсаты</b> уақытты бағдарлау дағдыларың қалыптастыру .  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>менгереді:</b> «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;  <b>түсінеді:</b> оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;  <b>қолданады:</b> жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.</p> <p><b>Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.</b> Алдымен көктем, одан кейін ... Алдымен</p>	<p>көптеген ұлт өкілдерінің тұратынын және қазақ халқының бауырмал халық екенін түсіндіру ,  Күтілетін нәтиже:  • әр ұлт балалары туралы әңгіме құрастыруға арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды;  • елімізде көптеген ұлт өкілдері тұратынын түсінеді;  • алған білімін дәптердегі тапсырмаларды орындау кезінде қолданады</p> <p><b>Педагог Қ.Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңінен үзінді</b> оқиды. Қазақстан – шаттықтың елі шалқыған, Қарсы алған күліп, арайлы туған әр таңын. Қазақстан – батырлар елі, ер елі, Бауырмалдық, достықтың елі өрелі! – Өлең не туралы? – Қазақстан елі туралы. – Қазақстан қандай ел? – Қазақстан – батырлар елі, бауырмалдық, достық елі. «Сөздік жұмыс: бауырмалдық – Бауырмалдық – мейірімділік, достық, ұлтына, түріне, түсіне қарамай адамдардың барлығын жақсы көру. Біздің бүгінгі әңгімеміз Қазақстан елінде тұрып жатқан ұлттар туралы болмақ. Балалар, сендер өздеріңнің қандай ұлт екендеріңді білесіңдер ме? –Біздің елімізде қандай ұлт өкілдері тұрады? Балалар білетін ұлт өкілдерін атайды. –Біздің ұлан-ғайыр өлкемізде өте көп ұлт өкілдері тұрады. Олар барлығы тату-тәтті, ынтымақта тұрып жатыр. Өр ұлт өз тілінде сөйлей алады, өздерінің салт-дәстүрлерін сақтап, білім алады, Қазақстан азаматтарының барлық</p>
--	--	---	--	---	--

далада, көгалдарда, су жағасында кездеседі

**3.Қазақ тілі**

**Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,

**Мақсаты:** Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** жаңылтпаш, жабайы жануарларды қайталайды.

**Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді.

**Қолданады:** жабайы жануарлардың қазақша атауын айтады, жай сөйлеммен жауап береді.

**ТТШТ/ТРИЗ: «Бұл қандай жабайы жануар?»** берілген суреттерден білетін жабайы жануарларды сипаттап табу. – Мынау қандай жабайы жануар? – Мынау – коян. Бұл коянның құлағы. – Мынау – қасқыр. Бұл қасқырдың аяғы. – Мынау – аю. Аюға бал ұнайды. – Мынау – түлкі. Бұл – түлкінің құйрығы

**Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады). I-i-i-i- піл-піл- піл. I-i-i-i – керік – керік – керік.

**Дидактикалық ойын:** «Аудармашы»: педагог орыс тілінде жануарларды атайды, балалар қазақ тіліне аударды: лев, тигр, обезьяна, слон, жираф,

Борсық жаттығулар жасады. – Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты. Балалар жаңа сөздерді қайталайды.

**3.Математика негіздері**

**Міндеті:** - Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау

**Мақсаты** . уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру.

**түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;

**қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді

**Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»** Педагог бастайды, балалар жалғастырады. Алдымен көктем, содан кейін ... жаз Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады. Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз. Дәптермен жұмыс 2-тапсырма. Балалар шеңберді қарайды – Жыл айларын есіңе сақтаңдар. Жыл мезгілдерінің айларын

күн... одан кейін... Алдымен дүйсенбі, одан кейін ... Алдымен бүгін, одан кейін ... Алдымен қаңтар, одан кейін ... Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады: Демонстрациялық материалмен жұмыс 13-кесте. Апта күндерін естеріне түсіреді. Аптаның бірінші, бесінші, жетінші күндерін атауды сұрайды

**3.Көркем әдебиет**

**Міндеті:** Еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру

**Мақсаты** еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру

**1 Мамыр – халықтар достығы мен ынтымағының мерекесі.** – Бұл мереке несімен ерекше? (Слайд арқылы таныстыру.) – **Достық – барлық халықтың бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады.** – Біз бүгін ақын Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. **Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді**

**Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:**

- Өлең ұнады ма?
- Авторы кім?
- Өлең қалай аталады?
- Өлеңде не туралы айтылған?
- «Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің?

**4.Дене шынықтыру**

**Міндеті:** -- гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет). **(кірік. 01.05)**

**Мақсаты** Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын

құқығын пайдаланады. Біздің еліміздің жергілікті тұрғындары – қазақтар.

**3.Көркем әдебиет**

**Міндеті .** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту

**Мақсаты** еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру

Жаттап ал.

Бақытты елде туғанбыз, Бақытты өмір сүреміз. Педагог сөздің мазмұнын түсіндіреді.

– Сендер Тәуелсіз Қазақстанның бақытты баласысыңдар. Елімізде бейбітшілік, сендердің ұйқыларың тыныш, отбасыларың аман, көршілермен тату тұрасыңдар. Бақытты өмір сүру деген – осы

**4.Сурет салу.**

**Мүсіндеу.Жапсыру.**

**Құрастыру**

**Міндеті:** - - Табиғаттың күрделі емес бейнесін суретте көрсету, балалардың алма ағашы туралы білімдерін бекіту

-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу

-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу

- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға

	<p>медведь, дикие животные.</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);  <b>Мақсаты</b> Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны:  «Тұзақ»  Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қакпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қакпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қакпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.  Өзін-өзі уқалау:  «Балақан, қандай жақсы алақан!»</p>	<p>атайды. Балалар хормен қайталайды. Жыл мезгілдерінің аттарын есте сақтаңыз. Жыл мезгілдері мен айларын атайды. Балалар хормен қайталайды. – Жылдың әр мезгілінде неше ай бар? (4) – Барлық айларды өздеріңіз қайталауға тырысыңыздар. – Педагог балаларды жылдың айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайд</p> <p><b>4. Музыка</b>  <b>Міндеті</b> - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру  <b>Мақсаты</b> . Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  <b>«Көкек» (Х. Мұхамедова)</b>  <b>Ән айту:</b>  <b>«Көктем» (А. Жайымов)</b>  <b>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)</b>  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>  <b>«Кұстар» (Т. Ломова)</b>  <b>Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)</b>  <b>Ойындар, хороводтар:</b>  <b>«Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)</b></p>		<p>таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру</p> <p>. Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу</p> <p>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.  Бастапқы қалыпқа тұрады.  Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.</p> <p>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргіз</p>	<p>баулу  <b>Мақсаты-</b> көктем мезгілінің табиғат құбылыстарын, бере білу білігін бекіту</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	--	--	--	---

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №1</b> Бақылау: <b>Жәндіктерді бақылау</b> <i>Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</i> Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</i> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызыңдап көп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызыңдап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) <b>Тәрбиеші сұрақтары.</b> ♦ Жұмбақ жауаптарының шеңберінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №2</b> Бақылау: <b>Ауа-райын бақылау</b> <i>Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</i> <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз. А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.</i> Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i> Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)</p>		<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №3</b> Бақылау: <b>Гүлзарды бақылау</b> <i>Мақсаты: Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;</i> Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. <b>Бақылау барысы</b> Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді Қандай гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулақ отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбір гүлдер бір жылдық деп аталады? <b>Еңбек</b> Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p><b>Мамыр Серуен-Бақылау №4</b> Бақылау: <b>Ауа-райын бақылау</b> <i>Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.</i> <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз. А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді.</i> Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i> Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көрнісі қандай?</p>



	<p>қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақ тарда, ағ аштарда, су тоғ аңдарда т.б.</i>)</p> <p>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).</p> <p>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b></p> <p>Қанқызын тауып, оның атын атау.</p> <p>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</i></p>	<p>Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).</p> <p>Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?</p> <p>Жаңбыр қандай температурада жауады?</p> <p>Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).</p> <p><b>Еңбек</b></p> <p>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құшарлығын арттыру.</i></p>		<p>(ашық көк)</p> <p>Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).</p> <p>Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?</p> <p>Жаңбыр қандай температурада жауады?</p> <p>Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).</p> <p>Еңбек</p> <p>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құшарлығын арттыру.</i></p>	
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру		<b>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Ислам мен Осман заттың ұзындық өлшем бірліктерін қайта сұрап естеріне түсірту	Айзере мен Аслан Қдыбысына сөздер айтқызу	.	Акерке апта күндерін жаттату.	Айзереге пішіндер түрін жаттату.
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және</b>	<b>Қимылды ойын «Үшінші артық».</b> <b>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа</b>	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру	.	<b>Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?».</b> <b>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны</b>	Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту.

<p>басқалар)</p>	<p><b>баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас</b></p>	<p>техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады</p>		<p><b>«Құлап қалма». араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі әр басқа. -Гүл-</b></p>	<p>Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>		<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

--	--	--	--	--	--

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

Мектепалды «ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 06 – 10 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.05	Сейсенбі 07.05	Сәрсенбі 08.05	Бейсенбі 09.05	Жұма 10.05
<b>Балаларды қабылдау 8:30-9:00</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.		Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Ел қорғауға әзірмін»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.		<b>Ойын – жаттығу:</b> «Мен батырмын»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.		<b>Үстел үсті ойындары</b> <b>Мозайка құрастыру</b> Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу <i>Ұқсай ма, ұқсамай ма</i> <i>Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету;</i> <i>байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</i> <i>Табиғат бұрышында еңбек</i>
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 13				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)</b></p>	<p>«Отан»  <b>Отан</b> - тарих, <b>Отан</b> - тіл, Жасаған елің, ер халқың.  <b>Отан</b> - өлең, <b>Отан</b> - жыр, Көтерген көкке ел даңқын...  <b>Отан</b> осы, достарым, Көңілге мұны түйе біл.  <b>«Отан»</b> деп өс, жас қауым, Оны ардақтап, сүйе біл.</p>		<p>«Ел қорғайтын, ер ағалар»  Ел қорғайтын, ер ағалар,  Ардағымыз, арымыз.  Ерлер тойын, елдің тойын,  Қарсы аламыз бәріміз!</p>		<p>«Отан қорғаушылар дегеніміз кімдер?»  Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру.  <i>Қаламыздағы полиция қызметкерлері жайлы сөйлесу олардың суреттерін тамашалау</i></p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӘ</b>  <b>9:00-11:10</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> -  Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру  - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру (<b>кір.01.05</b>)  <b>Мақсаты:</b> Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету</p> <p>Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.  Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:  –Анау өрмекшіні көрдің бе?  Бала:  –Көрдім, өрмек тоқып жүр.  Ата:  –Анау құмырсқаны көрдің бе?  Бала:  –Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата:  –Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:  –Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді:  –Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа</p>		<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау  -Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау  <b>(кір.07.05)</b>  <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды пысықтау</p> <p><b>Күтілетін нәтиже: Жасайды:</b> сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.  <b>Түсінеді:</b> сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын.  <b>Қолданады:</b> сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен).</b>  Педагог бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, педагогке кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: рррадио(р), уууылдырық(у), ааалма(а), ккққасқыр(қ),</p>		<p><b>1.Музыка</b>  <b>Міндеті</b> Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту  - Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру (<b>кір.07.05</b>)  <b>Мақсаты</b> Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)  <b>Ән айту:</b>  «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)  <b>Көктем»</b> (А. Жайымов)  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>  «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)  <b>Билер:</b> «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)  <b>Ойындар, хороводтар:</b>  «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау:  «Күншуақ» (Е. Құсайынов)</p>

балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.

–Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?  
–Әңгіме не туралы айтылған?  
–Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?  
–Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін. (Қонақтар сахналап айтып береді).  
–Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші?  
–Неше буыннан тұрады?  
–Иә, дұрыс айтасыңдар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады.  
–Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрайды.

## **2.Қоршаған ортамен таныстыру**

**Міндеті:** -Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну

**Мақсаты** балаларды әскери мамандық түрлерімен және Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру

### **Күтілетін нәтиже:**

• әскери қызметтерді ажырата білуге, батыр аталарымыз жайлы білімдерін кеңейтуге арналған және әскери мамандықтар туралы тапсырмаларды орындайды/**жасайды;**

мммақта(м), кққияр(к), сссағат(с), қққыс(к), ааалжапқыш(а), тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө), жжжұлдыз(ж), жжжастық(ж), дддиректор(д), жжжарық(ж), шшшшұлық(ш), мммектеп(м), ууууыз(у), тттиін(т), кққолшатыр(к), бббақа(б), ииит(и), т.б

### **Дидактикалық жаттығу: «Жуан дауысты дыбысты тап» –**

Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар. Мысалы: гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс, айна, етік, қарлығаш, ұлу, жүген, түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш, Олжас, жылан, отын, алақан т.б.

### **2.Сөйлеуді дамыту**

**Міндеті:** - Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру

- Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану  
**Ә кірікт.08.05**

**Мақсаты** - Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту.

–Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдандар:

Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды.

–Ата, «мандай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді.

Қолына күрек ұстатты да:

–Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ

## **2.Қоршаған ортамен таныстыру**

**Міндеті:** Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату

**Мақсаты** Балалардың қоректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту

**Күтілетін нәтижелер:** **жасайды:**жануарлар әлемінің өкілдерін атап береді.

**түсінеді:** жәндіктер, құстар мен аңдардың бір-біріне тәуелділігін түсінеді.

**қолданады:** коммуникативтік дағды, талқылау, қорытынды жасау қабілеті қалыптасқан

«Табиғатта барлық зат бір-біріне тығыз байланысты және жануарлар мен өсімдіктер санының арасында тепе-теңдік бар. Жер бетінде көптеген өсімдіктер, бұталар мен ағаштар өседі. Оларды шөпқоректі жануарлар, мысалы қояндар жейді. Ал қояндарды жыртқыш аң

қасқырлар жейді». Төмендегі тапсырмаларды орындауды ұсынады: «Өсімдіктер бейнеленген барлық карточкаларды таңдап алып, оларды тақтаға орналастыр» «Осы өсімдіктермен қоректенетін жануарларды тауып, оларды тақтаға орналастырыңдар» «Тақтада өсімдіктерден төмен орналасқандарды жейтін жануарларды табыңдар». «Тақтаға ұсақ аңдар мен құстарды аулап жейтін жыртқыштардың суреттерін орналастырыңдар». Педагог жекелеген аңдар үшін шағын «қоректену тізбегін» құрауға болатынын айтады

	<p>• Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақстандық батырлардың қалай ерлік жасағанын; • танкистер, ұшқыштар, теңізшілер туралы білетіндерін <b>түсінеді</b>;</p> <p>• Ұлы Отан соғысы туралы және осы соғысқа қатысқан қазақ батырлары туралы мағлұматтарды күнделікті өмірде <b>қолданады</b>.</p> <p>Тақтаға әртүрлі әскери киімдердегі адамдар бейнеленген суреттер ілінеді. Балалар суретке қарап, қайсысы ұшқыш, қайсысы танкист, қайсысы теңізші, қайсысы жаяу әскер екенін ажыратып айтады. Танкист, ұшқыш, шегарашы, теңізшілердің суреттерін көрсетіп, олардың немен айналысатындарын түсіндіру. – Әскери кемелерде қызмет ететін адамдар «әскери теңізшілер» деп аталады. Олар Отанымызды теңіз кеңістіктері арқылы қорғайды. Әскери кеменің басшысын капитан деп атайды. Отанымызды әуе кеңістіктерінде қорғайтын адамдарды «әскери ұшқыштар» деп атайды. Әскери ұшақты ұшқыштар экипажы басқарады. Әскери ұшқыш мамандығын алу үшін ұшқыштар академиясына түсіп, білім алу қажет. Танкті басқаратын адамды «танк командирі» деп атайды. Танкистер экипажы бірнеше әскери адамдардан тұрады. Олар Отанымызды құрлықта қорғайды. Басқа</p>		<p>ашпады. Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.</p> <p>–Сондай дәмді! – деді Хамит.</p> <p>–Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай терінің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.</p> <p>1.Өңгімеде кімдер туралы айтылады?  2.Хамит атасынан не туралы сұрады?  3.Атасы осы кезде не деді?  4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді?  5.Көп жылдар өткен соң не болды?  6.Атасы Хамитті қайда әкелді?  7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті?</p> <p><b>3.Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>-Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету</p> <p><b>(кір.07.05)</b></p> <p><b>Мақсаты</b> Циферблат бойынша уақытты анықтау. Мақсаты: уақытты бағдарлау дағдыларың қалыптастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер: меңгереді:</b> «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды; <b>түсінеді:</b> оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; <b>қолданады:</b> жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.</p> <p>Педагог уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады. 4-тапсырманы орындау Суреттегі айырмашылықтарын табады.</p>		<p>(үлгілер көрсетеді). Гүл – көбелек – сары шымшық – жапалақ; Емен, жаңғағы – тышқандар – түлкі. Балалар мынадай тұжырым жасайды: өсімдіктер жәндіктер мен ұсақ жануарларды «қоректендіреді», ал жәндіктер мен ұсақ жануарлар ірі жануарларды «тамақтандырады». Ал олар жыртқыштардың жеміне айналады. Ормандағылардың бәрінің тамағы тоқ па? Ал өсімдіктер ше? Осы жерде балалар өсімдіктердің өсуі үшін қажет заттарды еске түсіреді. Тақтаға күн, су мен ауаның үлгілерін жапсырады</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p>-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>(кір.09.05)</b></p> <p><b>Мақсаты</b> өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру</p> <p>9 Мамыр – Жеңіс күні! (Слайд көрсету, әңгімелеу.)</p> <p>– Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.</p> <p>Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету.</p> <p>– Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атайықшы. (Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рахымжан Қошқарбаев т.б.)</p> <p>– Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіледі.</p> <p>– Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.</p> <p>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.</p> <p>Өлең қалай аталады?  – Өлең ұнады ма?</p>
--	--	--	---	--	--

	<p>елдермен шектесіп жатқан еліміздің шегарасын ержүрек шегарашылар қорғайды. Олардың басты міндеті – елімізге қастық ойлайтын арам пиғылдағы адамдардан Отанымызды қорғау. Шегарашылардың өте жақсы көмекшілері бар. Олар – ізшіл, иісшіл иттер.</p> <p><b>«Жерде, әуеде, суда» ойыны. Шарты:</b> жерде, әуеде, суда қызмет ететін сарбаздардың және шегара бағаны, танк т.б. суреттері көрсетіледі. Педагог «Жерде» деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар аяқтарымен адымдайды. «Әуеде» деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жанжаққа жайып, ұшқан сияқты болады. «Суда» дегенде суда жүзген секілді қимылдар көрсетеді</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру  <b>Мақсаты</b> - сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру.</p> <p><b>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.</b>  – Балалар, мынау – аула.  – Мынау не?  – Мынау – аула.  – Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).  – Аулада не болуы мүмкін?  Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сныр бар. т.с.с.  <b>Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді.</b></p>	<p>Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:.</b> Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p> <p><b>Мақсаты</b> . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p> <p><b>«Гимнастика»</b>  Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.  Арқасын түзу ұстап еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек</p>			<p>– Авторы кім?  – Өлеңде не туралы айтылған?  Жеңіс мерекесі қай күні екен?</p> <p><b>4.Сурет салу.</b>  <b>Мүсіндеу.Жапсыру.</b>  <b>Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелеуге жаттықтыру  - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу  - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу  --Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты-</b> Қызыл телпекті қыздың суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	--	--	--	--



**Мынау не?**  
Аулада тауық (әтеш) бар.  
Құстардың суреттерін аулаға орналастырады  
– Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.  
– Мынау – ... (қаз).  
– Қаз қандай құс?  
– Қаз – үй құсы.  
– Аулада қаз бар.  
– Аулада не бар?  
– Аулада қаз бар.  
– Мынау – үйрек. Үй-рек.  
– Мынау не?  
– Мынау – үйрек.  
– Үйрек – үй құсы.  
– Үйрек қандай құс?  
– Үйрек – үй құсы.  
– Аулада үйрек бар.  
Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық.  
Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркегауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді.  
**Балалар мәтінді қайталайды**

**4. Дене шынықтыру**  
**Міндеті:** - Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),  
**Мақсаты** . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу

Секіртпеден бір орында тұрып секіру.  
Бастапқы қалыпқа тұрады.  
Бірғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.

Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып

	жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді				
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<p><b>Мамыр</b>  <b>Серуен-Бақылау №6</b>  Бақылау: Жәндіктерді бақылау  <b>Мақсаты</b> : «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.  Бақылау барысы  Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:  Гүлдің нәрін жинайды,  Адамға бал сыйлайды.  Еңбекқорды аялайды,  Еріншекті аямайды. Бұл не?  (ара)  - Қанды сорып сүліктей,  Ызындап кеп шағады.  Бұл қандай бүлік дой? (маса)  - Ызындап ән салып,  Жүп-жұқа қанаты.  Тәттіге тамсанып,  Қоқысқа қонады. Бұл не?  (шыбын)  Құжынаған жұмыскер,  Бірлескенде тым іскер.  (құмырсқа)  Тор тоқуға шебер-ақ,  Бірақ киім тікпейді.  Өнері де өнер-ақ,  Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)  Тәрбиеші сұрақтары.</p>		<p><b>Мамыр</b>  <b>Серуен-Бақылау №7</b>  Бақылау:  Құмырсқаларды бақылау  <b>Мақсаты</b>:  Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау;  Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру.  Бақылау барысы  Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев  Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері.  Шығады ерте жұмысқа. Жүкпен қайтып қашықтан,  Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан.  Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар,  Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар.  Балаларға сұрақтар  Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (<i>зиянда жәндіктерді құртады</i>)  Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ)  Құмырсқасыз жер болмайды.  Құмырсқаларды «ағаш</p>		<p><b>Мамыр</b>  <b>Серуен-Бақылау №8</b>  Бақылау:  Найзағайды бақылау  <b>Мақсаты</b>:  «Найзағай» ұғымымен таныстыру;  Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;  Сөздік қорларын байыту;  — Бақылағыштықтарын дамыту.  Бақылау барысы  Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады  Аспанда от қамшы осады,  Ащы үнін ышқынып қосады.  Дүрліктіріп алапты,  Шақпақ тастың жарқылы,  Бұлт көрпесін жыртады.  Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?  Найзағай қай кезде ойнайды?  Аспан неге күркірейді?  Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)  Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді?  (індері мен илеулеріне тығылады)  Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады?  Ауа-райы нашар болған кезде</p>

	<p>◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</p> <p>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б.</i>)</p> <p>Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)</p> <p>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</p> <p>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>)</p> <p>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>).</p> <p>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Қанқызын тауып, оның атын атау.</p> <p>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.</p> <p>Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>			<p>бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны.</p> <p>Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады. күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі.</p> <p>Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.</p> <p>Зерттеу қызметі</p> <p>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықты мен айырмашылықтарын табу.</p> <p>«Найзағайлы жаңбыр» Ө.</p> <p>Ақыпбекұлы</p> <p>Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды.</p> <p>Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап.</p> <p>Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)</p> <p>Еңбек</p> <p>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;</p> <p>2 топ-қоқыстарды шығару</p> <p><i>Мақсаты:</i></p> <p>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;</p> <p>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру</p>
--	---	--	--	---

дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбеккер, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттарды құртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне қанатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрі-дәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек. Құмырсқалардың қандай пайдасы бар?

◆ Олар өз илеулерін қайда салады?

◆ қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда)

Зерттеу қызметі

Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау.

Еңбек

Ойын алаңын тазалау.

*Мақсаты:* бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру.

<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру		<b>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Адел мен Аслан Қ дыбысына сөздер айтқызу		Жалғас пен Ажар заттың ұзындық өлшем бірліктерін қайта сұрап естеріне түсірту.	Айзереге пішіндер түрін жаттату.
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады		<b>Қимылды ойын «Үшінші артық».</b> <b>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</b> <b>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту.</b> <b>Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас</b>	<b>Қимылды ойын «Үшінші артық».</b> <b>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</b> <b>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту.</b> <b>Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас</b>

			<p><b>Мақал-мәтел</b>  <b>-Сәуір айы-су айы,</b>  <b>Мамыр айы-гүл айы.</b>  <b>-Көктемгі жауын артық болмас.</b></p>		
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p>Ата –аналарға кеңес  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>		<p>Ата –аналарға кеңес  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>		<p>Ата –аналарға кеңес  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.  Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**  
**Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі**  
**Мектепалды «ә» сыныбы**  
**Балалардың жасы 5 жас**  
**Жоспардың құрылу кезеңі 13 – 17 мамыр 2023-2024 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.05	Сейсенбі 14.05	Сәрсенбі 15.05	Бейсенбі 16.05	Жұма 17.05
<b>Балаларды қабылдау 8:30-9:00</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу</b>	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)- Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады),	Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шандарын сүрту	Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру	Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу <i>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жасқ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.</i> Еңбек тапсырмасы:	Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу <i>Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айналымы пікірді байқауға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай болмайтынын дәлелдеуі керек.</i> Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 14				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)</b>	«Біз бақытты баламыз» Кел,шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	Мейірімділік-асыл қасиетіміз, Жүректегі таза ақ ниетіміз. Жан дүние кілті, Шаттық пенен күлкі. Биік ұстап соны, Қадірлейік біз!	«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік.	«Қуан,шаттан!» Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас,ұл мен қыз!

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ 9:00-11:10**

**1.Сөйлеуді дамыту**  
**Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу  
**Мақсаты** . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру

—Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін:  
 Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты. Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз қалыпты. Ай барып тұрған сотанак екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті. Ойланып отырып, былай депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті. Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен. Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді. Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды.  
 –Аңызда нелер туралы айтылған?  
 –Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді?  
 –Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді?  
 –Екеуі қалай келіседі?

**1.Сауат ашу негіздері**  
**Міндеті:** - Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу  
 -Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу **өкір.09.05)**  
**Мақсаты** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту

**Күтілетін нәтиже: Жасайды:** буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасайды.  
**Түсінеді:** дыбыстан буын, буыннан сөз құралатынын. **Қолданады:** дыбыстарды ажыратады

Буындармен жаттығулар.  
**Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)** – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.  
**Дидактикалық ойын: «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз».** Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Мысалы: (те-) те - (геш) , те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік), көр -(пе), (ор-) ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ), (өр-) өр -(мек), өр -(кеш), өр, -(ле), өр -(мек-ші), өр(т), (да-) да(мылда), да(был), да(кыл) , да(уыс), Да ( рига), Да (рия).  
**Ойын: «Кәне, тауып көр»** –

**1.Сауат ашу негіздері**  
**Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау -  
**Мақсаты** Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту.  
**Күтілетін нәтиже:**  
**Жасайды:** суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді.  
**Түсінеді:** сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді. **Қолданады:** сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады.  
**Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»** – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасындар. Мысалы: жылы... (шұлық), тәтті ... (банан), қатты...( көмір), жасыл.... (шөп), қар..., (пима), дәмді ... (жүзім), сұйық ... (тамақ), қара... (тон), қорқақ ... (қоян), қу ... (түлкі), сүйкімді ... (мысық), пысық ... ( қыз), ұзын ... (бала), ақылды ... (қыз), момын ... (қой), ұзын ... (моншак), сары ... (шаш), дәмді...( шай), тәтті... (торт), жасыл...( қияр), ұзын.... (бантик) т.б.  
**Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина»** – Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп,

**1.Сауат ашу негіздері**  
**Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу -  
**Мақсаты** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту  
**Күтілетін нәтиже:**  
**Жасайды:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.  
**Түсінеді:** сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан тұратынын.  
**Қолданады:** сөйлемнің сызбасын сызады, дыбыстарды анықтайды, ажыратады  
**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр»** – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады. Лақтар өте сүйкімді. Достар шахмат ойнады. Медет – жақсы бала  
**2.Математика негіздері**  
**Міндеті:** топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау  
**Мақсаты** Заттарды таразыға салмағы бойынша

**1.Музыка**  
**Міндеті** - Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу  
**Мақсаты** Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу

**Музыка тыңдау:**  
 «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев)  
 Ән айту:  
 «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров)  
 «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)  
 Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  
 «Женіс күні»  
 Б. Бейсенова (үнтаспада)  
 «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова)  
 Билер: «Полька» эстон халық бні Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.э. (өңдеген М. Раухвергер)  
 Музыкалыққаспаптаойнау: «Кұлыншак» (С. Урбах  
**2.Қоршаған ортамен таныстыру**  
**Міндеті:** - Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату  
**Мақсаты** Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту  
**Күтілетін нәтижелер:**  
**жасайды:** ағаш түрлерін атап береді.  
**түсінеді:** қалалар мен ауылдарда неліктен ағаш егетінін түсінеді.

	<p>–Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді? –Түн батып ай шыққанда ше?</p> <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> <b>Міндеті:</b> - «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу</p> <p><b>Мақсаты</b> , Балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>жасайды:</b> көктемнің белгілерін атап береді. <b>түсінеді:</b> табиғаттың маусымдық өзгерістерге тәуелділігін.</p> <p><b>қолданады:</b> эксперименталдық жұмыстармен айналысу қабілеті қалыптасқан.</p> <p><b>Педагог балаларға ағаштардың тіршілігі мен өсіп-жетілуіне қажетті заттардың бәрін еске түсіруге көмектеседі.</b> Ағаш жарықсыз тіршілік ете алмайды. Ол суретші сияқты. Жапырақтарды жасыл түске бояйды. Онда ағашқа қажетті «азық» болады (жапырақты жасыл түске бояйтын хлорофилл дәндері). Ағаштардың кейбірі жарық түсетін жерлерді (қарағай, балқарағай) жақсы көреді, кейбіреулері көлеңке жерде де өсе береді (шырша, қарағаш). Күн жылу көзі. Ағаштардың кейбіреулері суыққа төзімді келеді, ал</p>	<p>Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған карточкалар таратып береді. Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ос-, ка-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-,ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, блезік, күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-,іс-, діз-, ік-.</p> <p><b>2.Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> - -5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу</p> <p><b>Мақсаты</b> жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.</p> <p><b>Көктемде құстар келеді.</b> – Көктемде не келеді? – Көктемде құстар келеді. – Мынау – қараторғай. <b>Мынау не?</b> – Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). – Көктемде қараторғай келеді. – Көктемде қандай құс келеді? – Көктемде қараторғай келеді. – Мынау – қарлығаш. – Мынау не? – Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды. – Көктемде қарлығаш ұшып келеді. – Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. – Көктемде келетін құстарды қалай атайды? – Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Педагог шағын мәтінді оқиды. <b>Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары:</b></p>	<p>кесе жасап дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тактадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», - «ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.».</p> <p><b>2.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - Монологты байланыстырып құра білу</p> <p><b>Мақсаты</b> . . Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру</p> <p><b>Мақал-мәтел:</b> <b>Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.</b> <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Дыбыстың орнын анықта»</b> (ауызша орындалады). <b>Ойын шарты:</b> Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек. «Қ» – қала, аққала, сандық. «М» – моншақ, отырмын, өшірдім</p> <p><b>3.Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> заттардың салмағын өлшеу</p> <p><b>Мақсаты</b> Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету;</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> ауыр заттарды</p>	<p>салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> иінді таразымен өлшеуді; санауды, санды жазуды; <b>түсінеді:</b> таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын;</p> <p><b>қолданады:</b> таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта). Үзік сызықтармен сызуға, бояуға, графикалық диктантты орындауға үйретуді</p> <p><b>Топтық практикалық жұмыс.</b> Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі. Дәптермен жұмыс 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады. – Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған</p>	<p><b>қолданады:</b> зерттеушілік қабілет қалыптасқан, ағаш егу тәсілдерімен таныс</p> <p><b>Жасыл желек дегеніміз не?</b> Педагог ойды қорытады: Төңірегімізде ағаштың көп болғаны жақ. Өйткені біз тыныстайтын ауа таза болуы тиіс. Ал ол тек жасыл желегі көп өскен жерде ғана таза болады. Ағаштар мен гүлдер біздің көшелерімізге, ауламызға, балабақшамызға сән береді. Суреттерді мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді, өмірде көрген тәжірибелерімен бөліседі (ағаш егу). Жас көшеттерді қалай күту керектігін, ағашты неліктен егетінін түсіндіреді, талқылайды.</p> <p><b>Тәжірибе жасап көруге шақырады.</b> Балалар тәжірибе жұмысына қатысады: ағаштардың қабығын, жапырақтарын үлкейткіш әйнекпен зерттеп шығады. Пікірлерімен, алған әсерімен, эмоцияларымен бөліседі.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті .</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды Педагог балаларға өлең жолдарын шабыттты түрде айтқызады (3-4 балаға). Атасы немерелерімен қайда барды? Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра. 2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?</p>
--	---	---	---	--	--



	<p>кейбіреулері тек жылы жерге бейімделген. Қыс қатты суық болса өсімдіктердің кейбірі үсіп кетеді, келесі жылы көктемей қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда бола бастауы да жылудың көлеміне байланысты. Адамдар сияқты ағаштар да су ішеді. Кейбір ағаштарға ылғал көп керек, ал, кейбірі азғана суды қанағат етеді. Ағаштар суды жауыннан алады. Сонымен қатар жауын- шашынның қар, шық, қырау, бұршақ сияқты түрлері де ағаштарға ылғал береді. Қар – ағаштардың тамырын жауып, суықтан қорғайтын жылы тон қызметін атқарады. Көктемде ағаштардың тамыры еріген қар суын ішеді. Ағаштар да адамдар сияқты тыныстайды. Оларға да бізге сияқты таза ауа қажет. Ауа шектен тыс лас болса олар тіршілігін тоқтатады. Сонымен қатар ағаштар ауаны тазартуға көмектеседі. Жел – өсімдіктердің аталығын (шырша, қарағай) бір жерден екінші жерге көшіреді, сондай-ақ шырша, қайың, қарағай, үйеңкі, шаған, терек, жөке ағаштарының тұқымын таратады. Құстар да ағаштардың тіршілігінде әртүрлі рөл атқарады. Мысалы: құстар ағаштың жемісін жейді, ағашта тіршілік ететін жәндіктермен қоректенеді</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға,</b></p>	<p><b>қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек. Балалар</b></p> <p><b>3.Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.  -Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру</p> <p style="text-align: center;"><b>(кір.09.05)</b></p> <p><b>Мақсаты</b> Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту  <b>Күтілетін нәтижелер: меңгереді:</b> «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;  <b>түсінеді:</b> оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; <b>қолданады:</b> жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді .  <b>«Жанды апта» дидактикалық ойыны</b> 1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді. -Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз. 10 -кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс. - Суреттерді қараңдар. -Бірінші суретте не бейнеленген? - Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші). Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар</p>	<p>анықтау және атауды, мысалдар құрастыру және шешуді;  <b>түсінеді:</b> таразы бастарын теңестіру үшін табақшаларға тағы да зат (заттар) салу керек немесе заттарды алып тастау керектігін;  <b>қолданады:</b> таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта).  – Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Кейбір заттар ауыр, кейбір заттар жеңіл болады. Педагог ізденіс мақсатын ұсынады. Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма? Салмақты қалай дәл анықтауға болады? Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады. Салыстыруға арналған заттар: 2 ағаш текше – (біреуі кішкентай, екіншісі үлкен). Педагог таразының үлгісін көрсетіп, қалай өлшеу керектігін көрсетеді. Бір табақшаға үлкен текше, ал екіншісіне кішкентайын қояды. Үлкен текше салынған табақша төмен түскенің байқайды. Қандай қорытынды жасаймыз? Үлкен текше кішкентайға қарағанда ауырлау. Басқаша қалай айтуға болады? - Кішкентай текше үлкенге қарағанда жеңіл. Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды. Екі табақшаны</p>	<p>таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді. Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты өленді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</b></p> <p><b>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді?</b>  – <b>Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?</b>  – <b>Жаз мезгілі несімен ұнайды?</b>  – <b>Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».</b>  – <b>Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсындар. Бұл – сендердің мерекелерің.</b>  – <b>Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен тапысамыз.</b></p> <p><b>Өлең ұнады ма?</b>  – <b>Авторы кім?</b>  – <b>Өлеңде не туралы айтылған?</b>  – <b>Болашақта сен қандай болғың келеді?</b>  – <b>Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?</b></p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру</p>	<p>Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?  3. Жұмбақты шеш.  Қойны толы жеміске, Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (Жаз)</p> <p><b>4.Сурет салу.</b>  <b>Мүсіндеу.Жапсыру.</b>  <b>Құрастыру</b>  <b>Міндеті:</b> - адамның жалпы дене құрылысын анықтап,жаттығу кезіндегі қолдарының,аяқтарының өзгерісін беруге үйрету, -- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу -- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу -- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу  <b>Мақсаты-</b> балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	---	--	---	---

	<p>кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу  <b>-Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. (кірікт.07.05)</b>  <b>Мақсаты</b> ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру</p> <p><b>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген. «Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді.</b>  <b>Ертегі ұнады ма?</b>  <b>– Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр).</b>  <b>– Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой).</b>  <b>Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады.</b>  <b>– Мынау – барыс. Мынау не?</b>  <b>– Мынау – барыс.</b>  <b>– Барыс жаттығулар жасады.</b>  <b>– Барыс не істейді?</b>  <b>– Барыс жаттығулар жасады.</b>  <b>– Мынау – борсық. Мынау не?</b>  <b>– Мынау – борсық.</b>  <b>– Борсық жаттығулар жасады.</b>  <b>– Борсық не істеді?</b>  <b>– Борсық жаттығулар жасады.</b>  <b>– Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты</b></p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:.</b> Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) Қолдың көмегімен еппетінен жатып еңбектеу (3 метр).  <b>(кірікт.09.05)</b>  <b>Мақсаты</b> . Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту</p>	<p>карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды</p> <p><b>4.Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> - Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру  <b>Мақсаты</b> Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру</p> <p><b>Музыка тындау:</b>  «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский)  Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)  «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар «Бақытты балалық шак» («Мен бақытты баламын»)«Полька» (М. Красев)  Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан)  Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин)  Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер</p>	<p>теңестіру үшін не істейміз? Балалар сұхбатқа қатысады. Балалар ойланады, талқылап, қорытындыға келеді. Кішкентай текшесі бар табақшаға тағы бір кіші текше салу керек. Балалар, табақшаларды теңестіру үшін біздер не істедік? Кішкентай текше қостық. Суретті қарауды сұрайды. Таразылар неге тө</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту  <b>Мақсаты</b> Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді</p> <p><b>«Баскетбол»</b>  <b>Допты бір қолмен жүргізу.</b>  <b>Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.</b>  <b>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді</b></p>	<p>Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру  <b>Мақсаты</b> . Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру</p> <p>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)  Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады.  Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лактар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.  Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды</p>
--	--	--	---	--

	«Гимнастика» Ұзын орындықтың бетімен жүру. Шектеулі бетпен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді. Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады. Арқасын түзу ұстап, еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады. Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек				
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №10</b> Бақылау: Кемпіркосақты бақылау <i>Мақсаты:</i> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпіркосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпіркосақ) Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпіркосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпіркосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпіркосақ соғұрлым анық	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №11</b> Бақылау: Найзағайды бақылау <i>Мақсаты:</i> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №12</b> Бақылау: Жәндіктерді бақылау <i>Мақсаты:</i> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер.	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №13</b> Бақылау: Топырақты бақылау Мақсаты: <i>торф топырағының қыртысымен таныстыру</i> . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф- бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын. ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түттеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.	<b>Мамыр Серуен-Бақылау №14</b> Бақылау: Желді бақылау Мақсаты: - <i>жел туралы түсініктерін бекіту;</i> - <i>жел түрлерін есте сақтау.</i> Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады,

	<p>көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? I</li> <li>◆ Ол қай уақытта жоғалады?</li> <li>◆ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?</li> </ul> <p>Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. <i>Мақсаты:</i> аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p>	<p>тығылады) Қалай ойлайсындар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтығы мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару <i>Мақсаты:</i> Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру.</p>	<p>(құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</li> <li>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіндер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>)</li> </ul> <p>Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>). Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) Зерттеу жұмысы Қанқзын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Аланды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i></p>	<p>сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>)</li> <li>◆ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)</li> <li>◆ Желдің ізін көруге болады ма?</li> </ul> <p>Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i></p>
--	---	--	--	---	--

<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	<b>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</b>	<b>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	«Бақыт деген не өзі?» Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағың. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дөні далаңның. «Ботам» деуі әжеңнің, Тыныштығы әлемні жаттау	Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі жаттату	Айзере пен Ислам түстерді атап айту.	Балаларға жапырақтың түстерін ажыраттыру.	Балаларға дөңгелек пішіндер салғызу.
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпіркосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады	<b>Қимылды ойын</b> <b>«Өз ағашыңды тап».</b> <b>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.</b> <b>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».</b> <b>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру</b>	<b>Қимылды ойын</b> <b>«Аюлар мен аралар».</b> <b>Мақсаты:</b> <b>кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу.</b> <b>Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</b> <b>Жаттығу ойыны:</b> <b>Қимылдарын дамыту.</b> <b>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.</b> <b>Халық болжамы:</b> <b>күзде құмырсқа</b>	<b>Қимылды ойын</b> <b>«Аққу-қаздар».</b> <b>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.</b> <b>Жаттығу ойыны</b> <b>Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.</b> <b>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</b> <b>Мақал-мәтел:</b> <b>Жері байдың-елі бай.</b> <b>Қара жерге де,</b>	<b>Қимылды ойын «Кім жылдам?».</b> <b>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.</b> <b>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.</b> <b>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.</b> <b>Халық болжамы.</b> <b>Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.</b>

			<b>илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.</b>	<b>қамқорлық керек.</b>	
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b><i>Ата –аналарға кеңес</i></b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы

Мектепалды «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 27 – 31 мамыр 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.05	Сейсенбі 28.05	Сәрсенбі 29.05	Бейсенбі 30.05	Жұма 31.05
<b>Балаларды қабылдау 8:30-9:00</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	«Мен кімін?».Фотосуретте бейнеленген уреттерді атау	Әңгімелесу.Өздерің қандай екенін әңгімелеп беру	Сурет салу.Өздерінің суретін салу	Әңгімелесу.Өздерің қандай екенін әңгімелеп беру	Сурет салу.Өздерінің суретін салу
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 15				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӨ)</b>	«Жел соғып тұр» Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту	«Кел, ойнайық!» Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру	«Қатты – ақырын» Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай.	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Ұқсастықты тап» Мақсаты: Заттардағы ұқсастықты табады және өз дәлелін негіздей отырып айта алады.	<b>«Сөйлемді толықтыр» ойыны</b> Мақсаты: Ойлау жылдамдығын, сөйлеу белсенділігін дамыту.
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ 9:00-11:10</b>	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті</b> - Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге,	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> - Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> - Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту	<b>1.Музыка</b> <b>Міндеті:</b> - Музыкалық ойын арқылы балаларды

**Мақсаты** «Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту.

–Балалар, біз жолда қарап отырмай, терезеден көргенімізді айта отырайық.  
–Қараңдаршы, табиғат қандай сұлу болып, құлпырып кеткен.  
–Қазір қандай мезгіл?  
–Ендеше, «жаз» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.  
–Өте жақсы, балалар.  
–Балалар, біздің пойыз ауылдың шетіндегі стансыға келіп тоқтады. Балаларға көмек ретінде жаз мезгіліндегі ауыл бейнесінің суреті ілінеді.  
–Кәне, не көріп тұрмыз?  
Педагог балалардан «ауыл» сөзіне дыбыстық талдау жасауларын сұрайды. Пойыздың үні естіліп, балалар келесі стансыға келіп тоқтайды. Стансы «Көл жағасында» деп аталады.  
–Осы тақырыпқа байланысты әңгіме құрауларыңды сұраймын. Сөздік жұмыс:  
–Балалар, «көл» сөзіне талдау жасайық. Пойыздың дыбысы мен жүрісі естіліп, балалар саяхатын жалғастырады

**2.Қоршаған ортамен таныстыру**  
**Міндеті:** - Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі  
**Мақсаты** балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпті жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету; қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын дамыту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап сақтауға тәрбиелеу.

«Мен үйдемін» ойын жағдаяты:

- Таңертен ертесімен анасы дәріханаға кетіп бара жатып, кішкентай қызына: «Сен үйде жалғыз қала тұр, есікті ешкімге ашпа, ештемеге тиіспе»- деп ескертеді.

Үйде жалғыз қалған қыз шәй ішкісі келеді. Ол ас бөлмесіне барып, газ плитаға келіп, сіреңкені қолына алып, оны жағуға тырысады.  
- Балалар, Айсәуле дұрыс жасады ма? Егер от жағуға болады ма?

солдан онға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу  
**Мақсаты** балалардың білімін пысықтау .

Буынмен жұмыс  
«Сөзді буынға бөл»  
дидактикалық ойыны  
– Мен сөздер айтамын, ал сендер мен айтқан сөздерді шапалақ ұру арқылы буынға бөлесіңдер. Мысалы: Та-на, ал-ма, бал, тал, сыз-ғыш, кі-тап, кам-шы, ер, көл, қу-ыр-шак, құс, та-уық, қо-ңыз, кө-бе-лек, са-уыс-қан, тек-ше, мар-ғау, жа-лын, ә-теш, ке-кі-лік, ақ-ку, кө-гер-шін, тас-ба-ка, ұ-шак, а-пель-син, ман-да-рин, дом-бы-ра, ба-ра-бан, бел-дік, пар-та, са-на, ө-рік, кө-рік, сый-лық, кө-мір, ке-ру-ет, ди-ван, жа-лау, қай-мақ, ба-уыр-сақ, тал-қан, жыл-қы, мон-шак, қы-мыз т.б.  
«Дұрыс көтер» дидактикалық ойыны  
– Мен сендерге сөздерді оқимын, егер сөздерді дауысты дыбыстар жуан болса, сары дөңгелекті, жіңішке болса, қызыл дөңгелекті көтеріңдер.  
Мысалы: банан, күріш, ақымақ, анар, алжапқыш, әтеш, қызанақ, қияр, балға, балта, шалғы, қоңыз, қарға, сауысқан, шырын, сана, балық, қайшы, қаламсап, көбелек, төбелес, тоқылдақ.  
Сөздің  
**2.Қазак тілі**  
**Міндеті** - Фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру  
**Мақсаты** сөздік қорларын оқу құралдарының атаулармен толықтыру

**Мен бүгін бір оқушының сөмкесін әкелдім. Ішінде не бар?**  
**Балалар кезекпен келіп сөмке ішіндегі таныс заттарды алып атап, топтайды. Ойын барысында жана сөздермен**

ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру  
**Мақсаты** балалардың білімін пысықтау

Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс.  
«Дұрыс па, бұрыс па?»  
дидактикалық ойыны  
Педагог алша, түн сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға іледі.  
– Орындарыңда тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог тақтаға бір балаланы шақырады дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тақтадағы жұмыстың дұрыс-бұрысын тексереді  
**2.Сөйлеуді дамыту**  
**Міндеті:** -- Сюжеттік суреттер мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау  
**Мақсаты** Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату..

Педагог балаларға Ж.Смаковтың «Қоңырау» өлеңін мәнерлеп оқып береді.  
«Дың-дын» – қоңырауымын,  
«Дың-дын» – соғыламын.  
«Дың-дын» – қағыламын, Мектептен табыламын.  
«Н» мен «Н» дыбыстарын жеке-жеке дыбыстату арқылы айтылуына көңіл аудартады.  
–«Н» дыбысын айтқанда дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді.  
–«Н» дыбысы да «Н» дыбысы сияқты мұрын жолды. «Н» дыбысынан оның айырмасы – тілдің арт жағы таңдайға

ұзынжәне қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру  
**Мақсаты** балалардың білімін пысықтау

Сөздің дыбыстық талдауымен жұмыс.  
«Дұрыс па, бұрыс па?»  
дидактикалық ойыны  
Педагог алша, түн сөздерінің дыбыстық талдауын тақтаға іледі.  
– Орындарыңда тақтадағы суреттердің атауына дыбыстық талдау жасаңдар. Педагог тақтаға бір балаланы шақырады дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тақтадағы жұмыстың дұрыс-бұрысын тексереді

**2.Математика негіздері**  
**Міндеті:** алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.  
**Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту  
**Күтілетін нәтижелер:** менгереді: тура және кері санауды, пішіндерді дұрыс атауды;  
**түсінеді:** фигураларды ажыратуды, заттарды

жылдамдыққа, ептілікке үйрету  
**Мақсаты** Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету

Музыка тыңдау:  
«Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов)  
Ән айту:  
«Қош, балбұлақ балабақшамыз» (Б. Жұмбабекова)  
«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  
«Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет)  
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  
«Гүлдер вальсі» (П. Чайковский, ұнтаспада)  
Билер: Биді балалардың қалауынша қайталау  
Ойындар, хороводтар:  
«Кім мектепке тез жиналады»  
Музыкалық аспапта ойнау:  
«Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)

**2.Қоршаған ортамен таныстыру**  
**Міндеті:** Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту  
**Мақсаты:** Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру  
**Күтілетін нәтижелер:** жасайды: жаздың белгілерінен хабары бар.  
**түсінеді:** табиғатты аялаудың маңыздылығын.  
**қолданады:** жоба жасай біледі; бақылау, эксперимент арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады  
Жаз кезінде отбасы мүшелері жиі табиғат аясына демалысқа



- Жок, сиріңке жағуға болмайды өрт шығады, газды да ашуға болмайды ол тез тұтанып жарылады.

- Ал, оның шай ішкісі келіп тұр ғой, шайдан басқа не ішуге болады?

- Сүт, айран ішуге болады, дәрумендері көп.

Айсәуле сиренкені орнына қойып, шәйдің ыдыстан сүт құйып ішеді. Осы кезде біреу келіп есік қағады, кішкентай қыз есікті ашуға тез-тез бара жатыр, ол бірден есікті ашпақ. Есікті бірден ашқан дұрыс па ?

Балалар өз ойларын сөйлем құрап толық жауап береді.

- Бір кезде Айсәуле анасының келуін күтпей өзі көйлегін үтіктемекші болдып, үтіккі тоққа қосайын деп жатқанда қандай қауіпсіздік ережесін сақтамады?

- Үтіккі тоққа қосуға болмайды, киім немесе қолын күйдіріп алуы , өрт шығуы мүмкін.

Кенеттен жарық өшіп, бөлме қараңғы болды, ал Айсәуле болса балауыз шамды алып оны жақты. Балауыз шам еріп, қисайып құлап жанып өрт шыға бастады.

- Балалар, өрт өте қауіпті, оны қалай өшіруге болады өрт неден қорқалды

Балалар: судан, қардан, құмнан және қалың матамен

Тәрбиеші:

- Кәне, сендер дұрыс айттыңдар ма, тәжірибе жасап тексеріп көрейік.

Тәжірибе: жанып жатқан отты балалар құммен өшіреді.

**3.Қазақ тілі**

**Міндеті Тақпақтар жаттату**

**Мақсаты** оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету..

Балалар мектепке келді.

– Балалар қайда келді?

– Балалар мектепке келді.

– Мынау – мектеп. Мек-теп. Мынау не?

– Мынау – мектеп.

– Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді?

– Мектепте оқиды, білім алады.

– Мынау – оқушы. Мынау кім?

– Мынау – оқушы.

– Мынау – оқушылар. Мынау кімдер?

– Мынау – оқушылар.

– Мынау – мұғалім. Мынау кім?

– Мұғалім Мынау – сынып. Сы-нып.

**таныстыру.**

– **Мынау – кітап. Кітап не?**

– **Кітап – оқу құралы.**

– **Оқушыға кітап керек пе?**

– **Оқушыға кітап керек.**

– **Мынау – мәшине. Мәшине – ойыншық.**

– **Оқушыға мектепте ойыншық керек пе?**

– **Оқушыға ойыншық керек емес.**

– **Мынау – қайшы. Мынау – ... қайшы (жеке-жеке айтады)**

– **Оқушыға қайшы керек.**

– **Оқушыға қайшы керек пе?**

**Оқушыға қайшы керек.**

– **Мынау – желім. Мынау не?**

– **Мынау – желім.**

– **Оқушыға желім керек.**

– **Оқушыға желім керек пе?**

– **Оқушыға желім керек.**

– **Мынау – қылқалам. Мынау не?**

– **Мынау – қылқалам.**

– **Оқушыға қылқалам керек.**

– **Оқушыға қылқалам керек пе?**

– **Оқушыға қылқалам керек.**

**Мынау – сурет дәптері. Мынау не?**

**Мынау – сурет дәптері.**

– **Оқушыға сурет дәптері керек.**

– **Оқушыға сурет дәптері керек пе?**

– **Оқушыға сурет дәптері керек.**

**Сөздік ойын: «Оқушы не істейді»**

**Оқушы қаламмен жазады.**

**Оқушы қайшымен қағаз қияды.**

**Оқушы қылқаламмен сурет салады.**

**Оқушы сурет дәптерінде сурет салады.**

– **Оқушыға оқу құралдары не үшін керек?**

– **Оқушы қаламмен жазады.**

**Қайшымен қағаз қияды.**

– **Қылқаламмен сурет салады.**

**Сурет дәптерінде сурет салады**

**3.Математика негіздері**

**Міндеті: Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. ақытты бағдарлау дағдыларын**

тиеді. Мысалы: тоң.

–Балалар, бір қатарға «Н», екіншісіне «Н» дыбысы бар сөздерді ойлап тауып қояйық.

Балаларға дыбыстарды қайталату:

Ян-ян-ян – жүгіріп жүр қоян.

Ың-ың-ың – әп-әдемі қайың.

Педагог үлгі суретті тақтаға іліп, сурет арқылы

М.Әлімбаевтың «Асфальттағы суреттер» өлеңін мәнерлеп оқып береді.

**3.Математика негіздері**

**Міндеті -** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау

**Мақсаты** Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау

«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды: Ақпан жыл ішінде нешінші ай?

Жылдың соңғы айы қандай? Қазаннан кейінгі қандай ай? Жаз айларын ата және т.б.

«Жыл мезгілі»

Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр» Педагог бастайды, балалар жалғастырады.

Алдымен көктем, содан кейін ... жаз

Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең

Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.

Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады.

Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз

**4.Дене шынықтыру**

санауды;

**қолданады:** геометриялық пішіндерді атауды және ажырата білуді; сурет бойынша есептер шығаруды. Үзік сызықтармен сызуды және бояуды, графикалық диктантты орындауға үйретуді

**1-тапсырма.** Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды.

**2-тапсырма.** Тактадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қараңдар. Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. – Тактадағы фишкаларға қараңдар. – Олардың ұқсастығы қандай? – Айырмашылығы неде? – Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте

**3.Көркем әдебиет**

**Міндеті:** театрландырылған өнердің тәсілдері мен

барады. Осы кезде тек демалып қана қоймай, зерттеу жұмысын жүргізуге болады.

Мысалы: Құм қандай? Құм неге ыстық? Қандай жемістер мен көгөністер пісті? Ауа райы қандай? Жазғы жаңбырмен күзгі жаңбырдың айырмашылығы қандай? Осындай сұрақтарға жауапты ересектердің көмегімен шешуге болады.

Қазір жапырақты зерттейік. Ол үшін мына сұрақтарға жауап беруіміз қажет? Жапырақтың түсі неліктен жасыл болады? Өйткені су жеткілікті. Өйткені оларға күннің сәулесі жақсы түседі. Өйткені жылу жеткілікті. Міне, көрдіңдер ме, осылайша жаз мезгілінде көптеген зерттеу жұмысын жүргізуге болады. Оларды фотосуретке түсіріп алу қажет. Кейін жасыл жапырақты күзгі жапырақпен салыстыруға болады. Бұл да – зерттеу жұмысы.

**3.Көркем әдебиет**

**Міндеті:** театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту

**Мақсаты:** Театрландырылған әрекеттерге баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**Жасайды:** сахналық қойылымды ұжыммен көрсетуге қатысады; **Түсінеді:** ертегінің мазмұнын түсінеді; **Қолданады:** сурет арқылы

		<b>Мүсіндеу</b>	- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу
		<b>Жапсыру</b>	- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу
		<b>Құрастыру</b>	-Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу
		<b>Сурет салу</b>	- Адамның жалпы дене құрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету,
		<b>Мүсіндеу</b>	- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу
		<b>Жапсыру</b>	- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу
		<b>Құрастыру</b>	- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу
<b>Сурет салу</b>	Балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдері жетілдіру, түзу, ирек, жіңішке, жалпақ әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту		



		<b>Мүсіндеу</b>	- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, біріккен жерлерін тегістеу
		<b>Жапсыру</b>	Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу
		<b>Құрастыру</b>	- Құрылыс материалдарынан, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу
		<b>Сурет салу</b>	-Балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдері жетілдіру, түзу, ирек, жіңішке, жалпақ әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту
		<b>Мүсіндеу</b>	- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, біріккен жерлерін тегістеу
		<b>Жапсыру</b>	- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу
		<b>Құрастыру</b>	- Құрылыс материалдарынан, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу
<b>Мамыр</b>	<b>Музыка</b>		- Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.
			- Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту
			- Балаларда бірігіп аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру
			- Қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату
			- Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру
			- Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу
			- Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру
			- Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету
			- Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету
<b>Мамыр</b>	<b>Қазақ тілі</b>		-Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру
			-Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу
			-Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.
			-5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу
			-Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесу
			-Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау
			- Тақпақтар жаттату
			- Фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру

**КЕЛІСІЛДІ**

директордың оқу  
ісі жөніндегі орынбасары

 А.К. Торғаева

«28» 08 2024ж.



**БЕКІТЕМІН**

Ю.А.Гагарин атындағы  
Мектеп-лицейінің директоры

 Г.А. Тусупова

«29» 08 2024ж.

**ҚАРАЛДЫ**

бастауыш сынып  
кафедра отырысында  
Хағтама № 1

«28» 08 2024ж

кафедра жетекшісі

 М.Б. Токбалина

2024-2025 оқу жылына арналған циклограммасы  
мектепалды даярлық «А» сыныбы

Сынып жетекшісі: Бейсекеева С.А

Ақадыр 2024-2025 оқу жылы

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы иектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалар жасы **5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі 02-06 қыркүйек 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.09	Сейсенбі 03.09	Сәрсенбі 04.09	Бейсенбі 05.09	Жұма 06.09
<b>«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы</b> «Апта дәйексөздері»- Балаға берілген бірінші тәрбие ата-анасын, туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Ыбырай Алтынсарин					
<b>Балаларды қабылдау 8.30-9.00</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің Қазақстаным» Ән ұран орындау <b>Мақсаты:</b> рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Асық ату» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Тоғыз құмалақ» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Бес тас» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Қамшы» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Ақ серек, көк серек» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 1				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша <b>ҰІӨ</b>  <b>9.00-11.10</b>					
	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Мектептегі алғашқы күн <b>Міндеті:</b> Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-н, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> Дыбыс <b>Міндеті:</b> Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру  « <b>Нең дыбысы?» ойын-</b>	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> Дыбыс пен сөз <b>Міндеті:</b> - Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> Сөз <b>Міндеті:</b> -Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру – Сөздер дыбыстардың көмегімен айтылады. Осы дыбыстарды жеке-жеке айтсақ, ешбір мағына бере алмайды. Сондықтан дыбыстарды	<b>1.Көркем әдебиет</b> Бәрі де бар бақшада <b>Міндеті:</b> Олең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу

	<p>Ба-ба-ба – бала.          Бо-бо-бо – бота          Бө-бө-бө – бөрік.          Табыл – дабыл.          Бақа – бақбақ          «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді:          Па-па-па – парта.          Жа-па-лақ – жал-пақ.          Па-рақ – жа-пы-рақ.          Балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады.          Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру          Клуб, штаб, араб, куб;          Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп.</p>	<p><b>жаттығуы</b> Педагог балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тыңдауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады. Балалар ненің дыбыстарын естігендерін айтады. Педагог балаларға суреттер көрсетіп, оларға мұқият карауларын сұрайды. – Суретте кімдерді көріп тұрсындар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді? – «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіңдер!» деген мағынаны білдіреді. – «Шү-шү-у» деп атты жүргізу үшін айтады. – «Іңгә-әңгә-ә!» – нәрестенің жылаған дауысы. – Бұлардың барлығында да сөздер айтылады. Тек ол сөздерді есту үшін, сөзді созып айту керек. «Аауууу!», «Шүүу!», «Іңгәә!»</p>	<p>түсіндіру</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен)</b>          – Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты қайталап, допты кері лақтыруларың керек. Мысалы: қол, өззен, үйі, кассесқыр, доомбыра, құдұмыра, қаннт, батығыр, арррба, баллға, баллла, шаррр, дөңгеллек, қаззз, құмммыра, көлллік, құссс, кааайық, бөшшшке, шанышшшқы, түлллік, көззз, қоңңңырау, құллпы, бақққа, сазззан, тышшшшқан, сссан, көрррпе, керрррік, шыббын, аррра, баллла, жағға, тағғға, құсс, түззз, бііз, бөгеңңке, гүлл, баллл, сабббын, көзззілдірік. (Ойынға барлық бала қатысады).  <b>Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»</b>  <b>Ойын шарты:</b> Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: (мәәә) Сиыр мөңірейді:(мууу) Жылқы кісінейді:(йоо) Түйе боздайды:(баа) Ешкі бақырады: (мәкк)</p>	<p>тіркестіріп, сөз жасаймыз. Біз дыбысты дауыстап айтамыз, дауыстап айтқан кезде ғана дыбыс естіледі, біз тындаймыз. Есіңе сақта! Дыбысты айтамыз және естиміз. Сөзде неше дыбыс болса, сөздің сызбасында сонша төртбұрыш салынады. Педагог тақтада көрсетеді. – Сөз – белгілі бір дыбыстар жиынтығы. Құрамында қанша дыбыс болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді. Бәріміз айнаны қолымызға алып, аузымызды ашайық. Аузымызда нелер бар екен? – Иә, аузымызда тіс, тіл, еріндер бар. Осылардың бәрі дыбыстарды айтуға көмектеседі екен. – Ал сөздегі дыбыс саны әртүрлі болады.  <b>«Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен).</b>          Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: аалма(а), тттиін(т), кққасқыр(қ), мммакта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), кққыс(қ), ааалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазын(с), кққияр(қ), жұлдыз(ж), уууылдырық(у), жжжастық(ж), дддиректор(д), шшшшұлық(ш), мммектеп(м), уууыз(у), кққолшатыр(қ), бббақа(б), ииит(и), жжжарық(ж)</p>	<p>Педагог балабақша туралы суреттер бойынша әңгіме құрайды. – Бүгін сүйікті балабақшамыз туралы әңгімелейміз. Балабақша – әдемі атау. Бақшада жас жеміс ағаштары өссе, балабақшада Отанымыздың жас ұландары, сендер өсіп, мейірімді, тату болуға, жақсылыққа, әдептілікке үйренесіңдер. – Біз бүгін ақын Өтепберген Ақыпбековтың «Бәрі де бар бақшада» өлеңімен танысамыз. Өлең ұнады ма? Авторы кім? – Өлең қалай аталады? Неліктен балабақша деп айтамыз? – Балабақшада сендерді кім қарсы алады? – Балабақшада не үйренесіңдер? Сендерге балабақша несімен ұнайды?          -</p>
	<p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>          Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері.  <b>Міндеті:</b> - - Осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер,</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b>          Кеңістікте бағдарлау  <b>Міндеті:</b> - сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b>          Қағаз бетінде бағдарлау  <b>Міндеті:</b> - балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b>          Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау  <b>Міндеті:</b> -балаларды кеңістіктік қарым-</p>	<p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>          Қыстап қалатын құстар және жыл құстары  <b>Міндеті:</b> - Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін</p>

	<p>ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру</p> <p><b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> үлестірмелі материал, интербелсенді такта, жұлдызшалар, жаз, күз мезгілдерінің ауа райы құбылыстарын бейнелейтін карточкалар, күзгі, жазғы өсімдіктер, қағаздан қиылған гүлдер, жапырақтар, ермексаз, зырылдауық, пластик жәндіктер.</p> <p><b>Жұмбақ :</b> Алғашқысы суытады өлкені, Үшіншісі: «Көк теңізге бар», – дейді, Екіншісі жылытады жер көкті, Төртіншісі ұсынады бар дәмді. Жұмбақ не туралы? – Жыл мезгілдері туралы. Педагог «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жұмбақтың шешуі қыс, көктем, жаз және күз екенін тапқызады және әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіреді. Жаз және күз мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы бейнебаян көрсетіледі: Күннің күркіреуі, найзағай, нөсер, күннің ыстықтығы, жел соғуы, күннің суытып, жапырақтардың ұшуы, жел соғуы. Жазғы, күзгі ағаштардың өсуі, жыл мезгіліне байланысты өзгерістері жайлы бейнебаян шығады. Қайың, емен, үйеңкі ағаштары саябақтарда,</p>	<p>үйрету</p> <p><b>«Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды</b> ұсынады. <b>Ойын мақсаты:</b> ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанатын.</p>	<p>парағының бетінде орналасуын анықтау</p> <p><b>Топтық жұмыс.</b> Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды</p> <p><b>1-тапсырма.</b> Педагог мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады. – Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан?</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау. Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. Педагог балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында</p>	<p>қатынастарды орнатуға үйрету</p> <p><b>«Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны</b> Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды</p> <p>Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды. «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады</p>	<p>қалыптастыру</p> <p><b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> үлестірмелі материал, интербелсенді такта, құстар суреттері, тетрапакегтер, жіп, қайшы.</p> <p>Қош бол туған жеріміз, Айдын шалқар көліміз. Қайта айналып келгенше Аман-сау бол, еліміз! Өлең не туралы?</p> <p>– Ұшып кететін құстарды тағы қалай атауға болады? – Отырықшы құстар. – Құстар қай мезгілде жылы жаққа ұшады? – Күз мезгілінде. Балалар, құстар неге күзде ұшып кетеді? – Суықтан үсіп қалады. Қыста жейтін қоректері өте аз болады «Қай құс ұшып кетті?» ойыны Балалар, қыста құстарға қорек табу оңай ма? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Қыста қар көп жауады, өте суық күндер, аяз, жиі қарлы боран болады. Мұндай ауа райында құстар жиі суық пен аштықтан өледі. Қанатты достарымызға қалай көмектесе аламыз? (Балалардың жауаптары тыңдалады) – Дұрыс, балалар, біз құстарға жем бере аламыз. Ол жемді қайда саламыз? – Жемсауытқа.</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>жол бойында, орманда өседі. Алмаағаш – ең көп таралған бақша ағашы. Алмаағаштың жемісі – алма, өте пайдалы.</p>				
	<p><b>3.Қазақ тілі</b> Күзгі серуен <b>Міндеті:-</b> Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b> Менің мектебім <b>Міндеті:-</b> Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру</p> <p><b>Сөздік ойын:</b> «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ..... (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.</p>	<p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b> Мектептегі алғашқы күн <b>Міндеті:</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттыулар жасау <b>Мақсаты:-</b> Мазмұнды жалғастырту арқылы ой-қиялдарын дамыту Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ -балалардың тілін жаңылтпаш қайталату арқылы жаттықтырады: I .Тебіншек ат – шегіншек. Шегіншек ат – тебіншек</p>	<p><b>3.Көркем әдебиет</b> Білімің – бұлағың <b>Міндеті:</b> - Білім туралы түсінігін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. Ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу</p> <p><b>Білімің – бұлағың</b> Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».</b> <b>Ойынның шарты:</b> Ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды, атайды <b>Мақалды жаттап ал.</b> Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады. Педагогпен бірге мақалдың мазмұнын талдау арқылы білімді адамның мықты болатынын, ақылды болу үшін кітапты көп оқу керектігін түсінеді</p>	<p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру</b> <b>Құрастыру</b> Ағаш бұтақтары <b>Міндеті;-</b> Паракта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру -Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау -- Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану <b>Мақсаты:</b> -балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір- бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету -- пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,ағаш бұтақтарын мүсіндеу -- жырту,умаждау әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету - табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру, олардан ағаш бұтақтарын</p>

					дайындайбілуге үйрету Балалармен топтық жұмыс
	<p><b>4.Дене шынықтыру</b> Спортзал</p> <p><b>Міндеті.</b> Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін</p> <p><b>«Мұқият бол» ойын жаттығуы.</b> 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет).</b> Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші</p>	<p><b>4.Музыка</b> Білімнің – бұлағың</p> <p><b>Міндеті:</b> Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Қосалқа» Дәулеткерей Ән айту: «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: «Жұптасу биі» ( чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b> Спортзалда ойнаймыз</p> <p><b>Міндеті:</b> Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).</b> Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b> Денсаулықтың құпиялары</p> <p><b>Міндеті:</b> Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру</p> <p><b>Ойын:</b> «Қайда жасырылғанын тап». (2 рет). Спортзалда еркін тұрады.</p>	<p><b>4.Музыка</b> Білімнің – бұлағың</p> <p><b>Міндеті:</b> Ән айту дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тындау:</b> «Қосалқа» Дәулеткерей <b>Ән айту:</b> «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) <b>Билер:</b> «Жұптасу биі» ( чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>

	болады				
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету  (Өз-өзіне қызмет ету)	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. (Өз-өзіне қызмет ету)
<b>Серуен</b>	<b>Картотека №2</b> Бақылау: Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу. Жеке жұмыс: Балалармен мысық туралы өлең жаттау. Мысық сүтке тойды Көзін қысып қойды Әндетіп бір баяу Дейді мияу, мияу, мияу. Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық», «Кім тез жетеді?» Мақсаты: Шашпандыққа тәрбиелеу. Көркем сөз: Бала мысық батыл-ақ, Тышқан ұстау талабы. Сылдыр етсе жапырақ, Дереву бұға қалады.	<b>Картотека №3</b> <b>Мектеп ауласындағы құстарды бақылау</b>  Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын атау және қимыл-қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын таңдау. Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жем салғышқа, үлкендердің көмегімен құстарға жем салу, оларды қоректендіру. Мақсаты: құстарға қамқорлықтың өте қажеттігін ұғындыру. Құстарды үркітпей қамқорлауға үйрету. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» (жүгіру) Мақсаты: Тәрбиеші көмегімен, ойын ережесін бұлжытпай орындау. Көркем сөз: «Міне торғай, Үйін қорғай, Жер бауырлап зырлай Шырқап биік, күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды.» <b>(экология)</b>	<b>Картотека №4</b> <b>Күз мезгілінде желді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту. Еңбек: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау. Мақсаты: Өз ойын алаңдарын таза, жинақы ұстауға үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу. «Желді күн» (Ж. Смаков) «Гу-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт Жел соққан соң Жел соққандай жұлқынды» Қимылды ойындар: «Күн мен түн» (жүгіру) Мақсаты: Жүгіру, секіру, мергендік қабілет-терін дамыту. <b>(экология)</b>	<b>Картотека №5</b> <b>Құстарға бақылау жасау</b> Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу. Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. Жеке жұмыс: Торғай, торғай торғайсын Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. Қимылды ойындар: «Өз орыңды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу. <b>(экология)</b>	<b>Картотека №6</b> <b>Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау. Мақсаты: Өз алдына еңбектене білуге тәрбиелеп, бағыт беру. Балалармен жеке жұмыс: «Жел» туралы тақпақ айтқызу Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру) Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып» <b>(экология)</b>
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>Ішке кіру</b>				



<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Заңғарға дыбыстың айтылуын жаттықтыру</p>	<p>Нұрай мен Таңсаулеге заттардың қасиеттеріне қарай топтастыра білуді үйрету.</p>	<p><b>Балаларға «Құмырсқа»</b> Ертегіні таныстыра отырып, мүжіят тындауға үйрету; ертегі мазмұнын түсіндіру; ертегі желісі арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; дос туралы түсінік беру, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Жанға қағаздан түрлі геометриялық пішіндерді қиып, оны жапсыруды үйрету.</p>	<p>Балаларға шығармашылық саласы бойынша топтасып ой-қиялдарымен ермексизден жануарлар мүсіндеуді үйрету</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p><b>Ойын:</b> «Керсінше айт» «Бір сөзбен ата»</p>	<p><b>Ойын:</b> «Жазылмай қалған сандарды ата» «Орындықтар»</p>	<p><b>Д/ойын:</b> «Сықырлы суреттер» «Қай қолымда көп»</p>	<p><b>Ойын:</b> «Ұзын-қысқа» «Кім епті»</p>	<p><b>Қимылды ойын «Үйсіз қоян».</b> <b>Мақсаты:</b> —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; —жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><b>«Өнегелі 15минут»</b> Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу</p>	<p><b>«Өнегелі 15минут»</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>«Өнегелі 15минут»</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>«Өнегелі 15минут»</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>«Өнегелі 15минут»</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 09- 13 қыркүйек 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09	Сейсенбі 10.09	Сәрсенбі 11.09	Бейсенбі 12.09	Жұма 13.09
<b>Балаларды қабылдау 8.30-9.00</b>	<b>«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы</b>				
	<p><b>«Апта дәйексөздері»-</b> Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер <span style="float: right;">Мағжан Жұмабаев</span></p> <p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату</p>				
	<p>Фотосуреттер қарастыру: «Көліктер» Мақсаты: Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенің түсіндіру.</p>	<p>Д/ойын: «Кері айт» Мақсаты:мағыналары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.</p>	<p>«Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.</p>	<p>Үстел- үсті ойын: «Паздарды құрастырамыз» Мақсаты:конструктормен,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Д/ойын: «Көліктерді ата» Мақсаты: балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру.</p>
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.</p>	<p>Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»</p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>«Менің Қазақстаным» Ән ұран орындау Мақсаты:рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Түйілген орамал» ойыны «Бір тұтас тәрбие »</p>	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Орамал тастамақ» ойыны «Бір тұтас тәрбие »</p>	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру « Сақина салу » ойыны «Бір тұтас тәрбие »</p>	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру « Хан талапай» ойыны «Бір тұтас тәрбие жоспары»</p>	<p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Ұлттық құндылықты қалыптастыру « Соқыр теке» ойыны «Бір тұтас тәрбие »</p>
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 2				
<b>Білім беру ұйымының</b>					

<p><b>кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> <b>9.00-11.10</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Менің досым <b>Міндеті:</b> Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу</p> <p><b>Үнтаспадан</b> <b>Б.Самединеваның орындауында «Достар, достар»</b> әні тыңдатылады Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады. Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалнылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> Сөз. Сөздің мағынасы <b>Міндеті</b> -Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету <b>Қолданылатын көрнекі құрал</b>-жабдықтар: Хатқалта, №1 жұмыс дәптері. Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. (Жапырақ) Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) Жапырақтар және күз туралы қандай әдемі сөздермен бізге суреттеп берді. Балалар, сендердің естеріңде ма сөз деген не еді? Сөз неден тұрады, нені білдіреді? (Балалардың жауабы тыңдалады). Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: алма, алмұрт, лимон – жемістердің аты; қызанақ, қияр, пияз – көгөністердің аты; құлпынай, бүлдірген, таңқурай – жидектердің аты; үстел, керует, орындық – жиһаздардың аты ай, жел, боран – табиғат құбылыстарының аты. – Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тік төртбұрышпен белгілейміз. .</p> <div style="border: 1px solid black; width: 100px; height: 20px; margin: 10px auto;"></div> <p>«Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы – Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз? <b>Міндеті:</b> -балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру <b>Қолданылатын көрнекі құрал</b>-жабдықтар: мазмұнды суреттер. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады. Дыбыстар сөзде қандай да бір ретпен тізбектеліп орналасады. Кез келген дыбысты бірінен соң бірін жалғап, сөз жасай алмаймыз. Мысалы, доп, бұл – сөз емес. Ал «доп» десек, бұл – сөз. Ол – ойын құралы. Педагог балаларға «а» дыбысынан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Дұрыс жауап берген балаға педагог бір фишкадан беріп отырады). Мысалы айтылатын сөздер: алма, алақан, алмұрт, ананас, алша, автобус, ақула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, арыстан, арқан, алқап, алтын т.б. 1-тапсырма «Сөздерді өлшеуді білеміз» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды. Алақанды бір-біріне жақындату арқылы сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бір бірінен алшақ ұстайды. Мысалға айтылатын сөздер: көз, бағдаршам, лак, жолбарыс, бақа, тасбақа, доп, секіртпе.</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> Дауысты дыбыстар <b>Міндеті:</b> -Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету <b>Қолданылатын көрнекі құрал</b>-жабдықтар: айна, мазмұнды суреттер, қызыл фишкалар.</p> <p>Тіл дыбыстары адамның дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбысты жасауға қатысатын мүшелерге өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тіл, тіс, тандай, жақ, ерін жатады. Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э. Балалар педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды. Педагог балалардан түсінгендерін сұрайды. Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады? «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету. – Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен). Педагог «алма» сөзін бірнеше рет</p>	<p><b>1.Көркем әдебиет</b> Ас атасы – нан <b>Міндеті:</b> Күзгі еңбек туралы түсінігін дамыту. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. Нанды кастерлеуге тәрбиелеу <b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> егіс даласының суреті, нан түрлерінің суреттері, слайд, үлестірмелі материалдар, түрлі түсті қарындаштар. <b>Сөздік жұмысы:</b> дән. – Қазір жылдың қай мезгілі? – Бүгін ауа райы қандай? Күн ашық па, бұлтты ма? – Адамдар күзде нені жинайды? – Егінді, бидайды күз мезгілінде жинайды. Бидайдың ұнынан нан дайындайды. – Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Ас атасы – нан» әңгімесін оқимыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Балалармен бірге қайталап оқу. Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталату. Сөздік жұмысы: дән – астықты дақыл Сұрақ-жауап: – Әңгімеде не туралы айтылған? – Әжесі мен Науан қайда келді? – Науан бидайды көргенде неге таңғалды? –</p>
---	---	---	---	---	--

		каламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, тәрелке т.б.		дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға «алма» сөзінің сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді.	Әжесі бидай туралы Науанға не айтты? Нан қандай дәннен дайындалады? – Нанның қандай түрлерін білесің?
	<p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> Нан дастарқанға қалай келеді? <b>Міндеті</b> : - Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу <b>Қолданылатын көрнекі құралдар</b>: үлестірмелі материал, «Наубайшылар» ойынына алдын ала ашытылып, бөлшектеліп қойылған шикі нан, оқтаулар, алжапқыштар, наубайшының баскриімі, қарындаш. <b>Сөздік жұмысы</b>: ардақты, адал ас Педагог Ә. Қалдыбаевтың өлеңінен үзінді оқиды. Нан – ардақты, асыл ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастарқан үстінде Қол жумай оны ұстамас. – «Ардақты, адал ас» дегенді қалай түсінесіңдер? – Нанды бидайдан алады. Бидайдан бірден нан жасай алмаймыз. Оған адам көп етеді. – Нанды қалай қастерлейді? – Нанды баспайды, жерге тастамайды, қолын жумай ұстамайды. – Нанды қазақ халқы өте қастерлеп, ардақтаған. Нан туралы шешендік сөздер өте көп. Сендер нанға қатысты қандай мақал-мәтел, тыйым сөздер білесіңдер ме? – Ас атасы – нан, нан атасы – дән. – Нанды бір қолмен үзбе. Нан қоқымын басуға болмайды. Педагог «Нанды қадірлейік» әңгімесінен үзінді оқиды.</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b> Біреу – көп <b>Міндеті</b>: -«бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру <b>Құрал-жабдықтар мен материалдар</b>: №1 жұмыс дәптері, ойыншықтар, санау материалы, үлестірмелі материалдар (№1 парақ). <b>Сөздікпен жұмыс</b>: «бір (біреу)», «көп», «бірнеше». Педагог <b>«Ойыншықтар дүкені» ойын жағдаятын тудырады.</b> – Балалар, сендер ойыншықтар дүкенінде болған шығарсыңдар? Онда не сатылады? Дүкенде қанша ойыншық бар? «Қай жерде тұрғанын атау» дидактикалық ойыны. Педагог үстелінде қиялдағы шаршы алаңының бұрыштарында және оның ортасында бірнеше ойыншықтар орналасқан. Педагог қоянның артында және қуыршақтың алдында қандай зат тұрғанын және т.б. атауды ұсынады. «Біреу – көп» дидактикалық ойыны (санның қозғалыстармен байланысы, зейінді</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b> Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті <b>Міндеті</b>:- заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру <b>Құрал-жабдықтар мен материалдар</b>: №1 жұмыс дәптері, үлестірмелі материалдар (№ 1 парақ), түрлі заттар мен бұйымдардың суреттері. <b>Сөздікпен жұмыс</b>: заттар тобы, заттардың қасиеті, түсі, өлшемі, пішіні. <b>Ойын жаттығуы. «Ретке келтіреміз».</b> Педагог үстел үстіне түрлі заттар мен бұйымдардың суреті салынған қатырма қағаздарын жайып қояды, мысалы: көгөністер, жемістер, ойыншықтар, киім-кешек бұйымдары. Қатырма қағаздарын топтарға бөлу керектігін айтады. Дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Суретте қандай заттар бейнеленгенін ата. Осы заттарды сатып алуға болатын дүкенге сызып қос. Берілген тапсырмада педагог киім-кешек және құрылыс дүкені тұрғанына назар аудару қажет. Сатып алуға болатын заттарды сәйкес дүкенмен сызып қосу керек.</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b> Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті <b>Міндеті</b> – әртүрлі белгілері бойынша заттарды біріктіру және сәйкестендіру <b>Құрал-жабдықтар мен материалдар</b>: №1 жұмыс дәптері, санау материалы, үлестірмелі материалдар (№1 парақ). <b>Сөздікпен жұмыс</b>: заттар жиынтығы, заттардың қасиеті, түсі, өлшемі, пішіні. <b>Ойын жаттығуы. «Ретке келтіреміз!»</b> Алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетіндегі ойынға ұқсас, балалар карточкаларды нақты белгілеріне қарай орналастырады. Топтық жұмыстар үшін қолда бар материалды ұсынуға болады (әртүрлі өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтар). Педагог әртүрлі өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтарды орналастыруды сұрайды, содан соң мысалы, пішіндеріне, өлшемдеріне қарай жапырақтарды орналастыруды сұрауға болады. Дөңгелек үлкен сары печеньенің суретін сал. Төртбұрышты кішкентай қоңыр печеньенің суретін</p>	<p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b> Ауылдағы адам еңбегі <b>Міндеті</b> - Ауыл адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту <b>Құралдар</b>: интербелсенді тақта, доп, үлестірмелі материалдар, себеттегі сүт өнімдері. <b>Сөздік жұмысы</b>: еңбек, еңбектену, малшы. Балалар шеңберге тұрады. «Өнімдер» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Адамдар не үшін еңбектенеді? Еңбек – адамның өз қажеттілігі үшін орындайтын жұмысы, ісі. Педагог кез келген затты алып, қандай еңбекпен жасалғанын балаларға әңгімелеп береді. Интербелсенді тақтадан бейнебаяндр көрсету. Ауылды бейнелейтін суреттерді көрсетіп, ауылда адамдар ауылшаруашылығымен айналысатынын айтады. Педагог беті жабық себет алып шығады. – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, пайдалы тағамдар бар. Қандай тағам деп ойлайсыңдар? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). – Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз. Сүт қай малдың өнімі? – Сиярдікі. – Сиярды сауатын адамды қалай атайды? – Сауыншы. – Сауылған сүтті қайда апарайды? – Сүт таситын машинелермен сүт өңдейтін зауыттарға әкеледі. Сол жерде</p>

		<p>дамыту). Егер зат біреу болса – бір рет қол шапалақта. Егер заттар саны көп болса – көп рет қол шапалақта. – Адамда қанша бас бар? – Теңізде қанша балық бар? – Итте қанша құйрық бар? – Өзен түбінде қанша құм бар? – Аспандағы жұлдыз саны қанша? – Ағашта қанша жапырақ бар? – Гүлдің қанша сабағы бар?</p>		<p>сал. Дөңгелек үлкен сары печеньенің суретін салу керек. Педагог тақтаға үлкен сары дөңгелек қоя алады. Содан кейін төртбұрышты қоңыр кішкентай печеньенің суретін салу керек. Педагог тақтаға кішкене қоңыр шаршы қоя алады. Әрі қарай балалар тапсырманы орындайды</p>	<p>сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өндейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін сүт өнімдері дүкендерге жеткізіледі.</p>
	<p><b>3.Қазақ тілі</b> Біздің топ <b>Міндеті:</b> Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу <b>Сөздік ойын: «Жалғасын тап».</b> Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b> Біз мектепте не істейміз? <b>Міндеті:</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).  <b>Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».</b> Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? -Айман Төлеутайқызы. \ – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады.</p>	<p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b> Менің досым <b>Міндеті:</b> - Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану  -Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. -Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал</p>	<p><b>3.Көркем әдебиет</b> Күз – жомарт <b>Міндеті:</b> - -Күз мезгіліндегі табиғат ерекшелігімен таныстыру. Сөздік қорын байыту. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу Қолданылатын көрнекі құралдар: күз туралы суреттер, жемістер мен көгөністер, интербелсенді тақта, слайд, үлестірмелі материалдар, түрлі түсті қарындаштар. Сөздік жұмысы: тоназып, саудырап. Күз туралы суреттер бойынша күз мезгілі туралы әңгіме құрайды. – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? – Күзде далада қандай өзгерістер болады? – Бүгін күн ашық па, бұлтты ма? – Күз мезгілінде күн суытып, әлсін-әлсін жаңбыр жауады. Жемістер мен көгөністер піседі. Сондықтан күз мезгілін «Күз – жомарт» деп атайды. – Біз бүгін ақын Ермек Өтетілеуұлының «Күз – жомарт» өлеңімен танысамыз <b>Күз – жомарт</b> Тоназып атырап, Көк жеміс піседі. Сарғайып жапырақ, Саудырап түседі. «Күз – жомарт» дейміз біз, Жемісін жейміз біз. – Күзде ауа райында көп өзгеріс болады. Адамдар қалың киіне бастайды. Көгөністер мен жемістерді жаздай күтіп-баптасақ, мол өнім аламыз. Еңбектің</p>	<p><b>3. Сурет салу.Мүсіндеу.Жапырақтарды құрастыру.</b> Күзгі орман <b>Міндеті</b> -тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру --тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру - шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу – Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету <b>Максаты:</b>- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, - бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру - қол, саусақ қимылдарын арттыру;</p>

				арқасында жақсылық та, қуаныш та, байлық та болады	көркем сөйлеу тілін дамыту - ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу <b>Топтық жұмыс:</b> Сурет салі Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру <b>Күз</b> Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Қурап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.
	<p><b>4.Дене шынықтыру</b> Күлкі сыйла Біз күшті және ержүректіміз <b>Міндеті:</b> -Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру</p> <p>Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды. <u>Қауіпсіздік техникасы</u> қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою.</p>	<p><b>4.Музыка</b> Нота үйренейік <b>Міндеті:-</b> Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өндеген Т. Қоңыратбай). <b>Ән айту:</b> «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) <b>Билер:</b> «Жұптасу биі» (чех халық әуені) <b>Ойындар, хороводтар:</b> «Сиқырлы ағаш» <b>(«Дидактикалық ойындар» жинағынан)</b></p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b> Мен ойнағанды жақсы көремін <b>Міндеті:</b> - арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру <b>Мақсаты:</b> : арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> жалпы дамыту жаттығуларын, шашырап жүруді, «Өз-өзіңе кел» психологиялық- қозғалыс жаттығуын; <b>Түсінеді:</b> тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын; <b>Қолданады:</b> 1,5 минутқа дейін</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b> Қалай спортшы болуға болады <b>Міндеті:</b> - скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу <b>Мақсаты:</b> скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> тыныс алу гимнастикасы, 4 метр артпен жүру, «Миға арналған гимнастика» жаттығуы, допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру. <b>Түсінеді:</b> таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін. <b>Қолданады:</b> баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды,</p>	<p><b>4.Музыка</b> Нота үйренейік <b>Міндеті</b> - Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету <b>Мақсаты:</b> Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> шығармаларды тындайды, қарапайым күй жанрларын ажыратады;ән орындайды. <b>Түсінеді:</b> ән айту дағдыларын. <b>Қолданады:</b> мәнгерлі қимылдарды орындайды <b>Музыка тыңдау:</b></p>

	<p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет). Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы- жүргізуші тұрады. Балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санандар. Бір, екі, үш – ал тарандар!» Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады</p>		<p>орташа қарқынмен жүгіру қарқынын, жұп болып бір-біріне доп лақтыруды, тыныс алу гимнастикасын, кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын) Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2 метр) (10 рет). Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет). Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады</p>	<p>кеңістікті бағдарлау қабілетін «Секір-секір» (татар халқының ойыны) (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.</p>	<p>«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу бии» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Сиқырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b></p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b></p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b></p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b></p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b></p>
<b>Серуен</b>	<p>Картотека №5 Құстарға бақылау жасау Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар</p>	<p>Картотека №6 Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа -</p>	<p>Картотека № 7 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге дәсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы</p>	<p>Картотека № 8 «Қайтқан құстарды бақылау» Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын атапқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту.</p>	<p>Картотека № 9 Қоңыр күзді бақылау, салыстыру Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру.</p>

	<p>қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан кикымын салу. Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. Жеке жұмыс: Торғай, торғай торғайсың Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. Қимылды ойындар: «Өз орынды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу. (Экологиялық мәдениет)</p>	<p>райымен салыстыру, күздегі өгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау. Мақсаты: Өз алдына еңбектене білуге тәрбиелеп, бағыт беру. Балалармен жеке жұмыс: «Жел» туралы тақпақ айтқызу Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» (кимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру) Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып» (Экологиялық мәдениет)</p>	<p>Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнгерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық » Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: 1. Қуаласпақ. 2. Тығылыспақ. (Экологиялық мәдениет)</p>	<p>Еңбек: Сынған ағаш қалдықтарын аула сыпырушының арбасына салып жинау Мақсаты: Құстарды қамқорлауға қызығушылықтарын арттыру. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар «Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін.»(қарлығаш) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Көркем сөз: «Гу-гу, гу-гу шықты Желдегі де бұлт куды Жел соққан соң Жел соққандай жұлқынды» (Экологиялық мәдениет)</p>	<p>ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру) Мақсаты: Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу. Көркем сөз: «Жүз» Қара бұлт қабағын түйеді, Бұталар боз қырау киеді . (Экологиялық мәдениет)</p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>Айым мен Іңкәрға құстарды танып, атын атауға үйрету.</p>	<p>Мейірланға түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»</p>	<p>Жәниямен Іңкәрға карандашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»</p>	<p>Малика мен Айсултанға ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу: «Асық»</p>	<p>Заңғармен Айаруға түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»</p>
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b>Мақсаты: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншық тармен, құрсаулармен ойындарын қолдау</p>	<p><b>Ойын:</b> «Кімнің жұмыс орыны» <b>Барысы:</b> Балаларға берілген пазыл бөліктерімен қызмет орынының бөлмесін</p>	<p><b>«Сызық жүргіз» ойыны.</b> Дәптермен жұмыс. Шарты: үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салындар</p>	<p><b>Дид.ойын: «Не жоқ?»</b> Қай ойыншық жоқ екенін атады Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау.</p>	<p><b>Ақ-ақ-ақ-ойнақтайды лак</b> <b>Мақсаты:</b> Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p>



		құрастыру және сол бөлмеде жұмыс істейтін қызметкерді тауып, орналастырады			
<b>Балаларды үйге қайтару</b>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

**Мектепалды «А» сыныбы**

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 16- 20 қыркүйек 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.09	Сейсенбі 17.09	Сәрсенбі 18.09	Бейсенбі 19.09	Жұма 20.09
<b>Балаларды қабылдау 8.30-9.00</b>	<b>«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!» Мұзафар Әлімбаев</b>				
	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	ойын «Вагондарға дөңгелек таңдау» Шарты: суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	Еркін ойын: «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	ойын: «Қайтала» Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шиімен қайталайды.	ойын: «Ойыншықты тап» Шарты: Жасырылған ойыншықты табады.	Еркін ойын: «Сенде не бар?» Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды.
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін сізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	«Менің Қазақстаным» Ән ұран орындау Максаты:рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу	Құрылыс ойындары «Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». «Әжелер мектебі»	Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау. «Әжелер мектебі»	Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туыскандары туралы әңгімелеп беру . «Әжелер мектебі»	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. «Әжелер мектебі»
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 3				
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
<b>9.00-11.10</b>	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Менің сүйікті ойыншығым <b>Міндеті</b> : -«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> Дауысты дыбыстар <b>Міндеті</b> : -Дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру <b>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар</b> : №1 жұмыс дәптері, түрлі	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> Дауысты дыбыстар <b>Міндеті</b> :- Дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру <b>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар</b> : № 1 жұмыс дәптері,	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> Дауысты дыбыстарды бекіту <b>Міндеті</b> : -Сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту. <b>Қолданылатын көрнекі</b>	<b>1.Көркем әдебиет</b> Кішкентай бағбан <b>Міндеті</b> : . - Кейіпкерге мінездеме беруге үйрету. Әдеби шығарманы мұқият

	<p>қарап, әңгіме құрай білуге үйрету</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап».</b>  <b>Ойын шарты:</b> балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді</p>	<p>түсті суреттер.</p> <p><b>«Құпия сөз» дидактикалық жаттығуы</b> – Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ сол туралы айтамын. Кім құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады. – Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады. – Ауыл. – Иә, балалар, бұл – ауыл. Енді келесі құпия сөзді табуға тырысындар. – Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады. Кешкілік бәрі жиналады, әңгімелеседі. Балалардың жауабы тыңдалады. – Дұрыс айтасындар балалар, мен отбасы туралы айттым.</p>	<p>түрлі түсті суреттер, айна.</p> <p>Суреттермен жұмыс Педагог тақаға ер, үзеңгі, ірімшік, әткеншек, өрмекші және инеліктің суреттерін іледі. Балалар әр заттың атын атайды. Педагог осы сөздердің мағынасын түсіндіреді. Ер – аттың үстіне адам отыру үшін ағаштан жасалған әбзел. Үзеңгі – атқа отырған адам аяғын салып отыратын темірден жасалған әбзел. Ірімшік – сүттен жасалатын тағамның түрі. Әткеншек – балалар ойнайтын ойынның түрі. Өрмекші – жәндік. Инелік – жәндік.</p> <p><b>«Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы</b> – Балалар, сендер дауысты е, і, ө, и, ә, ү дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишқадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады. Балаларға көмек ретінде педагог дауысты дыбыстардан басталатын бір суреттен тақтаға іледі. Мысалы: етік, ірімшік, ілгіш, із, ит, өшіргіш, өгіз, өлшеуіш, элеватор, үстел, үзеңгі, үтік, үсік, ит, ине, имек, итқұс, илеу, елік, ерін, емізік, ешкі, есік т.б.</p>	<p><b>құрал-жабдықтар:</b> № 1 жұмыс дәптері.</p> <p><b>«Кім көп сөз айтады» дидактикалық жаттығуы</b> – Балалар, сендер дауысты дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишқадан беріледі, кім көп сөз айтса, сол – жеңімпаз. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттерге қара. Ата. Құрамында дауысты «а» дыбысы бар затты сары қарындашпен, дауысты дыбысы «е» бар затты қызыл қарындашпен қос. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Заттарды атайды, «а», «е» дауысты дыбыстары бар заттарды анықтайды. 2. Дауысты дыбыстан басталып, дауысты дыбыстан аяқталатын суреттерді қорша</p>	<p>тыңдауға баулу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу</p> <p><b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> жеміс жинап жатқан балалар, екінші баланың ойын ойнап жатқан суреттері. Күзгі бақтың суреттері, интербелсенді тақта, слайд, үлестірмелі материалдар, түрлі түсті қарындаштар</p> <p><b>«Сикырлы қоржын» ойыны</b> Қоржында әртүрлі жемістер бар. – Балалар, қоржында не бар деп ойлайсындар? Балалар қоржыннан бір-бірлеп жемістерді алады да, атын атайды. – Осының бәрін бір ауыз сөзбен қалай атаймыз? – Жемістер қайда өседі? – Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз. Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді. Сұрақ-жауап: – Әңгіме не туралы? Авторы кім? – Садық бақта не істеді? – Садықты кім ойнауға шақырды? – Қалел досына не көрсетті? Садық</p>
--	--	--	--	--	---

				<p>неге бармады? – Күз мезгілінде не өсті? – Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу). – «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз? – Садықтың еңбегін қалай бағалайсың? – Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің? – Әңгіме қалай аяқталды? (Көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді).</p>
--	--	--	--	---

	<p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  Жанды және жансыз табиғат  <b>Міндеті:-</b> Жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын түсіндіру  <b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> үлестірмелі материал, интербелсенді тақта, жұлдызшалар, жанды және жансыз табиғатқа жататын заттардың суреттері, кима карточкалар.</p> <p>Бізді қоршаған табиғатта өсімдіктер өседі, жануарлар тіршілік етеді. Бұлар – жанды табиғат. Олар өмірге келеді, өседі, жетіледі, көбейеді, тіршілігін тоқтатады. Жанды табиғатқа жататын да ауамен дем алады. 2-слайд. Жансыз табиғатта бұл қасиеттер жоқ. (Балалар суреттегі жансыз табиғатқа жататын заттарды атайды, неге «жансыз» деп аталатынын пайымдайды: «Күн, тас, тау, топырақ, құм, су жансыз, өйткені олар тыныс алмайды, қоректенбейді, өспейді, көбеймейді»). Адам қолымен жасаған заттар да жансыз табиғатқа жатады, өйткені оларды жасау үшін адам табиғи заттарды пайдаланады. Балалардың пайымдауы: «Жиһаз, киім, үй – бәрі жансыз табиғатқа жатады, өйткені үй құрылысына жансыз табиғи заттар – құм, тас, ағаш т.с.с.</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b>  1 саны және цифры  <b>Міндеті:</b> -1 саны және цифрымен таныстыру; «Көп», «Бір» ұғымдарын бекіту</p> <p><b>Құрал-жабдықтар мен материалдар:</b> №1 жұмыс дәптері, санау материалдары, үлестірмелі материалдар: №1, паровоз бен вагондар №16, цифр-жолақтар №4, цифр-пазлдар №5 парақтар), ермексаз <b>«Сиқырлы паровоз».</b>  Үлестірмелі материалмен жұмыс (№16 парақ). – Суретте қанша паровоз бар? (Бір). Қанша вагон бар? (Бір). Саяхаттау үшін қанша машинист қажет болады? (Бір). Балалар көп ойыншықтың ішінен машинисті таңдайды. Кейіпкерлер – көп, машинист – біреу (жалғыз). 1 цифрымен таныстыру. Педагог түсіндіреді: машинист – біреу, бір санын 1 цифрмен белгілейміз. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Бір-бірден көрсетілген заттарды белгіле. Суретте қанша зат болса, ұяшыққа сонша нүкте сал. Балалар суреттерді қарайды. Жеке бір-бірден тұрған заттарды белгілейді. Суретте қанша зат болса, сонша нүкте салады. Тапсырманың орындалуын түсіндіреді: шар біреу, оған белгі саламын. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Одан әрі педагог 1 цифрының үстінен саусақтарымен жүргізуді ұсынады. Саусақпен төменнен жоғары оңға қарай, тоқтамай, одан әрі солға қарай төмен түседі. 1 цифрын ермексаздан жасайды. №5 пазл қағазын пайдаланады (үлестірмелі</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b>  2 саны және цифры  <b>Міндеті:</b> -2 саны және цифрымен таныстыру; сандарды ретімен айту</p> <p><b>Құрал-жабдықтар мен материалдар:</b> №1 жұмыс дәптері, санау материалы, үлестірмелі материалдар (№1, №16 парақтар), ермексаз, цифрларды орналастыруға арналған көмекші материал</p> <p>– Суретте қанша вагон бар? (Бір)  – Терезе санына қарай вагонға ертегі кейіпкерлерін орналастырындар (суреттер алдын ала педагогпен таңдалады). Балалар ойынға қатысады. Әр вагонда екі кейіпкер саяхаттауға шыға алатындығын анықтайды. Педагог тақтаға паровозды және екі вагонды іледі. Балалар кейіпкерлерді таңдап, оларды вагонға отырғызады/орналастырады. Педагог ізденіс тапсырмаларын ұйымдастырады. – Қанша паровоз бар? – Паровозға біз қанша вагон жалғадық? Балалармен бірге дауыстап санайды, әрбіреуін таяқшамен көрсетеді. Вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, вагон терезелерін санайды. «Екі» сөзін дауыстап қайталайды. Одан кейін педагог ұсыныс жасайды: – Терезелерді санайық: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.б. Әр вагонда 2 терезеден бар. Ойындық жаттығу. «Бір немесе екіден тұрған заттарды тап». Педагог заттар жиынтығынан 1 немесе 2-ден тұрған заттарды табуды сұрайды. – Сендерде неше қол, неше аяқ, неше көз, неше құлақ бар? Екі ол – «жүп» деген түсінікпен таныстырады. Екі қолғап, екі шұлық және т.б. Мына сөздерді дауыстап қайталайды: «екі»,</p>	<p><b>2.Математика негіздері</b>  3 саны және цифры  <b>Міндеті</b> 3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету  <b>Құрал-жабдықтар мен материалдар:</b> №1 жұмыс дәптері, санау материалы, үлестірмелі материал: № 1, № 2, паровоз бен вагондар №16, цифр-жолақтар, цифр-пазлдар (№4, №5 парақтар), ермексаз, цифрларды орналастыруға арналған көмекші материал.  <b>Сөздікпен жұмыс:</b> үш, сан, цифр.  1-тапсырма. Суретке қара. Қанша қыз және қанша ит екенін сана. Ұяшыққа сонша нүкте сал. – Суретте не бейнелеген? – Қыздар нешеу? Сана. Неше ит бар? – Ұяшыққа сонша нүкте сал. Балалар суреттегі заттарды санайды. Педагог ұяшыққа сонша нүкте салуды сұрайды. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Тапсырманы орындар алдында QR код арқылы, цифрды таңбалау тәртібі туралы анимация көруге болады. Цифр бейнесімен танысу. Балалар цифрдың үстінен саусағымен сызып, одан кейін ауада сызып үйренеді. Ауада 3 цифрын «жаз»: кіші жарты сопақшаны солдан оңға жүргізіп, одан соң қолды үзіп үлкен жарты сопақшаны жүргіз. Ермексазбен немесе басқа материалдармен тәжірибелік жұмысты жасау.  <b>«Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны.</b>  Педагог ойын шарттарын түсіндіреді: үш бала 1-ден 3-ке дейінгі цифрларды таңдап алады. Әрқайсысы бір саннан</p>	<p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер  <b>Міндеті.</b> Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістері және тіршілігімен таныстыру  <b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> үлестірмелі материал, интербелсенді тақта, жануарлар мен аңдар бейнеленген ашықхаттар, жаңғақтар, жемістер, тиін, қоян, аю, түлкі муляждары.  Педагог балаларға орманға саяхат жасауды ұсынады, интербелсенді тақтадан «Кәне, кімнің бойы ұзын, паровозы пойыздың» әні шырқалады. 1-аялдама: «Жұмбақтар аялдамасы». Ер Төстіктің жұмбақтарын шешеді. Бұтақтан бұтаққа шапқылап Мамық жүнді тоны бар, Ұлла құйрық тұр қарап. Кішкентай орман тұрғыны, Ауыстырғанға ол құмар. Қыста кесе ақ тонын, Қызғылт сары, төсі ақ. (Тиін) Жазда сұры табылар. (Қоян) Тал шыбықтай бұралып, Ат қойсақ оған «Қорбаңбай» Кербез, сұлу қу бикеш. Ұнай ма саған, балақай? Алдыңнан шықса қуланьп, Қойнында оның таңқурай, Аңтарылып қалма еш. (Түлкі) Жинайды жидек жай тұрмай. (Аю) Балалар жұмбақтарды шешіп, үстелде тұрған орман макетіне тиін, қоян, аю,</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>заттарды пайдаланады. Адам жанды табиғатқа жатады, табиғаттың бір бөлігі». Педагог қысқаша қорытынды жасайды: «Табиғат – адамның қатысуынсыз пайда болған және барлық жанды табиғат бөліктері өмір сүре алатын жаратылыс».</p>	<p>материал).</p>	<p>«жүп». – Бір затты қандай цифрмен белгілейміз? (1). Қос/екі затты? (2) Педагог тақтадан 1 және 2 цифрын көрсетеді.</p>	<p>алуы тиіс. «Тірілер» шартты дабыл белгісі бойынша балалар бөлме ішінде жүгіреді. Жүргізушінің екінші шартты дабыл белгісі бойынша барлық сандар/цифрлар рет бойынша 1-ден 3-ке дейін солдан оңға қарай тізіліп тұрады. Одан соң әр санға жеке-жеке тапсырма беріледі: өзіндегі цифр көрсететін санға сәйкес қол шапалақтау, алға қарай сонша қадам жасау және т.б. «Тірі» цифр тапсырманы орындайды және топтың басқа баласына кезек береді. Ойыншылар ауысқан соң, ойын кері басынан басталады.</p>	<p>түлкіні орналастырады. 2-аялдама: Жануарлар мен аңдардың қысқа дайындығы туралы әңгімелейді. Бейнебаян: «Қаһарлы қысты қарсы алу үшін орман жануарлары күздің басында дайындық жұмыстарын бастайды. Өздері ін қазады, азық қорларын дайындайды. Тиіндер мен қояндар түлейді. Олар жазғы тондарын қысқы тондарға ауыстырады. Аю жаз бойы орманды аралап, піскен жидектерді, жаңғақтарды жейді, қысқа дайындалып, семіреді. Алғашқы қар жауғанда, апанына кіріп алып, ұйқыға кетеді. Қасқыр мен түлкі қыста ұйықтамайды, күзде қор дайындамайды, аң аулайды. Күздің аяғында орманда тыныштық орнайды. Неліктен? Құстардың дауыстары естілмейді, олар жылы жаққа ұшып кеткен. Отырықшы құстар ғана қалған</p>
	<p><b>3.Қазақ тілі</b> Мектеп қызметкерлері <b>Міндеті:</b> суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу  <b>Дидактикалық ойын:</b> «Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар»</p>	<p><b>3.Қазақ тілі</b> Менің ойыншықтарым <b>Міндеті:</b> Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып құрастыруға баулу  <b>Ойын «Кім жылдам?»</b> . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю</p>	<p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b> Менің сүйікті ойыншығым <b>Міндеті:</b> - Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу <b>Мақсаты:</b> : Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы</p>	<p><b>3.Көркем әдебиет</b> Тату доспыз бәріміз <b>Міндеті:</b> Достық туралы түсінігін кеңейту. Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Достарымен тату болуға тәрбиелеу <b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> ән айтқан балалар, ойнап жатқан балалар туралы суреттер, слайд, үлестірмелі материалдар. Сөздік жұмысы: әркез.</p>	<p><b>3.Сурет салу.Мүсіндеу.Жапсыру.Құрастыру.</b> Тостаған <b>Міндеті:-</b> Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу),</p>

	<p>қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар.</p> <p>Диалог:  Бала: Сәлеметсіз бе!  Қуыршақ: Сәлеметсіз бе!  Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине.  Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе!  Қуыршақ: Сәлеметсіз бе!  Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет.</p> <p>т.б. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар болады</p>	<p>ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады. Педагог шағын мәтін құрайды. Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын бұрышында тұрады. Ойыншықтарды жинау керек. Тап-таза ұстау керек. Оларды жуу керек. Ойыншықтарды сындырмай, лақтырмай ойнау керек</p>	<p>ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу</p> <p>Сылдырмақпен би Қолымызда сылдырмақ Сылдыр, сылдыр етеді. Аяғымыз тыпырлап, Өзі билеп кетеді. Тып, тып, тып, тып, тып. Тыпылдатып биге шық. Қолымызда сылдырмақ, Сыңғырлата қағамыз. Сол аяқ пен оң аяқ Басуын тез табамыз. Тып, тып, тып, тып</p>	<p>Балалар, бәріміздің бірге екенімізді сезіну қандай тамаша! Ал енді бәріміз қол ұстасып, бір-бірімізбен достықты қолдайтынымызды білдірейік. Дос болу, тату болу – адам бойындағы жақсы қасиет. Дос деп қиналғанда қол ұшын беретін, алыста жүрсе сағынатын, қуанышымен бөлісіп, әрдайым жаныңнан табылатын адамды айтамыз. Достар мейірімді, тату болады. Достар әрқашан бір біріне көмектеседі. Достар бір-бірін түсінеді, бірге ойнайды. – Бүгін ақын Фариза Оңғарсынованың достық, татулық туралы «Тату доспыз бәріміз» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). – Өлеңде достар туралы айтылған. Достар үнемі бірге жүреді. Тату достар ойыншық, кітаптарын таласпай бөліседі. Ренжіспейді, тату-тәтті ойнайды. Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Өлеңде не туралы айтылған? – Сенің досың бар ма? Досыңмен татусың ба? – Тату дос дегенді қалай түсінесің? – Дос сөзіне сөйлем құра.</p>	<p>қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу - Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын мүсіндеу - Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану - Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ыдыстарын құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыстар жүргізу</b></p>
	<p><b>4.Дене шынықтыру</b>  Доппен ойнап, көңілді көтер</p> <p><b>Міндеті:</b> допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып ал</p> <p>1. допты бір қатарға қойылған кегли арасымен домалату. 2-3 рет  2. допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу. 2-3 рет  Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет).  Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады.  «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ.  Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».</p>	<p><b>4.Музыка</b>  Көңілді ырғақтар</p> <p><b>Міндеті:</b> - Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру</p> <p>«Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Мендіғалиев)  Ән айту:  «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)  «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b>  Күзгі орманда</p> <p><b>Міндеті:</b> - модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру</p> <p>Бөрене үстінде еңбектеу барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету.  «Сілеусін» жаттығуы: бөренеден түсу.  2 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын) бекіту, доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп, қағып алуға үйрету. Нұсқау – ұшып келе жатқан допты қолды шынтақтан бүгіп, саусақтарын ашқан күйде қағып алу.</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b>  Дене қабілеттерін дамыту</p> <p><b>Міндеті:</b> 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».</b> Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. (5 рет)  «Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 2,5 метр).</p>	<p><b>4.Музыка</b>  Көңілді ырғақтар</p> <p><b>Міндеті:</b> - Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру</p> <p>Музыка тыңдау:  «Вальс» (Қ. Шілдебаев), «Полька» (М. Красев), «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Мендіғалиев)</p>

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)	Тепе-теңдік: модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыруды жалғастыру	Құрсаулардың (4 құрсау) айналасында тұрады, құрсау жанында асықтар жатады. Балалар асықтарды алып, құрсау ішіне лақтырады. «Қазанға» көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.  Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады.	Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.  <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.  <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.  <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.  <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>



<p><b>Серуен</b></p>	<p>Картотека № 9 Қоңыр күзді бақылау, салыстыру Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру) Мақсаты: Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу. Көркем сөз: «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді, Бұталар боз қырау киеді (Экология мәдениеті)</p>	<p>Картотека № 10 «Өзге топ балаларының іс-әрекеті » Мақсаты: Балалардың назарын өзге топ балаларының іс-әрекетіне аудартып, балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу. Еңбек: Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарын жинау. Мақсаты: Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру. Ағайынды бес құрдас Бірдей болып еш тұрмас (саусақ) Қимылды ойындар: «Жай жүгіріп өт» Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету. Балаларды икемділікке баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Көркем сөз: 1. Есігі-біреу 2. Адамның сәні Бөлмесі бесеу Онсыз жоқ мәні (қолғап) (киім) (Экология мәдениеті)</p>	<p>Картотека № 11 Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарты, будак, қабатты бұлиарды ажырату . Еңбек : Үлкендердің көмегімен ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: «Соқыр теке» Дербес ойындар: 1. Өткіншек тебу. 2. Тартылғышқа тартылу. (Экология мәдениеті)</p>	<p>Картотека № 12 Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: « Таза алаң » . Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » . Мақсаты: Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Үреді үйшікте, Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі ақ, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Өткеншек тебу. 2. Допты қуалау (Экология мәдениеті)</p>	<p>Картотека № 13 Күзгі жапырақтарды бақылау Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек: Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Қимылдық ойын: «Күн мен түн» «Өз орныңды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу. » Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Өткеншек тебу  2. Қуаласпақ (Экология мәдениеті)</p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Жанға Р дыбысты дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.</p>	<p>Заңғарға Ш дыбысын дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.</p>	<p>Дарынға 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету</p>	<p>Айсанағаи «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.</p>	<p>Айшуаққа жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру</p>

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Алтын қақпа»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» « Құнан шабысы»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Арқан тарту»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Оқтау тартыс»	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Көкпар»
<b>Мақсаты:</b> -балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйрету, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу					
Балаларды үйге қайтару	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 23- 27 қыркүйек 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.09	Сейсенбі 24.09	Сәрсенбі 25.09	Бейсенбі 26.09	Жұма 27.09
Балаларды қабылдау  8.30-9.00	«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы «Апта дәйексөздері»- «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбаев				
	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау» Шарты: суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	Еркін ойын: «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	Пж ойын: «Қайтала» Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шиімен қайталайды.	Пж ойын: «Ойыншықты тап» Шарты: Жасырылған ойыншықты табады.	Еркін ойын: «Сенде не бар?» Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жаңғақтармен ойын » Ойын шарты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.	Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар: Қысқыштармен ойналатын ойын Ойын шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.	Ойын: «Тығылыспақ» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар:	Тілді жаттықтыратын тақпақ Кім келді? Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз! Апа, апа бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Әке, әке бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Ағатайым бұл сіз бе? Иә, иә, иә! Қарындасым бұл сен бе? Иә, иә, иә! Біздер тату жан ұя Иә, иә, иә!	Ойын: «Айдаһардың құйрығы» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсартады
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 4				

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p> <p>9.00-11.10</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Күз бояуы <b>Міндеті:</b> - сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану</p> <p><b>Күз бояуы (жаттау)</b> Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім ақшаны, Қауын біткен сап-сары. <b>Көрінеді</b> шалғайдан, <b>Бел-белестер</b> сарғайған. <b>Сары жапырақ төгілген</b> <b>Тоғайды да көрдім мен.</b> <b>Таза жездей жинаған,</b> <b>Сары бояу айналам.</b></p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> Дауыссыз дыбыстардың жасалуы <b>Міндеті:</b> Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту <b>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар:</b> № 1 жұмыс дәптері, қызыл – көк фишкалар, <b>«Қайтала»(доппен) дидактикалық ойыны</b> – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: тттиін(т), ккқсққыр(к), бббаққа(б), вввагон(в), ғғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л), мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), т.б. – Балалар, осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар? Дыбыстарды айту оңай болды ма? – Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен. – Ал ол кедергілер нелер? (Ерін, тіл, тіс т.б.) – Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз. Олар сөйлеу мүшелерінің (ерін, тіл, тіс, т.б.) бір-бірімен жанасуы немесе толық қабысуы арқылы пайда болады. Дауыссыз дыбыстардың жасалатын орны – ауыз және көмей қуыстары. Кәне, барлықтарың айнаны алып қараңдар да, менің артымнан қайталаңдар: «К», «Т», «М». Осы дыбыстарды әндетіп айтып көрейік. Айтылады ма екен әндетіп? Неге? Өйткені бұлар дауыссыз дыбыстар, дауыссыз дыбыстар созып, әндетіп айтылуға келмейді, олар қысқа да нақты айтылады. Дауыссыз дыбыстар тек салдыр немесе салдыр мен үн қатысуы арқылы</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> Біз нені үйрендік? <b>Міндеті:</b> Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру <b>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар:</b> № 1 жұмыс дәптері. «Күрекше», «Ин»,«Төбешік» <b>«Түтікше» «Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны</b> – Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын суреттегі сөзді қосуларың керек. Мысалы: қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әтеш), темір ... (ыдыс)т.б. – Балалар, бүгін мен сендерге жаңылтпаштар туралы айтып беремін. Жаңылтпашты жаңылмай айта білген бала шешен де, ұтымды сөйлеуді меңгереді. Логикалық ойлау қабілеттері жетіледі. Сонымен қатар жаңылтпаш айта білген баланың тіл байлығы дамып, күрделі сөздерді киналмай айта білуге дағдыланады. Ал жаңылтпаш табиғат, жан-жануарлар, құстар мен жәндіктер туралы әртүрлі тақырыптарда болады. «Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы Асан бақша жақтан Ақ сабақты асқабақ әкелді. Басқа жақтан Басқарақ асқабақ әкелді. – Балалар, осы жаңылтпашта қай дыбыс жиі естіліп тұр? – А дыбысы. – А дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбыс</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> Біз нені үйрендік, нені білдік? <b>Міндеті:</b> Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру <b>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар:</b> № 1 жұмыс дәптері, мазмұнды суреттер. 1-тапсырма. <b>«Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы</b> Дұрыс жауапқа фишка беріледі. Педагог балаларға «е» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. – Етік, ешкі, елгезек. – Емізік, ел, есік, есеп, елек, елпілдеп, Елжас, Ернар, Елдана, Ернұр. Педагог балаларға «ы» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. – Ыдыс, ырыс, ымырт, Ыбырай, ығал, ық ықылық, ырым т.б. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. 2-тапсырма. «Дыбыстар тізбегі» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бір сөз айтамын. Сендер сол сөз қай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтып, допты келесі балаға лақтырасыңдар. Мысалы: ана арман-нар-рақат-тағам-мандарин-нан-нәтиже-елгезер-рамазан-нәзік т.б.).</p>	<p><b>1.Көркем әдебиет</b> Мақтақыз бен мысық <b>Міндеті:</b> - Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Жанашырлыққа тәрбиелеу</p> <p><b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> Мақтақыз, мысық, сиыр, ағаш, су, дүкенші, тауық, жұмыртқа, қыздар, тышқанның суреттері. Ертегі кейіпкерлерінің бетпердесі, слайд, үлестірмелі материалдар. Еріксе, құйрығымен ойнайды, Зеріксе, ұйқыға бір тоймайды. (Мысық) – Мысық қалай дыбыстайды? Ол нені жақсы көреді? – Бүгін мысықтың басынан өткен оқиға туралы «Мақтақыз бен мысық» атты қазақ халқының ертегісімен танысамыз. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегі ойдан, қиялдан құрастырылады. Педагог ертегіні</p>
---	---	---	--	--	---

		жасалады. Дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз.			оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). – Балалар, суреттен нені көріп тұрсындар? (Слайд көрсету) Ертегідегі мысық пен Мақтақыздың әрекеті туралы сурет. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі не туралы? Мақтақыз не тауып алды? – Мақтақыз мысықты не үшін жазалады? – Мысық қатық алу үшін қайда барды? – Жапырақ қайда өседі? – Мысық дөңді қайдан алды?
	<p><b>2.Қазақ тілі</b> Күзгісеруен <b>Міндеті:</b>- Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан <b>Дидактикалық ойын:</b> «Тыңда, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, кима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> Дыбыс <b>Міндеті:</b>Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру</p> <p><b>«Ненің дыбысы?» ойын-жаттығуы</b> Педагог балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тыңдауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады. Балалар ненің дыбыстарын естігендерін айтады. Педагог балаларға суреттер көрсетіп, оларға мұқият қарауларын сұрайды. – Суретте кімдерді көріп тұрсындар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді? – «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіндер!» деген мағынаны білдіреді. – «Шүү-шү-у» деп атты жүргізу үшін айтады. – «Іңгә-әңгә-ә!» – нәрестенің жылаған дауысы. – Бұлардың барлығында да сөздер айтылады. Тек ол сөздерді есту үшін, сөзді созып айту керек. «Аауууу!», «Шүү!», «Іңгәә!»</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> Дыбыс пен сөз <b>Міндеті:</b> - Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен)</b> – Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты қайталап, допты кері лақтыруларын керек. Мысалы: кқол, өзззен, үүй, қассссықыр, дооомбыра, құұұмыра, қанннт, батыыыр, арррба, баллла, шаррр, дөнгелллек, қаззз, құмммыра, көлллік, құссс, қааайық, бөшшшше, шанышшшқы, түлллікі, көззз, қонңнырау, құллпы, бақққа, сазззан, тышшшшқан, сссан, көрррпе, керррік, шыббын, аррра, баллла, жағға, тағға, құсс, тұззз, бііз, бәтеңңке, гүлл, баллл, сабббын, көззілдірік. (Ойынға барлық бала қатысады). <b>Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»</b> <b>Ойын шарты:</b> Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: (мәәә) Спыр мөңірейді:(мууу) Жылқы кісінейді:(йоо) Түйе боздайды:(баа) Ешкі бақырады:</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b> Білімнің – бұлағың <b>Міндеті:</b>- Білім туралы түсінігін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. Ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу</p> <p><b>Білімнің – бұлағың</b> Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да Ұстазсыз болмайды. Мереке күніңмен Құттықтап бүгін мен, Ойыма ой қосам, Сен берген біліммен <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Ғажайып қоржын».</b> <b>Ойынның шарты:</b> Ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен</p>	<p><b>2.Музыка</b> Білімнің – бұлағың <b>Міндеті:</b>Ән айту дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қосалқа» Дәулеткерей <b>Ән айту:</b> «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) <b>Билер:</b> «Жұптасу биі» ( чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>



	<p>және күз екенін тапқызады және әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіреді.</p> <p>Жаз және күз мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы бейнебаян көрсетіледі: Күннің күркіреуі, найзағай, нөсер, күннің ыстықтығы, жел соғуы, күннің суытып, жапырақтардың ұшуы, жел соғуы.</p> <p>Жазғы, күзгі ағаштардың өсуі, жыл мезгіліне байланысты өзгерістері жайлы бейнебаян шығады.</p> <p>Қайың, емен, үйеңкі ағаштары саябақтарда, жол бойында, орманда өседі.</p> <p>Алмаағаш – ең көп таралған бақша ағашы. Алмаағаштың жемісі – алма, өте пайдалы.</p>		<p>иттің қайда орналасуын анықтау. Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады. Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды.</p> <p>Педагог балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында</p>		
	<p><b>4.Дене шынықтыру</b> Спортзал <b>Міндеті.</b> Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін</p> <p><b>«Мұқият бол» ойын жаттығуы.</b> 1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b> Кеңістікте бағдарлау <b>Міндеті:</b>- сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету</p> <p><b>«Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды ұсынады. Ойын мақсаты:</b> ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Ойын барысы. Педагог</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b> Спортзалда ойнаймыз <b>Міндеті:</b>Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).</b> Балалар шеңбер бойынатурады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынғандықтан орбабайланған. Педагог жіптігер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнындатұрып жоғары секіріп іп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинапалады. Кімнің аяғы ілінсе, солайыншы</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b> Денсаулықтың құпиялары <b>Міндеті:</b> Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру</p> <p><b>Ойын:</b> «Қайда жасырылғанын тап». (2 рет). Спортзалда еркін тұрады.</p>	<p><b>4.Сурет салу.</b> <b>Мүсіндеу. Жапсыру.</b> <b>Құрастыру</b> Ағаш бұтақтары <b>Міндеті:</b>- Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру -Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау -- Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану <b>Мақсаты:</b> -балаларға терек</p>

	<p>қадағалау. Тынысалугимнастикасы (у-шу кешені). <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет).</b> Балаларшеңбербойынам алдасқұрыпотырады. Жүргізушішеңбербойым енжүріп, біройыншыныңжанынак еліп, оныңжанынабеторамалд ытастайды да: «Бұлжерсаған тар Өзіңеорынтауып ал», – дейді. Ойыншыбеторамалдыал ады да, жүргізушініқауады. Ал жүргізушіоныңорнынаж ылдамбарыпотырыпалуғ атырысады. Орынсызқалғанойыншы жүргізушіболады</p>	<p>ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p>	<p>«қармаққатүсті». Ойынбарысындабалалардыауық- ауықүзілістержасап, демалтыптұруқажет.</p>		<p>бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір- бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету -- пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,ағаш бұтақтарынмүсіндеу -- жырту,умаждау әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету - табиғиматериалдардыңтүрлері ментаныстыру, олардан ағаш бұтақтарын дайындайбілугеүйрету <b>Балалармен топтық жұмыс</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету  (Өз-өзіне қызмет ету)</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету (Өз-өзіне қызмет ету)</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. (Өз-өзіне қызмет ету)</p>
<b>Серуен</b>	<p><b>Картотека №2</b> Бақылау: Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу. Жеке жұмыс: Балалармен мысық туралы өлең жаттау. Мысық сүтке тойды Көзін қысып қойды Әндетіп бір баяу Дейді</p>	<p><b>Картотека №3</b> <b>Мектеп ауласындағы құстарды бақылау</b>  Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын атату және қимыл-қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын таңдау. Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жем салғышқа, үлкендердің көмегімен құстарға жем салу, оларды коректендіру.</p>	<p><b>Картотека №4</b> <b>Күз мезгілінде желді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту. Еңбек: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау. Мақсаты: Өз ойын алаңдарын таза, жинақы ұстауға үйрету. Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу. «Желді күн»(Ж. Смаков) «Гу-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт</p>	<p><b>Картотека №5</b> <b>Құстарға бақылау жасау</b> Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу.</p>	<p><b>Картотека №6</b> <b>Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа -райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау. Мақсаты: Өз алдына еңбектене білуге тәрбиелеп, бағыт беру. Балалармен жеке жұмыс:</p>



	<p>мияу,мияу,мияу. Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық»,«Кім тез жетеді?» Мақсаты: Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Көркем сөз: Бала мысық батыл-ақ, Тышқан ұстау талабы. Сылдыр етсе жапырақ, Дереву бұға қалады.</p>	<p>Мақсаты: құстарға қамқорлықтың өте қажеттігін ұғындыру. Құстарды үркітпей қамқорлауға үйрету. Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар»(жүгіру) Мақсаты: Тәрбиеші көмегімен, ойын ережесін бұлжытпай орындау. Көркем сөз: «Міне торғай, Үйін қорғай, Жер бауырлап зырлай Шырқап биік, күнге күйіп Қалмай, сайрапжырлайды.» <b>(экология)</b></p>	<p>Жел соққан соң Жел соққандай жұлқынды» Қимылды ойындар: «Күн мен түн»(жүгіру) Мақсаты: Жүгіру, секіру, мергендік қабілет-терін дамыту. <b>(экология)</b></p>	<p>Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. Жеке жұмыс: Торғай, торғай торғайсың Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. Қимылды ойындар: «Өз орыңды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу. <b>(экология)</b></p>	<p>«Жел»туралы тақпақ айтқызу Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру) Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып» <b>(экология)</b></p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>Ішке кіру</b>				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Мәдиге дыбыстың айтылуын жаттықтыру	Медина мен Айлинге заттардың қасиеттеріне қарай топтастыра білуді үйрету.	Балаларға «Құмырсқа» Ертегіні таныстыра отырып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі мазмұнын түсіндіру; ертегі желісі арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың ертегіге қызығушылықтарын ояту; дос туралы түсінік беру, адамгершілікке тәрбиелеу.	Кәусар қағаздан түрлі геометриялық пішіндерді қиып, оны жапсыруды үйрету.	Балаларға шығармашылық саласы бойынша топтасып ойнаулармен ермексаздан жануарлар мүсіндеуді үйрету
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Ойын:</b> «Керсінше айт» «Бір сөзбен ата»	<b>Ойын:</b> «Жазылмай қалған сандарды ата» «Орындықтар»	<b>Д/ойын:</b> «Сиқырлы суреттер» «Қай қолымда көп»	<b>Ойын:</b> «Ұзын-қысқа» «Кім епті»	<b>Қимылды ойын «Үйсіз қоян».</b> <b>Мақсаты:</b> —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; —жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу
Балалардың үйге қайтуы	<b>«Өнегелі 15минут»</b> Ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы әңгімелесу	<b>«Өнегелі 15минут»</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен	<b>«Өнегелі 15минут»</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты	<b>«Өнегелі 15минут»</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе,	<b>«Өнегелі 15минут»</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне

		мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	--	---	--	---	---

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі  
**Мектепалды** «Б» сыныбы  
**Балалардың жасы** 5 жас  
**Жоспардың құрылу кезеңі** 09- 13 қыркүйек 2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09	Сейсенбі 10.09	Сәрсенбі 11.09	Бейсенбі 12.09	Жұма 13.09
<b>13:30-14:15</b>	<b>«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы</b>				
<b>Балаларды қабылдау</b>	<b>«Апта дәйексөздері»-Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер</b> Мағжан Жұмабаев				
	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Фотосуреттер қарастыру: «Көліктер» Мақсаты: Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенін түсіндіру.	Д/ойын: «Кері айт» Мақсаты:мағыналары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.	«Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз» Мақсаты:конструктормен,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	Д/ойын: «Көліктерді ата» Мақсаты: балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенін түсіндіру.
<b>Ата-аналармен әңгімелесу,</b>	Ата-аналармен әңгіме:	Ата-аналармен	Ата-аналармен әңгіме:	Ата-аналармен әңгіме:	Ата –аналармен әңгіме:

<b>кеңес беру</b>	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	«Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	« <b>Менің Қазақстаным</b> » Ән ұран орындау <b>Мақсаты:</b> рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу « <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Түйілген орамал</b> » ойыны « <b>Бір тұтас тәрбие</b> »	« <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Орамал тастамақ</b> » ойыны « <b>Бір тұтас тәрбие</b> »	« <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Сақина салу</b> » ойыны « <b>Бір тұтас тәрбие</b> »	« <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Хан талапай</b> » ойыны « <b>Бір тұтас тәрбие жоспары</b> »	« <b>Ұлттық ойын-ұлт қазынасы</b> » Ұлттық құндылықты қалыптастыру « <b>Соқыр теке</b> » ойыны « <b>Бір тұтас тәрбие</b> »
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<b>Мнемосхемамен «Көліктер»</b> К. Бисекееваның тақпағын жаттау. Көліктер бар сан түрлі, Суда, жерде, көкте де. Дөңгелекті машина, Қажетбізгекөліктер Ұшақ, пойыз, кеме де.	« <b>Көңілдімін</b> » Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн, Көлікпін дуылдаймын дырн-дырн. Жүремін,айналамын бырн-бырн, Әрқашан көңілдімін сырн-сырн	« <b>Зу-зу етіп көшеде</b> » Зу-зу етіп көшеде, Күн-түн тыным таппайды. Төрт дөңгелек дөңгелер, Төрт аяқпен шаппайды.	« <b>Көлік жүйрік шықты алға</b> » Түрі, түсі, атауын, Оңай емес жаттауға. Қазіргінің тұлпары, Көлік жүйрік шықты алға.	« <b>Бип-бип-бип дейді</b> » Бип-бип-бип дейді Жол шетіне шық дейді Күшікті басуға болмайды машина, Бип-бип-бип дейді Жол шетінен күт дейді Көшеде асығып жүруге болмайды машина Бип-бип-бип дейді.
<b>14.15-16.25</b>  <b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Менің досым <b>Міндеті:</b> Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу  <b>Үнтаспадан Б.Самедиеванын орындауында «Достар, достар»</b> әні тыңдатылады Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған.	<b>1.Қазақ тілі</b> Біз мектепте не істейміз? <b>Міндеті:</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).  <b>Дидактикалық ойын:</b> « <b>Тыңда, көрсет, қайтала</b> ». Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету. – Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? -Айман Төлеутайқызы. \	<b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Менің досым <b>Міндеті:</b> - Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану  -Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың даулен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады. -Досыңа қандай сыйлық	<b>1.Сауат ашу негіздері</b> Дауысты дыбыстар <b>Міндеті:</b> -Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету <b>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар:</b> айна, мазмұнды суреттер, қызыл фишкалар.  Тіл дыбыстары адамның дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбысты жасауға қатысатын мүшелерге өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз	<b>1.Қоршаған ортамен таныстыру</b> Ауылдағы адам еңбегі <b>Міндеті</b> - Ауыл адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту <b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> интербелсенді тақта, доп, үлестірмелі материалдар, себеттегі сүт өнімдері. <b>Сөздік жұмысы:</b> еңбек, еңбектену, малшы. Балалар шеңберге тұрады. «Өнімдер» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). –

	<p>Достыққа адал адам, сертіне де адал болады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».</p> <p>Ойын шарты: педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама, баламасын айтады. Мысалы: әке, ана, аға, тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк</p>		<p>бересің суретін сал</p>	<p>қуысы, тіл, тіс, таңдай, жақ, ерін жатады.</p> <p>Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э.</p> <p>Балалар педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды. Педагог балалардан түсінгендерін сұрайды. Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады?</p> <p>«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету. – Дыбыстарды қалай белгілейміз?</p> <p>(Төртбұрышпен). Педагог «алма» сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға «алма» сөзінің сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді.</p>	<p>Адамдар не үшін еңбектенеді? Еңбек – адамның өз қажеттілігі үшін орындайтын жұмысы, ісі. Педагог кез келген затты алып, қандай еңбекпен жасалғанын балаларға әңгімелеп береді. Интербелсенді тақтадан бейнебаяндар көрсету. Ауылды бейнелейтін суреттерді көрсетіп, ауылда адамдар ауылшаруашылығымен айналысатынын айтады. Педагог беті жабық себет алып шығады. – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, пайдалы тағамдар бар. Қандай тағам деп ойлайсындар? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері). – Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз. Сүт қай малдың өнімі? – Сыйрдікі. – Сыйрды сауатын адамды қалай атайды? – Сауыншы. – Сауылған сүтті қайда апарады? – Сүт таситын мәшинелермен сүт өңдейтін зауыттарға әкеледі. Сол жерде сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді эртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін сүт өнімдері дүкендерге жеткізіледі.</p>
--	---	--	----------------------------	---	---

<p><b>2.Қазақ тілі</b> Біздің топ</p> <p><b>Міндеті:</b>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу</p> <p><b>Сөздік ойын: «Жалғасын тап».</b> Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Мектеп ... (әдемі, жарық, таза). Таңертең жаттығу ... (жасаймыз). Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз). Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> Сөз. Сөздің мағынасы</p> <p><b>Міндеті-</b>Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету</p> <p><b>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар:</b> Хатқалта, №1 жұмыс дәптері.</p> <p>Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. (Жапырақ) Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) Жапырақтар және күз туралы қандай әдемі сөздермен бізге суреттеп берді. Балалар, сендердің естеріңде ма сөз деген не еді? Сөз неден тұрады, нені білдіреді? (Балалардың жауабы тыңдалады). Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: алма, алмұрт, лимон – жемістердің аты; қызанақ, қияр, пияз – көгөністердің аты; құлпынай, бүлдірген, таңқурай – жидектердің аты; үстел, керует, орындық – жиһаздардың аты</p>	<p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> Сөз. Сөздің мағынасы</p> <p><b>Міндеті-</b>Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету</p> <p><b>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар:</b> Хатқалта, №1 жұмыс дәптері.</p> <p>Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. (Жапырақ) Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) Жапырақтар және күз туралы қандай әдемі сөздермен бізге суреттеп берді. Балалар, сендердің естеріңде ма сөз деген не еді? Сөз неден тұрады, нені білдіреді? (Балалардың жауабы тыңдалады). Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: алма, алмұрт, лимон – жемістердің аты; қызанақ, қияр, пияз – көгөністердің аты; құлпынай, бүлдірген, таңқурай – жидектердің аты; үстел, керует, орындық – жиһаздардың аты ай, жел, боран – табиғат құбылыстарының аты. – Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тік төртбұрышпен белгілейміз. .</p> <div data-bbox="1070 1289 1355 1332" style="border: 1px solid black; width: 127px; height: 27px; margin: 10px auto;"></div> <p>«Сөз жарысы» дидактикалық</p>	<p><b>2.Көркем әдебиет</b> Күз – жомарт</p> <p><b>Міндеті:</b> --Күз мезгіліндегі табиғат ерекшелігімен таныстыру. Сөздік қорын байыту. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу</p> <p>Қолданылатын көрнекі құралдар: күз туралы суреттер, жемістер мен көгөністер, интербелсенді такта, слайд, үлестірмелі материалдар, түрлі түсті қарындаштар. Сөздік жұмысы: тоңазып, саудырап.</p> <p>Күз туралы суреттер бойынша күз мезгілі туралы әңгіме құрайды. – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? – Күзде далада қандай өзгерістер болады? – Бүгін күн ашық па, бұлтты ма? – Күз мезгілінде күн суытып, әлсін-әлсін жаңбыр жауады. Жемістер мен көгөністер піседі. Сондықтан күз мезгілін «Күз – жомарт» деп атайды. – Біз бүгін ақын Ермек Өтетілеуұлының «Күз – жомарт» өлеңімен танысамыз</p> <p><b>Күз – жомарт</b> Тоңазып атырап, Көк жеміс піседі. Сарғайып жапырақ, Саудырап түседі. «Күз – жомарт» дейміз біз, Жемісін жейміз біз. – Күзде ауа райында көп</p>	<p><b>2.Музыка</b> Нота үйренейік</p> <p><b>Міндеті</b> -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету</p> <p><b>Мақсаты:</b> Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка сипатын анық ырғақты, ширақ жүріспен беру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> шығармаларды тыңдайды, карапайым күй жанрларына ажыратады; ән орындайды. <b>Түсінеді:</b> әнайту дағдыларын. <b>Қолданады:</b> мәнерлік мылдарды орындайды</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімнің – бұлағың» (Т.Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Сикырлы ағаш» («Дидактикалық ойындар» жинағынан)</p>
---	---	--	--	--

		<p>ай, жел, боран – табиғат құбылыстарының аты. – Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тік төртбұрышпен белгілейміз. .</p> <p>«Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы – Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, тәрелке т.б</p>	<p>жаттығуы – Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, тәрелке т.б</p>	<p>өзгеріс болады. Адамдар қалың киіне бастайды. Көгөністер мен жемістерді жаздай күтіп-баптасақ, мол өнім аламыз</p>	
	<p><b>3.Қоршаған ортамен таныстыру</b> Нан дастарқанға қалай келеді? <b>Міндеті</b> : - Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу <b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> үлестірмелі материал, «Наубайшылар» ойынына алдын ала ашытылып,</p>	<p><b>3.Музыка</b> Нота үйренейік <b>Міндеті:</b>-Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру <b>Музыка тыңдау:</b> «Гүлдерайым» қазақтың</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b> Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті <b>Міндеті:</b>- заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру</p>	<p><b>3.Математика негіздері</b> Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті <b>Міндеті</b>-әртүрлі белгілері бойынша заттарды біріктіру және сәйкестендіру <b>Құрал-жабдықтар мен материалдар:</b> №1 жұмыс дәптері, санау материалы, үлестірмелі материалдар (№1 парақ).</p>	<p><b>3.Көркем әдебиет</b> Ас атасы – нан <b>Міндеті:</b>Күзгі еңбек туралы түсінігін дамыту. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу <b>Қолданылатын көрнекі құралдар:</b> егіс даласының суреті, нан түрлерінің суреттері, слайд, үлестірмелі материалдар, түрлі түсті қарындаштар.</p>

	<p>бөлшектеліп қойылған шикі нан, октаулар, алжапқыштар, наубайшының баскиімі, қарындаш.</p> <p><b>Сөздік жұмысы:</b> ардақты, адал ас</p> <p>Педагог Ә. Қалдыбаевтың өлеңінен үзінді оқиды.</p> <p>Нан – ардақты, асыл ас, Кәрі, жас одан аттамас.</p> <p>Ақ дастарқан үстінде Қол жумай оны ұстамас. – «Ардақты, адал ас» дегенді қалай түсінесіңдер? – Нанды бидайдан алады. Бидайдан бірден нан жасай алмаймыз. Оған адам көп етеді. – Нанды қалай қастерлейді? – Нанды баспайды, жерге тастамайды, қолын жумай ұстамайды. – Нанды қазақ халқы өте қастерлеп, ардақтаған. Нан туралы шешендік сөздер өте көп. Сендер нанға қатысты қандай мақал-мәтел, тыйым сөздер білесіңдер ме? – Ас атасы – нан, нан атасы – дән. – Нанды бір қолмен үзбе. Нан қоқымын басуға болмайды. Педагог «Нанды қадірлейік» әңгімесінен үзінді оқиды.</p>	<p>халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).</p> <p><b>Әнайту:</b> «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімін – бұлағын» (Т.Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтыққимылдар: «Марш» (В. Дешевов)</p> <p><b>Билер:</b> «Жұптасубиі» (чех халықәуені)</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> «Сикырлыағаш»</p> <p><b>(«Дидактикалықойындар» жинағынан)</b></p>	<p><b>Құрал-жабдықтар мен материалдар:</b> №1 жұмыс дәптері, үлестірмелі материалдар (№1 парақ), түрлі заттар мен бұйымдардың суреттері.</p> <p><b>Сөздікпен жұмыс:</b> заттар тобы, заттардың қасиеті, түсі, өлшемі, пішіні.</p> <p><b>Ойын жаттығуы. «Ретке келтіреміз».</b> Педагог үстел үстіне түрлі заттар мен бұйымдардың суреті салынған қатырма қағаздарын жайып қояды, мысалы: көгөністер, жемістер, ойыншықтар, киім-кешек бұйымдары. Қатырма қағаздарын топтарға бөлу керектігін айтады. Дәптермен жұмыс I-тапсырма. Суретте қандай заттар бейнеленгенін ата. Осы заттарды сатып алуға болатын дүкенге сызып қос. Берілген тапсырмада педагог киім-кешек және құрылыс дүкені тұрғанына назар аудару қажет. Сатып алуға болатын заттарды сәйкес дүкенмен сызып қосу керек.</p>	<p><b>Сөздікпен жұмыс:</b> заттар жиынтығы, заттардың қасиеті, түсі, өлшемі, пішіні.</p> <p><b>Ойын жаттығуы. «Ретке келтіреміз!»</b> Алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетіндегі ойынға ұқсас, балалар карточкаларды нақты белгілеріне қарай орналастырады. Топтық жұмыстар үшін қолда бар материалды ұсынуға болады (әртүрлі өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтар). Педагог әртүрлі өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтарды орналастыруды сұрайды, содан соң мысалы, пішіндеріне, өлшемдеріне қарай жапырақтарды орналастыруды сұрауға болады.</p> <p>Дөңгелек үлкен сары печеньенің суретін сал. Төртбұрышты кішкентай қоңыр печеньенің суретін сал. Дөңгелек үлкен сары печеньенің суретін салу керек. Педагог тақтаға үлкен сары дөңгелек қоя алады. Содан кейін төртбұрышты қоңыр кішкентай печеньенің суретін салу керек. Педагог тақтаға кішкене қоңыр шаршы қоя алады. Әрі қарай балалар тапсырманы орындайды</p>	<p><b>Сөздік жұмысы:</b> дән</p> <p>– Қазір жылдың қай мезгілі? – Бүгін ауа райы қандай? Күн ашық па, бұлтты ма? – Адамдар күзде нені жинайды? – Егінді, бидайды күз мезгілінде жинайды. Бидайдың ұнынан нан дайындайды. – Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Ас атасы – нан» әңгімесін оқимыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Балалармен бірге қайталап оқу. Балаларға түрлі екіпінде мәнерлеп қайталату. Сөздік жұмысы: дән – астықты дақыл Сұрақ-жауап: – Әңгімеде не туралы айтылған? – Әжесі мен Науан қайда келді? – Науан бидайды көргенде неге таңғалды? – Әжесі бидай туралы Науанға не айтты? Нан қандай дәннен дайындалады? – Нанның қандай түрлерін білесің?</p>
	<p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p>Күлкі сыйла Біз күшті және ержүректіміз</p> <p><b>Міндеті:</b> -Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру</p>	<p><b>4.Математика негіздері</b></p> <p>Біреу – көп</p> <p><b>Міндеті:</b>-«бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру</p> <p><b>Құрал-жабдықтар мен материалдар:</b> №1 жұмыс дәптері, ойыншықтар,</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p>Мен ойнағанды жақсы көремін</p> <p><b>Міндеті:</b> - арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру</p> <p><b>Мақсаты:</b>:арқан бойымен бір</p>	<p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p>Қалай спортшы болуға болады</p> <p><b>Міндеті:</b> - скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу</p> <p><b>Мақсаты:</b>скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу</p>	<p><b>4.Сурет салу. Мүсіндеу.Жапсыру. Құрастыру</b></p> <p>Күзгіорман</p> <p><b>Міндеті:</b>-тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру</p> <p>--тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру</p>

<p>Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін тұзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды. <u>Қауіпсіздік техникасы</u> қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет). Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы- жүргізуші тұрады. балалар төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді: «Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санаңдар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады</p>	<p>санау материалы, үлестірмелі материалдар (№1 парақ). <b>Сөздікпен жұмыс:</b> «бір (біреу)», «көп», «бірнеше». Педагог <b>«Ойыншықтар дүкені» ойын жағдаятын тудырады.</b> – Балалар, сендер ойыншықтар дүкенінде болған шығарсыңдар? Онда не сатылады? Дүкенде қанша ойыншық бар? «Қай жерде тұрғанын атау» дидактикалық ойыны. Педагог үстелінде қиялдағы шаршы алаңының бұрыштарында және оның ортасында бірнеше ойыншықтар орналасқан. Педагог қоянның артында және қуыршақтың алдында қандай зат тұрғанын және т.б. атауды ұсынады. «Біреу – көп» дидактикалық ойыны (санның қозғалыстармен байланысы, зейінді дамыту). Егер зат біреу болса – бір рет қол шапалақта. Егер заттар саны көп болса – көп рет қол шапалақта. – Адамда қанша бас бар? – Теңізде қанша балық бар? – Итте қанша құйрық бар? – Өзен түбінде қанша құм бар? – Аспандағы жұлдыз саны қанша? – Ағашта қанша жапырақ бар? – Гүлдің қанша сабағы бар? )</p>	<p>қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүруДопты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> жалпы дамыту жаттығуларын, шашырап жүруді, «Өз-өзіңе кел» психологиялық- қозғалыс жаттығуын; <b>Түсінеді:</b> тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын; <b>Қолданады:</b> 1,5 минутқа дейін орташа қарқынмен жүгіру қарқынын, жұп болып бір-біріне доп лақтыруды, тыныс алу гимнастикасын, кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын Допты бір-біріне екі қолмен бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашықтығы – 2 метр) (10 рет). Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет). Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады</p>	<p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>Жасайды:</b> тыныс алу гимнастикасы, 4 метр артпен жүру, «Миға арналған гимнастика» жаттығуы, допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру. <b>Түсінеді:</b> таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін. <b>Қолданады:</b> баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетін <b>«Секір-секір»</b> (татар халқының ойыны) (4 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға</p>	<p>- шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу - Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету <b>Мақсаты:</b>- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, - бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, пымшү әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру - қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту - ұжымдықжұмысжасауарқылым азмұндықұрастыруғақозғаусалу <b>Топтық жұмыс:</b> Сурет салі Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру <b>Күз</b> Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Қурап жапырақ солыпты, Ел егінін орып</p>
---	--	---	--	---



				тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.	
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.  <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.  <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.  <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.  <b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b>
<b>Серуен</b>	<p>Картотека №5 Құстарға бақылау жасау Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу. Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. Жеке жұмыс: Торғай, торғай торғайсың Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. Қимылды ойындар: «Өз орыңды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу. (Экологиялық мәдениет)</p>	<p>Картотека №6 Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа -райымен салыстыру, күздегі өгерістерді айтқызу. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау. Мақсаты: Өз алдына еңбектене білуге тәрбиелеп, бағыт беру. Балалармен жеке жұмыс: «Жел»туралы тақпақ айтқызу Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» (жүгіру) Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып»</p>	<p>Картотека № 7 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге дәсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық » Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: 1. Қуаласпақ. 2. Тығылыспақ. (Экологиялық мәдениет)</p>	<p>Картотека № 8 «Қайтқан құстарды бақылау» Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. Еңбек: Сынған ағаш қалдықтарын аула сыпырушының арбасына салып жинау Мақсаты: Құстарды қамқорлауға қызығушылықтарын арттыру. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар «Құйкылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін.»(қарлығаш) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Көркем сөз: «Гу-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт қуды Жел соққан соң Жел соққандай жұлқынды» (Экологиялық мәдениет)</p>	<p>Картотека № 9 Қоңыр күзді бақылау, салыстыру Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру) Мақсаты: Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу. Көркем сөз: «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді, Бұталар боз қырау киеді . (Экологиялық мәдениет)</p>

		(Экологиялық мәдениет)			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Айым мен Аяла құстарды танып, атын атауға үйрету.	Айдана мен Алиханға түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»	Жәнібекпен Айлин карандашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»	Аяла Бейбарыс ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу: «Асық»	Әбілмансұр мен Рамазан түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>Балалардың дербес әрекеті</b> Мақсаты: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншық тармен, құрсаулармен ойындарын қолдау	<b>Ойын:</b> «Кімнің жұмыс орыны» <b>Барысы:</b> Балаларға берілген пазыл бөліктерімен қызмет орынының бөлмесін құрастыру және сол бөлмеде жұмыс істейтін қызметкерді тауып, орналастырады	<b>«Сызық жүргіз» ойыны.</b> Дәптермен жұмыс. Шарты: үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салындар	<b>Дид.ойын: «Не жоқ?»</b> Қай ойыншық жоқ екенін атады Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау.	<b>Ақ-ақ-ақ- ойнақтайды лақ</b> <b>Мақсаты:</b> Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.
<b>Балаларды үйге қайтару</b>	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> - баланың «социалдық	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> Ешқашан балаға қол	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> үйдегі жағдайда баланың өзіне	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> баламен жағымды

	<p>көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p>жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p>- өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--	---	---	---	--	--

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі

**Мектепалды** «Б» сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 16- 20 қыркүйек 2024-2025 оқу жылы

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі 16.09</b>	<b>Сейсенбі 17.09</b>	<b>Сәрсенбі 18.09</b>	<b>Бейсенбі 19.09</b>	<b>Жұма 20.09</b>
--------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------

<p><b>13:30-14:15</b></p> <p><b>Балаларды қабылдау</b></p>	<p><b>«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1. « Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік » айы</b>  <b>«Апта дәйексөздері»-«Жанұям - қорғаным, ата-анам - тірегім!» Мұзафар Әлімбаев</b></p> <p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру.</p> <p>Жағымдыжағдайорнату</p>				
<p><b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b></p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінінзді сездіріңіз.</p>	<p>Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.</p>	<p>Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>«Менің Қазақстаным»</b>  Эн ұран орындау  <b>Мақсаты:</b>рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу</p>	<p>Құрылыс ойындары  «Үй жиһаздары»,  «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».  «Әжелермектебі»</p>	<p>Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым».  Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау.  «Әжелермектебі»</p>	<p>Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру . «Әжелер мектебі»</p>	<p>Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.  «Әжелермектебі»</p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>«Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер»</p>	<p>«Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін»</p>	<p>«Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру</p>	<p>Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу</p>	<p>Сөздік ойын  «Қимылынкөрсет</p>
<p><b>14.15-16.25</b></p> <p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  Менің сүйікті ойыншығым  <b>Міндеті</b> : -«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; .  Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету</p>	<p><b>1.Қазақ тілі</b>  Менің ойыншықтарым  <b>Міндеті:</b>Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып құрастыруға баулу  <b>Ойын «Кім жылдам?»</b> . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b>  Менің сүйікті ойыншығым  <b>Міндеті:</b> - Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу  <b>Мақсаты::</b> Сұрақтарға толық жауапберуге дағдыландыру арқылы</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b>  Дауысты дыбыстарды бекіту  <b>Міндеті:</b>-Сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту.  <b>Қолданылатын көрнекі құрал-жабдықтар:</b> № 1 жұмыс дәптері.</p>	<p><b>1.Қоршаған ортамен таныстыру</b>  Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер  <b>Міндеті.</b> Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістері және тіршілігімен</p>

